

ДЖОН БИВЕР

Бестселлер авторы

ҚҰДАЙДЫ ҚАСТЕРЛЕУ

ҚҰДАЙҒА ДЕГЕН ТЕРЕҢ ҚАДІР-ҚҰРМЕТ
ӨМІРІҢІЗДІ ӨЗГЕРТЕ АЛАДЫ

Қымбатты дос!


Қастерлеу қорқыныш пен таңданыс араласқан терең құрмет сезімі ретінде сипатталады.

Бұл салауатты, қадірлі, қасиетті қорқыныш. Оны әрбір қызметкер іздеу керек. Құдай берген әрбір уәденің негізінде Құдайды қастерлеу жатыр.

Бұл қорқыныштың пайдасы зор. Ол терең даналық, Құдаймен жақындық, ұзақ өмір, абырой, қауіпсіздік және мәңгілік мұраға жеткізеді. Мойынсұну мен шындықты тірек етіп Құдайға қажымай ұмтылсақ, Жаратқан Ие бізге жақындайды. Мұны Киелі Кітап та растайды. Иса қасиетті қорқынышты өте жоғары бағалады. Біз де солай істегеніміз абзал.

Жансыз, қызықсыз дінді Құдаймен шынайы, тірі, жақын қарым-қатынасқа айырбастауға шақырамын. Бұл қарым-қатынас мәңгілік, мағыналы, әрі жемісті. Онда басқа қорқыныш пен уайым жоқ.

Мәсіхші бауырласыңыз,



Джон
JohnBevere@ymail.com



MessengerX



Messenger
INTERNATIONAL

ҚҰДАЙДЫ ҚАСТЕРЛЕУ

ҚҰДАЙҒА ДЕГЕН ТЕРЕҢ ҚАДІР-ҚҰРМЕТ
ӨМІРІҢІЗДІ ӨЗГЕРТЕ АЛАДЫ

ДЖОН БИВЕР

The Awe of God, Kazakh, by John P. Bevere
© 2024 Messenger International
MessengerInternational.org
Originally published in English as The Awe of God
ISBN 978-1-400-33670-8
Author photo © Meshalli Mitchell

Additional resources in Kazakh are available for
free download and video streaming at
MessengerX.com and on the **MessengerX** app
To contact the author: JohnBevere@ymail.com

This book is a gift from Messenger International and is NOT FOR SALE

Құдайды қастерлеу, қазақша, by John P. Bevere
© 2024 Messenger International
MessengerInternational.org
Түпнұсқада ағылшынша The Awe of God атымен басылып шықты
ISBN 978-1-400-33670-8
Фото авторы © Meshalli Mitchell

Қазақ тіліндегі қосымша материалдарды **MessengerX.com** -да
және **MessengerX** қосымшасында тегін қарауға және жүктеп алуға болады.
Автормен байланыс: JohnBevere@ymail.com

Бұл – Messenger International қызметінен сыйлық. САТУҒА АРНАЛМАҒАН.



App Store АҚШ-та және басқа елдерде тіркелген Apple Inc. компаниясының сауда белгісі
болып табылады.
Google Play мен Google Play логотипі Google LLC компаниясының сауда белгісі болып
табылады.

*Сүйікті жұбайым, ең жақын досым және
махаббатым Лиза Биверге*

*«Тәңір Иені қастерлейтін әйел лайық мадаққа»
Нақыл сөздер 31:30*

*Бұл кітапты неке қиғанымызға қырық жыл толғанда
жаздым. Сенімен өткізген жылдарым бірінен бірі
тамаша. Мүмкіндік берілсе, ойланбастан саған
қайтадан үйленер едім. Сенің арқаңда жүрегіме
ұялаған бақыт пен қуанышты айтып жеткізе
алмаймын. Сенің сүйіспеншілігің мен қолдауың
болмаса, бүгінгі дәрежеге жетпес едім. Ақылды, сұлу,
батыл әйелсің. Мінезің тамаша, қалағаныңды іске
асыруға күшің жетеді.
Саған деген махаббатым шексіз.*

МАЗМҰНЫ

ОСЫ КІТАПТЫҢ КӨМЕГІМЕН РУХАНИ САЯХАТҚА АТТАНЫҢЫЗ	IX
КІРІСПЕ	XIII

1-АПТА. ҚҰДІРЕТТІ ҚҰДАЙ

1. ҚҰДАЙДЫҢ ҚАЗЫНАСЫ.....	3
2. ҚАРАМА-ҚАРСЫ ҚОРҚЫНЫШТАР	9
3. ҚҰДАЙДЫҢ АЛДЫНДАҒЫ ҚАСИЕТТІ ҚОРҚЫНЫШ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?	15
4. ҚҰДАЙДЫҢ АЙҚЫН ҚҰЗЫРЫ	21
5. ҰМЫТЫЛМАС КЕШ	27
6. ҚҰДАЙҒА ПАЙЫМДАЙ ҚАРАУ.....	33
7. ҚҰДАЙДЫҢ САЛТАНАТТЫ ҰЛЫЛЫҒЫ	39

2-АПТА. ШЫНАЙЫ БОЛМЫСЫМЫЗ

8. СІЗДІҢ ҚҰНДЫЛЫҒЫҢЫЗ	47
9. ӨЛІМГЕ ӘКЕЛЕТІН ҚАҚТЫҒЫС	53
10. ҚҰДАЙ МЕНІ ҰМЫТТЫ	59
11. ҚОРҚЫНЫШ ПЕН ҮРЕЙ	65
12. ЖҰҚПАЛЫ ЕКІЖҮЗДІЛІК.....	71
13. ҮШ БЕЙНЕ.....	77
14. МӘҢГІЛІК ШЕШІМ	83

3-АПТА. ЖЕҢІЛМЕЙТІН КИЕЛІЛІК

15. АДАМНАН ҚОРҚУ	91
16. ХАҚ.....	97
17. ЖАМАНДЫҚТАН АУЛАҚ БОЛ	103
18. ҰЗАҚ ӨМІР	109
19. ӨЗІМІЗДІ ТАЗАРТАЙЫҚ	115
20. БІЗДІҢ МАҚСАТЫМЫЗ.....	121
21. ҚАЛАУ МЕН КҮШ	127

4-АПТА. ҚҰДАЙ СӨЗІНЕ БІЗДІҢ ЖАУАБЫМЫЗ

22. ҚҰДАЙДЫҢ СӨЗІН ҚАСТЕРЛЕУ	135
23. ДЕРЕУ	141
24. МҰНЫҢ ЕШ МАҒЫНАСЫ ЖОҚ	147
25. АЙҚЫН ПАЙДА ЖОҚ.....	153
26. ЖАНҒА БАТАР ЖАҚСЫЛЫҚ	159
27. ОРЫНДАЛДЫ	165
28. АР-ҰЖДАННЫҢ ҮНІН ӨШІРУ	171

5-АПТА. ҚҰДАЙМЕН ЖАҚЫНДЫҚ

29. ЖАҚЫНДЫҚ БАСТАЛАТЫН ЖЕР	179
30. ӨЗГЕ ИСА	185
31. СЕНДЕРДІ ТАНЫМАЙМЫН	191
32. ЖАРАТҚАН ИЕНІҢ СЫРЫ	197
33. ҚҰПИЯ АҚПАРАТ	203
34. БЕТПЕ-БЕТ.....	209
35. МАҒАН ДОССЫҢДАР	215

6-АПТА. ҚАЗЫНАНЫҢ ПАЙДАСЫ

36. ҚҰДАЙДЫҢ УӘДЕЛЕРІН РАСТАУ	223
37. БАСҚА ҚОРҚЫНЫШТАРДЫ ЖОЯТЫН ҚОРҚЫНЫШ.....	229
38. МҰРА.....	235
39. ЕҢ МАҢЫЗДЫСЫ	241
40. ТАБЫСТЫ ӨМІР	249
41. МӘРЕГЕ ЖЕТУ.....	255
42. ҚАЗЫНАНЫ ТАБУ	261
<i>ҚОСЫМША. ҚҰДАЙ ҰЛЫЛЫҒЫНА КӨЗ ТАСТАУ</i>	<i>271</i>

ОСЫ КІТАПТЫҢ КӨМЕГІМЕН РУХАНИ САЯХАТҚА АТТАНЫҢЫЗ

Құрметті оқырман!

Бұл кезекті үндеу ғана емес, өмірлік маңызы бар үндеу. Осы үндеуге сеніп, оған сай әрекет етсеңіз, өміріңіз біржола өзгертіні хақ. Бұлай деуімнің себебі, осы кітапта айтылған ақиқат өзімнің де, көптеген басқа адамның да өмірін түбегейлі өзгертті. Әлдебіреу неке, отбасы немесе қызметке қатысты кеңес сұраған сайын, осы кітапта жазылғандарға жүгінемін.

Бұл хабар өте маңызды болғандықтан, мен оны сізге жеткізу үшін көп уақытымды арнап дұға еттім. Қазіргі қарбалас өмірдің шапшаңдығын – бәріміздің жұмыс бастылығымызды, өмірдің жылдам қарқынын және бізге қойған талаптарын ескере отырып, ойымды қысқа мәтіндер арқылы жеткізуді жөн көрдім. Әрбір қысқа мәтінді оқып болып, ол жайлы терең ойлануыңыз үшін жағдай жасалған.

Бір қарағанда, бұл кітап күнделікті оқуға арналған қысқаша ойлар кітабына ұқсас. Шын мәнінде, олай емес. Түсіндірейін. Киелі Кітаптағы ойлар кітабы әдетте әр күнге жаңа бір тақырыпты ұсынады, ол тақырыптар бірыңғай жүйеге жатпайды. Ал қолыңыздағы кітаптағы әрбір тарау алдыңғы тараудың мәтініне негізделген, сөйтіп күн сайын оқитын қысқа мәтіндер бір жүйені құрайды. Кітаптың тағы бір артықшылығы – оны қалай оқитыныңызды өзіңіз шешесіз. Қаласаңыз, бір-екі күнде оқып шығыңыз; дегенмен, мен оны алты апта (күніне бір тарау) немесе үш апта (таңертең бір тарау және кешке бір тарау) оқуды ұсынамын.

Әр тараудың соңында «Санаңызға сіңіріңіз» деп аталатын бөлім бар. Одан кітаптың нақты пайдасын арттыратын бес құралды табасыз. Сол бес құралды атап өтейік:

1. **Киелі Кітаптан үзінді.** Мен осы күнгі мәтіннің контекстінде маңызды болып табылатын бір аятты келтіремін. Бұл аят тараудың негізгі мәтінінде болмауы да мүмкін, бірақ оның мағынасын тереңдете түседі. Осы бөлімде келтірілген аяттарды жаттап алғаныңыз жөн.
2. **Мағынасы.** Мұнда осы тараудың негізгі ойы, оның маңыздылығын көрсету үшін атап өтілген. Қайталау оның тиімділігін арттырады және тарауды қайта қарап шыққаныңызда, оның мазмұнын есіңізге салады.
3. **Ой толғау.** Бұл өте маңызды. Забур жыршысы: «Бұйрықтарың жайлы терең ойланамын, Сенің жолыңа мұқият ден қоямын»,— дейді (Забур 118:15). Құдай Сөзі қазіргі жағдайымызда қалай қолданылатынын терең ойланғанымыз дұрыс. Осылайша өркендеп, табыста болатынымыз жазылған (Ешуа 1:8, 1-ші Забур және Тімотеге 4:15-ті қараңыз).
4. **Мінәжат.** Сонымен қатар, осы тараудан алатын тәліміңізге сай дұға етуіңізге болады. Құдайдың біздің дауысымызды естуі және бізді Өз Сөзіне сай өзгертуіне рұқсат бергеніміз маңызды.
5. **Мойындау.** «Тілде өмір мен өлімнің билігі болар, сөзге үйір соның жемісін татар» деп жазылған (Нақыл сөздер 18:21 қараңыз). Құдайдың біз туралы, рухымыз, жанымыз және тәніміз туралы айтқанын аузымызбен жариялағанда, Оның бізге қатысты еркін жерге келтіреміз. Бұл өмірдің толықтығын сезінудің дәлелденген жолы.

Осы кітапты оқуға жеткілікті уақыт бөліп, Құдай Сөзіндегі ақиқаттың жүрегіңіз бен санаңызға енуіне мүмкіндік беріңіз. Алдағы апталарда осы ақиқаттар туралы күнделікті ой жүгірткеніңізде, олар өміріңізге еніп, терең тамыр жаяды. Бұл жай ғана ақпарат емес, бұл Құдайымызға жақындаудың жолы. Сондай-ақ, әр тарауды зейін сала оқып, «Санаңызға сіңіріңіз» деп аталатын бөлімдегі бес қадамның әрқайсысын өтуге шақырамын. Кітапты оқу барысында қойындәптеріңіз бен қаламыңыз жаныңызда болсын. Күн сайын ойларыңыз бен дұғаларыңызды дәптеріңізге жазып отырыңыз, сонда жазбаларыңызға кейінірек оралғаныңызда, Киелі Рухтың ашқандарын есіңізге қайта түсіре аласыз.

Қосымша кеңестер: Алдымен бір тарауды оқып шығуға, «Санаңызға

сіңіріңіз» атты бөліммен жұмыс істеуге және ойыңызды тұжырымдап жазуға қанша уақыт кететінін сағатқа қарап, байқаңыз. Асықпаңыз, бұл жарыс емес. Уақытты белгілеудің мақсаты – бірнеше тараудан кейін орташа уақытты ескере отырып, келесі тарауларды оқуды шамалап жоспарлауға болады.

Екіншіден, кітапты оқуға бөлетін күнделікті уақытыңызды дұрыс ұйымдастырып, сізді ештеңенің алаңдатуына жол бермеңіз. Осыны әдетке айналдырыңыз. Осы кітапты оқығаныңызда, Құдай соңғы қырық жылда маған берген сыйларының барлығын сізге де берсін деп, үміттене сиынамын.

Үшіншіден, Құдайдың әрбір жолдауының әсері оны басқаларға үйреткенімде немесе достарыммен бірге оқығанымда, тереңірек болады. Жақын достарыңызды жинап, кітапты солармен бірігіп оқыңыз. Бір тарауды Киелі Рухпен оңашада зерттегеннен кейін, Оның сізге көрсеткенін достарыңызбен бас қосып, бөлісіңіз. Мұны жүйелі түрде орындаңыз.

«Құдайды қастерлеу» тақырыбына терең бойлаған сайын, Құдаймен арадағы жақындығыңыз арта берсін деп мінәжат етемін. Кітапқа бірінші тараудан бастап бірден сұңгіп кетпей, әуелі кіріспені оқып шыққаныңыз маңызды, солай етсеңіз, кітаптағы ақиқаттарды қабылдауға жүрегіңіз мейлінше ашық болады. Кітапты оқып болғаныңыздан кейін, сеніміңіздің нығайғаны және Құдай алдындағы қасиетті қорқыныш арқылы өміріңіздің қалай өзгергені туралы әңгімелеріңізді тыңдағым келеді.

Құрметпен,
Джон Бивер

P.S. Тағы бір рет еске саламын: әуелі кіріспені түгел оқып шығыңыз! Жүрегіңізде от тұтансын деп дұға етемін, сонда жаныңызды қасиетті қорқыныш билеп, осы жолдауды бар ой-санаңызбен сіңіресіз.

КІРІСПЕ

Қорқыныш. Адамдар жылдар бойы одан құтылуға тырысады. Толып жатқан зерттеулер жүргізіп, қорқынышқа қарсы күресіп, оның ықпалын өмірімізден алып тастауға барын салады. Тіпті президент Франклин Рузвельттің мынадай сөзі тарихта қалып, кең тарап кетті: «Жалғыз ғана нәрседен – қорқыныштың өзінен қорқуымыз керек». Жан-жақтан шыққан дауыстар қорқынышты жеңудің жолдарын табуымыз керек деп үндеу тастайды және біз осы тақырыпта арнайы жазылған жүздеген, мыңдаған өзін-өзі дамыту кітаптарын таба аламыз. 1980 жылдардың соңынан бастап, «Қорқыныш жоқ» деген батыл ұран жазылған киім сәнге айналды. Біз өмірімізден қорқыныш атаулыны алып тастауға ұмтылатын сияқтымыз.

Қорқыныш-үрейге қарсы осынау қасиетті соғыс ақылға қонымды әрі қисыны бар сияқты. Дегенмен, өмірдің көптеген саласында солай болғанымен, қорқыныштың *бәрі бірдей зиянды* дей алмаймыз. Қорқыныштың барлық түрін әдетте «зиянды» деп аталатын бір үлкен санатқа топтастырамыз, соның салдарынан осындай пікір қалыптасты. Ал бұл болжам шынымен рас па?

Біріншіден, қисынды болып көрінсе де, *деструктивті* қорқыныштардың сөзсіз бар екенін мойындау маңызды. Мәселен, бар жиған-тергенінен айрылып қалудан қорқатын адам байлыққа әуес болып, ақша мен дүние-мүлікке табынатын дүниеқоңыз сараңға айналуы мүмкін. Жұбайынан айырылып қаламын ба деп қорқатын адам, әйеліне немесе күйеуіне тым қатты жабысып, басқан қадамын аңдумен болады. Мұндай жағдайда ерлі-зайыптылардың қарым-қатынасына зиян келеді, екеуінің арасы барған сайын суи береді.

Кейбір адамдарда мүмкіндікті жіберіп алу қорқынышы болады, ондай адам үнемі жаңа сезімді бастан кешіруге ұмтылады, үнемі жаңа әсер ала бергісі келеді. Ал салауатты да берік, адал да сенімді қарым-қатынастан туатын керемет тыныштықтан құр қалады. Баласын қатты уайымдап, мазасызданатын адамдар да болады. Ондай адамдар балаларын шектен тыс еркелетіп немесе шектен тыс қадағалап, балаларының есеюіне өздері кедергі келтіреді. Мұндай мысалдарды әлі де келтіре беруге болар еді.

Екінші жағынан, *конструктивті* қорқыныш байыпты болып, байсалды ойлауымызға септігін тигізеді. Екі мың футтық жартастан құлап қалу қорқынышы шетке тым жақын барып, тайып кетуден сақтайды. Гризли аюдың азуына іліну қорқынышы бізге қонжығын ерткен аюдан аулақ жүруді үйретеді. Қолымызды күйдіріп алудан қорықсақ, пештен ыстық табаны аларда арнайы қолғап киеміз.

Дегенмен, конструктивті қорқыныштың көптеген пайдасы бола тұра, ол да бұрмаланып, адам өмірін нашарлатуы мүмкін. Осылайша, ұшақ құлайды ма деген қисынсыз қорқыныш саяхаттауға кедергі жасайды. Гризли аюынан қорқу орманда серуендеу ләззатынан айырады, ал күйіп қалу қорқынышы пешті қосып, дәмді бәліш пісіруден бас тартқызады.

Шын мәнінде, мына сұрақ қоюлуы керек: *біз неден қорқамыз?* Бұл сұрақ деструктивті қорқыныштан арылу мәселесінен де, конструктивті қорқынышты азайту мәселесінен де әлдеқайда маңызды. Бұл өте дұрыс сұрақ, дұрыс жауабын тапсақ, қорқыныш атаулы шетке ығысып, екі дүниедегі өміріміздің де сапасы жақсарады. Бұл сұрақтың жауабы берекелі, табысты өмірге апарар жолымызды нұрландырады. Киелі Кітапта қорқыныш туралы көп айтылады, ал түйіні мынада:

«Білімнің бастауы — Жаратқан Иені Терең қастерлеп, Оған мойынсұну» (Нақыл сөздер 1:7).

Бұл жай ғана даналық емес, Құдайдың даналығы, ең дұрыс басты нүкте.

Сонымен, дұрыс бағытталған қорқыныш — Құдайға ұнамды қасиет болса ше? Құдайдан қорқу, яғни, Құдайды терең қастерлеу сезімі, Жаратушымызбен шынайы қарым-қатынасқа апаратын жол болса ше? Ғасырлар бойы Мәсіхке сенушілердің өміріне Құдайдың жарылқауы жауып келеді. Бұл да қасиетті қорқыныштың салдары

ма екен? Бұл қорқыныш бізді барлық басқа қорқыныштардан – өз бизнесіңді ашу қорқынышынан, үкіметтің әрекетінен қорқудан, балаларыңа бірдеңе болып қала ма деген қорқыныштан, ипохондрияны тудыратын қорқыныштан, психикалық ауру немесе депрессия тудыратын қорқыныштан құтқарса ше (тізімді шексіз жалғастыруға болады)?

Кітап мазмұнына терең бойламастан бұрын, сізге төрт шындықты айтайын.

1. Қорқыныш сезімі – адам баласына тән нәрсе.
2. Құдайды қастерлеу сезімі, Жаратқанның алдындағы қасиетті қорқыныш сіз ойлағаннан әлдеқайда терең де, тамаша.
3. Құдайды қастерлеу барлық деструктивті қорқыныштарды жоқ қылады.
4. Құдайды қастерлеу – игілік атаулының бастауы.

Кейбір адамдар Киелі Кітапта шамамен 365 рет «қорықпа» деп айтылғанын еске салады, сондықтан көптеген мәсіхшілер Құдай біздің қорқуымызды қаламайды деген қорытындыға келеді. Бірақ бұл аяттар *деструктивті* қорқынышқа, үрейге қатысты. Шындығында, мен Киелі Кітаптан «Құдайдан қорқуға» үйрететін 200-ге жуық аят келтіре аламын. Өкінерлік жайт: біздің өміріміздегі барлық қорқынышты (соның ішінде Құдайдан қорқу қасиетін) жоюға деген ұмтылысымыздың нәтижесінде сеніміміздің бұл саласы зерттелмей, жұмбақ күйінде, еш пайдасыз қала береді.

Жаратқан Иенің алдындағы қасиетті қорқыныш біз ойлағаннан да керемет, ол біз ойлағаннан да зор әсер қалдырып, қуаныш сыйлайды. Дұрыс бағытталған қорқыныш, яғни, Құдайға ұнамды қасиет – Құдайдан қорқу қасиеті – ең асқақ арманыңыздан да асып түсетін өмірге жол ашады. Кітапты оқу барысында осыған көзіңіз жетеді. Сол бір қасиетті қорқынышқа ие болғанымызда ғана, өмірдің әрбір сынағынан сынбай өте аламыз. Чарльз Спердженның сөзімен айтсақ: «Құдайдың алдындағы қасиетті қорқыныш – басқа қорқыныштардың өлімі; ол ақырған арыстандай басқа қорқыныштардың соңына түсіп, ақыры, қуып жібереді».¹

Кітапты оқу барысында Құдайға ұнамды осы бір қасиетке ие боласыз деп үміттенемін. Шын мәнінде Құдайды қастерлеу болып табылмайтын, бірақ соның тонын жамылып жүрген жалған діни кейіптен арыласыз деп те үміттенем. Өйткені, Құдайды қастерлеу өмір

КІРІСПЕ

жолында аяғымызды нық басып жүруімізге септігін тигізеді. Сонымен, жамандықтан қорықпаңыз, Иемізден қорқыңыз. Құдайды қастерлеудің шын мәнінде не екенін дұрыс түсінсек, өміріміз таңғажайып гүлденеді, соны біліңіз.

Құдайымыздың қаншалықты құдіретті және қастерлі екенін зерттеуден бастайық.

Зерттеуімізді «Құдайды қастерлеу» деп атаймыз!

ҚҰДІРЕТТІ ҚҰДАЙ

1-АПТА

Жаратқан Иені қастерлей білу –
нағыз қазына, асыл тас,
Құдай оны сүйіктілеріне
ғана береді.

– ДЖОН БУНЬЯН

1 | ҚҰДАЙДЫҢ ҚАЗЫНАСЫ

Өмірдің кілті болып табылатын әлдебір құпия бар делік, сол құпияны білгіңіз келер ме еді? Ол құпия Құдайға ұнамды бір қасиет болса ше, оған ие болғыңыз келер ме еді? Ол қасиетке ие болған адамға Жаратушының қатысуы, қорғауы және қамқорлығы уәде етілген. Оған ие болсаңыз, өміріңіздің шынайы мақсатын түсіне аласыз. Бұл қасиет адамның бойында асыл мінез қалыптастырады, бақытты өмірге негіз болады және барлық қолайсыз жағдайларда қажетті өзгерістердің кепілі. Бұл қасиетке ие болу өміріңізді ұзартады, денсаулық береді, сәттілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз етеді, жоқшылықты жойып, лайықты мұра қалдыруыңызға септігін тигізеді.

Тым керемет естіледі ме? Қиял-ғажайып жанрындағы кітап оқып отырмын деп ойлап қалған шығарсыз, бәлкім? Жоқ, олай емес. Мен қиялға еш қатысы жоқ, нағыз шындықты айтып отырмын.

Бұл шындықпен бетпе-бет келген адамдардың көпшілігі: «Мұндай қасиет жоқ!» – деп күле жауап қайтаруы мүмкін. Дегенмен, жоғарыдағы уәделердің әрқайсысын бұрын-соңды өмір сүрген ең дана адамдардың бірі жазғаны сөзсіз, оның үстіне Құдайдың жетелеуімен жазған – ал Оның сөздері қашанда рас!

Алайда, Сүлеймен патшаның өзі өмірінің соңына қарай осынау зор бақыттан айырылып қалды, өйткені, даналықтың қайнар көзі Құдайдан теріс айналып, ақиқат жолынан бірте-бірте тайды.

Сүлеймен патшаның өмір жолын қысқаша баяндап берейін. Сүлеймен бала кезінде-ақ дұрыс тәрбие көріп, әлгі қасиетті қабылдаған. Ол бекзат мінезді болып өсті, көрегенділік танытты. Ол көшбасшылық

қабілеттерге тез ие болды және кейіннен миллиондаған адамдардың билеушісі болды. Құдайға бет бұрғаннан кейін ол керемет даналыққа ие болды; Сүлеймен меңгере алмаған білім, ұға алмаған сыр болмады. Ол мыңдаған дана сөздер жазып, жүздеген әндер шығарды: «Ол Ливандағы зәулім самырсын ағашынан бастап, қабырға жарығынан өсіп шығатын сайсағызға дейін күллі өсімдіктер жайлы тәлім берді. Сондай-ақ, ол малдар, құстар, бауырымен жорғалаушылар және балықтар туралы да айтып кеткен» (Патшалықтар туралы 3-жазба 4:33).

Бұл дана адам өзінен бұрын да, одан кейін де ешкім көрмеген табысқа, бақыт пен атақ-абыройға қол жеткізді. Патшалар мен патшайымдар, елшілер мен мәртебелі қонақтар Сүлеймен патшамен дастархандас болу үшін, ұлағатты сөзін тыңдау үшін, патша сарайының салтанатын тамашалау үшін, Израил халқының мерейін асырған жаңашылдықтың ықпалында болу үшін ұзақ сапарға аттанатын. Сүлеймен патшаның оны көрген адамға қалдыратын әсері зор болғаны сонша, бір патшайым ол туралы құлағына жеткен әңгімелерге сенбеді. Алайда кейінірек, патшаны көзімен көріп, сөзін естіген соң, ол былай деді: «Алайда келіп, өз көзіммен көргенге дейін сол сөздерге сенбеген едім. Расында оның тіпті жартысы туралы да естімеппін! Сіздің даналығыңыз бен дәулетіңіз менің естігенімнен де зор болып шықты! Мына адамдарыңыз қандай бақытты! Әрқашан қасыңызда жүріп, даналығыңызды тыңдай алатын нөкерлеріңіз қандай бақытты!» (Патшалықтар туралы 3-жазба 10:7, 8).

Келтірілген үзіндіден аңғаратынымыз, Сүлеймен патшаның қарамағындағы адамдар бақытты өмір сүріп, әрбір ісінде нәтижелі болған. Бүкіл патшалықта жоқшылық жойылған; Сүлеймен ел басқарып тұрғанда, әр отбасының өз үйі, өз бақшасы, өз егістігі болды. Сол заманнан қалған тарихи жазбаларда «Яһуда мен Израилдің халқы теңіз жағалауындағы құм қиыршықтарындай көп болды. Олар тойына тамақтанып, көтеріңкі көңілмен өмір кешті» делінген (Патшалықтар туралы 3-жазба 4:20). Олар бейбіт, тыныш, тоқ өмір сүрді.

Уақыт өте берді, асқан даналық иесі Сүлеймен патша барлық жетістіктерінің бастауы болған жолдан бірте-бірте тая бастады. Ол даналыққа қол жеткіздім, енді даналықтың бұлағынан сусындауымның қажеті жоқ деген ойға кетті. Тура жолдан адасып, кейін ащы циникке айналды. Бұл қателіктен өзі ғана емес, соңынан ергендер де зардап шекті.

Өмірдің мән-мағынасын сезінуден қалды. Ол «Өмірде болатын жайттар адамды сөзбен айтып жеткізе алмастай қажытады. Көз көруден, құлақ естуден қанағат таппас»¹ және «Бұрын болған нәрсе кейін де болады, істелген іс тағы да істелінеді. Осы өткінші дүниеде

түбегейлі жаңа еш нәрсе жоқ»² және осыған ұқсас, өмірден түңілген адамға тән пікірлер жазған. Сондай-ақ: «Адамның өлген күні туған күнінен артық»³, «Бұрмаланғанды түзетуге болмайды, жоқ болып кеткенді бар деп те есептеуге болмайды»⁴ деген драмалық тұжырымдарды жазған.

Шын мәнінде, Сүлеймен патша өмірде мүлде мағына жоқ деген сарында бүтін бір кітап жазды. Ол үшін бәрі бос болды. Өмірдің шыңына жеткен Сүлеймен қысқа мерзімнің ішінде шексіз түңілудің тұңғығына құлады. Бүгінде көптеген психологтар оған «маниакалды-депрессиялық психоздың ауыр түрі» деген диагноз қояр еді. Қалайша бір адам осынау қарама-қарсы күй кеше алады?

Жақсы жаңалығым да бар – Сүлеймен патшаның өмірбаяны үмітсіздікпен аяқталмайды. Кейіннен ол адам өміріндегі ең маңызды қасиетке қайта оралды. Әлгі тұнжыраған кітапты жазуға қанша ай, тіпті жыл жұмсағанын білмейміз, бірақ соңғы тарауды оқығанымызда, Сүлейменнің жаны сергіп, бұрынғы қалпына келді ме деген үміт пайда болады. Кітаптың басында «Жаратушыңды ұмытпа» деген немесе осыған мағыналас сөз жеті рет⁵ кездеседі. Ал мына сөздер кітапты аяқтайды:

«Ал енді, айтылғандардың барлығының қорытындысын тыңдайық: Құдайды терең *қастерлеп*, Оның өсиеттерін орында! Себебі бұл — әр адамның мәні [оның жаратылуының толық бастапқы мақсаты, Құдайдың алдын ала беруінің нысаны, адам мінезінің түп-тамыры, барлық нәрсенің негізі, шынайы бақыттың жалғыз бастауы, өмірдегі барлық қолайсыз жағдайлардың өзгеріп, түзелуінің кепілі] мен парызы [міндеті]» (Екклесиаст 12:13, ағылшыннан аударма).

Ең жоғары бағаланатын қасиет – *Құдайды қастерлеу*. Оған тең келер нәрсе жоқ. Жоғарыдағы аяттардың авторы, Сүлеймен патшаның айтуынша, осы қасиет – берекелі өмір сүрудің алғышарты. Қасиетті Жазба былай дейді: «Кім Жаратқан Иені терең *қастерлейді*? Таңдайтын *жолын* Ол соған көрсетеді» (Забұр 24:12). Бұл жол адами ақылмен жүріп өтетін жол емес. Дегенмен, өкінішке орай, Сүлеймен патша үмітсіздік тұңғығына түсіп, өз даналығына сенім артқанындай, көптеген адамдар да адами даналығына сүйеніп, бақытқа жетпек болады. Жаратушымыздың бізді ненің нығайтып, ненің күйрететінін біледі. Ал Құдайдың даналығынан сусындаймыз десек, Қасиетті қорқыныш керек.

Қасиетті қорқыныштың маңыздылығы барлық басқа ізгі қасиеттерден асып түсетіні сонша, Киелі Жазба оны Исаның қуанышы деп атайды (Ишая 11:3). Мына аят та керемет: «Жаратқан Иені терең

қастерлеу ұлы қазыналарың іспетті болмақ» (Ишая 33:6). Бір сәт кідіріп, ойланыңызшы: Жаратқаннан қорқу – Құдіретті Құдайдың қуанышы мен қазынасы. Керемет! Жақында біз осынау таңғажайып ақиқатқа тереңірек бойлаймыз, ал қазір Сүлеймен патшаға қайта оралайық.

Осы жолдауымды Сүлейменнің шарықтауы, құлдырауы және ақырында қалпына келуі туралы ой толғаудан бастадым, оның себебі неде дейсіз ғой? Қызметте жүрген алғашқы жылдарымда бір жетекшінің дана сөздері көңілімнен шығып, мәңгілік есімде қалды. Ол: «Менің ұстанатын бір ережем бар. Іскерлік абыройы мінсіз адамды басшылық қызметке алмаймын», – деді.

«Неге?» деген сұрағыма ол былай деп жауап берді: «Адамның мінез-құлқын көбінесе оның сәтсіздікке деген реакциясына қарап танимын. Жауапкершіліктен қашпай, қатесін мойындай алды ма, тәжірибе жинап, өсті ме? Әлде ол өзін-өзі ақтап, кінәні басқа біреуге жүктеп қойды ма? Сәтсіздіктер адамның жауапкершілікті өз мойнына алуға деген қабілетін көрсетеді». *Адамның даналықты бәрінен жоғары бағалайтыны осындайда көрінеді екен*, соны ұқтым.

Сүлеймен қасиетті қорқынышты Киелі Рухтың жетелеуімен басқаларға үйретсе де, өзі оның мәнін жете түсінбеген екен! Қасиетті қорқыныштан бас тартуының себебі де – сол. Құлағанға дейін Құдайды қастерлеу оның қазынасы мен қуанышы емес еді; бұл оның ниеті мен іс-әрекетінің мызғымас негізі болған жоқ. Сүлеймен сүрініп, жан дүниесінде ессіздікке ұшырап, ақыры айығып кеткенде, ол қасиетті қорқыныштың құдіреті қаншалықты зор екенін ұғынды.

Пауыл елші былай деп жазған еді:

«Қайта, басқаларды рухани күреске шақырған мен «жүлде» бөліскенде құр алақан қалмау үшін [сынақтан өтпей қалмауым үшін, мақұлданбай және қабылданбай қалмауым үшін], тәнімді ауыртпалықтарға душар еткізіп, өзіме бағындырып жатырмын. (Қорынттықтарға 1-хат 9:27, ағылшыннан аударма).

Пауыл өзіне Құдай Рухы тапсырған даналықты бағалаудың және Сүлеймен патша жасаған қайғылы қателікке жол бермеудің маңызын түсінді. Оған көптеген адамдарға бостандық беретін Құдай келісімінің құпия ақиқаттары ашылды. Дегенмен, Пауыл елші қасиетті қорқынышты баға жетпес байлық әрі қажеттілік деп танымаса, ол да Құдайдан безген, түкке тұрғысыз, жексұрын адамға айналар еді.

Жаратушымыздың алдындағы қасиетті қорқынышты ең құнды қазынамыз деп қабылдау бізге ақиқатқа мойынсұнуды сақтауға күш

береді, осылайша ол бізді таңғажайып марапаттар әкелетін өмір жолында сақтайды.

Адамдардың көпшілігі қорқынышты пайдасыз, тіпті зиянды деп есептесе, *Жаратқан Иеден қорқуды* пайдалы және құнды қасиет деп тануға негіз жоқ сияқты көрінуі мүмкін. Дегенмен, Киелі Жазбаның беделіне сүйене отырып, қасиетті қорқынышты қабылдасақ, өмір жолында өзімізді сақтай алатын күш пен қабілетке ие боламыз. Осылайша біз Құдаймен шынайы жақындықты сезінеміз және өмірімізді өзгертетін игіліктерге қол жеткіземіз, соның ішінде Иса Мәсіхтің бейнесіне айналамыз. Сондықтан, сапарымызды Құдайды қастерлеуді үйренуден бастайық.

Санаңызға сіңіріңіз

Киелі Кітаптан үзінді. «Сіздердің құтқарылуларыңыз, даналықтарыңыз бен білімдеріңіз мол болатын қауіпсіз уақыттарыңыз келеді; Жаратқан Ие алдындағы қорқыныш сенің қазынаң болады» (Ишайа 33:6).

Мағынасы. Қасиетті қорқыныш – Құдайдың қазынасы; ол бізге де тиесілі.

Ой толғау. Қасиетті қорқынышты қазына ретінде бағалау іс жүзінде нені білдіреді? Мен оған қалай қарауым керек? Қасиетті қорқынышқа деген дұрыс көзқарас қандай? Оны жоғалтпауым үшін не істеуім керек?

Мінәжат. Қымбатты Көктегі Әкем, қасиетті қорқынышты іздеу жолында менімен бірге болып, оны табуға, бойыма әбден сіңіруіме және одан қуаныш табуға мүмкіндік беруіңді сұраймын. Қасиетті қорқыныш Иса үшін қандай қымбат қазына болса, мен үшін де солай болғай. Қасиетті қорқыныш Саған ұнамды, берекелі өмір сүруге қажетті даналық пен білім берсін маған. Туыс-туғаным мен дос-жарандарымның рухани көзі ашылсын, айналамдағы әрбір адам қасиетті қорқыныштың қадірін білсін. Мен мұны Ием әрі Құтқарушым Иса Мәсіхтің атымен сұраймын. Әмин.

Мойындау. Қасиетті қорқынышты ең қымбат қазына ретінде бағалайтын боламын және осылайша Құдай жолында қалуға күш аламын.

Құдайдан қорқыңдар,
иә, бірақ Одан
үрейленбеңдер.

– ДЖ. А. СПЕНДЕР

2 | ҚАРАМА-ҚАРСЫ ҚОРҚЫНЫШТАР

1994 жылдың жазында Америка Құрама Штаттарының оңтүстік-шығысында, үлкен бір қауымда қызмет етуге шақыру алдым. Екі жыл бұрын осы қауымға бір әйгілі уағыздаушы келіп, төрт апта бойы қызмет еткен еді. Сол кезде Құдайдың құзыры мен құдіреті айқын көрінген болатын. Сонау рухани ояныш кезінде жұрт Құдайдың рақымын, сүйіспеншілігін және қуанышын молынан сезінді. Көптеген адамдардың өмірінде керемет өзгерістер болды. Бірақ, өкінішке орай, қауым ояну кезеңінде алған тәжірибесіне сүйеніп, Құдайдың жүрегін одан әрі тануға кіріспеді. Негізінде, қауым рухани тоқырауға ұшырап, тепе-теңдігін жоғалтты.

Ол кезде мен қасиетті қорқыныш тақырыбын зерттеп жүргенмін. Жаратқан Иемізді қастерлеудің маңызды екенін түсіндім, бірақ оның не екенін әлі толық түсінбеген кезім. Сондықтан, мінберден бұл тақырыпта уағыз айтуға дайын емес едім. Соған қарамастан, барлық қорқынышымды біржола ысырып тастап, кешкі жиналыста Жаратқан Иемізді қастерлеу жайында уағыз айтуым керек екенін сезіндім.

Сахнаға шықтым да, сол тақырып төңірегіндегі аздаған біліміме сүйеніп, сөз сөйлей бастадым. Залдағы адамдардың мүлде немқұрайлы әрі самарқау кейпі менің сенімімді арттыра алмады, әрине. Айтқан сөздерім жерде қалғандай болды. Дегенмен, сол уағызды айтқаным дұрыс болды және көп ұзамай оның себебін де білдім.

Келесі күні кешке мадақтау аяқталғаннан кейін сахнаға аға бағушы шықты. Жиналыста уағыз айтатын қызметкерді таныстырмақ болып шыққан екен десем, қателесіппін. Он бес минуттың ішінде ол менің

алдыңғы қызметте уағыздағанымды түзетіп берді. Түсініктемелерінің мәні мынадай: Жаратқан Иеден қорқу тек Көне өсиет дәуіріне тән және мәсіхшілерге Тімотеге арналған екінші хатта (1:7) жазылғандай, «қорқыныш рухы» берілмеді.

Алдыңғы қатарда отырып, бағушының мына сөзінен шошындым. Жаман түс көргендей болдым. Ол кісінің сөзі ұзаған сайын, өзімді жайсыз сезіндім. Содан кейін ол былай деді: «Жаңа Өсиетте: “Сүйіспеншілікте қорқыныш жоқ. Шынайы сүйіспеншілік қорқынышты жолатпайды, себебі қорқыныш жазаға байланысты. Қорқатын кісінде сүйіспеншілік мақсатына жеткен емес” деп жазылған (Жоханның 1-хаты 4:18). Сондықтан Джонның кешегі үйреткені қате, мен сіздерді сол қатеден сақтандырмақпын». Содан кейін ол тағы бірнеше минут бойы менің жолдауымды түзетуді жалғастырды.

Бір таң қалғаным, сөзін аяқтаған соң мені таныстырып, уағыз айту үшін сахнаға шақырды. Әлі есімде, орнымнан тұрып, іштей: «Мынадай сөзден кейін мен бұл адамдарға қалай қызмет ете аламын? Бұл мүмкін емес» деп ойладым. Сол жерден тұра қашқым келді. Бірақ болар іс болды, енді бар күшімді жинап, міндетімді орындауым керек. Бөлмеде отырған адамдардың өмірін өзгертетін жолдауды уағыздау түгілі, өз ойымды жинақтауым қиын болды.

Сахнада сөйлеп тұрғанымда, ойыма бағушының сөздері қайта оралып келе берді, есімнен шығара алмай қойдым. Өзімді өте қолайсыз да жайсыз сезіндім. Сөз желісін жоғалтпау үшін уағыз кезінде бірнеше рет ойымды тоқтатуға тура келді. «Мұның бәрін ұмыт, сөзді қой да, бұл жерден кет» деп айқайлаған сезіміммен күрестім. Басым айналып, жүрегім айнығандай болды. Уағызымды қысқарттым да, сөзді бағушыға бердім. Өзім қонақүйге жетуге асықтым. Бөлмеме кіріп, төсекке жатып қалдым. Сезімім алай-дүлей, өзімді шеттетілген адамдай сезіндім әрі ызалымын.

Келесі күні таңертең қонақұйден шығып, оңаша жер таптым да, Құдайдың түзетуін күтіп, құмарлана дұға еттім. Мен шын жүректен сиындым: «Ием, мен сенің қауымыңды ренжіттім бе? Ақиқат емес, жалған нәрсе уағыздадым ба? Шынымен де Сенің халқыңның мойнына бұғау салатын сөздер айттым ба?»

Біраз уақыт мінәжат еткеннен кейін дұғамның бағыты өзгере бастағанын байқадым. Сол күнгі жолдауыма күмәндануды қойдым және жүрегімнің тереңінен Құдайдан қасиетті қорқыныш туралы көбірек түсінік беруін сұрадым. Болған жайтқа таң қалдым. Құдайдың өзіме деген еш наразылығын сезбедім, керісінше, Көктегі Әкемнің риза екенін сезіндім. Киелі Рух Жаңа Өсиеттегі Иемізден қорқу туралы

көптеген аяттарды есіме сала бастады. Көңілімдегі ауыр сезімдер сейіліп жоқ болды, бірақ шарасыздықтан бар дауысыммен: «Әке, Жаратқан Иеден қорқу дегеннің не екенін білгім келеді және оны сақтағым келеді!» – деп айқай салдым.

Жаңа Өсиетте, шынымен де, бағушы келтірген әлгі аяттар бар, дегенмен, басқа мәтіндерді де көреміз.

- Пауыл елші былай деп жазды: «...құтқарылуларыңа сай іс-әрекет жасап, соны толығымен жүзеге асыруға ұмтылыңдар, әрі *Құдайды терең қастерлеп*, Оған ұнамайтын нәрселерден қатты жиіркеніңдер!» (Філіпіліктерге 2:12).
- Басқа жерде елші былай деп үйретеді: «Осы уәделердің бәрі де бізге берілгендіктен, сүйікті бауырластарым, тәніміз бен рухымызды арамдайтын барлық нәрселерден тазарып, *Құдайды терең қастерлеп*, толығымен Оған бағышталған қасиетті өмір сүрейік!» (Қорынттықтарға 2-хат 7:1).
- Еврейлерге арналған хатта былай деп жазылған: «Сонымен, ... Құдайға шын жүректен шүкірлік айтайық! Оны риза қылатындай қызмет етіп, *терең қастерлеп*, Оған ұнамсызды істеуден шошынатын болайық!» (Еврейлерге 12:28).
- Петір елші былай деп жазады: «Сендер әр адамды бет-жүзіне қарамай әділ соттайтын Құдайға «Әкем» деп сиынасыңдар. Ендеше жер бетінде жат жерлік болып сүретін өмірлеріңді Оны *терең қастерлеп*, Оған ұнамайтынды істеуден шошынып өткізіңдер!» (1 Петір 1:17).
- Яһуда елші былай дейді: «оларды ынта-жігермен тозақ отынан құтқарып алыңдар!» (Яһуда, 23-бет).
- Иса былай деп ескертеді: «Тәнді өлтірсе де, жанды өлтіре алмайтындардан қорықпаңдар! Одан гөрі жанды да, тәнді де тозақта құрта алатын *Құдайдан қорқып, Оны терең қастерлеңдер!*» (Матай 10:28).

Тізімді әрі қарай да жалғастыра беруге болады, кейінірек жалғастырамын да, бастысы, мәселенің мән-жайы түсінікті деп үміттенемін: қасиетті қорқыныш — Жаңа Өсиет ақиқаты. Бұл — дұға еткенімде, Жаратқан Ие жүрегіме салған аяттардың кейбірі ғана.

Сол күні таңертең мен бағушының «қорқыныш рухын» «Иеміздің алдындағы қасиетті қорқынышпен», яғни Құдайды қастерлеумен шатастырып алғанын түсіндім. Екеуінің арасында үлкен айырмашылық бар және ол Мұса Исраил халқын Құдаймен кездесу үшін Синай тауына апарған кездегі оқиғадан көрінеді.

Бүкіл халық жиналған соң, Мұса алдымен Құдаймен бетпе-бет кездесу үшін тауға шығады. Құдай Тағала зор кереметтерімен халқын азат еткендегі мақсатын былайша ашады:

«Жақыптың әулеті — Исраил халқына мынаны жеткіз: «Сендер Менің мысырлықтарға не істегенімді, әрі өздеріңді балапандарын қанаттарымен тасыған қыран іспетті осы жерге аман-есен алып келгенімді көрдіңдер» (Мысырдан шығу 19:3, 4).

Құдайдың құдіретті құтқаруының басты себебі — *бүкіл халықты* Өзінің алдына жинау еді. Жаратушы Өз халқын аңсады және олар Құдайды Мұса танығандай тану үшін олармен кездесуді қалады. Алайда, үш күннен кейін Құдай өзін таныту үшін тауға түскенде, адамдар кері шегініп, қаша бастады. Олар қорқып, Мұсадан: «Бізбен өзіңіз сөйлесіңіз, ал біз тыңдайтын боламыз. Құдай бізбен тікелей тілдесе көрмесін, әйтпесе құрып кетерміз» — деп өтінді (Мысырдан шығу 20:19). Мұса пайғамбар оларды тыныштандыруға тырысып: «Қорықпаңдар! Құдай сендерді (Өзінің араларыңда болуына) үйрету үшін осында келді. Бұдан былай Оны әрдайым шын жүректен қастерлейтін болыңдар! Бұларың сендерді күнә жасаудан сақтайтын болады» — деді (Мысырдан шығу 20:20).

Әуелі Мұса: «Қорықпаңдар», — дейді. Келесі сөзі: «Құдайды қастерлеу (яғни, Құдайдан қорқу) сендерді күнәдан сақтайды». Ол өзіне-өзіне қайшы келе ме? Жоқ. Мұса пайғамбар екі ұғымды ажыратады, оның бірі — «Құдайды қастерлеу, яғни, Құдайдың алдындағы қасиетті қорқыныш», екіншісі — «Құдайдан үрейлене қорқу». Екі ұғымның айырмашылығы жер мен көктей.

Құдайдан үрейленетін адамның жасырыары бар. Есіңізде болсын, бақта Адам ата күнә жасағанда, Хауа ана екеуі Жаратқан Иеден тығылып қалған. Мұндай реакцияны тек олардан ғана емес, түнекке қарай шегінген Киелі Кітаптың басқа да кейіпкерлерінен көруге болады.

Алайда Құдайдан қорыққан адамның жасыратын ештеңесі жоқ. Ол жалғыз нәрседен — Құдайдан алшақтап кетуден — қорқады. Мұса пайғамбардың мысалынан көрінеді, бүкіл халық таудан шегінгенде, ол Құдайға жақындай түсті. Құдайды қастерлейтін адам: «Күнәнің тұзағына түспей, оған қаншалықты жақындай аламын?» деп айтпайды. Жоқ, ол: «Құдайға мейлінше жақын болғым келеді, ал күнәдан аулақ, оны тіпті көрместей алыс болғым келеді» — дейді.

Сондықтан қасиетті қорқыныштың не екенін анықтап, талқыламас бұрын, алдымен оның не емес екенін анықтап алайық. *Қасиетті қорқыныш Құдайдан қорқу, сондықтан одан алыстау дегенді*

Анығын айтқанда, Құдай бізбен жақын, сырлас қарым-қатынаста болуды қалайды. Сондықтан, қасиетті қорқыныш Құдаймен қарым-қатынасымызды сөндірмейді, қайта лаулата түседі.

Киелі Кітаптан үзінді. «Қорықпаңдар! Құдай сендерді (Өзінің араларыңда болуына) үйрету үшін осында келді. Бұдан былай Оны әрдайым шын жүректен қастерлейтін болыңдар! Бұларың сендерді күнә жасаудан сақтайтын болады» (Мысырдан шығу 20:20).

Мағынасы. Қасиетті қорқыныш Құдайдан қорқып, Одан алыстау дегенді білдірмейді. Бірақ бұл Онымен байланысын үзуден қорқу дегенді білдіреді.

Ой толғау. Құдайдың Исраилді Мысырдан босатудағы басты мақсаты не болды? Құдайдың мені күнәкар дүниенің құлдығынан және бұғауынан босатқандағы басты мақсаты қандай?

Мінәжат. Қымбатты Көктегі Әкем, Иеміз Иса Мәсіх арқылы мені қорқыныш рухынан құтқарғаның үшін алғысымды айтамын. Мені Саған қарсы күнә жасаудан сақтайтын қасиетті қорқыныш бере гөр. Мен Сенімен тығыз қарым-қатынаста болуды қалаймын, Сен де менімен сырлас болуды қалайсың. Күнә арамызға сызат түсірмесін. Исаның атымен дұға еттім. Әмин.

Мойындау. Құдай мені Өзімен тығыз қарым-қатынаста болуға шақырды; Сондықтан мен Құдайдан үрейлене қорықпаймын, бірақ күнә жасамауым үшін Жаратқан Иені қастерлегім келеді.

Раббысынан қорқу – Оның
саналы жаратылыстарының
ең бірінші және ең үлкен
міндеттерінің бірі.

– ЧАРЛЬЗ ИНГЛИС

3 | ҚҰДАЙДЫҢ АЛДЫНДАҒЫ ҚАСИЕТТІ ҚОРҚЫНЫШ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Құдайдың алдындағы қасиетті қорқыныштың толық мағынасын бір сөйлемге, абзацқа немесе тарауға сиғызу мүмкін емес. Бұл Құдайдың сүйіспеншілігін осы шекарамен шектеп түсіндіруге тырысқанмен тең. Мұндай кең ауқымды әрі терең ұғымдар көптеген тарауларды қажет етеді, сонда да біз оны түсінуімізден алшақ қалар едік. Оның үстіне киелі махаббатқа және киелі қорқынышқа мәңгілікте де терең бойлай береміз деп ойлаймын.

Осының барлығын айта отырып, мен сізге қасиетті қорқыныштың жалпы анықтамасын ұсынамын. Бала кезіңізде түрлі-түсті қарындаштармен бояу кітабындағы суреттерді бояғаныңыз есіңізде болар. Альбомды ашып, бір суретті таңдадыңыз делік, әуелі қара түсті контурлар ғана бар, оларды түрлі-түсті бояулармен толтыруыңыз керек. Осы тарауда бізге заттардың жалпы контурлары беріледі, бірақ оларды түстермен толтыру үшін кітаптың қалған бөлігі қажет. Егер сіз тек осы бір тарауды оқысаңыз, қасиетті қорқыныш туралы негізгі түсінікке ие боласыз, бірақ өміріңізді өзгерте алар ақиқаттардан құр алақан қаласыз.

Алдыңғы тарауда біз Жаратқан Иеден қорқу бізді Құдайдың назарынан алыстатпайтынын айттық – керісінше. Жаратқан Иенің алдындағы қасиетті қорқыныш бізді Оған жақындата түседі. Кітапты әрі қарай оқымастан бұрын берік негіз қалап, осы ақиқатты санамызға сіңіруіміз қажет.

Кейбір адамдар Жаратқан Иеден қорқу тек Құдайға үреймен құлшылық етуді білдіреді дейді. Белгілі қызметкерлердің мінберден де, әңгіме-дүкенінде де, басқа жетекшілермен дастархан басында да осыны айтқанын естимін. Дегенмен, бұл анықтама кең ауқымды ұғымның кішкене бір бөлігі ғана, толық бейнесі емес. Бұл Құдайдың сүйіспеншілігін «шыдамды да қайырымды» деп анықтауға ұқсайды (Қорынттықтарға 1-хат 13:4). Бірақ осымен тоқтасақ, қателесіп, мақсатымызға жете алмаймыз.

Лиза екеуміздің жасымыз қырықтан енді асқанда, біздің үйге әйгілі қызметкердің күйеу баласы келіп, әлгі кісінің компаниясына инвестиция салу мүмкіндігі туралы ұсыныс жасады. Екі сағаттай сөйлестік, оның бізге деген ыстық ықыласы мен шыдамдылығы анық есімде. Сыпайылығына қарап, ол адамды өте мейірімді кісі дер едіңіз. Алайда бірнеше күн дұға еткеннен кейін Лиза екеуміз инвестиция жасаудан бас тарттық. Енді, жылдар өткен соң, солай шешкенімізге қуаныштымын, өйткені әлгі кісі қаржылай пирамиданы басқарғаны үшін көп жылға сотталды.

Бұл адам сабырлы және мейірімді болды ма? Сөзсіз. Ол сүйіспеншілік танытты ма? Мүлдем олай емес. Өйткені Киелі Жазбада: «Ал өсиеттерін орындағанымыз — Құдайды сүйгеніміз; оларды орындау қиын емес» деп жазылған (Жоханның 1-хаты 5:3). Ұрлық дегеніміз — өзімшілдік, ұрлық жасаған адам Құдайдың сүйіспеншілік туралы өсиетін бұзады (Ефестіктерге 4:28 қараңыз). Баланы зорлаушы мейірімді және тіпті сабырлы адам бола алады, бірақ сонымен бірге кішкентай балалардың өмірін құртады. Ол бұл балаларды жақсы көреді ме? Әрине жоқ!

Сол сияқты Жаратушы Иеміздің алдындағы қасиетті қорқынышты тек қастерлі ғибадатпен шектейтін болсақ, нысанадан көз жазып, адасуымыз мүмкін. Олай болса, әуелі қасиетті қорқыныштың контурын, яғни, сұлбасын ғана сызып, келесі тараулардағы тәлім, Киелі Жазбадан және өмірден алынған мысалдар арқылы түрлі реңк қосамыз. Бастамас бұрын мынаны ескертпекпін, қасиетті қорқыныштың анықтамасындағы кейбір сөздерден секем алуыңыз мүмкін, дегенмен, шын мәнінде секемденетін ештеңе жоқ, әрі қарай оқи беріңіз. Осы жолдауды соңына дейін оқып шығыңыз, сонда сіз Құдай алдындағы қасиетті қорқыныш — бізге терең қамқорлық жасайтын және бізді аңсайтын Жаратушының бізге берген сүйіспеншілігі мен қорғау сыйы екенін түсінесіз.

Қасиетті қорқыныш жайлы әңгімені бастауға лайық аяттар көп, алайда, келесі аят әрі қарайғы әңгімеге дұрыс бағыт береді деп ойлаймын.

«Сонымен, өзіміз шаңырағы ешқашан шайқалмайтын Патшалықтан үлес алғандықтан, біз сол үшін Құдайға шын жүректен шүкірлік айтайық! Оны риза қылатындай қызмет етіп, терең қастерлеп, Оған ұнамсызды істеуден шошынатын болайық! Біздің сиынатын Құдайымыз жалмап қоятын от іспетті!» (Еврейлерге 12:28, 29).

Мұқият оқысаңыз, бұл үзіндіде екі нәрсе туралы айтылғанын байқайсыз: Құдайды *қастерлеу* және Оған *ұнамсызды істеуден шошыну*. Бұл бірден Құдайдан қорқуды тек қастерлеумен ғана шектеуге болмайды, әйтпесе автор екінші ұғымды қоспас еді деген ойға жетелейді. Бұл жерде қазақ тілінде жазылған екі түрлі сөз ғана емес, олар грек тілінде де әр түрлі: «aidos» және «eulabea».

Қастерлеу – бірінші грек сөзінің әдемі аудармасы. Complete Word Study Dictionary сөздігіне жүгінсек, «қастерлеу» – «ерекше терең құрмет пен табынуға толы ізет»¹. Мен бұл сөздерді бір қатарда көргенді ұнатамын; Олардың әрқайсысына жеке-жеке ой жүгірту арқылы біз түсінігіміздің жаңа деңгейіне көтерілеміз!

Екінші сөз – «Оған ұнамсызды істеуден шошыну» – қасиетті қорқынышты білдіреді. «Қасиетті қорқыныш» анықтамасын іздеу үшін мен Ноа Уэбстер сөздігінің 1828 жылғы түпнұсқалық басылымын қарадым. Онда былай деп жазылыпты: «әлдебір алпауыт, зор қорқынышты нәрседен туындаған үрей, қорқынышты түс; қорқыныш пен үрей тудыру. Қорқыныш, үрей және бас идіру арқылы ықпал ету»². «Қорқыныш» және «үрей» сөздерінен шошынбаңыз. Грек сөздігінде де бұл сөздер қолданылғанымен, қасиетті қорқыныш жеккөрушілік емес, тартымды әсер ететінін есте сақтаңыз. Сондықтан біз мынадай сұрақ қоюымыз керек: бұл сөздердің оң мағынасы бар ма? Киелі Жазба бар екенін көрсетеді және оны кейінірек, келесі тарауларда көреміз.

Анықтамаларымызды ескере отырып бастайық. Құдайдан қорқу дегеніміз – Құдайды *қастерлеу* және Оған *ұнамсызды жасаудан шошыну*.

Құдайдан қорқу Құдайды *қасиетті түрде құрметтеу* дегенді білдіреді. Құрметтеу «зор қадір-құрмет көрсету, барынша ардақтау, ұлықтау» дегенді білдіреді.

Құдайдан қорқу дегеніміз – Құдайды бәрінен де артық бағалау, құрметтеу, қадірлеу, жақсы көру және табыну.

Құдайдан қорыққанымызда Оның жүрегін сезінеміз. Біз Оған ұнамдыны жақсы көреміз, ал жек көретінін жек көреміз. (Назар аударыңыз, мен Ол жек көретін нәрсені «ұнатпаймыз» деп айтпаймын, бірақ біз оны Ол сияқты «жек көреміз» деп айтамын). Ол үшін маңызды нәрсе біз үшін маңызды болады. Ол үшін маңызды емес нәрсе біз үшін маңызды емес болып қалады.

Құдайдан қорқу – күнәні жек көру.

Құдайдан қорқу – әділетсіздікті жек көру.

Құдайдан қорқу – барлық мағынада: ойымызда да, сөз жүзінде де, іс жүзінде де жамандықтан аулақ болу. Бұл өтірік айтудан аулақ болуды білдіреді. Жүрегіміз бен ойымызға жиіркенішті нәрсені айтпау, онымен келіспеу. Құдайдан қорқу біздің сыртқы мінез-құлқымызды ішкі ойларымызбен, ниеттерімізбен және сенімдерімізбен үйлестіреді.

Құдайдан қорқу – Құдай мен адамдардың алдында шын кішіпейіл болу.

Құдайдан қорқу – Құдайды Өзіне лайықты түрде мадақтау мен құрметтеу, Оған шүкіршілік пен құлшылық ету.

Құдайдан қорқу – Оған тиесілінің бәрін беру.

Құдайдан қорқу – Оның ұлылығына қайран қалып, таңданыспен қорқу. Бар назарыңызды Оның Сөзіне және құзырына аудару.

Құдайдан қорқу – Оған мойынсұну. Мойынсұнам деген жай ғана ниет емес, қандай жағдайда болмасын, Оның еркін орындауға бағытталған ішкі күш. Құдайға құлшына, бар ықыласымызбен және бірден бағыну, тіпті бұл бізге пайдасыз немесе қисынсыз көрінсе де мойынсұнамыз.

Құдайдан қорқу – әр түрлі шағымнан, күңкілден, наразылықтан аулақ болу.

Құдайдан қорқу – Оның тікелей және өкілетті билігін құрметтеу, қадірлеу және оған бағыну. Сондай-ақ бұл билікке мойынсұнуды білдіреді. Ескерте кететін жайт: егер билік бізге күнә жасауды бұйырса, ондай бұйрыққа бағынбаймыз.

Иемізден қорқу ниетімізді, ойымызды, сөзімізді және іс-әрекетімізді қалыптастырады.

Енді қасиетті қорқыныштың кейбір пайдасын тізіп көрейік. Құдайдан қорқып өмір сүретіндерге көптеген уәделер берілген. Солардың кейбірін келтірейін.

Иемізден қорқу Құдаймен тығыз қарым-қатынастың бастапқы нүктесі болып табылады. Біз Оның достарына айналамыз және Оның құпиялары бізге ашылады.

Жаратқаннан қорқу — даналықтың, түсінік пен білімнің бастауы. Ол бізге көрегендік пен айқын бағыт береді.

Иемізден қорқу — рухани өсуіміздің және Исаның бейнесіне айналуымыздың кілті.

Жаратқан Иеден қорқу таза, ол біздің өмірімізде шынайы киелілікті тудырады.

Жаратқан Иеден қорқу – мәңгілік мұраны қамтамасыз етеді.

Иемізден қорқу нық сенімді, батылдық пен қауіпсіздікті тудырады. Ол барлық басқа қорқыныштарды, соның ішінде басқа адамнан қорқуды жеңеді.

Құдайдан қорқатын адамға періштелер қорған болады, қасиетті қорқыныш тілектерімізді орындайды, бақ-береке, сабырлы мінез, бедел, ұзақ өмір сыйлайды, бақыт, еңбектен ләззат алу, денсаулық және тағы басқалар игіліктерді береді.

Жаратқан Иеден қорқу мәңгілікке сақталады — ол ешқашан жойылмайды. Жаратқан Иеден қорқу – Көктегі Әкеміздің аса бағалы сыйы.

Санаңызға сіңіріңіз

Киелі Кітаптан үзінді. «Сонымен, өзіміз шаңырағы ешқашан шайқалмайтын Патшалықтан үлес алғандықтан, біз сол үшін Құдайға шын жүректен шүкірлік айтайық! Оны риза қылатындай қызмет етіп, терең қастерлеп, Оған ұнамсызды істеуден шошынатын болайық! Біздің сиынатын Құдайымыз жалмап қоятын от іспетті!» (Еврейлерге 12:28, 29).

Мағынасы. Иемізден қорқу – Құдай жақсы көретін нәрсені жақсы көру және жек көретін нәрсені жек көру. Ол үшін маңызды нәрсе біз үшін маңызды болады. Ол үшін маңызды емес нәрсе біз үшін маңызды емес болып қалады.

Ой толғау. Мен үшін Құдайды бәрінен де артық бағалау, құрметтеу, қадірлеу, жақсы көру және табыну іс жүзінде нені білдіреді?

Мінәжат. Қымбатты Көктегі Әке, мен Сенің есіміңнен, Сөзіңнен, қатысуыңнан және Өзіңнің бар болмысыңнан қорқуды үйретуіңді сұраймын. Маған қасиетті қорқынышты сүйеге және одан ләззат алуға көмектесе гөр. Киелі Рух, маған Құдайдың жолын нұсқап, онымен жүруді үйрет; Осы кітапты оқи отырып, ақпарат алып қана қоймай, өмірімді Иеміз Иса Мәсіхтің бейнесіне айналдыруға көмектесе гөр. Мен мұның бәрін Исаның атымен сұраймын. Әмин.

Мойындау. Аузымнан шыққан сөздерім де, жүрегімдегі ойлар да Құдайға ұнамды болсын.

Құдайдың мінез-құлқы бізді
өзіне табынтады, өйткені Ол
қасиетті және Оның есімі біз
үшін – қасиетті қастерлі сөз,
Құдайдың есімін бостан-босқа
ауызға алуға болмайды, тек
байсалды оймен және Оның
алдына ағынан жарылған
жүрекпен ғана атауға болады.

– Ч. Г. СПЕРДЖЕН

4 | ҚҰДАЙДЫҢ АЙҚЫН ҚҰЗЫРЫ

Жоғарыда айтылғандай, Құдайдан қорқу адами санаға қона қоймайтын сияқты. «Қорқыныш» сөзін естігенімізде, санамыз оны жойқын және зиянды нәрсемен байланыстырады. Ал шын мәнінде, Жаратқан Иеден қорқу – бұл ғаламдағы әрбір адамға қол жетімді әрі өте зор сенімділіктің, жұбаныштың және қауіпсіздіктің құдіреті. Келесі тарауларда осы ақиқатты сізге тереңірек ашып көрсетемін. Бірақ алдымен, қасиетті қорқынышты екі негізгі категорияға бөлуге болатынын айтайық:

1. Құдайдың құзырын қастерлеу.

2. Оның Сөзін қастерлеу.

Екеуін де талқылаймыз, ал қазір біріншісінен бастайық. Забур жыршысы былай дейді: «Қасиетті періштелердің үлкен тобы терең қастерлейді айбынды Құдайды, Биік тағын айналдыра Оны құрметтейді» (Забур 88:8). Назар аударыңыз: бұл жерде Құдай қорқынышты деп жазылған жоқ, бірақ «айбынды» деп жазылған. Ақиқат мынада: Құдай құрметтелмейтін және қастерленбейтін жерде Оның керемет құзыры да болмақ емес.

1997 жылдың қаңтарында осыған көзім жетті. Бразилия астанасында өтетін ұлттық конференцияда уағыз айтуға шақыру алдым. Бразилияда бұрын-соңды болған емеспін, осынау ұлы елге барамын деп қатты толқыдым.

Ұшақ Бразилияға таңертең ерте қонды, мен күні бойы мінәжат етіп, дайындалып, қонақүйдегі бөлmemде демалдым. Сол күні кешке

стадионға жақындағанда, біз келгенге дейін көшеге толып кеткен көліктердің көптігін байқадым. Біз күткендей, автотұрақ лық толы екен, демек, конференцияда адам өте көп болады.

Мені күтіп алған қызметкерлер стадионға шығарып салды, бірнеше жетекшімен кездескеннен кейін бірден сахнаға шықтым. Құдайдың сөзінен сусындамақ болып келген мыңдаған сенушімен бірге Құдайға ғибадат ете алатын сәтті күттім. Алайда атмосферада Құдайдың құзыры жоқ екенін байқаған бойда қуанышым су сепкендей басылды. Мен абдырап қалдым: конференцияға көптеген сенушілер жиналды, ал мадақтау тобы елдегі ең жақсы топтардың бірі еді. Ендеше, Құдайдың құзыры неге жоқ?

Осы тұста Құдайдың құзыры туралы бірнеше сөз айта кеткенім жөн болар. Киелі Жазба оның екі түрін ажыратады. Біріншісі – Құдайдың барлық жерде болуы. Дәуіт былай деп куәлік етеді:

«Сенің Рухыңнан мен қайда қашпақпын?
Көз алдыңнан қайда жасырынбақпын?
Көкке көтерілсем, сол орындасың,
Тұңғыыққа түссем де, Сен сондасың....
Десем де, түнек жасырмайды Сенен,
Саған күндей нұрлы — түннің өзі де,
Жарықтай айқын — түнек те көзіңе!» (Забұр 138:7. 8, 12). Бұл —
«Мен сені ешқашан тастап та кетпеймін, жалғыз да қалдырмаймын»
(Еврейлерге 13:5) деп уәде беретін Құдайдың қатысуы.

Құдайдың қатысуының екінші түрі — Исаның мына сөздерінде бейнеленген: «Менің өсиеттерімді жүректеріне сақтап, орындап жүргендер — Мені сүйетіндер. Оларды Әкем де сүйеді. Мен де соларды сүйіп, Өзімді оларға жақынырақ таныстырамын» (Жохан 14:21). «Өзімді ... таныстырамын» дегеніміз — гректің «emphanis» сөзі, ол «алдына келу, өзін жақынырақ білуге және түсінуге мүмкіндік беру» дегенді білдіреді. Құдай Өзін біздің санамыз бен сезімдерімізге ашқанда осылай болады. Иса былай дейді: «Өйткені екі-үш адам Менің атымнан жиналса, Мен де сол жерде араларында боламын» (Матай 18:20). Мұнда Иса Құдайдың бір мезгілде барлық жерде болуын айтып тұрған жоқ, әйтпесе оған арнайы назар аударудың керегі не? Керісінше, Ол Өзінің айқын құзыры мен қатысуы туралы айтады. Ал сол күні стадионда Құдайдың құзыры болған жоқ. Мұны анық біле тұра, мен көзімді жұмып, Киелі Рухтан: «Сенің құзырың қайда?» деп сұрадым.

Содан кейін көзімді аштым да, көзіме бірден түспесе де, анық көрініп тұрған бір нәрсені байқадым. Адамдардың көпшілігі

ғибадатқа қатыспай тұр. Кейбіреулері қолдарын қалтасына салып немесе кеуделерін айқастырып, айналасына немқұрайлы қарап, зерігіп тұрғандай көрінді. Әйелдер әмияндарын ақтаруда, біреулер залды мақсатсыз кезіп жүр. Енді біреулер асханадан тамақ сатып алуға шықты. Кейбір қонақтар күліп, бір-бірімен әңгімелесіп жатты. Олардың жүріс-тұрысы спектакльдің басталуын күтіп тұрған көпшілікті еске түсіретін. *«Сәлден кейін әңгіме мен арлы-берлі жүріс тоқтап, келгендер құлшылық ете бастайды ғой» деп ойладым.* Қателесіппін.

Мадақтау аяқталып, қауым жетекшілерінің бірі сахнаға көтерілді де, Киелі Жазба мәтінін оқи бастады. Мені қайран қалдырғаны, музыка тоқтағанда, залдағы адамдардың дауыстары бұрынғыдан анық естілгенінен басқа ештеңе өзгермеді. Өз көзіме өзім сене алмадым, не болып жатқанын көріп, ішімде ашу пайда болды.

Сонда мен Құдай Рухының жүрегіме: «Мен сенің бұған қарсы тұруыңды қалаймын» – деп сыбырлағанын естідім.

Мені таныстырған кезде аудармашыммен бірге сахнаға шықтым. Үн қатпастан, залға қарап тұрам деп шештім. Адамдардың назарын аударудың бірден-бір жолы — сахнадағы барлық әрекетті тоқтату деген қорытындыға келдім. Солай болды да, бір минуттық үнсіздік барлығының назарын аударды. Адамдар залда қозғалуды тоқтатып, бастарын сахнаға бұрды, залда тыныштық орнады-ау, әйтеуір. Енді сахнада тұрған маған залдағы адамдардың бәрінің көздері қадалды.

Сол жиналыста мен: «Бразилияда болу қандай жақсы» немесе «Мені шақырғаныңызға рахмет» деп айтқан жоқпын. Өзім туралы да айтқан жоқпын, бірақ оларға: «Дастархан басында бірге отырған адам сізге назар аудармай, төбеге қарап, қызықпағандай болса, қалай қарайсыз? Ал сізге көз салмастан, қасында отырған біреумен сөйлесіп отыра берсе ше?»

Біраз үнсіздіктен кейін сұрағыма өзім жауап бердім: «Сізге бұл ұнамайды, солай ма?»

Сосын: «Көршіңіздің үйіне кірген сайын оның немқұрайлы көзқарасына кез болып, оның сізге біркелкі дауыспен: “Әә, тағы да сен екенсің ғой...” дегенін естісеңіз ше?» – деп қостым. «Көршіңіздің үйіне тағы да барар ма едіңіз?»

Сәл үнсіздіктен кейін мен: «Жоқ, табалдырығынан да аттамайсыз!» деп жауап бердім.

Сосын: «Ал Әлемнің Патшасы Өзі құрметтелмейтін жерде Өзінің құзырын көрсетеді немесе Өзін қадірлемейтін адамдарға сөзін арнайды деп ойлайсыз ба?» дедім.

Бұл жолы өзім қойған сұраққа: «Ешқашан олай болмайды!» – деп нық жауап бердім.

Сөзімді әрі қарай жалғастырдым: «Егер осы сахнада еліңіздің президенті тұрса, сіз оған мейлінше ықылас танытып, құрмет көрсетер едіңіз. Немесе сіздің сүйікті футболшыларыңыздың бірі сахнаға шықса, көпшілігіңіз қуаныштан алып-ұшып, бір сөзін қалт жібермей тыңдар едіңіз. Алайда, бір сәт бұрын осы жерде Құдайдың Сөзі оқылды, оған назар аудармадыңыз, сіз үшін бұл жай ғана бос дыбыс болды!»

Содан кейін мен жиналғандарға бір жарым сағат бойы Жаратқан Иеден қорқу туралы уағыздадым. Залда бірде-бір дыбыс естілмеді. Олар сөгістен абдырап қалғандай болды, бірақ соған қарамастан мұқият тыңдады.

Уағыздың соңында мен: «Егер сен сенуші болсаң, бірақ сенде қасиетті қорқыныш жоқ болса және тәубе етуге дайын болсаң, орныңнан тұр!» деп үндеу тастадым. Еш ойланбастан залдағылардың жетпіс бес пайызы орнынан тұрды. Сол адамдар үшін дұға ете бастағанымда, стадион Құдайдың айқын құзырына толды. Құдайдың керемет қатысуы олардың өміріне әсер еткенде, адамдар жылай бастады. Қасиетті қорқыныш оларды Құдайдан алшақтатпады, керісінше, Құдайға жақындата түсті.

Осыдан кейін қырық жылғы қызметімнің барысында көрген ең таңғажайып оқиғалардың бірі болды. Сол оқиғаны баяндамастан бұрын, мына аяттарды оқып шығайық:

«Мұнан кейін әлгі хабаршының сөйлеген даусын естідім. Естіген кезде мен есімнен танып, жерге етпеттей жата кеттім. Бірақ бір қол денеме тиіп, мені *дірілдеген* күйімде төрттағандап тұрғызды. Сол хабаршы былай деді: — Уа, Даниял, Құдайға *өте ұнамды жан*, айтатын сөздерімді мұқият тыңдап, ұғып ал! Мен саған жіберілдім, енді түрегел! — Ол осыны айтып жатқанда мен *дірілдеп* орнымнан тұрдым» (Даниял 10:9-11).

Даниялды Құдай қатты жақсы көрді, бірақ ол қорқып жерге құлады. Хабаршы Даниял пайғамбарды алдымен төрттағандап тұрғызды, кейін орнынан тұруға көмектесті, ол әлі де дірілдеп тұрды. Хабаршы-періштенің алдында адам осындай күйге түссе, Құдайдың өзі келгенде не болады?

Санаңызға сіңіріңіз

Киелі Кітаптан үзінді. «Қасиетті періштелердің үлкен тобы Терең қастерлейді айбынды Құдайды, Биік тағын айналдыра Оны құрметтейді» (Забур 88:8).

Мағынасы. Құдайдың айқын құзыры мен қатысуын Оған үлкен құрметпен қарайтын жерде ғана табамыз.

Ой толғау. Құдайды қастерлеу деген не? Жалғыз қалғанымда, немесе достарыммен қоғамдық орындарда, немесе қауым жиналысында мұны іс жүзінде қалай істей аламын?

Мінәжат. Қымбатты Көктегі Әкем, ғибадат етуге самарқау күйде, немқұрайлы көзқараспен кірген кездерім үшін кешірім сұраймын. Сенің құзырыңды жай нәрседей қабылдап, мән бермегенім үшін тәубе етемін. Исаның қаны мені тазартсын. Сенің алдыңда бас иемін және жүрегімнің өзгеруі үшін Сенен рақым сұраймын. Қайда болсам да және не істесем де, Сенің құзырыңды танып, құрметтегім келеді. Әр уақытта Сені қастерлеп өмір сүргім келеді. Мен мұны Исаның атымен сұраймын. Әмин.

Мойындау. Әрқашан Құдайдың Сөзіне бар назарымды аударамын және барлық сөздерім мен істерімде Құдайдың құзырын құрметтеймін.

Мінәжат етерде Кімнің алдына
келіп, Кіммен сөйлесетініңізді
түсінуге тырысыңыз, дұғаңызды
Кімге арнайтыныңызды есте
сақтаңыз.

– АВИЛЬДІК ТЕРЕЗА

5 | ҰМЫТЫЛМАС КЕШ

Марқа жазған Ізгі хабарда былай деп жазылған: «Ал шәкірттері барлық жерлерге барып, Ізгі хабарды жариялап жүрді. Иеміз оларға жар болып, Өзінің құдіретін көрсететін кереметтері арқылы уағыздалған хабарды растап бекітті» (Марқа 16:20). Бұл бірлескен жұмыс Иса көкке көтерілген бойда басталды және Киелі Жазбаның ешбір жерінде оның қайтып оралуынан бұрын аяқталады деп жазылмаған.

Сонымен Бразилиядағы сол бір кешке оралайық. Жұртты немқұрайлы көзқарасына өкініп, тәубе етуге шақырғанымда, жиналғандардың жетпіс бес пайызы орнынан тұрды. Мен басымды иіп, дауыстап былай деп дұға еттім: «Ием, бүгін уағыздалған Сөзіңді Өзің растап бекіте гөр».

Залда бірнеше адамның жылағаны естілді. Содан кейін бірнеше минут бойы залдың ішіне Құдайдың құзырының толқыны тарап, жиналғандардың жүректерін сергітіп, тазартты. Құдайдың айқын құзыры сейілгенде де, керемет тыныштық сезімі сақталып қала берді.

Дауыстап тәубе еткен немесе дұға еткен адам болған жоқ, дегенмен, адамдардың жүрегі өзгерді, соның арқасында Құдайдың құзыры сол жерді толтырды. Кейін ойланып отырып, адасқан ұлдың әкесі баласының алдынан жүгіріп шыққанда ұлының кешірім сұрауын күтпегенін түсіндім. Ұлының жүрегі өзгеріп, үйге келуге бел буған кезде, әкесі алдынан шығып, құшақ жая қарсы алды. Дәл осындай жағдай стадионда да болып жатқан сияқты.

Біз ерекше сәттерге куә болдық; адамдар құрметпен үнсіздікте тұрды, олардың жүректері нәзіктік те терең сезімге толды. Тәубе ету дұғасы үшін өте қолайлы сәт туғанын сездім. Жиналғандарды дұғада жетеледім. Олардың сөздері шынайы, таза жүректен шыққаны

байқалып тұрды. Дұғадан кейін стадионды Құдайдың айқын құзырының жаңа толқыны алып кетті. Залдағы адамдардың қайтадан жылай бастағанын естідім, бұл жолы дауыстары бұрынғыдан қатты шықты. Құдайдың керемет құзыры айқын болды, бірақ бірнеше минуттан кейін ол да сейілді.

Құдайдың құзырының жүрегімізге ғаламат тыныштық сыйлаған екі толқынынан кейін бәріміз қайта жаңару сезіміне бөленіп тұрғанбыз. Иеме деген алғысым шексіз. Стадион толы адам үн-түнсіз, жүректегі тыныштыққа беріліп тұрмыз. Сол тыныштықта мен Құдай Рухының жүрегіме сыбырлап айтқан сөздерін естідім: «Қайта келіп, Өзімді тағы бір рет көрсетемін».

Киелі Рухтың сөзін жиналғандарға да жеткіздім; дегенмен, әрі қарай не болатыны ешқайсымыздың ойымызға да келмеп еді – Құдайдың құзыры мүлдем жаңаша келді. Болған жайтты айтып жеткізу қиын, өйткені, болғанды толық сипаттауға адамның тілі жетпейді. Менің қазір жазатындарым тым әсірелеу, тіпті шындыққа жанаспайтын сияқты болып көрінеді, бірақ қазірдің өзінде, жиырма жыл өтсе де, көп адамдар болған оқиғаны растай алады.

Сіз орман ішінде тұрсыз делік, кенеттен қатты жел тұрады. Сіз оның жоғарыда, ағаш бұтақтарының арасындағы қатты шуын естисіз. Сол жиналыста, стадионда тұрғандардың барлығы дәл осындай қатты желдің дыбысын естіді. Желдің лебін сезбедік, бірақ шуын естідік. Дәл осы сәтте адамдардың көздерінен жас парлап ауыздарынан жалынды дұға шықты. Көп дауыс бір-біріне қосылып, күн күркірегендей естілді, бірақ желдің шуы олардың бәрінен басым болды. Құдайдың құзырының мұншалық айқын көрінуіне қайран қалып, зор үрейге бой алдыра жаздап әрең тұрмын. Денем түршігіп, тіл қата алмай, қозғала алмай тұрмын. Бәріміздің үстімізден төнген, мен бұрын-соңды кездестірмеген зор құдіретті сезіндім. «Бұл Абба Әкеміз емес; бұл біздің қасиетті, құдіретті, айбынды Патшамыз!»¹– деп ойладым ішімнен.

Дауылдың дыбысы тоқсан секундқа созылды. Ол бірте-бірте басылғанда, желмен бірге ояныш келгені белгілі болды – біреулер солқылдап жылап жатты, енді біреулер есінен танып қалды, басқалары алдыңғы орындықтың арқалығына құлады, қайткенде де, бәріміз Құдайды шексіз қастерлеу сезімінің құшағындамыз. Біз осы қасиетті атмосферада тағы он минуттай болдық. Мен ештеңе айта алмадым: бәріміз үнсіз қалдық. Содан мен жиналыс тізгінін жетекшіге бердім де, қызметшілермен бірге көлікке қарай үнсіз жүрдім.

Көп ұзамай мадақтау тобының жетекшісі мен оның күйеуі көлігімізге келіп отырды. Ол бірден:

– Желдің дыбысын естідің бе? – деп сұрады.

Жел екенін бірден мойындағым келмеді. Мен болған оқиғаның растауын басқа адамның аузынан естігім келді. Сондықтан:

— Ғимараттың үстінен ұшып өткен реактивті ұшақ шығар? – деп жауап бердім.

(Бұл ғимаратта ауа тазарту жүйесі үшін шатыр мен төбенің арасында үлкен қашықтық бар, сондықтан көшедегі дыбыстар өте жақсы естіледі).

Алдыңғы орындықта отырған ол, артына бұрылып, таңырқаған жүзбен қызу қарсылық білдірді:

– Жоқ, ол Құдайдың Рухы!

Күйеуі сабырлы, байсалды кісі еді, ол да:

– Жоқ, сэр, бұл реактивті ұшақ емес, – деді.

Мен де қайтпадым.

– Оны қайдан білесіз? – деп сұрадым.

Ол былай деп жауап берді:

— Күзет бөлімінің қызметкерлері мен полиция қызметкерлері сыртта тұрды, олардың көбі Құдайға сенбейді. Солар желдің дыбысын естіп, ішке жүгіріп кірді де, біздің команданың жігіттерінен ғимараттан шыққан қатты желдің дыбысы туралы сұрады. Сондай-ақ, мен басты дыбыс пультын басқарып тұрғанмын (әйелі ән айтқан кезде ол жақсы дыбыс алу үшін сонда болды). Дыбыс жүйесі арқылы бірде-бір дыбыс өтпеді. Жел соққанда децибелметрлер ештеңе тіркемеді.

Сонда әйелі тағы да сөйлеп, көзінен жас ағып кетті.

«Мен ғимаратқа түсіп жатқан жалынды құйындарды көрдім және барлық жерде періштелердің барын сезіндім».

Мені тікелей қонақүйге апаруын өтіндім. Жол бойы көлікте үнсіз отырдық. Сол күні кешке мен бөлмемнің балконында бірнеше сағат отырдым; Құдайға ғана құлшылық еткеннен басқа ештеңе істей алмадым. Жиналыста болған оқиғадан көпке дейін есімді жия алмадым.

Келесі күні таңертең залға кірген кезде атмосфера мүлдем басқаша болды. Алдыңғы кешкі жиналыстағы Құдайдың айқын құзыры әлі де сезіледі. Адамдардың жүрегіне Жаратқан Иеге деген қасиетті қорқыныш қайта оралып, олар Құдайдың барын және рақымдылығын керемет түрде сезінді.

Жоғарыда жазғанымдай, бірнеше адам сол кеште болған оқиғаны растады және олардың өміріне деген ықпалын хат жазып немесе жеке түрде бөлісті. 2016 жылы мен Гояниядағы (Бразилия) он екі

мың жетекші бас қосқан жиналысқа қатысып, уағыз айттым. Мені шақырған қауымның бағушысымен қол алысып амандастық. Ол кісінің алғашқы сөзі: «Жиырма жыл бұрын жел соққан кезде мен Бразилияда жиналыста болдым. Содан бері әйелімнің мінезі біржола өзгерді, ол бұрынғы қалпына келген емес». Қазір ол кісі он алты жылдың ішінде үш жүз мың адамға дейін өскен қауымдар желісін басқарады.

Әйелім 2019 жылы Бразилияға, конференцияда қызмет етуге барды. Жергілікті қауым жетекшілерінің бірі оған жиырма жылдан астам уақыт бұрын жел соққан кезде сол жиналыста болғанын айтты. Ол сонымен бірге оның өмірі содан бері түбегейлі өзгергенін растады.

Құдайдың құзырында болу әрбір сенушінің рухани саулығы үшін маңызды. Кезінде дұғада Құдайдың құзырын сезіну мен үшін өте қиын болды. Бірақ бір күні осы мәселенің шешуін кездейсоқ дерлік таптым. Мінәжатты мадақтаудан да, әлдебір сөздерден де емес, Құдай туралы ой толғаудан бастадым. Құдайымыздың салтанатты ұлылығы мен киелі құдіреті туралы ойладым. Жаратқан Иемнің құзыры бірден дерлік мені басып алды. Келесі күні де солай істеуге шешім қабылдадым және дәл осындай нәтижеге қол жеткіздім. Бұл үшінші күні тағы қайталанды.

Мен абдырап қалдым да: «Ием, соңғы үш күнде Сенің алдыңа келу мен үшін неге оңай болды?» — деп сұрадым.

Мен Құдай Рухының: «Иса шәкірттеріне қалай дұға етуді үйреткен еді?» — дегенін естідім.

Мен Жаратқан Иенің дұғасынан үзінді келтіре бастадым: «Көктегі Әкеміз, сенің есімің дәріптелсін...». Бар даусыммен: «Иә, дәл солай! Иса шәкірттерін Құдайдың алдына бас иіп, Иемізді қастерлеп келуге үйретті!» дедім. Енді маған бәрі түсінікті болды.

Бұл ақиқатты Дәуіт те растайды:

«Ал мен мол рақымыңның арқасында
Өзіңнің киелі үйіңе кіремін,
Қасиетті ғибадатханаңның алдында
Өзіңді терең қастерлеп бас иемін» (Забур 5:8).

Құдай — біздің Әкеміз, Иса — біздің Иеміз және Құтқарушымыз, Құдайдың Рухы бізді шексіз сүйеді. Бірақ Жаңа Өсиет Құдайды «жалмаушы от» ретінде сипаттайтынын есте сақтаңыз. «Біздің сиынатын Құдайымыз жалмап қоятын от іспетті!» (Еврейлерге 12:29). Исаға ең жақын болған сүйікті шәкірті Жохан Ұстазының салтанатты ұлылығын көргенде, Оның аяғына ес-түссіз жығылды. «Мен Оны көргенде өлі адамдай алдына құлап түстім. Сонда Ол оң қолын үстіме

қойып, былай деді: “Қорықпа! Мен Алғашқымын да Соңғымын”» (Аян 1:17). Сонымен қатар, Киелі Рух – бүкіл қаланың назарын аудару үшін Құдайдың құдіреттілігін танытады (Елшілердің істері 2), ғимараттарды шайқайды (Елшілердің істері 4) және басқа да көптеген таңғажайып нәрселерді жасайды.

Басты ақиқат мынау: Жаратқан Ие қастерленген жерде Оның құзыры айқын көрінеді.

===== Санаңызға сіңіріңіз =====

Киелі Кітаптан үзінді. «Араларыңда күш-қуатсыз, дірілдеп, қатты жүрексініп тұрып жаттым. Сөз сөйлеп, уағыз айтқанда адамды сендірерліктей данышпан пікірлерге емес, Құдайдың Рухы мен құдіретінің айқын көрінуіне сүйендім. Ондағы мақсатым — сенімдеріңнің негізі адамның даналығы емес, Құдайдың құдіретінің болуы» (Қорынттықтарға 1-хат 2:3-5).

Мағынасы. Жаратқан Иені қастерлеу айналадағы атмосфераны өзгертеді. Ол Киелі Рухтың құдіреті біздің өмірімізді және басқалардың өмірін өзгертуі үшін қажетті жағдайды жасайды.

Ой толғау. Мен Құдайдың құзыры мен құдіреті ашылады деп күтемін бе және сенемін бе? Құдайдың алдына қасиетті қорқынышпен келгенімде, дұғаларым мен рухани өмірім қалай өзгереді? Осы өзгерісті қайтсем, жүзеге асыра аламын?

Мінәжат. Қымбатты Көктегі Әкем, егер құзырыңның көрінісін бұрынғы тәжірибеме байланысты шектеген болсам, сол үшін Сенен кешірім сұраймын. Басқа адамдардың сөзіне сеніп, Сенің құдіретіңнің көрінуіне шектеу қойған болсам, кешіре гөр. Сенің алдыңа Сені терең қастерлеп, басымды иіп келетін боламын, Ием, және Саған бұдан былай ешқандай шектеу қоймаймын. Мен сұраған, ойлаған және армандағанның бәрінен асып түсуінді, құдіретіңді көрсетуінді сұраймын. Сол арқылы Иеміз Исаның аты мадақтақталсын және менің ықпал ету аймағымдағы адамдарға деген қызметім жемісті болсын. Исаның атымен мінәжат еттім. Әумин.

Мойындау. Құдайдың алдына қасиетті қорқынышпен әрі нық сеніммен келсем, бәрі мүмкін.

Біз Оны киелі нұры мен
салтанатты ұлылығында бетпе-
бет көргенде, бір кездері
санамызға Ол туралы әлдебір
қарабайыр ойлардың келгені
мүлде қисынсыз болып көрінеді.

– ДЖОЙ ДОУСОН

6 | ҚҰДАЙҒА ПАЙЫМДАЙ ҚАРАУ

Құдайдың ұлылығын түсінген сайын, Жаратқан Иемізді қастерлеуіміз де арта түседі. Дегенмен, ақиқат мынада:

«Жаратқан Ие ұлы, мадаққа лайықты,

Ұлылығын ешкім жете ұғынбайды» (Забур 144:3), өйткені Оның ұлылығы адамның санасына симайды. Құдайдың ұлылығы шексіз, орасан зор және оны танып, зерттеп болу мүмкін емес. Солай бола тұра, ол туралы түсінігімізді арттыруға ұмтылуымыз керек.

Ұзиях патша қайтыс болған жылы, шамамен б.з.д. 742 жылы Ишая пайғамбарға аспан патшалығы жайлы аян берілді. Ол биік те асқақ тақта отырған, салтанатты ұлылыққа бөленген Құдай Тағаланы көрді. Оның ұлылығы орасан зор ғибадатхананы толтырды, ғимараттың ғаламат үлкендігі миллиардтаған тірі жан сиятындай еді.

Ишая пайғамбар Жаратушыны көргенде қайран қалып, таңданып қана қоймай, Құдайдың тағының айналасында ұшып жүрген құдіретті періштелерге де тәнті болды. Осы таңғаларлық жаратылыстардың аузынан Ишая пайғамбар мынадай сөздерді естіді:

«Әлемнің Иесі киелі, қасиетті, қастерлі! Бүкіл дүние Оның салтанатты ұлылығына кенелген!» (Ишая 6:3).

Көпшілігіміз 1800 жылы Джон Бахус Дайк жазған, Киелі Кітаптың осы аятына негізделген «Қасиетті, киелі, қастерлі» деген классикалық әнұранды жақсы білеміз. Бұл ән екі жүз жылдан астам уақыт бойы қауымда негізгі рухани әнұран болды, кейінгі жылдары

баяу айтылатын табыну әніне айналды. Алайда бұл Ишая көрген нәрселерден алшақ.

Сол бір ғажап жаратылған періштелер бұл әнді Құдайға ұнамды болу үшін айтпайды; асқан салтанат пен ұлылықты көргенде, еріксіз бас иіп, табынады, ән жүректерінің түкпірінен шығады! Құдайдың сөзбен айтып жеткізгісіз ұлылығының жаңа қырлары ашылған сайын: «Қасиетті, киелі, қастерлі...» деген сөздер ауыздарынан еріксіз шығады.

Періштелер «қасиетті, киелі, қастерлі» деген үш сөзді дәл осы ретпен айтпайды, әрине. Еврей жазушылары әлдебір сөздің мағынасын баса көрсетпек болғанда, сол сөзді екі рет қайталап жазды. Мұны біз Исаның: «Маған: «Мырза, Ие!» дейтін әркім емес, көктегі Әкемнің еркін орындайтындар ғана Оның Патшалығына кіре алады» деген сөзінен байқаймыз (Матай 7:21). Егер сіз Исаны тыңдап отырған Матайдың орнында болсаңыз, Ол «Ием» деген сөзді айтқан кезде Оның дауысының айтарлықтай жоғарылағанын байқайсыз. Исаның дауысындағы екпінді баса көрсету үшін Матай бұл сөзді екі рет жазды. Ағылшын тілінде біз ойларды баса көрсету үшін жуан әріптерді немесе курсивті қолданамыз.

Еврей авторы мағынасына баса назар аудару үшін бір сөзді үш рет жазатыны өте сирек кездеседі. Шын мәнінде, ондай мысалдарды Киелі Жазбада екі-үш рет қана көреміз. Осылайша біз сөздің немесе сөз тіркесінің мағынасының жоғарылау дәрежесін байқай аламыз. Шынында да, бұл періштелердің дауыстары күн күркірегендей, күшті болғаны соншалық, сол бір орасан залдағы есіктердің жақтаулары дірілдеген.

Флоридаға көшіп барғанымызда, байқағанымыз, жер асты суларының деңгейі тым жоғары болғандықтан, олар үйлерінің астына жертөле салмайды екен. Біздің үйді салушы маған: «Егер дауыл болса, үйдің ішкі бөлмесінің есік жақтауын паналаңыз, өйткені бұл құрылыстың ең берік бөлігі» деген еді. Ишая пайғамбар ғаламат зор сарайдың есік жақтауларының шайқалғанын ерекше атап өтті. Олай болса, періштелердің дауыстарынан бүкіл ғимарат шайқалды дей аламыз!

Құдайдың салтанатты ұлылығын көргенде, Ишая не деді? Ол: «Ә, міне, Құдай да келді!» деген жоқ.

Жоқ, ол: «Қасіретке қалдым-ау, енді құритын болдым! Себебі мен күнәармын, аузымнан шыққан сөздерім арам, әрі сөйлеген сөздері арам халықтың арасында тұрып жатырмын. Сонда да мен Патшаны, Әлемнің Иесін, өз көзіммен көрдім!» — деді (Ишая 6:5). Шын мәнінде, былай болған еді: Ишая пайғамбар кітабының алдыңғы тарауында: «Жақсыны жаман, жаманды жақсы дейтіндер, қараңғылықты жарық, жарықты қараңғылық деп атайтындар, әрі ащыны тәтті, тәттіні ащы деп санайтындар қасіретке қалады! Өздерін сондай дана, парасатты

деп есептейтіндер де қасіретке қалады! Сол шарап ішкіш «батырлар», ішімдікті күшті етіп дайындаудың «озаттары» қасіретке қалады!» – деп жазған еді (Ишая 5:20–22). Енді бір тараудан кейін ол Құдайдың ұлылығын көріп, енді «күнәһарларға қасірет!» деп айқайламайды, ешкімді әшкерелемейді, қайта: «Қасіретке қалдым-ау, енді құритын болдым!» деп аһ ұрады. Ол Құдай Тағаланың кім екенін білемін деп ойлаған еді, енді әлдеқайда жақсы біледі. Сондай-ақ ол осы қасиетті Құдайдың алдында өзінің кім екенін жақсы түсінеді. Бұл кездесу Ишаяның жүрегіндегі қасиетті қорқынышты еселеп арттырды!

Киелі Жазбада біз Иеміздің салтанатты ұлылығын көрген басқа да адамдардан осындай өзгерістерді байқаймыз. Әйүпті еске алайық. Құдай Тағала ол туралы былай дейді: «Менің қызметшім Әйүпке көңіл бөлдің бе? Жер бетінде ол сияқты кінәратсыз да әділ, Құдайын терең қастерлейтін, жамандықтан аулақ жүретін ешбір жан жоқ» (Әйүп 1:8). Құдайдың сіз немесе мен туралы осындай сөздер айтқанын көз алдыңызға елестете аласыз ба? Төбеміз көкке тигендей қуанар едік! Алайда, Әйүп Құдайдың салтанатты ұлылығын көріп, былай деді: «Сен туралы бұрын өзгелерден естігенмін, ал енді Сені өз көкірек көзіммен көріп тұрмын. Сондықтан бұрынғы айтқандарыма өкініп, қатты қайғырып күл-топырақта отырмын» (Әйүп 42:5, 6).

Езекиелді еске алайық. Ол Жаратқан Иені көргеннен кейін, былай деп жазды: «Жаратқан Иенің нұрлы салтанаты маған осылай көрінді. Мұны көре салысымен мен жерге етпетімнен жата кеттім. Сонда өзіме сөйлеп тұрған бір дауысты естідім. Ол: «Ей, пендем, орныңнан тұр! Мен саған тіл қатып, сөйлемекпін», — деді» (Езекиел 2:1).

Ал Ыбырайым ше? Құдайды көргенде, «Ыбырам Оған жерге бас ұрып ғибадат етті» – деп жазылған (Жаратылыс 17:3).

Құдай Өзінің салтанатты ұлылығымен Синайда көрінгенде, «Сонымен салдырап, дәрменсіз қалған аяқ-қолдарыңның буындарын бекітіп, еңселеріңді көтеріңдер!» деді (Еврейлерге 12:21).

Исаның сүйікті шәкірті болған Жохан пайғамбар нұрлы салтанатына бөленген Исамен кездескеннен кейін, былай деп жазды: «Мен Оны көргенде өлі адамдай алдына құлап түстім. Сонда Ол оң қолын үстіме қойып, былай деді: “Қорықпа! Мен Алғашқымын да Соңғымын”» (Аян 1:17).

Жоғарыдағы мысалдар толық тізім емес. Киелі Жазбада осыған ұқсас басқа да көптеген оқиғалар жазылған.

Қауым тарихында салыстырмалы түрде жақында, шамамен 1266-1237 жылдар аралығында, Аквиниялық Тома өзінің ең маңызды жұмысы деп санайтын «Теологи жинағын» жазды. Бірақ бір күні оның

көзқарасын біржола өзгерткен Құдаймен керемет күшті кездесу болды және ол кітап жазуды бірден тоқтатты. Досы Реджинальд оны жұмысын жалғастыруға шақырды, оған Тома былай деп жауап берді: «Менің еңбегім аяқталды. Өйткені менің жазғанымның бәрі маған ашылғанмен салыстырғанда, сабан сияқты көрінеді»¹.

Исраил тарихының бір кезеңінде Құдай Өз халқының арасында қасиетті қорқынышты жаңартқысы келіп, бірнеше нақты сұрақ қояды. Жаратқан Иенің салтанатты ұлылығын көрген Ишая пайғамбар былай дейді:

«Кім Жаратқанның ақыл-ойын ұққан, Кеңесшісі болып бағыт берді Оған? Жаратқан Ие кіммен ақылдасқан, Кім түсінік беріп те еді Оған? Кім Жаратушыны білімге үйреткен, Оған даналық жолын да нұсқаған? Сонда Құдайды кімге теңейсіңдер, Қандай бейнеде елестетесіңдер?!» (Ишая 40:13, 14, 18).

Сонда Құдай Тағала: «Сендер Мені кімге ұқсатасыңдар, Кіммен Мені салыстырасыңдар?» – деп тікелей сұрайды. (Ишая 40:25). Тарихта бұл мәселелерге үстіртін емес, тереңірек үңілуді қажет ететін кез болса, сол кез – қазір. Осы күні және осы сағатта көпшілігіміздің санамызды үнемі толтыратын ақпарат ағынына беріліп кеткеніміз сонша, осынау маңызды мәселелер туралы ойлануға орын да, уақыт та жоқ. Біздің жанымызға қасиетті қорқыныш ұялатуға кедергі көп, сондықтан көптеген сенушілер өздерін осал деп санайды және осы дүниелік азғырудың, пайдақорлықтың және адами жетістіктердің мақтаныш жүйесіне шырмалып қалады.

Осылайша, дарынды спортшыларды, Голливуд жұлдыздарын, дарынды музыка жұлдыздарын, бизнес сарапшыларын, тыңдаушысын еліктіре білетін көшбасшыларды және басқа да маңызды адамдарды асқақтата мақтаған әлемнің бір бөлігіне айналамыз. Олардың даңқы теледидарда, әлеуметтік желілерде, негізгі ақпарат құралдарында және басқа да көптеген қоғамдық платформаларда дәріптеледі. Қайғылы шындық мынада: зиянсыз болып көрінетін ақпарат пен адам жетістіктері бізді Құдайдан алшақтатады, тіпті, Құдайға жақындауға және Ол туралы ойлануға деген нәзік шақырудан бас тартқызады.

Егер біз тоқтап, жүрегімізге үңілсек, Оның ұлылығына сүйсінсек, рухымыз нығайып, күш-қуат пен тыныштықта болар едік. Бізге мынадай уәде берілгенін ұмытпайық:

«Жаратылыстың басталуында қараңғылықтан нұрдың жарқырауын бұйырған Құдай жан дүниемізді де жарқыратып, бізді Иса Мәсіхтің бетінен көрінетін Өзінің салтанатты ұлылығын білуіміз арқылы нұрландырды» (2 Қорынттықтарға 4:6).

Жанымыздың тыныштығында, Киелі Рухпен бірлікте Құдайдың

Сөзіне ой жүгірте отырып, Исаны жақыннан тани аламыз. Оның нұрлы жүзіне пайымдай қарау біздің жүрегімізде Құдайдың ұлылығын жарқырата түседі әрі біздің қасиетті қорқынышымызды ұлғайтады.

Ишая пайғамбар және жоғарыда есімдері аталған, Исамен кездескен, Онымен бірге жүрген, Оған ұнамды болған, Құдайдың уәделерінің орындалуын көрген, өмірлік жолын жақсы аяқтаған ұлы адамдарға біз де еліктей аламыз. Ең бастысы, Құдайға көз алмай қарайтын әрбір сенушіге мынадай уәде берілген «Ал енді, бәріміз бетімізді бүркемей, ашық түрде Иеміздің салтанатты ұлылығына айнадан көргендей мұқият көз жібереміз. Осылайша Ол бізді Өзіне ұқсатып, өзгертіп келеді. Сол арқылы Оның салтанатты ұлылығы барған сайын бізден көбірек көрініс табады. Бұл Иемізден — Киелі Рұхтан келеді» (2 Қорынттықтарға 3:18).

Сіз кімнің бейнесіне ұқсас болуға тырысасыз: қазіргі заманғы атақты адамдар ма, әлде ғаламды Жаратушы ма? Ақылмен таңдап, не тыңдайтыныңызға және назарыңызды неге аударғаныңызға ұқыпты болыңыз.

Санаңызға сіңіріңіз

Киелі Кітаптан үзінді. «Қасиетті салтанатына бөленіңдер, Жаратқан Иеге бағынып бас иіңдер, Оның алдында дірілдеп дәріпте, бүкіл жер!» (Забур 95:9).

Мағынасы. Құдайға деген қасиетті қорқыныш Құдайдың ұлылығын түсінуімізге сәйкес өседі.

Ой толғау. Күніне үш рет он минут бойынша барлық сыртқы әсерді өшіріп, Құдайдың ұлылығы туралы ойлансам, не болар еді? Бұған уақыт бөлудің қажеті бар ма? Мен өзімнің қасиетті қорқынышымды арттыру арқылы күнделікті өмірімде табысты бола аламын ба, бұл ақыр соңында мені ақылдырақ етеді ме?

Мінәжат. Қымбатты Көктегі Әкем, маған Иса туралы жаңа көзқарас бер деп сұраймын. Исаның Кім екеніне көкірек көзіммен үңілген сайын, бір ұлылық деңгейінен екіншісіне өтіп, Оның бейнесіне айналатынымды Сенің Сөзің уәде етеді. Оның салтанатты ұлылығын көрген сайын жүрегімдегі қасиетті қорқыныш арта берсін. Исаның атымен дұға еттім. Әмин.

Мойындау. Оның салтанатты ұлылығы барған сайын менен көбірек көрініс табады, сөйтіп, Исаңың бейнесіне айналамын.

Адамдар Құдайды емес,
бірін-бірі дәріптейді.

– ГЕНРИ ДЭВИД ТОРО

7 | ҚҰДАЙДЫҢ САЛТАНАТТЫ ҰЛЫЛЫҒЫ

Құдайдың ұлылығына тоқталмай, қасиетті қорқыныш туралы сөз қозғау мүмкін емес. Өткен тарауда осы тақырыпты қозғадық, енді әрі қарай жалғастырайық.

Құдайдың салтанатты ұлылығының алдында ажалды пенде тұра алмайды. Аббақұқ пайғамбар ол туралы былай деп жазған еді:

«Құдай нұры таң шапағындай жарқырады,
Құдіретті қолынан сәулелер жалтырады» (3:4).

Пауыл елші Құдай туралы: «мәңгіліктің жалғыз Иесі! Ол ешкім жақындай алмайтын нұрда тұрады, ешбір адам баласы Оны көрген де емес, көре де алмайды. Қадір-құрмет пен билік мәңгі Онікі! Аумин» деп жазған (1 Тімотеге 6:16). Осы жолдармен қатар біз Еврейлерге арналған хатта «Біздің сиынатын Құдайымыз жалмап қоятын от іспетті!» екенін оқимыз (12:29 қараңыз).

Мұндай сөздерді оқығаныңызда, Құдайды кәдімгі от сияқты деп ойламаңыз, от жанған нәрсені жалмап кетсе де, оған жақындауға мүмкіндік бар. Керісінше, жердің бетін нұrlандыратын күн сияқты жарқыраған, бәрін жалмайтын отты көз алдымызға елестетейік. Күннің құдіреті жойқын, бірақ оған қол жеткізу мүмкін емес, алайда, бұл мысал да шындыққа сәйкес келмейді, өйткені Киелі Кітапта былай деп жазылған: «Біз Мәсіхтен естіп, сендерге білдіріп отырған хабар мынау:

Құдай — Нұр, Оның ішінде ешқандай түнек жоқ» (Жоханның 1-хаты 1:5). Күн қанша жарқырап тұрса да, оның бетінде қара дақтар бар. Сонымен қатар, Пауыл елші былай деп жазған еді: «Уа, патша, сонда мен жолда келе жатып түс кезінде күн сәулесінен де жарық, көктен түскен нұрды көрдім. Оның сәулесі өзіме де, серіктеріме де түсті» (Елшілердің істері 26:13).

Пауыл Исаның жүзін көрген жоқ, ол тек Одан тарайтын нұрды көрді, ол Таяу Шығыстағы күннің көз қарықтыратын жарқыраған сәулесінен де асып түсті! Таңертеңгі немесе күндізгі күн емес, шаңқай түстегі күн.

Мен әлемнің әртүрлі елдеріне жиі барамын. Кейде қара көзілдірігімді үйде ұмытып кетемін. Көптеген елдерде көзілдіріксіз де жүре аламын, бірақ Таяу Шығыста емес. Таяу Шығыс еліне барған алғашқы сапарымда мен күннен қорғайтын көзілдіріктің өте қажет екенін түсіндім, онсыз көзімді үнемі сығырайтып немесе көлегейлеп жүруіме тура келді. Таяу Шығыс елдерінде күн үш себепке байланысты анағұрлым жарқын болады: құрғақ климат, ашық түстер көп, сол аймақтың табиғи ерекшеліктері (шөл құмдары, таулары) және экваторға жақын орналасуы. Таңертең және кешкі уақытта күн түс мезгіліне қарағанда азырақ жарқырайды, ал шаңқай түсте қара көзілдіріксіз көшеге шықсаңыз, көзіңізді қарықтырады.

Енді әлгі аяттарға ой жүгіртейік. Пауыл елші Исаның нұры Таяу Шығыстың шаңқай түстегі күнінен де жарық екенін жазады! Оның нұрлы салтанаты күн сәулесінен бірнеше есе артық.

Жоел пайғамбар мен Ишая пайғамбардың Иса жерге қайта оралған сәтте күн мен айдың қараңғыланып, жұлдыздардың жарығы өшетінін айтқан еді. Неге олай болатынын түсініп отырған боларсыз. «Біліп қойыңдар, Жаратқан Иенің (сот жүргізетін) күні таяп қалды! Ол — Оның лаулаған сұрапыл ашу-ызасының күні! Сонда Жаратқан Ие жерді құла түзге айналдырып, ондағы күнәкарларды қырып-жоймақ. Аспандағы жұлдыздар мен шоқжұлдыздар жарқылдауын доғарады. Күн шықса да, оны қараңғылық басады, ай да жарқырамайтын болады» (Ишая 13:9, 10). «Жаратқан Иенің ұлы да қорқынышты (соты) күні келердің алдында күн — қара түнек, ай — қан қызыл болады. Ал Иеміздің атын атап Оған сиынған әркім құтқарылады. Жаратқан Иенің айтқанындай, құтқарылғандар Иерусалимдегі Сион тауында тұратын болады. Олар Жаратқан Иенің шақырып алып, аман қалдырғандарының арасында болады» (Жоел 2:31, 32). Түсіндірейін. Ашық түнде жүргенде не көреміз? Аспанда самсап тұрған жұлдыздарды. Бірақ таң атып, күн шыққанда не болады? Жұлдыздар жоқ болып кетеді. Сонда, күн шыққанда барлық жұлдыздар аспаннан

лезде ғайып болып, кейін түн батқан кезде кенеттен аспанға қайта орала ма? Бұл сұрақтың жауабы «жоқ, олай емес» екені анық. Шын мәнінде не болады? Жұлдыздардың жарығы сол қалпында, ал күннің жарығы әлдеқайда күшті. Сондықтан, күн шыққанда, олардан әлдеқайда жарық болғандықтан, ол жұлдыздардың жарығы көрінбей қалады.

Иса қайтып келгенде, Оның нұрлы салтанаты күннен әлдеқайда жарқын болады. Ол одан асып түседі, бірақ ол әлі де жарқырайды! Енді сіз Оның салтанатты ұлылығының не екенін жақсырақ түсіндіңіз бе? Иса қайтып келгенде, жер бетіндегі барлық адамдар «... таулар мен құздарға жалбарынып: Үстімізге құлап түсіп, бізді тақта Отырғанның көзінен таса қылып, Тоқтының қаңарынан жасыра көріңдер!» деп жалбарынатын болады (Аян 6:16). Меніңше, себебін түсіндік.

Енді негізгі сұрақ туындайды: Жаратқан Иенің салтанатты ұлылығы дегеніміз не? Бұған жауап беру үшін Мұсаның: «... маған Сенің нұрлы салтанатыңды көрсете гөр»,— деген өтінішіне жүгінейік (Мысырдан шығу 33:18).

Еврей тілінде ұлылық немесе даңқ — «кавод». Strong's Bible Dictionary сөздігі бойынша бұл сөз «ауырлық, салмақ» дегенді білдіреді. Сонымен қатар, ұлылық, абырой деген мағынасы да бар. Сондықтан Мұса пайғамбар: «Маған Өзіңді толық салтанатыңда көрсете гөр»,— деп сұрайды. Құдайдың Мұсаға берген жауабын мұқият оқып шығыңыз:

«Жаратқан Ие оған былай деп жауап қайтарды:

— Мен сенің алдыңнан бүкіл игілігімді өте шығатын етіп, қасыңда «Жаратқан Ие» деген есімімді атап шақырамын» (Мысырдан шығу 33:19).

Мұса пайғамбар «нұрлы салтанатыңды көрсете гөр»,— деп өтінгенде, Құдай оған Өзінің «ізгілігін» көрсететінін айтады. Еврей тілінде бұл сөз «кең мағынада, мейлінше жақсы» дегенді білдіреді. Басқаша айтқанда, тұла бойы тұнып тұрған еш ақаусыз жақсылық.

Құдай әрі қарай: «Қасыңда “Жаратқан Ие” деген есімімді атап шақырамын» — дейді. Жер бетіндегі патшалықтарда патша өзінің тақ бөлмесіне кірер алдында оның есімін алдымен жаршы жариялайды. Одан кейін кернейлердің үнімен патша өзінің барлық сән-салтанатымен тақ бөлмесіне кіреді. Оның ұлылығын бәрі көреді; кімнің патша екеніне сарайдағылардың еш күмәні жоқ. Алайда, егер монарх, қарапайым киініп, еліндегі бір қаланың көшесін жалғыз өзі араласа, ол назардан тыс қалуы мүмкін.

Алдыңғы тарауда біз Иеміздің ұлылығы Иса Мәсіхтің бейнесінде ашылғанын білдік. Көптеген адамдар Исаның оларға аян арқылы келгеніне куәлік етеді. Солай болуы әбден мүмкін, бірақ Иса оларға салтанатты ұлылығын толығымен көрсетпесе керек. Пауыл мұны былай деп сипаттайды:

«Сол сияқты, біздің қазір көргеніміз
Айнадағы көмескі бейне іспетті,
Ал болашақта бетпе-бет анық көреміз.
Қазіргі білетінім тек қана шектеулі,
Ал Құдайдың мені толық білетіні секілді,
Бәрін де толықтай білемін сол кезде» (Қорынттықтарға 1-хат 13:12).

Оның ұлылығы Көне Өсиеттегідей қара бұлттың артында жасырылған, өйткені Құдайдың салтанатты ұлылығын сол қалпында көрген ешбір пенде тірі қала алмайды.

Исаның, қайта тірілгеннен кейін, сөйлескен бірінші адамы – мағдалалық Мәриям еді, бірақ Мәриям Исаны бағбан деп қалды (Жохан 20:15, 16). Шәкірттері көл жағасында Исамен бір дастарханда отқа қақтаған балық жеді, бірақ олар да Исаны алғашында танымады (Жохан 21:9, 10). Екі шәкірт Исамен бірге Эммаусқа барар жолды бірге жүрді, бірақ олар да Ұстазын тани алмады (Лұқа 24:16). Осылардың барлығы Исаның жүзіне қарады, өйткені Иса оларға Өзінің ұлылығын көрсетпеген еді.

Көне Өсиетте де Иемізді көрген адамдар болды, бірақ Құдай оларға Өзінің толық салтанатты ұлылығында көрінген жоқ. Жаратқан Ие Ыбырайымға тағы да Мамренің алып емен ағаштары өсіп тұрған тоғайының қасында келіп кетті, бірақ Өзінің салтанатты ұлылығын пайғамбарға көрсетпеді (Жаратылыс 18:1, 2-ні қараңыз). Жақып Құдаймен күресті, бірақ Құдай Жақыптың шатырына бар ұлылығымен келген жоқ (Жаратылыс 32:24-ті қараңыз).

Ешуа Нұнұлы Иерихонның қамалынының қасында тұрғанда, семсер ұстап тұрған Жаратқан Иені көрді де, Израил жағындасың ба, қарсысың ба деп сұрады. Жаратқан Иемен сөйлесіп тұрғанын білгенде, аяғына жығылып, ғибадат етті. Бұл тізімде Гидеон, Самсонның ата-анасы және басқалар бар.

Аталған кейіпкерлерден айырмашылығы, Жохан елші Патмос аралында Иемізді Рухта, толық салтанатты ұлылығында көрді. Жохан Исаның келбетін күннің тас төбеде тұрғандағы сәулесімен салыстырып, алдына өлі адамдай құлап түскенін айтады. Жохан елші Исаның салтанатты ұлылығын көре тұра, қалайша тірі қалды? Ол тәнде

анда-санда ғана түсетін нәрсе ретінде қарастырғым келмейді; Сенің ұлылығыңның ауқымы мен үшін айналамдағы әлемнен гөрі айқынырақ және шынайы болғанын қалаймын. Салтанатты ұлылығың әрқашан менің жүрегімде және санамда болсын. Исаның атымен мінәжат еттім. Әумин.

Мойындау. Мәсіхте мен – кездескендердің бәріне Оның ұлылығын көрсететін әлемнің жарығымын.

ШЫНАЙЫ БОЛМЫСЫМЫЗ

2-АПТА

Құдайды қорқыныштан
сүюдің орнына,
Құдайды сүйгендіктен, Оны
қастерлеуіміз керек.

– САЛЬДЫҚ ФРАНЦИСК

8 | СІЗДІҢ ҚҰНДЫЛЫҒЫҢЫЗ

Бұл бөлімде кейбір ауыр және әшкерелейтін тақырыптарды қозғаймыз. Сондықтан осы тұста сәл кідіріп, Құдайдың бізге деген керемет сүйіспеншілігіне тереңірек үңілейік. Исаның ауыр, тіпті, қорқынышты естілетін сөздерінен бастайын. Осы сөздерге тараудың едәуір бөлігін арнайтын боламын. Егер мәтіннен жұлып алып оқысақ, бұл сөздерді дұрыс түсіне алмаймыз әрі орынсыз қорқыныш тудырамыз, сондықтан бұл аятты кішіпейілділікпен және Құдайымызға деген құрметпен оқуыңызды сұраймын.

«Сендерге кімнен қорқу керек екенін айтайын: өлтіргеннен кейін тозаққа түсіре алатын Құдайдан қорқыңдар! Сендерге тағы айтамын: Одан қорқып, Оны терең қастерлеңдер!» (Лұқа 12:5).

Иса бізге Құдайдан қорқу керектігін айтады және мұнысын бірнеше рет қайталайды; бұйрықты қайталау арқылы оны күшейте түседі. Аятты оқығанда, назарымызды аударатын нәрсе – «тозаққа түсіру» деген оқыс сөздер. Бұл өте ауыр сөз! Дегенмен, Исаның келесі айтқан сөздерін оқиық:

«Бес торғай екі теңгеге сатылмай ма? Дегенмен олардың біреуін де Құдай ұмытпайды. Тіпті бастарыңдағы шаштарыңның саны да Оған белгілі! Сондықтан адамдардан қорықпаңдар: Құдай үшін *сендер* көптеген торғайлардан да *әлдеқайда қымбатсыңдар!*» (Лұқа 12:6, 7).

Байқап отырсаңыз, мен 5-ші аяттағы «Құдайдан қорқыңыз» және 7-ші аяттағы «қорықпаңыз» деген сөздерге баса назар аудардым. Тағы да *қасиетті* және *қасиетті емес* қорқыныштың айырмашылығын көреміз. Мынаны қайталап айтудан жалықпаймын: қасиетті қорқыныш Құдайдан үрейленіп, Одан алыстау емес, бұл қасиетті емес қорқыныш. Екеуінің арасындағы айырмашылықты анық біліп, осы ақиқатқа негізделуіміз керек.

Иса қайран қалдырар, тіпті, қорқыныш тұғызар мәлімдемеден бастайды, бірақ Ол Құдай алдындағы біздің баға жетпес құндылығымыз туралы айту арқылы сол ойды жалғастырады. Негізінде, Ол Құдайдың бізге қатты көңіл бөлетінін, бізге қасиетті қорқыныш сыйын да сол себепті бергенін көрсетеді. Бұл сыйлық бізді қорғайды, бізді өмір Берушіге жақындатады және бізді жойып жіберуі мүмкін барлық нәрселерден алыстатады. Ал адамдардан қорқу – қасиетті қорқынышқа мүлдем қарама-қайшы. Кітап беттерінде қорқыныштың осы екі түрі туралы көп айтатын боламыз, бірақ әрі қарай жалғастырмас бұрын, алдымен біздің құндылығымыз туралы айта кетейін.

Исаның айтуынша, Құдай сізді керемет бағалайды, тіпті басыңыздағы шашыңыздың санын да біледі. Ғылыми деректерге сүйенсек, адамдардың көпшілігінің басында орта есеппен жүз мыңдай шаш бар. Егер сіз он мың адамды бір жерге жинасаңыз, олардың қайсысында 99 569 шаш бар екенін айта аласыз ба? Сіз дұрыс болжасаңыз да, бірнеше минут ішінде болжамыңыз қате болып шығады, өйткені әрбір адам күніне орта есеппен 50-ден 100-ге дейін шаш жоғалтады. Құдай болса, әрқайсымыздың кез келген сәтте шашымыздың дәл санын біледі! Яғни, Көктегі Әкеміз үшін біздің құндылығымыз сонша, Ол әрқайсымызды бір сәтке де ойынан шығармайды. Дәуіт былай деп жазады:

«Сенің ойларың маған тым жоғары,
Уа, Құдай, қанша көп олардың саны!
Санап шықсам барлық ойларыңды,
Құм қиыршықтарынан көп болады!
Бірақ оянған кезде әрдайым мен
Бірге боламын әлі де Өзіңмен» (Забур 138:17, 18).

Құм қиыршықтарынан да көп! Жердегі барлық құмды елестетіңіз - барлық жағажайлар, шөлдер және гольф алаңдары. Олардың саны есепсіз көп! Математика және физика мамандары құмның көлемі мен тығыздығына байланысты бір текше фут құмда шамамен бес жүз миллионнан миллиардқа дейін құм қиыршығы бар екенін

айтады¹. Біздің санамыз жалғыз Флорида жағажайларында қанша құм түйіршіктері бар екенін де елестете алмайды. Дегенмен, көз алдыңызға елестетіп көріңізші, сіз планетадағы барлық құм қиыршықтарын жинасаңыз да, олардың саны Құдайдың сіз туралы ойларына әлі де жетпейді!

Өзіңізге өзіңіз сұрақ қойып көріңізші: ең жиі ойға алатын нәрсеңіз не? Өзіңіз бағаламайтын нәрселер туралы сирек ойлайсыз. Біздің үйде Исаның Туылуы Мерекесіне арналған заттар сақталатын шкаф бар. Соның бір сөресін жыл сайын қарап, тауып алатын заттарым бар. «Тауып аламын» деуімнің себебі, олардың бар екенін ұмытып қаламын. Мен олар туралы жыл бойы ойламаймын, өйткені олардың мен үшін құндылығы жоқ. Ал егер қосылғаннан бергі қырық жылдағы Лиза туралы барлық ойларымды санасам, аяқ киім қорабының жартысындай құм болар еді. Бұл шамамен екі жүз миллион ой, яғни, әр 6,3 секунд сайын бір ой. Әйелі туралы жиі ойлайтын күйеу оған қатты ғашық болып саналады.

Құдайдың сіз туралы ойлары жер бетіндегі барлық құм түйіршіктерінен асып түседі! Осы жазғаным санаңызға сияды ма? Бір қызығы, Құдай әсірелей сөйлемейді! Адамдардың көбісі асыра сілтеп, әсірелеп сөйлеуге бейім келеді, бірақ Құдай Тағала ақиқаттан бір миллиметр де ауытқи алмайды; Құдай өтірік айта алмайды. Демек, Оның сіз туралы ойлары планетадағы құмнан да көп екенін айтқан кезде, бұл Иеміздің ойларының саны орасан зор екенін білдіреді!

Сөзімізді жалғап, Құдайдың алдындағы құндылығымыз неде екенін айтайық. Қай заттың да құнын сатып алушы өзі анықтайды. Бірде ұлым спорттық аукционға қатысты, өйткені оның компаниясы 1960-шы жылдардағы чемпионат ойынында Билл Рассел киген жейдені сатып алмақ болды. Бірақ олар жейдені сатып алудан бас тартты, өйткені ең жоғары баға бір миллион қырық төрт мың долларға жетті! Билл Рассел сияқты тамаша ойыншы болса да, мен оның жейдесі немесе кез келген NBA ойыншысының жейдесі үшін екі жүз доллардан артық бермес едім. Бұл жай ғана киім.

Мәселе біздің адамдарға қандай құндылық беретінімізде емес, өйткені ол өзгереді. Оның үстіне, әлем адам құндылығын дұрыс бағалай алмайды. Миллиондаған сәбилер анасының құрсағында жатқанында-ақ қырылды. Адамдар бұл балалардың өмірін бағалайды ма? Құлдыққа сатылып кеткен адамдар ше? Егер олардың құнын құл сататын саудагерлер өлшейтін болса, бірнеше жүз доллардан аспайды.

Әлемдегі әрбір құндылықтың нақты өлшемін адам емес, Құдай белгілейді. Тіпті біз бағалайтын нәрселер туралы да Иса былай дейді:

«Сендер адамдар алдында әділ болғансып жүрсіңдер, бірақ Құдай жүректеріңде не бар екенін жақсы біледі. Адамдар бұларыңды жоғары бағалағанмен, Құдай алдында ол — жексұрындық» (Лұқа 16:15). Ол тағы бір маңызды мәлімдеме жасайды: «Адам бүкіл дүниеге ие болып, сол себепті (мәңгілік) өмірінен айырылса, бұдан оған не пайда? Яки адам өз өмірі үшін қандай құн төлей алады?» (Матай 16:26).

Әлемдегі барлық байлық туралы бір сәт ойланыңыз. Бірнеше миллион долларлық сарайлар, сәнді жылжымайтын мүлік, асыл тастар мен асыл металдар, қымбат көліктер, яхталар мен ұшақтар туралы ойланыңыз. Барлығын бірден көз алдыңызға келтіру мүмкін емес. Жақында жүргізілген зерттеулер жалпы әлемдік өнім 84,97 триллион долларды құрайтынын көрсетті. Адам санасына симайтын қаражат. Алайда Исаның айтуынша, егер сіз осының бәріне өз өміріңізді айырбастасаңыз, тиімсіз мәміле жасап, ұтылар едіңіз!

Сонда сіздің құндылығыңыз қандай? Пауыл былай деп жазды: «Иеміз сендерді үлкен құн төлеп, күнәнің құлдығынан азат етті. Ендеше денелеріңмен Құдайдың даңқын арттырыңдар!» (Қорынттықтарға 1-хат 6:20). Құдайдың біз үшін төлеген құны – Оның белгілеген бағасы – мына сөздерде қамтылған: «Өйткені Құдай адамзатты сондай қатты сүйгендіктен, Өзінің жалғыз рухани Ұлын құрбандыққа берді. Енді Оған сенуші әркім жаны тозаққа түспей, мәңгілік өмірге ие болады» (Жохан 3:16). Мәссаған! Бұл Билл Расселдің жейделерінен әлдеқайда көп. Құдай бізді ең қымбаты – жалғыз рухани Ұлымен бірдей бағалады. Таңғажайып ақиқат, егер біздің Құдай алдындағы құндылығымыз Исаның құнынан бір тиын төмен болса, бұл алмасу жүзеге аспайтын еді, өйткені Құдай тиімсіз мәмілеге келіспейді. Ол бір нәрсе үшін одан да құнды нәрсесін бермес еді. Құдай үшін қаншалықты қымбат екеніңізді түсінесіз бе? Құдайдың сізге деген сүйіспеншілігі қаншалықты зор екенін ұғасыз ба?

Өзінің дұғасында Иса мына бір ғажап сөздерді айтады:

«Мен бұлармен тығыз байланыстамын, Сен де Менімен солайсың. Маған сенетіндер толық бірлікке жетсін! Осылайша Өзіңнің Мені жібергеніңе әрі Мені қалай сүйсең, оларды да солай сүйетініңе адамзаттың көзі жетсін» (Жохан 17:23).

Бұл ақиқатты адами санамызға сиғызу қиын! Құдай Исаны қалай сүйсе бізді де дәл солай сүйеді! Сіз әлі де Иса тек шәкірттері туралы айтып отыр деп ойлауыңыз мүмкін. Бұл ойыңыз қате, өйткені Иса былай деп түсіндіреді: «Мен бұлар үшін ғана емес, олардың айтқандары арқылы Маған сенетін барлық адамдар үшін де өтініп

тұрмын» (Жохан 17:20). Егер сіз Иса Мәсікке сенсеңіз, шәкірттердің куәліктері арқылы тікелей немесе жанама түрде сенесіз. Құдайдың сізге деген сүйіспеншілігінің тереңдігін және сіздің Ол үшін қаншалықты құнды екеніңізді ұғып болу мүмкін емес.

Осы ақиқатқа негізделіп, енді қасиетті қорқыныш сыйының Құдаймен қарым-қатынасымызда неге соншалықты маңызды екенін зерттеуді жалғастырайық.

Санаңызға сіңіріңіз

Киелі Кітаптан үзінді. «Ал адам жанын пенде ажалдан босатпас, Оның төлемін Құдайға бере алмас. Адамның мәңгі өмір сүруі үшін, Қабірге түсіп, шірімейуі үшін Төлем төлеп босатудың бағасы Тым қымбат, істей алмас оны адам баласы» (Забур 48:8-10).

Мағынасы. Есі дұрыс адам тиімсіз мәмілеге келіспейді және құны төмен нәрсеге біле тұра құнды нәрсесін айырбастамайды. Сол сияқты Құдай ешқашан тиімсіз айырбас жасамайды. Оның жалғыз Ұлының өмірі Құдайдың сіз үшін төлеген құны болды, яғни Ол Исаны қалай бағаласа, сізді де солай бағалайды. Бұл сондай-ақ Исаны бағалағанындай, сіздің айналаңыздағы адамдарды да бағалайтынын білдіреді.

Ой толғау. Исаның бізді қаншалықты бағалайтынын қарастыра отырып, енді өзімізге-өзіміз қалай қарауымыз керек? Бұл менің өзімді-өзім қалай көретініме және күнде кездесетін адамдармен арадағы қарым-қатынасыма қалай әсер етеді?

Мінәжат. Қымбатты Көктегі Әкем, менің өмірімді соншалықты жоғары бағалағаның үшін алғысым шексіз. Жалғыз рухани Ұлың Исаны менің орныма өлімге қидың. Иса, менің орнымды басып, айыбымды жойғаныңда, мені Өзіңнен де артық бағалайтыныңды көрсеткенің үшін алғыс. Киелі Рух, мені қаншалықты жақсы көретініңді және бағалайтыныңды жүрегім мен санама әбден сіңдіруіңді сұраймын. Басқаларды да дәл солай сүюге күш бер. Исаның атымен. Әмин.

Мойындау. Құдай мені қалай жақсы көрсе және қаншалықты бағаласа, мен де басқа адамдарды солай жақсы көріп, бағалаймын.

Құдайдың сүйіспеншілігін
уағыздағанымызда, Киелі
Кітап ең алдымен Құдайдың
сүйіспеншілігін емес, Құдайдың
терең, нұрлы киелілігін және
сол киеліліктің дәл ортасындағы
Оның сүйіспеншілігін
көрсететінін ұмытпайық.

– ОСВАЛЬД ЧЕМБЕРС

9 | ӨЛІМГЕ ӘКЕЛЕТІН ҚАҚТЫҒЫС

Бірінші бөлімде біз Құдайдың ұлылығын талқыладық, дегенмен, бұл тақырыпты үстіртін ғана қарастырдық. Осы тарауда біз Құдайдың құзырының түрлі күшпен көрінуіне тоқталамыз. Ендеше, Жаратқан Иенің жердегі мекені – шатыр болған, Исраил халқы шөл даланы кезіп жүрген уақыт кезеңіне оралайық.

Ұзақ уақытқа созылған тынымсыз еңбектен кейін бір топ жұмысшы шатырдың құрылысын аяқтады. Шатыр Құдайдың Мұса пайғамбарға берген жоспары бойынша салынды және көктегі киелі шатырдың көмескі үлгісі ғана болды. “Мұса киелі шатырды дайындауға кіріскенде Құдай оған: «Байқа, барлығын саған осы тау басында көрсетілген үлгіге сай жасайтын бол!» — деп ескертті ғой” (Еврейлерге 8:1–5). Жұмыс аяқтала салысымен, Құдай Өзінің ұлылығында Өзін танытты.

«Сонда кездесу шатырын (бағана тәрізді) бұлт басып, Жаратқан Иенің жер бетіндегі тұрағы Оның нұрлы салтанатына кенелді. Мұса кездесу шатырына кіре алмады, себебі оны бұлт жауып, Жаратқан Иенің жер бетіндегі тұрағы Оның нұрлы салтанатына бөленді» (Мысырдан шығу 40:34, 35).

Құдай бұл жолы да Өзінің салтанатты ұлылығын халықтан бұлттың ар жағына жасырды. Жаратқан Ие Өзінің нұрының сүйікті халқы көтере алатындай ғана бөлігін көрсетуге мәжбүр.

Ең Қасиетті бөлмеге жылына бір рет қана тек бас діни қызметкер кіре алатын болған. Және құр алақан емес, құрбандыққа шалынған малдың қанын алып кіруі керек. Бұл лауазымды Құдай тағайындады,

алғашқы бас діни қызметкер Мұсаның ағасы Һарон болды.

Бір күні Һаронның екі ұлы, сондай-ақ діни қызметкерлер киелі шатырға кіріп, «Һаронның Надаб пен Әбинү есімді ұлдары шоқ салатын табаларын қолдарына алып, оларға оттың шоғы мен хош иісті шайыр салды. Алайда олар Жаратқан Иенің алдында оттың Ол бұйырмаған бөтен түрін ұсынды» (Леуіліктер 10:1). Осы оқиға туралы түрлі пікірлер бар, мәселенің мәніне жету үшін олардың әрекеттеріне емес, ниетіне назар аударайық. «Бөтен» сөзінің анықтамаларының бірі «қасиетті нәрсені құрметтемеу» болып табылады. Бұл дегеніміз: қасиетті нәрсеге қарапайым әрі қарабайыр нәрсе ретінде қарау. Негізінде, Һаронның ұлдары Құдайдың алдына еш құрмет көрсетпей келді. Әрі қарайғы оқиға қайран қалдырады және тіпті қорқынышты.

«Сол себепті Жаратқан Иенің алдынан бір от лап етіп шығып, оларды жалмап қойды. Осылайша олар сол жерде Жаратқан Иенің алдында өлді» (Леуіліктер 10:2).

Құдайдың алдына кіру құзіреті берілген бұл екі адам өздерінің арсыздықтарынан әп-сәтте қайтыс болды. Құдай оларға жауыздықпен шабуыл жасады ма? Жоқ, олар өздеріне өзі қауіп төндірді. Көз алдыңызға мынаны елестетіңіз: Жер Күннен 93 миллион шақырым қашықтықта. Көптеген адамдар үшін жағажайда жатып, күнге қыздырыну – рахат, бірақ сіз Күннен он мың шақырым қашықтықта күн сәулесіне жылынбақ болсаңыз, сіз бірден өлімге ұшырайсыз.

Олар Құдайдың киелі де салтанатты құзырын қастерлемеу арқылы бастарына апат шақырды.

«Сонда Мұса Һаронға:

— Жаратқан Иенің «Маған жақындап келетіндер арқылы Өзімнің киелі екенімді көрсетемін, барлық халықтар алдында салтанатты ұлылыққа кенелемін» дегені осы туралы болатын, — деп түсіндірді. Содан Һарон үндемеген күйі қала берді» (Леуіліктер 10:3).

Мұса пайғамбардың айтқаны жалпыға бірдей және мәңгілік жарлық. Жалпыға бірдей дегеніміз ол адам болсын, періште болсын әрбір жаратылысқа қатысты. Ал мәңгілік дегеніміз – әрқашан болады, өзгермейді деген сөз. Біз Құдайдың алдына тек құрметпен және ашық жүрекпен келе аламыз.

Бразилиядағы қызметіме қайта оралайық. Құдайдың құзыры қатты жел болып көрінгенде, жүрегім қасиетті қорқынышқа толды. Санамда жалғыз ғана ой болды: «Джон Бивер, бір қате қадам жасасаң, бір қате

сөз айтсаң, бітті, өлдің!»

Шынымен де солай болатын ба еді, оны білмеймін, әйтеуір бір нәрсе анық: Жаңа Өсиетте осыған ұқсас атмосферада бір қате қадам жасап, екеуі де өліп кеткен ерлі-зайыптылар туралы жазылған. Иә, «жан тапсырды» деген сөз олардың алты фут жер астына жерленгенін білдіреді (Елшілердің істері 5:1-10). Анани мен Зәпира қауым басшылары мен басқа сенушілердің алдында Құдайға құрбандық әкелді. Алайда олар әп-сәтте жан тапсырып, сол күні жерленді. Осы бір оқыс жағдайда басқа сенушілер қандай күйде болды?

«Бүкіл сенушілер қауымын және мұны естіген басқалардың бәрін де қатты үрей биледі» (Елшілердің істері 5:11).

Осы аяттың назар аударатын тұстары бар. Онда «бүкіл қаланы қатты үрей биледі» деп айтылған жоқ, «бүкіл қауымды қатты үрей биледі» делінген. Екіншіден, жай ғана «үрей» емес, «қатты үрей» деп жазылғанына назар аударыңыз. Батыс мәдениетінде әсірелеу, асыра сөйлеу жиі кездеседі, ал ежелгі еврей жазбаларының авторлары олай емес. Киелі Жазбада «қатты үрей» деп жазылса, демек, сөз – қасиетті қорқыныштың өте жоғары дәрежесі жайында.

Елшілердің істері кітабының екінші тарауында, Киелі Рух алғашында Елуінші күн мейрамында түскенде, кейбір адамдар шәкірттер таңғы сағат тоғызда шарап ішкен деген қорытындыға келді. Сәл кідіріп, мас адам өзін қалай ұстайтынын еске алайықшы. Мас адам, көбінесе, өзін сабырлы ұстай алмайды, жалпы ұстамдылықтан айырылады. Езуі жиылмай күлуі мүмкін. Сол күні Исаның шәкірттері жиналған үйдегі де көтеріңкі көңіл-күйге куә болған адамдар оларды мас деп ойлап қалса керек. Сүйіспеншілікке толы Құдайымыздың құзыры шәкірттердің көңілін сергітіп, жайлы күйге түсірді. Алайда, Құдайдың айбынды, тіпті, қорқынышты құзыры дәл сол адамдардың арасына үкім шығару үшін келгенде, бүкіл қауымды қатты үрей биледі. Бұл оқиға оларға Құдайдың киелілігін жақсы ұғындырды.

Адамдар менен: «Неге қазіргі заманда күнә жасаған адам сол мезетте жан тапсырмайды?» деп сұрайды. Жақсы және орынды сұрақ. Әлгі ерлі-зайыптылар Петір елшіні, ал сайып келгенде, Киелі Рухты алдамақ болды. 21 ғасырда бағушысын алдап жүрген сенушілер көп, солар неге Анани мен Зәпираныкіндей тағдырға ұшырамайды? Осы жұп қайтыс болғаннан кейінгі оқиғаларды қарастырайық:

«...Жандарынан өткенде Петірдің, тым болмаса, көлеңкесі түссін деп жұрт ауру адамдарды көшеге шығарып, төсеніштер мен

зембілдерге жатқызып қойды. Иерусалимнің маңайындағы қалалардан да халық ағылып, науқастары мен жын қинаған кісілерін алып келді. Солардың бәрі сауығып кетті» (Елшілердің істері 5:15, 16).

Не деген керемет! «Көшелер» (көпше түрде) деп жазылғанына назар аударыңыз! Кейбіреулер ғана емес, «бәрі» сауығып кетті! Осы оқиғалар қазіргі заманда орын алды дейік. Петір елші қалалық ауруханаға кіріп, дәліздерді аралап жүріп, барлық қабаттардағы науқастарды сауықтырып жіберді. Мұндай құдіретті Құдайдың салтанатты ұлылығында ғана табуға болады.

Осыны растау үшін Киелі Кітаптан тағы бір мысал келтірейік. Һаронның екі ұлы апатқа ұшырағаннан кейін жүздеген жылдар өткен соң, діни қызметкер қызметіндегі бір әкенің ұлдары Хофни мен Пинехас сол киелі шатырға келген әйелдермен азғындық жасады. Бұл Һаронның ұлдары жан тапсырған жерден тоқсан футтай-ақ жерде болса керек! Мұнысы аздай, олар ғибадатханаға келгендерді қорқытып, құрбандық малдың етін күшпен тартып алды. «Олар Жаратқан Иеге мойынсұнбайтын әрі діни қызметкер ретіндегі міндеттерін халықтың алдында жөндеп атқармайтын» (Патшалықтар туралы 1-жазба 2:11-13). Құдай бұл адамдар туралы былай деді: «Сол себепті Мен: Елидің отбасы өз кінәсінің зардабынан ешқашан не құрбандық, не басқа да сый-тарту арқылы арыла алмайды деп ант еттім». (Патшалықтар туралы 1-жазба 3:14). Мұндай сөзді Құдай Тағаланың аузынан ешкімнің де естігісі келмес!

Бұл екеуінің мінез-құлқы Құдайды қорлады және Һаронның ұлдарының мінез-құлқынан бірнеше есе асып түсті, бірақ олар шатырда кенеттен жан тапсырмады. Неліктен дейсіз ғой? Жауап мына сөздерде жатыр: «Сол заманда Жаратқан Иенің адамдарға сөзін арнап, аян беруі өте сирек болатын» (Патшалықтар 1-жазба 3:1). Құдай Сөзінің адамдарға ашылмауы Оның құзырының жоқтығын көрсетеді; яғни, Бразилиядағы жиналыстың басындағыдай, Құдайдың құзыры халқының арасында жоқты. Алайда Мұса пайғамбардың тұсында Құдайдың құзыры айқын болды.

Осы мысалдардан қандай ой түйе аламыз? Құдайдың ұлылығы неғұрлым көп көрінсе, Иемізді дәріптемейтіндерге үкім соғұрлым күшті және тез шығарылады. Сондықтан сот кейінге қалса, ол мүлде өтпей қалады деп ойламаңыз. Осы себепті Пауыл елші былай деп жазады:

«Кейбір адамдардың күнәлары көзге айқын көрініп, оларды тікелей айыпталуға бастайды. Ал басқаларыныкі кейінірек қана әшкереленеді» (1 Тімотере 5:24).

Ешқашан, ешбір жағдайда Құдайға деген құрметсіздікке жол бермеңіз, Құдайға Өзіне лайық қадір-құрмет көрсету — даналық. Расында, Құдайдың ұлылығының көрінбеуі одан да қауіпті. Неліктен дейсіз ғой? Өйткені, ешбір сынақ пен жаза болмаса, дұрыс жолдамыз деп алданамыз да, Құдайға деген құрметсіздікке жол береміз. Соның салдарынан келесі тарауда көретініміздей, Құдай біздің менсінбеуімізге мән бермейді деп ойлай бастаймыз.

===== Санаңызға сіңіріңіз =====

Киелі Кітаптан үзінді. «Сонда Мұса Һаронға:

— Жаратқан Иенің “Маған жақындап келетіндер арқылы Өзімнің киелі екенімді көрсетемін, барлық халықтар алдында салтанатты ұлылыққа кенелемін” дегені осы туралы болатын, — деп түсіндірді. Содан Һарон үндемеген күйі қала берді» (Леуіліктер 10:3).

Мағынасы. Құдайдың ұлылығы неғұрлым көп көрінсе, құрметсіздікке үкім соғұрлым күшті және тезірек шығарылады. Сондықтан сот кейінге қалса, ол мүлде өтпей қалады деп ойламаңыз.

Ой толғау. Мен дұғада, қауымда, ғибадатпен, Құдай Сөзін уағыздағанда немесе күнделікті өмірде Иемізге қалай келе аламын? Құдайдың алдына селқос көңілмен келуді әдетке айналдырып жүрген жоқпын ба? Оның менің Әкем ғана емес, сонымен бірге жалмап қоятын от болып табылатын киелі Құдай екендігі туралы ақиқатты ұмытып кеттім бе?

Мінәжат. Қымбатты Көктегі Әкем, Сенің алдыңа Құдайды қастерлеу сезімінсіз келгенім үшін кешірім сұраймын. Сенің кім екеніңді ұмытып, Сені көптің біріндей көріп жүр екенмін. Осыған өкінемін және енді Сені «таныс біреу» ретінде қарастырмаймын, қасиетті Құдай екеніңді мойындап, соған лайық қастерлеймін. Маған рақым мен мейірімділік танытып, күнәмді кешіргенің үшін Саған алғыс. Исаның атымен дұға еттім. Әумин.

Мойындау. Құдайдың құзырын сезінсем де, сезінбесем де, Жаратқан Иемді қастерлеймін.

Адамның күллі ісі
Жаратқанның көз алдында,
Ол баға береді пенденің
бар жолына.

– НАҚЫЛ СӨЗДЕР 5:21

10 | ҚҰДАЙ МЕНІ ҰМЫТТЫ

Жоғарыда айтылғандай, Құдайдың ұлылығын түсінуімізге қарай, қасиетті қорқынышымыз да арта түседі. Керісінше: Құдайдан неғұрлым аз қорқатын болсақ, соғұрлым біз Оның ұлылығын адами қабілетімізбен шектейтін дәрежеге дейін төмендетеміз.

Адамзаттың дамуы мен осы дүниенің жетістіктері Құдайдың ұлылығын көмескілеуге тырысып, адам психикасына ауыр соққы беретін өзен ағыстары сияқты. Бұл өзеннің мәні сөздерде, ойларда, бейнелерде жатыр. Осылардың көмегімен бұқаралық ақпарат құралдары Жаратушымыздың ұлылығын кемсіту есебінен ажалды пенденің даңқын асырмақ.

Жүрегінде қасиетті қорқынышы жоқ адам бұл күшке оңай көніп, Құдай маған назар аудармайды, не істеп жүргенімді көрмейді деген ойлар мұхитына тайып кетеді. Оның санасында мынадай ойлар қалыптасады: *«Маған ереже жүрмейді, өз қалағанымды істей аламын, басқалардан еш айырмашылығым жоқ, Құдай менің ниеттеріме, сөздеріме және іс-әрекеттеріме мән бермейді. Сайып келгенде, Ол бүкіл дүниеде болып жатқанның барлығын қадағалай алмайды».*

«Зұлым жан: «Құдай ұмытып кетті, — деп ойлайды, — Ол көзін жұмып, ешқашан назар аудармайды» (Забур 9:32).

Ойлаудың бұл қате және қауіпті түрінің бірнеше нұсқалары бар. Олардың барлығы Құдайдың қабілеттерін шын мәніндегіден кем деп қабылдауға байланысты. Бұл қабылдау адамның ата-анасы, бастығы, мұғалімі, жаттықтырушысы немесе біздің мінез-құлқымызды

байқамайтын немесе назар аудармауы мүмкін кез келген басқа жетекші жайындағы пікіріне ұқсас. Осындай көзқарастың тұзағына түскен адамдар әрбір кісінің өміріндегі көптеген оқиғаларды, әр кісінің ойын, ниетін, сөзін, ісін қадағалау мүмкін емес деп ойлайды, сөйтіп, Құдайдың қабілетін адам қабілетінің деңгейіне түсіреді де, өздерін-өздері жұбатқан болады.

Әрі қарай не болатынын көрейік. Жүрегінде қасиетті қорқынышы аз немесе одан, тіпті, жұрдай адам осынау тайғақ жолмен жүре берсе, шайтан оны *«Құдай сенің ниеттеріңді, сөздеріңді және іс-әрекеттеріңді көрмейді»* деп сендіруге тырысады. Құдайдың назарынан тыс қалды деп ойлау бір басқа да, Құдай *көре алмайды* деп ойлау бір басқа! Бұл Құдайға деген құрметсіздіктің келесі деңгейі.

Адам баласынан сөздерді, әрекеттерді және шынайы ниеттерді жасыруға болады. Әлдебір істеріңізді қараңғыда, немесе басқалар байқамауы үшін көлеңкеде жасырын істей аласыз. Бірақ ойымыз бен жолымызды Ұлы Құдайдан жасырамыз деп ойласақ, өзімізді өзіміз алдағанымыз. Осы бір қате болжам, қасиетті қорқыныштан айырылған жанның санасында тұрады, онысын өзі анық білмеуі де мүмкін. Киелі Жазба былай дейді:

«Ой-ниеттерін Жаратқан Иеден жасыруға тырысқандар қасіретке қалады! Олар іс-әрекеттерін түнекте істеп: “Бізді кім көреді? Істеп жатқанымызды қайдан біледі?” деп ойлайды» (Ишая 29:15).

Бір қарағанда, Ишая зұлым адамдар — қауымға бармайтын, қауым жиналыстарына қатыспайтын, Құдайға сенбейтін адамдар — туралы айтып отырған сияқты. Ал шын мәнінде, Ишая пайғамбардың жазбасындағы бұл сөздер өздерін сенуші деп атайтын адамдар туралы арнайы жазылған. Солай екенін осы аяттан сәл жоғары жазылған мына сөздерден білеміз:

«Жасаған Ие мынаны айтады: «Бұл халық тек ауызбен алдыма келіп, Мені сөздерімен ғана сыйлайды, ал жүректері Менен тым алшақ. Адам баласы шығарған ережелерді үйретіп, Мені құрметтегенсиді, ал солары бекершілік!» (Ишая 29:13).

Қазіргі заман тіліне аударып көрейік. Аятта айтылған адамдар Исамен қарым-қатынаста екенін мойындайды, өйткені олар Оның рақымымен құтқарылды. Олар Оны сөз жүзінде құрметтейді, мәсіхшілік конференцияларға қатысады, смартфонна рухани музыка жүктелген, алайда жүрегінің түкіпірінде Иеміз олардың не ойлап, не істеп жүргенін

көрмейді немесе ести алмайды деп сенеді. Олардың күйі Исаның соңынан ермейтін көптеген адамдардыкінен де нашар. Олар өтірікке сенеді, ал ең сорақысы өздерінің ақымақтығын түсінбейді.

«Бұлай болуы мүмкін емес!» деп, қарсылық танытуыңыз мүмкін. Алдыңғы тарауда айтылған, Жаңа Өсиет кейіпкерлері, Анани мен Зәпираға (Елшілердің істері 5) қайта оралайық. Бұл жұптың қате әрекетін түсіну үшін оның астарын білу маңызды. Олардың отбасы шежіресі төртінші тараудан басталады.

«Мысалы, Леуі руынан шыққан кипрлік Жүсіп есімді адам болды. Елшілер оған Барнаба — аударғанда Жігерлендіруші деген қосымша ат берген еді. Барнаба өзінің меншікті егістік жерін сатып, түскен ақшаны алып келіп, елшілердің алдына қойды» (Елшілердің істері 4:36, 37).

Ол кезде Кипр асыл тастар, мыс пен темір рудалары, ағаш мол өндірілетін бай арал болатын. Ол өзінің әсем гүлдерімен, тәтті жемістерімен, шараптарымен және майымен танымал болды. Кипр аралында меншікті жер танабы бар адам, әлбетте, ауқатты болған.

Енді көз алдыңызға мынаны елестетіп көріңіз: Бір бай леуілік Кипр аралындағы жер танабын сатып, көп ақша түсіреді. Сол ақшасын бүкіл қауымның көзінше ашық түрде Құдайға құрбандық деп, елшілердің алдына әкеледі. Әрі қарай не болды?

«Анани есімді кісі мен әйелі Зәпира да бір меншікті жер танабын сатты....» (Елшілердің істері 5:1).

«Да» деген сөзге назар аударыңыз. Бұл шылау осы сөйлем мен оның алдындағы сөйлемнің арасын жалғап тұр. Яғни, біз келтіріп отырған аяттың мағынасы алдыңғы аятпен тікелей байланысты. Ал келтірілген аят тараудың басы болғандықтан, біз алдыңғы аят пен екеуінің арасындағы байланысты байқамай жүрміз.

Сонымен, Барнаба атты бай қауымға келіп, барлығының көзінше қомақты құрбандығын елшілердің алдына қояды. Оның берген мол құрбандығы ерлі-зайыпты екеуінің жүректерінде белгілі бір сезімдер тудырса керек. Олар бірден мүліктерін сатады да...

«... Анани түскен ақшаның бір бөлігін жасырып алып қалып, тек қалғанын ғана елшілердің алдына апарып қойды. Бұл туралы әйелі де хабардар болды» (Елшілердің істері 5:2).

Мұндай әрекетке не себеп болды екен? Анани мен Зәпира қауымдағы ең жомарт құрбандық берушілер ретінде белгілі ме еді?

Олай болса, бұл жұп жетекшілер мен сенушілердің ерекше ілтипатына ие болды ма? Садақа, құрбандық беру – бұл да бір дарын екенін ескерсек, қызмет ету, Ізгі Хабар тарату, қонақжайлылық, тәлім беру, жетекшілік дарындары сияқты, жомарттық дарыны да жұрт мақтауына тұрарлық дарын (Қорынттықтарға 2-хат 9:12, 13). Бәлки, ерлі-зайыптылар тым көп құрмет пен назарға ие болды ма? Кипр аралынан келген әлгі бай адамның жомарттығы өздерінікінен асып түседі деген күдік болды ма оларда? Қауым мүшелері оның жомарт садақасына тәнті болды, өйткені бұл қаражат қаншама кедейге қамқорлық жасауға жетеді. Осылайша Анани мен оның әйелі бұдан былай қауым мүшелерінің бұрынғы ілтипатынан айырылды.

Мүмкін, ерлі-зайыптылар көпшіліктің назарын өздеріне қайтарғысы келген болар. Меншігіндегі жер танабын, яғни, ең қымбат мүлкін сатуға деген ниет осыдан туындаса керек. Алайда, олар: «Бұл тым көп ақша, мұндай қаражаттан айырылып қалуға болмас. Бірақ біз жер сатқаннан түскен ақшаны түгел әкелдік деп көрсеткіміз келеді. Сондықтан, тек бір бөлігін ғана берейік те, ақшаны түгел бердік деп жариялайық» – деген шешімге келді. Осылай істесек, бізге қарап, басқалар да қайырымдылыққа қомақты қаражат бөлетін болар деген алдамшы ойлары да болды ма, бәлки.

Сырт көзге жақсы көріну олар үшін ақиқаттан маңыздырақ болды, сөйтіп олар өтірікшіге айналды. Құдай онысын көрмейді деп қалай ғана ойлады екен?

Екеуі әбден ойланып, әлгіндей әрекет етуге өзара келісіп алды. Олар осы жоспарды Жаратқан Иеден жасыра алатындарына сеніп, зұлымдықтарын қараңғылықта жасады! Олар іс-әрекеттерін түнекте істеп: «Бізді кім көреді? Істеп жатқанымызды қайдан біледі?» деп ойлайды (Ишая 29:15-тен тікелей үзінді). Ондай ой мен іс-әрекеттің құны – екеуінің кенеттен үзілген өмірі, екеуі бір күнде жерленді!

Құдайдың талай кереметіне куә болған екі сенуші ниеттерін Құдай Тағаладан жасыра алатынына қалай ғана сенді? Олар аспаннан жел соғып, бүкіл қаланың назарын өзіне аударғанын, алдын ала хабарланбаған жиындарда мыңдаған науқастардың сауғып кеткенін, сал адамның орнынан тұрып, өз аяғымен жүріп кеткенін, Құдайдың құдіретімен үйдің шайқалғанын, тағы басқа кереметтерді өз көзімен көрген еді ғой! Немесе Құдаймен бірге бақта жүрген Адам ата мен Хауа ана тиым салынған жемісті жегеннен кейін Одан жасырына алатынына қалай сенді (Жаратылыс 3:8)?

Исраилдіктер қалайша: «Жаратқан Ие бізді көрмейді!» десті (Езекиел 9:9)?

Ал мына аят туралы не деуге болады? «Сонда Жаратқан Ие маған тіл қатып былай деді: “Ей, пендем, Израил халқының ақсақалдарының әрқайсысы өз жалған тәңірлерінің бейнелері орналасқан қараңғы бөлмелерінде не істейтіндерін көрдің бе? Олар: “Жаратқан Ие бізді көрмейді! Жаратқан Ие біздің елді тастап кеткен!” деседі”» (Езекиел 8:12).

Суып кеткен жүрегімізді Иемізден жасыра аламыз деп ойлау ақымақтық емес пе?

Бір сөзбен айтқанда, осындай ой мен іс-әрекеттің барлығының ортақ тамыры бар, осынау өрескел қателікке апаратын – қасиетті қорқыныштың жоқтығы. Құдайды неғұрлым аз қастерлесек, Құдайдың қабілеттерін соғұрлым төмендетеміз, ал ең сорақысы, түсінігіміз бұлыңғырланып, өзіміздің шынайы жағдайымыздан бейхабар қала береміз.

Сенушілердің осындай күйге түсуін келесі тарауларда қарастырамыз.

Санаңызға сіңіріңіз

Киелі Кітаптан үзінді. «Сонда Менің әркімнің жүрегінің түкпір-түкпірін тексеретін Біреу екеніме барлық қауымдардың көздері жететін болады. Мен әрқайсыңның істеріңе қарай еселеріңді қайтаратын боламын» (Аян 2:23).

Мағынасы. Құдай Тағала біздің іс-әрекеттерімізді ғана емес, оның астарындағы ой мен ниетті де біледі.

Ой толғау. Жаратқан Ием менің әрбір ойымды, әрбір ісімнің астарындағы ниетімді әрі шынайы мақсатымды білетінін терең ұғынамын ба? Осы ақиқатқа тереңірек бойлауым үшін не істеуім керек?

Мінәжат. Қымбатты Көктегі Әкем, ниеттерім мен мақсаттарым Исаның ниеттері сияқты таза болуын сұраймын. Барлық ойларымды, тілектерімді, ниеттерімді, сөздерім мен іс-әрекеттерімді әрқашан көріп тұрған Құдай барын ескеретін боламын. Сен туралы түсінігімде осы ақиқатты ешқашан кемітпеймін. Исаның атымен дұға еттім. Әумин.

Мойындау. Ниетімді де, ойымды да, сөзімді де, ісімді де Құдай біледі деп өмір сүремін.

...мына халық неге Менен
бұрылып кетті?

— ЕРЕМИЯ 8:5

11 | ҚОРҚЫНЫШ ПЕН ҮРЕЙ

Құдайдың айқын құзыры, Анани мен Зәпираға шығарылған үкім қауымға «қатты үрей» әкелді. Тағы бір айта кететін жайт, сөз – *қала* туралы емес, *қауым*, яғни, күнәсі өтеліп, құтқарылғандардың жиыны хақында. «Қатты үрей» деген сөз тіркесін грек тілінде зерттейтін болсақ, мағынасының қаншалықты терең екенін көреміз.

Бірінші сөз – қатты – гректің «*мегас*» сөзі, ол «өлшемнің шыңы... үлкен дәреже, қарқынды, қорқынышты, зор» дегенді білдіреді.¹ «Мега» деген күрделі сөздердің бір бөлігі осы жерден шыққан. Сонымен, біз қарастырып отырған сөз тіркесінің мағынасы күмән тудырмайды, оны «мегаүрей» деп аударуға болады. Есіңізде болсын, Киелі Жазба авторлары асыра сілтемейді.

Екінші сөз, үрей, грек тілінен аударғанда *фобос* және Жаңа Өсиетте қасиетті қорқыныш деген мағынада жиі қолданылады. «Қорқыныш, үрей, құрмет, қастерлеу, дәріптеу» дегенді білдіреді. Тағы бір дерек бойынша «Тәңірге деген терең құрмет пен қастерлеу – дәріптеу, бас ию».² Біз тағы да қастерлеу мен үрей деген сөздерге тап боламыз, бұл сөздер қорқыныштың белгілі бір деңгейін білдіреді.

Пауыл елші де осы сөзді қолданады:

«Сонымен, сүйікті бауырларым, сендермен бірге болғанымда әрдайым Құдайға мойынсұндыңдар, ал қазір мен қастарыңда жоқ кезде де солай істей берулерің әлдеқайда маңыздырақ болмақ: құтқарылуларыңа сай іс-әрекет жасап, соны толығымен жүзеге асыруға ұмтылыңдар, әрі Құдайды терең қастерлеп, Оған ұнамайтын нәрселерден қатты жиіркеніңдер!» (Філіпіліктерге 2:12).

Біздің құтқарылуымызды жүзеге асыратын – *сүйіспеншілік* пен *мейірімділік* емес, *қорқыныш* пен *Құдайды қастерлеу*, бұл тақырыпқа кейінірек қайта ораламыз. Бұл аятта біз қорқыныштың тағы бір деңгейін көреміз, ол *қастерлеу* деген сөзбен берілген. Бұл гректің «тромос» сөзі, «зор қорқыныштан, үрейден немесе ... терең құрмет сезімінен қалтырау, дірілдеу» дегенді білдіреді. Бұл сөз тіркесінің қолданылуының жалғыз мысалы емес; Пауыл елші оны Жаңа Өсиетте төрт рет қолданады.

Қасиетті қорқынышты әлі толық зерттеп болған жоқпыз, дегенмен, кейбір тәлімгерлер оны «құрметпен ғибадат ету» деп қалай ғана шектей алады деген сұрақ туындауы мүмкін. Осы тараудың өзінде бірнеше аятты қарастыра отырып, біз экспрессивті-эмоционалды реңктері бар сөздерді анық көреміз. Оларды тағы бір рет тізіп көрейік: мега-қорқыныш, үрей, қорқыныш, терең құрмет, қастерлеу және дәріптеу.

Бұл сөздер – Мәсіхтегі өміріміздің болмашы жақтарын сипаттау үшін ғана қолданылатын сөздер емес; керісінше, олар *құтқарылуымыздың жүзеге қалай асатынын* көрсетеді. Бұл біздің күш-жігеріміз Киелі Рухпен бірлесіп және Оның құдіретінің әсерінен Исаның бізге тегін беретінін толық жетілдіргенде болады.

Сонымен, мынадай тұжырымға келіп, әрі қарай соған негізделетін боламыз: *біздің құтқарылуымыз қасиетті қорқыныш пен Құдайды қастерлеу арқылы кемеліне келеді.*

Осы орайда неліктен қауымдар, шағын топтар және Киелі Кітап мектептері Құдай алдындағы қасиетті қорқынышты басты шындық ретінде үйретпейді деген сұрақ туады. Батыс әлемінде түк бітірмейтін, жылымшы мәсіхшілердің көп болуының себебі осы болуы мүмкін бе? Киелі Жазбада айтылған, заманның ақырында болатын сенім жолынан жаппай таюшылықтың себебі де осы емес пе? Пауыл елші «Иеміз келер алдында адамдар Құдайдан бас тартып, опасыздық жасайды [яғни, зор бүлік, мәсіхші-қызметшілердің сенімнен бас тартуы] әрі әділетсіздіктің қолдаушысы, кейін мүлдем құритын кісі пайда болады» деп жазған еді (2 Салониқалықтарға 2:3). Қасиетті қорқыныштың даусын тұншықтырғанымыз үшін сенімнен жаппай бас тарту орын алуы мүмкін бе? Мен қырық жыл бойы Америка Құрама Штаттарында және әлемнің алпыс елінде дұға етумен, тәлім берумен және қызмет етумен айналыстым және бұл шындық деп есептеймін.

Бір қадам алға жылжиық. Қауымның бастапқы немесе іргелі ілімдерінің бірі – Ақырғы сот немесе Мәңгілік сот туралы ілім.

Мына сөздерді мұқият оқып шығыңыз:

«Сол себепті Мәсіхтің Ізгі хабарының ең *бастапқы тәлімін* былай қойып, одан бетер жетілу үшін алға басайық. Тағы да ең *негізгі тақырыптарға*: бізді рухани өлімге бастап әкететін қылықтардан бас тартып, Құдайға сенім арту жайында, шомылдыру рәсімі мен қол тигізіп бата беру жөнінде немесе өлгендердің қайта тірілуі және мәңгілік үкімделуі туралы тәлімдерге тоқталғымыз келмейді» (Еврейлерге 6:1, 2).

Мәселе мынада, бәріміз қалай өмір сүргеніміз жайында есеп береміз. Ақырғы сотта ашылған нәрсе мәңгі қалады және мәңгілік болады! Сенушілерге үкім шығарылатын жер «Мәсіхтің сот орны» деп аталады.

Курсивпен жазылған сөздерді талқылайық. Біріншіден, *бастапқы тәлім*. Балалар бастауыш мектепте не үйренеді? Оқу, жазу, қосу, азайту және басқа да негізгі дағдылар. Сайып келгенде, бастауыш мектеп бізге одан әрі білім алуымызға қажетті құрылыс блоктарын береді. Өйткені, сіз оқу, жазу және қосу мен азайту дағдыларынсыз орта мектепте немесе университетте одан әрі оқи алмайсыз!

Байқағаным, көптеген сенушілер бір күні сот алдына баратынын түсінбейді. Ақырғы сот деген сөзді естісе де, оның не екенін мұқият зерттеген емес. Бастауыш мектеп үйрететін негізгі дағдылардың қажет екенін білгенімен, өздері оны үйренбеген адамдар сияқты. Осыған орай өте маңызды бір сұрақ туындайды: сенушілер осы бастапқы білімді игермей, қайтіп мәсіхші болмақ?

Енді курсивпен жазылған келесі сөз тіркесі — *негізгі тақырыптарға* көшейік. Іргетассыз салынған ғимаратты көз алдыңызға елестете аласыз ба? Ауа-райы жақсы болса, ол құлап қалмай тұра алады. Бірақ қатты дауылда қирап қалады! Сенімнен бас тартуды да дәл осылай бейнелеуге болады. The Barna Group агенттігі зерттеу жүргізіп, мынадай қорытындыға келді: 2000-2020 жылдар аралығында қырық миллионнан астам американдық сенімнен бас тартыпты!³ Солардың жартысы қазіргі кезде өздерін мәсіхші деп атамайды — олар не атеист, не агностиктер. Статистиканың мұншалық қорқынышты болуына сенім негіздері туралы ілімнің жетіспеушілігі әсер етті ме?

Осы айтылғандардың сот процесіне не қатысы бар екенін қысқаша қарастырайық.

«Содан жігерлі болып, осы тәнімізді тастап, Иеміздің қасында орнығуды қалаймыз» (2 Қорынттықтарға 5:8).

Пауыл елшінің бұл сөздері тек сенушілерге ғана арналғанын анық

білеміз. Сенбеушінің жаны денесінен шығып кетсе, Құдайдың алдына бармайтыны анық.

«Сондықтан әлі де осы тәнімізде болайық немесе одан тыс (Иеміздің қасында) болайық, бәрібір бар ынтамен Оған ұнауға тырысамыз» (2 Қорынттықтарға 5:9).

Ұлдарымыздың жасөспірім кезінде Лиза екеуіміз оларға имандылықты үйретудің жолдарын іздедік. Бала тәрбиесінде біз баланың дамуына кедергі келтіретін шектен шыққан еркелікке жол бермеуді жөн көрдік.

Бір күні кешке мен балаларыма:

– Жігіттер, анаң екеуіміз сендерді қазіргіден қатты жақсы көруіміз үшін де, сүйіспеншілігімізді азайту үшін де ештеңе істей алмайсыңдар, – дедім.

Біздің оларға деген шексіз сүйіспеншілігіміз өзгеріссіз қалды. Бірақ бірнеше секундтан кейін былай қостым: «Бірақ біздің сендерге көңіліміздің толу-толмауына өздерің жауаптысыңдар».

Бұл сөзім ұлдарымды қайран қалдырды.

Гәп мынада. Құдайдың өзімізге деген сүйіспеншілігін арттыру не азайту үшін біз ештеңе де істей алмаймыз, бірақ біз Оның бізге қаншалықты риза болғанына жауаптымыз. Сондықтан Пауыл елші жалғыз мақсаты «Құдайға ұнамды болу» екенін айтады. Неліктен дейсіз ғой?

«Барлығымыз [сенушілер] Мәсіхтің төрелік тағының алдында тұрып, әшкереленуге тиіспіз ғой. Сонда әрқайсымыз тәндік өміріміздегі іс-әрекетіміздің жақсы-жамандығына қарай лайықты бағамызды алатын боламыз. Сонымен Иемізді терең қастерлеп, Оған ұнамсызды істеуден шошынуды ұдайы есімізде ұстаймыз. Сондай-ақ басқа адамдарды да осы шындыққа сендіруге ұмтыламыз» (2 Қорынттықтарға 5:10, 11).

Күнәларымыз үшін тәубе етсек, Исаның қанымен тазардық, енді сол күнәларымыз үшін сотталмаймыз. «Шығыс батыстан тым қашық болғаны сияқты, Ол заңсыз істерімізді бізден зор қашықтатты» (Забұр 102:12). Басқа аятта былай делінген: «Себебі Мен олардың әділетсіз істерін рақымшылықпен кешіріп, жасаған күнәларын бұдан былай есіме алмаймын» (Еврейлерге 8:12).

Бізге шығарылатын үкім біз жасаған *жақсылық* пен *жамандықтың* барлығын және сенушілер ретінде қалай өмір сүргенімізді тексеруден тұрады.

Осы тұста бір маңызды жайтты атап өтейін. Пауыл елші Мәсіхтің төрелік тағын «Иемізді терең қастерлеу» ұғымына теңестіреді. Жоғарыда айтылғандай, грек тіліндегі «фобос» сөзі, яғни, «қорқыныш» қауымның Анани мен Зәпираға шығарылған үкімге деген реакциясын сипаттайды. Бұл бізді маңызды сұраққа әкеледі: бұл бақытсыз жұптың ісі – сенушілердің үкімінің алдын ала көрінісі ме?

Осы жайында келесі бірнеше тарауда сөз қозғаймыз.

Санаңызға сіңіріңіз

Киелі Кітаптан үзінді. «Осылайша Иеміздің халқына лайық, Оны риза қылатындай өмір сүрулеріңді, әр түрлі игі істер істеп, өсіп-өне беріп, Құдайды неғұрлым жақынырақ тануларыңды тілеп келеміз» (Қолостықтарға 1:10).

Мағынасы. Құдайдың өзімізге деген сүйіспеншілігін арттыру не азайту үшін біз ештеңе де істей алмаймыз, бірақ Оның бізге қаншалықты риза болғанына өзіміз жауаптымыз.

Ой толғау. Менің өмірім Құдайға ұнамды ма? Құдайға ненің ұнайтынын, ненің Оны ренжітетінін қалай біле аламын?

Мінәжат. Қымбатты Көктегі Әкем, Саған ненің ұнамды, ненің ұнамсыз екенін Сөзің және Рухың арқылы маған ашуыңды сұраймын. Саған қуаныш пен рахат әкелетін нәрсені білуге тырысатын жүрек пен ақыл бере гөр маған. Осылайша жүрегіңді танып, Сені өмір бойы қастерлеп өтемін. Сенен сұрағандарым мені бір күні Мәсіхтің төрелік тағының алдында тұруға және маған бергің келетін мәңгілік сыйларыңды алуға жүрегімді дайындасын. Исаның атымен дұға еттім. Әмин.

Мойындау. Құдайға ұнамды болу – менің өмірімде бірінші орында. Сондықтан мен Құдайды танитын адамға лайық істер істеп, әрбір ісімде Оған ұнамды болғым келеді.

Құдаймен қарым-қатынаста
қайран қалдыратыны, Құдайдан
қорқатын адам басқа ештеңеден
қорықпайды, ал Құдайдан
қорықпайтын адам, бәрінен
қорқады.

– ОСВАЛЬД ЧЕМБЕРС

12 | ЖҰҚПАЛЫ ЕКІЖҮЗДІЛІК

Елшілердің істері кітабында өмірі аяқ астынан үзілген бақытсыз жұп туралы айта кетер ерекше бір жайт бар. Мәселе Анани мен Зәпираның істеген ісінде емес, олар жай ғана құрбандық берді. Құдайдың жұмысына қаржы бөлу – Құдайға ұнамды, сауапты да тамаша іс. Мәселе олардың ниетінде еді. Олардың күнәсі – сырт көзге жақсы болып көрінуге тырысқандары.

Осы орайда маңызды сұрақ туындайды: төрелік тағының алдында тек сөзіміз бен ісіміз ғана қарастырыла ма, әлде біздің ниеттеріміз бен ойларымыз да таразыланады ма?

Исаның шәкірттеріне айтқан ескертуін оқиық:

«Осы екі арада мыңдаған адамдар келіп, сығылысып тұрды. Ал Иса алдымен шәкірттеріне қарап былай деді: “Парызшылдардың ашытқысынан, яғни *екіжүзділіктен*, сақтаныңдар! Ашылмайтын сыр, білінбейтін құпия болмайды”» (Лұқа 12:1, 2).

Осы екі аятта көп мағына жатыр. Сіз Ізгі хабардың қызметшісі екеніңізді елестетіп көріңіз және сізді тыңдау үшін көптеген адамдар, бірнеше «мыңдаған» адамдар жиналды. Бұл уағызшылардың көпшілігінің арманы! Бірақ Иса не істейді? Ол өз ұжымына «Тыңдаңдар, жігіттер, Мен осы адамдарға бола келдім. Мен Өз қызметімді атқарып болғанша, әрірек барып тұрыңдар!» – деп сыбырлаған жоқ. Керісінше, Ол үш нәрсені жасайды.

Біріншіден, қолайлы сәтті пайдаланып, Иса шәкірттеріне *уақытша жетістіктің құлы болмау* туралы көрнекі түсінік берді. Болашақ

жеткшілерге үлгі көрсетіп, *екіжүзділік* туралы жақсы ескерту жасады. Бұл гректің «хюпокритес» сөзі, «шынайы мақсат пен ниетіңді жасырып, басқасы бар сияқты әсер қалдыру» дегенді білдіреді.¹

Парызшылдар екіжүзділік жағына келгенде, алдына жан салмайтын – игі істерін жұртқа көрсетіп істейтін олар, өздерін тек жақсы жағынан көрсетудің шебері еді. Иса ойымызды таза сақтап, бұл тұзаққа түспеуді ескертеді. Сайып келгенде, Иеміз абырой-атақ қумай, атаққұмарлықтың тұзағына түспей, ақиқатты берік ұстануды, табанды болып, Киелі Рухтың жетелеуімен ғана жүруді үйретеді.

Екіншіден, Иса екіжүзділіктің қаншалықты жылдам таралатынын көрсетеді. Оны қамырды ашытып, көтеретін ашытқыға теңейді. Иса келтірген мысал екіжүзділіктің жұқпалы екенін, бірақ ашытқыдан айырмашылығы, өмірімізге тигізетін зиянды ықпалы зор екенін көрсетеді.

Үшіншіден, екіжүзділіктің жасырын қала алмайтынын атап көрсетеді. Сөз бен істің астарындағы ниет ерте ме, кеш пе көрінетіні сөзсіз. Содан кейін арам пиғылдан бізді ненің қорғайтынын түсіндіреді.

«Достарым, сендерге айтамын: тәнді өлтірсе де, кейін басқа ештеңе істей алмайтындардан қорықпаңдар! Сендерге кімнен қорқу керек екенін айтайын: өлтіргеннен кейін тозаққа түсіре алатын Құдайдан қорқыңдар! Сендерге тағы айтамын: Одан қорқып, Оны терең қастерлеңдер!» (Лұқа 12:4, 5).

Иса тағы да қорқыныш деген сөзді қолданды. Бұл алдыңғы тарауда айтылған «фобос» сөзімен үндес «фобео» сөзі. «Фобео» «қорқыту, үрейлендіру, зәресін алу» дегенді білдіреді. Иса тозаққа тасталу фактісін киелі қорқыныштың тапталуымен байланыстырады. Бұл – ойландыратын жайт және оны жеңіл-желпі қабылдауға болмайды. Қасиетті қорқыныштың қаншалықты маңызды екенін тағы да көреміз және оның тек қастерлі ғибадат емес екенін тағы да растаймыз.

Иса бізді адамдардан емес, Құдайдан қорқуға шақырады. Басқаша айтқанда, *Құдайдан қорқу бізді пенденің алдындағы қорқыныштан босатады, бірақ адамнан қорқу бізді Құдайдан қорқу қабілетінен айырады*. Қателеспеңіз, адамнан қорықсаңыз, қорқынышыңыз ниетіңізге әсерін тигізбей қоймайды. Құдайдың алдындағы қасиетті қорқыныштың әсері қандай болса, адамнан қорқудың әсері де сондай деп ойлаңыз. Адамнан қорқу одан безу дегенді білдірмейді, керісінше, сол адамға ұнамды болуға тырысу, жағыну, сөйтіп, тереңдегі пайда ұтуға немесе әлдебір қауіптен қорғануға деген ниетті қанағаттандыру. Адамдардан қорқу өмірімізге екіжүзділіктің ашытқысын салады, адамдардан қолдау, мақтау іздеп өмір сүруге мәжбүр етеді.

Анани мен Зәпираның іс-әрекеті көрер көзге мінсіз, оларды іс-әрекеттері үшін айыптау мүмкін емес, бірақ олар айналадағы жұртқа белгілі бір әсер қалдыру ниетінен көз жұмды.

Адамдар Құдайға ұнамды істер жасап, тақуа сөздер айтуы мүмкін, бірақ жүректерінде қасиетті қорқыныш болмаса, олар өз ниеттерімен күнә жасайды.

1980 жылдары жергілікті қауымда қызмет еттім, сол уақытта адамдардан қорқатынмын және сол қорқыныштың бұғауында екенімді өзім де білмеппін. Онымды Киелі Рух шынайы ниетімді көрсеткенде бір-ақ білдім. Мен мегақауымда беделді қызметкер болатынмын, адамдарға әрқашан жылы шырай танытып, шын жүректен болмаса да, мақтау сөздерімді аямайтынмын. Мен жанжал, пікірталас, келіспеушілік атаулыны жек көріп, ондайдан бойымды аулақ ұстайтынмын. Көп ұзамай қауымдағы ең сыпайы, жылы жүзді, ең бауырмал адамдардың бірі атандым. Бұл қауесет құлағыма жеткенде, көңілім көтеріліп, жүрегім жылып сала берді.

Бір күні дұғада Жаратқан Иенің: «Балам, адамдар сені сүйіспеншілікке толы және мейірімді адам деп айтады», – дегенін естідім. Сол күнгі Құдайдың жүрегіме сөйлегені есімде; Үнінен ризашылықтың нышаны да сезілмеді, мен сақтықпен жауап бердім:

– Иә, солай дейді.

Сонда Құдай былай деді:

– Адамдарды, өтірік болса да, мақтайтыныңның шын себебін білесің бе?

– Неге?

– Өйткені, сен олардың өзіңді ұнатпай қалуынан қорқасың. Сонымен, сүйіспеншілігің кімге бағытталған – сол адамдарға ма, өзіңге ме? Егер сүйіспеншілігің шынайы болса, оларға ұнасын-ұнамасын, өтірік емес, шындықты айтар едің.

Не дерімді білмей, ойға шомдым. Жұрттың бәрі мені жүрегі сүйіспеншілікке толы адам деп ойлады, алайда, шындық мүлде басқа екен. Сол сияқты, алғашқы қауым мүшелері Анани мен Зәпираны тақуа адамдар деп ойласа керек, әсіресе олар қауымның көз алдында қомақты соманы құрбандыққа ұсынғанда. Менің де шынайы ниетім жақсы болып көріну, өзімді қорғау және өзімді марапаттау болды. Шындығында бұл нағыз екіжүзділік еді.

Өзімшіл ниетімді жасыра отырып, жұрт алдында имандылығыңды мақтанышпен көрсету және қайырымдылық жасау оңай. Мәсіхті қызғаныш пен күншілдіктен уағыздайтын адамдар бар. Бірқатарлары Мәсіхті ақпейілден емес, өз абырой-атақтары

үшін уағыздайды (Філіпіліктерге 1:15, 16). Бейшара жарлы-жақыбайларға бар байлығын үлестіріп, тіпті жанын құрбан қылатын, ал осының барлығын еш сүйіспеншіліксіз істейтін адамдар болады (Қорынттықтарға 1-хат 13:3). Қауым жиналысында сенушілерді ғибадатқа жетелейтін, бірақ жүрегіне атақты да танымал болу ниетін сақтап жүргендер бар. Адамдармен қарым-қатынаста мейірімді бола тұрып, бірақ іштей олардан мін іздеп, сынайтындар бар. Моральдық сәтсіздікке байланысты қызметтен кетуді сұраған бағушыға жанашырлығын білдіріп, бірақ оның жазасын алғанына іштей қуанатындар бар. Кішіпейіл кейіпке еніп, «Иса Мәсіхке шүкір!» дей тұра, мақтау күтетіндер бар. Барлығын тізіп шығу мүмкін емес.

Ащы шындық, біріншіден, Құдайдан ешбір ниет пен шынайы мақсат жасырын қалмайды, екіншіден, бір күні олардың бәрі ашылады. Осы орайда бір маңызды сұрақ туындайды: ал сол ниеттер бізден жасырылған ба? Жаратқан Иені қастерлейтін адам таза ниеттен ауытқымайды, тек Құдайға ұнамдыны көздейді, бұл өте маңызды, өйткені, олай болмаса, адам өтірік пен екіжүзділіктің торына түседі.

Қауымдағы адамдарды Анани мен Зәпираға шығарылған үкім қайран қалдырды. Қасиетті қорқыныштың жоқтығы ерлі-зайыпты екеуін рухани соқырлыққа ұшыратты, сөйтіп, олар өз ниеттерінің зұлымдығын көре алмады. Бұрын қойған сұрағымды тағы да қайталамақпын: оларға шығарылған үкім Ақырғы соттың қарсаңы емес пе? Бұл туралы келесі тарауда білетін боламыз.

Санаңызға сіңіріңіз

Киелі Кітаптан үзінді. «Себебі Құдайдың сөзі тірі, әсері де күшті. Ол екі жүзді семсердің қайсысынан да өткір! Құдайдың сөзі бойымызға терең еніп, жан мен рухты айырып, буын мен жұлынға жеткен іспетті, жүрегіміздің түкпіріндегі ой-ниетімізді де әшкерелеп, бағалайды» (Еврейлерге 4:12).

Мағынасы. Жаратқан Иені қастерлейтін адам таза ниеттен ауытқымайды, тек Құдайға ұнамдыны көздейді, бұл өте маңызды, өйткені, олай болмаса, адам өтірік пен екіжүзділіктің торына түседі.

Ой толғау. Менің де шынайы ниетім жақсы болып көріну, өзімді қорғау және өзімді марапаттау болып жүрген жоқ па? Қысым болған кезде жолдан тайып кетемін бе? Мұндай осалдығымның

салдарынан өмірімнің қай салаларында ар-ұжданымнан аттауға мәжбүр болдым?

Мінәжат. Қымбатты Көктегі Әкем, өз пайдам үшін адамдарға ұнамды болуға тырысқаным үшін кешірім сұраймын. Киелі Рух, мен Сенен осы қысымға оңай көнетін өмірімнің барлық салаларын ашуыңды сұраймын. Мен Исаны емес, адамдарды қуаныш пен бақыттың қайнар көзіне айналдырғаныма өкінемін. Жүрегімді қасиетті қорқынышқа толтыруыңды сұраймын, осылайша мен басқаларға үнемі шындықпен сүйіспеншілік танытамын және екіжүзділікке берілмеймін. Исаның атымен дұға еттім. Әумин.

Мойындау. Айналамдағы адамдарды шын сүйіп, оларға шындықты айтатын боламын, өзімнің емес, олардың пайдасына әрекет етемін.

Барлығымыз Мәсіхтің төрелік
тағының алдына барамыз,
сонда әр адамның шынайы
бейнесі ашылуға тиіс.

– ҚОРЫНТТЫҚТАРҒА 2-ХАТ 5:10
(КЕҢЕЙТІЛГЕН АУДАРМА)

13 | ҮШ БЕЙНЕ

Алдыңғы беттегі Киелі Кітап аятындағы «әр адамның шынайы бейнесі ашылуға тиіс» деген сөйлемді мұқият оқып шығыңыз. Әр адамның үш бейнесі бар: *басқалар көретін бейне, проекция бейне және шынайы бейне*.

Басқалар көретін бейне – бұл адамдардың бізді қалай көретіні. Проекция бейне – айналамдағы адамдар мені осылай көрсе екен, өзім туралы осындай пікір қалыптастырсам деген жоба. Шынайы бейне – біздің шын мәнінде кім екеніміз. Және бұл бейне жасырын және басқаларға көрінбейтін болғанымен, Құдайдың көзінен таса қала алмайды. Мәсіхтің төрелік тағының алдына осы бейнемізде келеміз.

Енді Исаға назар аударайық. Исаны дұрыс түсінген адам болмады, есесіне Оған жала жапқандар көп болды. Исаны маскүнем әрі тойымсыз қомағай дегендер де, ақиқатты бұрмалаушы, тіпті жын жайлаған адам деп санағандар да табылды. Дін қызметкерлері оған қарсы шықты. Исаның бейнесі көптеген адамдарға, әсіресе ауқатты адамдарға, ұнамсыз болды.

Ағасының Мәсіх екеніне сенбейтін інілері Исадан проекция бейнеде өмір сүруді талап етті. «... Исаның туған інілері Оған:

— Яһудеяға бара бер, сол жердегі шәкірттерің де Сенің кереметтеріңді көрсін. Халықтың көзіне түскісі келген кісі істерін жасырмайды. Сен осындай кереметтер істедің, енді Өзіңді әлемге таныт, — деді» (Жохан 7:3, 4). Оларды адамдарға ұнамды болу идеясы басқарды және олар Исаға да сол бұғауды – адамдардан қорқу бұғауын салуға тырысты.

Алайда Исаның *шынайы* бейнесі Оның басқа адамдардың санасындағы бейнесінен өзгеше, өйткені «Көзге көрінбейтін Құдайдың қандай екенін рухани Ұлы көрсетеді. Ол — жаратылыс атаулының

бәрінен жоғары» (Қолостықтарға 1:15). Көптеген адамдар Исадан бас тартқан кезде, құдіреті шексіз Құдай ашық түрде: «Бұл — Менің сүйікті рухани Ұлым, Оған толықтай ризамын!» — деп жариялады (Матай 3:17). Уақыт сынынан өткен Исаның *басқалар көрген* бейнесі емес, Оның *шынайы* бейнесі.

Жер басып жүргенде, Өз атын шығарудан да, Өзін Өзі дәріптеуден де аулақ болды және Оны дәріптеушілерді де тыйып отырды. Мұқтаж адамды сауықтырғанда, Ол жиі: «Сонда зағиптардың көздері ашылып, көретін болды! Иса оларға: “Байқаңдар, бұл туралы ешкім білмесін!” — деп қатты ескертті» (Матай 9:30). Ол танымал болудан, атақ-даңқ, мадақ пен адамдарға ұнамды болудан аулақ болды.¹ Халық Оны патша еткісі келгенде, Ол жиналған топтың арасына кіріп, жоқ болып кетті. Ол Өзін ұнамды етіп көрсетуге мүлде тырыспады, жалған үмітке ермеді және жалған нәрсенің бәріне жат болды. Ол Жаратқан Иені қастерлеуден қуаныш тапты, сондықтан бар назары үнемі Әкеде болды.

Біз де Исаның бейнесін көрсетуіміз керек. Адам өзін-өзі жарнамалаудан, қара басын қорғаштаудан аулақ бола отырып, өз ішіндегі ақиқатқа сәйкес өмір сүрсе, еркін болады. Өзімшілдік мінез-құлық Адам ата мен Хауа анадан бастау алады. Күнә жасағанда, олардың санасында қандай өзгеріс болғанын оқиық: «...Сол кезде екеуінің көздері ашылып, өздерінің жалаңаш екенін білді. Содан олар інжір ағашының жапырақтарын біріктіріп тігіп, алжапқыштар жасап алды» (Жаратылыс 3:7). Олардың назары Құдайдан өздеріне ауды, енді олар өздерінен тапқан кемшіліктерді жасыру жолын іздей бастады. Алдымен ерлі-зайыптылар өздерінің жалаңаш тәнін жасыруға тырысты. Қазіргі заманда адамдар мұны басқаша істейді, бірақ мәселенің түп-тамыры сол күйінде қалды. Егер менің бар назарым өзімде болса, көзге көрінетін кемшіліктерімді жасыратын бейне қалыптастыруға ұмтыламын. Иса бізді осы құлдықтан босату үшін өмірін қиды. Пауыл елші былай деп жазды: «Сондай мақтаншақтармен өзімізді теңестіруге не салыстыруға біздің дәтіміз, әрине, бармайды: олар өздерін өзіндік үлгілерімен бағалап, өздерін өздерімен ғана салыстырады. Қандай ақымақтық!» (Қорынттықтарға 2-хат 10:12).

Егер біз өзімізді басқа адамдармен салыстыру қысымына иілсек, кемшіліктерімізбен алысып, өзімізді жарнамалауға әрі қорғаштауға бейім боламыз, алайда, барлық нәрсе ниеттен басталады. Қазіргі әлемде *шынайы* бейнеге қарағанда, *жасанды* бейне басым. Басқаша айтқанда, қайтсек те жұрт алдындағы абыройымызды қорғаймыз, күш-жігерімізді сыртқы келбетті жақсартуға, мәртебеге, танымалдыққа, атаққа, беделге және т.б. саламыз, өйткені мұның бәрі біздің кемшіліктерімізді *жасырады*.

Мәсіхтің төрелік тағының алдында бұлар емес, керісінше, біздің *шынайы* бейнеміз таразыға салынады. Ал шынайы бейнеміздің өзегі – көздейтін мақсаттарымыз бен ниеттеріміз.

«Сондықтан уақыты келместен бұрын айыптауға асықпай, Иеміздің қайта оралуын күтіңдер! Ол әзірше *қараңғыға жасырылғанды* әшкерелеп, жүрегіміздің ой-ниеттерін ашып көрсетеді. Сол кезде Құдай әрқайсымызға лайықты *мақтауын* береді» (Қорынттықтарға 1-хат 4:5).

Көптеген адамдар бұл жазбаны сенбейтіндерге үкім шығаратын сотқа қатысты деп ойлайды. Мүлде олай емес, өйткені сотта ешбір сенбейтін адам мақтауға ие болмайды. Бұл аят тек сенушілерге қатысты.

Бүкіл көктегі қауым алдында «қараңғыға жасырылған нәрселер» мен «жүрегіміздің ой-ниеттері» ашылатынын естігенде, қорқыныш сезімі пайда болуы орынды. Пауыл елшінің сенушілерге жасалатын төрелікті «Иемізді терең қастерлеу» деп атағанының бір себебі осы болса керек. Осы ақиқатты білудің өзі қасиетті қорқыныш тудырады, ол өз кезегінде ұстамдылыққа жетелейді және *шынайы* бейнемізге сай өмір сүруге мүмкіндік береді. Дегенмен, керісінше де дұрыс: Жаратқан Иеміздің алдындағы қасиетті қорқыныш неғұрлым әлсіз болса, *басқалар көретін* бейнені жақсартуға соғұрлым көп күш саламыз.

Анани мен Зәпира осы тұзаққа түсті. Олар достарын, қауым мүшелері мен қызметкерлерді өздеріне бақталас санады, сөйтіп, солардың алдында *абыройлы* болуға барын салды.

Анани мен Зәпираның оқиғасы мейлінше түсінікті болу үшін, олардың құлауына әкелген жолды қазіргі әлемде болғандай елестетейік. Қауымның құрылғанына бірнеше ай ғана болған еді. Елшілер мен қауым мүшелері болашақта құрылатын қызметтерді басқаруға әлеуеті жететін адамдарды көру үшін барлығын мұқият бақылап отырды.

Әлгі ерлі-зайыптылар Исаны қабылдап, күнәларының кешірілуін алған күн өміріндегі ең бақытты болды. Оларды Құдайдың сүйіспеншілігі мен бауырластар қауымының жылуы баурап алды.

Алайда, бірте-бірте олардың назары басқаға ауа бастады. Бір қызығы, басында Құдай олар арқылы әрекет етсе керек – бәлкім, олар құрбандық әкелді, Құдайдың өздеріне ашқанын басқа сенушілермен бөлісті, мадақтау тобына қатысты – тағы басқа қызмет атқарды ма, білмейміз. Жұрт олардың қызметтеріне ризашылықтарын білдіріп, сіңірген еңбегін бағалап, қауымның дамуына қосқан үлесін мойындады. Эндорфин деңгейі артып, қуаныш пен қанағат сезімін тудырды. Олардың

абыройы арта түсті. Алайда, жаңадан қалыптасқан осы беделді сақтау үшін олар күмәнді мінез-құлқын зиянсыз болып көрінетін сөздермен және әрекеттермен жабуға мәжбүр болды. Меніңше, олар қатты ішкі қарама-қайшылықтарға тап болды, онысы бірте-бірте жанжалға ұласқан болуы мүмкін. Олардың ашу-ызасы мен айтыс-тартысы барған сайын ұсқынсызданып, ұзаққа созылатын болды, бірақ қауымға барарда, олар мінез-құлқын күрт өзгертіп, сорақы мінездерін жасыруды әдетке айналдырды. Ерлі-зайыптылар сырт көзге *көрсетіп жүрген* бейнесіне қауіп төндіруі мүмкін келіспеушіліктер мен жанжалдарды басқалардың көргенін қаламады, сондықтан олар жүректері сүйіспеншілікке толы, біріне-бірі қамқор жұп болып *көрінді*.

Олар әлеуметтік желілерде, Instagram және TikTok парақшаларында құшақтасып, күліп, бірге көңіл көтерген суреттері мен бейнелерін жариялады. Олардың фотолары көрген адамға «мен армандаған өмір», немесе «өзара түсіністікке қол жеткізу», немесе «сүйіктіммен өмірім тамаша!» деген ойды жеткізеді. Табысты өмірді (шын мәнінде қиын өмір), өсіп келе жатқан (шын мәнінде құлдырауға ұшыраған) бизнесті, сүйкімді (бетімен кеткен, менмен және өзімшіл) балаларды және басқа да жетістіктерді бейнелейтін көптеген жазбалары бар. Әлеуметтік желідегі оқырмандарының саны тез өскеніне қарағанда, осының бәрі бекер болмаған сияқты. Анани мен Зэпира күшті *проекциялық* кескін қалыптастырамыз деп, тұзаққа түсті. Бұл әрекеті бастапқыда зиянсыз болып көрінгенімен, әрбір екіжүзді сөзі мен істері жүректеріндегі қасиетті қорқынышты бірте-бірте әлсірете берді. Олардың екіжүзділігі әшкере болған жоқ. Барлығы жақсы болып көрінді; олар мінсіз беделге ие болды, бұған қауымға берген мол құрбандықтары да септігін тигізді.

Барнаба өзінің тартуын қауымға әкелетін күн келді. Кенет Анани мен Зэпира көпшіліктің ықыласы өздерінен асып түскен басқа адамға ауып бара жатқанын байқады. Енді олардың жағымды, бірақ жасанды, бейнесіне қауіп төнді. Өкінішке орай, жұрт алдындағы абыройға баса мән беру олардың бойына әдет болып қалыптасып қалған еді. Арғы жағын өзіңіз білесіз.

Олардың іс-әрекеті мен мінез-құлқы еш зиянсыз, тіпті, басқа адамдарға жігер беретіндей көрінетін. Дегенмен, бұл тайғақ әрі қауіпті жол. Киелі Кітапта осы жұптың тағдыры Құдайдың үкімінен ешкімнің бұлтара алмайтынын көрсету үшін жазылды ма екен? Пауыл елші былай деген:

«Кейбір адамдардың күнәлары көзге айқын көрініп (баршаға аян болып), оларды тікелей айыпталуға [сот болатын жерге] бастайды. Ал басқаларынікі кейінірек қана әшкереленеді [қылмыскердің

соңынан сот ғимаратына дейін еріп отырады да, сонда барлық адамдарға ашылады]. Кейбір адамдардың күнәлары анық және тікелей үкім шығаруға және олардың үкімі алдын ала хабарлануға апарады, ал кейбіреулерінің күнәлары кейін ашылады» (1 Тимотеге 5:24, кеңейтілген аударма).

Анани мен Эпираның күнәсі сол бір естен кетпес күні көпшіліктің алдында ашылды. Үкім алдын ала шығарылған болатын. Алайда, адамдардың көпшілігінің күнәлары кейінірек ашылатынына көбірек алаңдауымыз керек. Есіңізде болсын: Құдайдың үкімі олардың іс-әрекетіне емес, жасырын ниетіне қатысты.

Жақсы жаңалық мынада, ниетіміз таза болмаса, тәубе етіп, Құдайдың кешірім алуға мүмкіндігіміз бар, ал егер біз Оған қасиетті қорқынышпен жалбарынып, Киелі Жазбаға терең бойлап, санамызды жаңартсақ, біз таза ниеттерге ие бола аламыз.

Санаңызға сіңіріңіз

Киелі Кітаптан үзінді. «Сол сияқты, мәлім болмайтын ешбір сыр да жоқ, жарыққа шығып, жария болмайтын ешбір құпия да жоқ» (Лұқа 8:17).

Мағынасы. Әр адамның үш бейнесі бар: *басқалар көретін* бейне, *проекция* бейне және *шынайы* бейне.

Ой толғау. Мен қандай бейне қалыптастыруға ұмтыламын? Ақиқаттың нұрында өмір сүріп жүрмін бе, әлде өз беделімді қорғау үшін өтірік айтып, жалған мәлімет таратып жүрмін бе? Айналамдағы адамдармен арадағы қарым-қатынасым адал ма, оларға ойымды тік айтамын ба?

Мінәжат. Шынайы бейнемнен гөрі басқалар көретін бейнем мен проекция бейнеме көбірек мән бергеніме өкінемін. Ар-ұжданымнан аттағаным үшін Сенен кешірім сұраймын, Ием. Ойларымды, ниеттерімді тазарта гөр. Назарым өзімде емес, Иса мен адамдарда болсын.

Мойындау. Құдай Сөзінің өткір семсеріне жүрегімдегі ойлар мен ниеттерді ашуға мүмкіндік беремін.

Жүрегімізге Құдай алдындағы
шынайы қасиетті қорқыныш
енген кезде өлім мен соттан
қорықпайтын боламыз және
қасиетті қорқыныш азап емес,
керісінше, бізге тыныштық
сыйлайтын және бізді
қажытпайтын, жанымыз үшін
жарқын және жеңіл қамыт.

– А.У.ТОЗЕР ЖӘНЕ ГЭРРИ ВЕРПЛОЙ

14 | МӘҢГІЛІК ШЕШІМ

Мәңгілікпен салыстырғанда, жердегі өмір тек елес. Қарапайым математикалық есептеулер шексіздікке бөлінген кез келген сан нөлге тең болатынын көрсетеді. Сондықтан, біздің өміріміз, дәлірек айтсақ, бос орын. Осылайша, мәңгілікпен салыстырғанда, тоқсан (немесе соған жуық) жыл нөлге тең. Осы қорқынышты шындықты ескере отырып, мәңгілікте күтіп тұрған болашақ өмірге дайындалғанымыз дұрыс болар еді.

Исаның Ақырғы сотта әрқайсымызға шығарған үкімі мәңгілік болады (Еврейлерге 6:1, 2). Демек, ол қайта қаралмайды, оған түзету мен өзгеріс енгізілмейді. Сонымен, шын мәнінде, біздің мәңгілікті қайда өткізетініміз Исаның айқышына қалай жауап беретінімізбен анықталады, бірақ сенушілер ретінде біздің жердегі өмір *салтымыз* мәңгілікте қалай өмір сүретінімізді анықтайды.

Көптеген адамдар жұмақты сүйіспеншілік пен тыныштықта, ауыртпалықсыз және азапсыз, тәнсіз, материалдық емес тіршілік орны ретінде елестетеді. Жұмақта адамдар бұлт үстінде ұшып жүреді, арфа тартып, жүзім жейтін эфирлік тіршілік иелері болады деп күтеді. Басқалары жәннатты қызықсыз, бітпейтін ғибадат орны ретінде елестетеді. Көзқарасың осындай болса, мұндай бір сарынды мәңгілік болмысқа расында да қуану қиын.

Бірақ бұл ертегіні Киелі Жазба қолдамайды. Осы өмірдегі жақсылық атаулы – мәңгілік өмірдің көмескі көлеңкесі ғана. Онда да біз әлеуметтік жоспарлаумен айналысуымыз, қалалар салуымыз, халықтарды басқаруымыз, галактикаларды зерттеп, дамытуымыз және тағы да басқа шексіз көп нәрсені істеуіміз керек. Біз сондай өмір үшін жаратылғанбыз. Иеміздің мәңгілік қаласында жауапты лауазымдар болады. Сондықтан, Мәсіхтің төрелігін жаңа аспан мен жаңа жер

астанасындағы мәңгілік орныңызды анықтайтын сұхбат және бағалау ретінде қарастырыңыз.

Осы айтақанымызды ескере отырып, осындағы өміріміз сотта қалай қаралатынын талқылауға қайта оралайық.

«Барлығымыз Мәсіхтің төрелік тағының алдында тұрып, әшкереленуге тиіспіз ғой. Сонда әрқайсымыз тәндік өміріміздегі іс-әрекетіміздің жақсы-жамандығына қарай лайықты бағамызды алатын боламыз» (Қорынттықтарға 2-хат 5:10).

Бізді тозаққа кескен күнәларымыз (сенушілердің күнәлары) Исаның қанымен өтеліп, мәңгілікке кешірілді. «Себебі Мен олардың әділетсіз істерін рақымшылықпен кешіріп, жасаған күнәларын бұдан былай есіме алмаймын» (Еврейлерге 8:12). Әйтсе де, біз Мәсіхтің төрелік тағының алдында тұрып, зұлым (немесе жаман) істеріміз үшін есеп беруіміз керек. Осыған баса мән беруіміз керек.

«Зұлымдық» сөзі (грек тілінде «kakos») «зардап немесе зиян келтіретін теріс әрекеттерді» сипаттайды, сонымен қатар «шайқаста шегіну, шайқас алаңын тастап кету, кету» дегенді білдіреді. Бұл сөз тек істеген ісімізден ғана емес, сонымен қатар, міндетімізден бас тартып, *орындамай* қойған істерімізден де келетін зиянды сипаттайды. Осылайша, ол біздің әрекеттерімізді ғана емес, сонымен бірге біз өткізіп алған мүмкіндіктерді де қамтиды. Қасиетті қорқыныш бізді Аспан Патшалығы алдындағы жауапкершілігімізде абай болуға және Құдайдың сүйікті перзенттеріне зиян тигізетін жаман ниеттерден немесе әрекеттерден аулақ болуға мәжбүр етеді.

Киелі Жазба бізді «құрылысшылар» деп атайды. Құрылысшыларды Құдайдың мәңгілік мекен ететін үйін салатын мердігерлер ретінде қарастыруға болады. Оның үйінің *Сион* деген аты бар (Забур 130:13, 14-ті қараңыз), құрылыс материалы – тірі тастар, яғни, Исаның құрбандығымен күнәсі кешірілгендер (Петірдің 1-хаты 2:5-ті қараңыз), ал Иса іргетастың негізгі «Тасы» (Ишая 28:16 қараңыз).

Пауыл елші біздің міндетімізді анық сипаттайды: «Құдай бізді Иса Мәсіхпен тығыз байланыста болып, игі істер жасау үшін ерекше қылып *жаратты*. Соларды орындауымыз үшін Құдай бізге алдын ала жағдай туғызды да» (Ефестіктерге 2:10). Пауыл елшінің айтуынша, Құдай бізді ... игі істер жасау үшін *жаратты*, олай болса, біз сол істерді орындауға міндеттіміз. Егер біз Құдайдың тапсырмасын орындаудан ауытқып, уақытша пайдакүнемдік үшін өмір сүруді таңдасақ, бұл мінез-құлықтың «жаман» түрлерінің бірі ретінде қарастырылады.

Оның үстіне Пауыл елші былай деп жазды: «Бірақ әрқайсысы әрі

қарай қалай салу керек екенін мұқият қарауы керек» (Қорынттықтарға 1-хат 3:10). Әлбетте, құрылысымызды қалай салғанымыз өте маңызды. Біз Құдайдың мәңгілік Сөзіне сай құрылыс жасап жатырмыз ба, әлде осы дәуірдің рухына ереміз бе? Киелі Рухтың жетелеуімен еңбек етіп жүрміз бе, әлде өзімшіл қалауларымызды қанағаттандырамыз ба? Пауыл елші сөзін жалғастырады:

«Ал осы «негіздің» үстіне қауымды әрі қарай дамыту үшін адамдар алуан түрлі әдістер қолдануда: бұлар алтын, күміс, асыл тастар секілді төзімді немесе ағаш, шөп, сабан сияқты осал болулары мүмкін. Әр құрылысшының істеген жұмысының сапасы Мәсіх үкім шығаратын күні айқындалады. Сол күні әркімнің еңбегін от сынап, шынайы сапасын әшкерелейді» (Қорынттықтарға 1-хат 3:12, 13).

Біз Құдай берген уақытты өткізудің әртүрлі жолдарын таңдай аламыз. Егер біз өз пайдамыз үшін уақытша құндылықтарға сүйеніп өмір сүрсек, бұл жанғыш материал. Егер біз Оның мәңгілік Патшалығын құру үшін риясыз өмір сүрсек, онда өртенбейтін, оттың әсерінен тек тазара түсетін құрылыс материалдарынан саламыз. От, яғни Құдайдың Сөзі біздің өмірімізді тексереді. Басқаша айтқанда, ниетіміз, сөзіміз, мінез-құлқымыз оған сәйкес пе?

Пауыл елші былай дейді: «Кімнің салғаны отқа өртенбей аман қалса, сол сыйын алады» (14-аят). Біздің мінез-құлқымыз бен іс-әрекетіміз Оның Сөзі мен өмірімізге деген еркіне мойынсұнудан туындаса, жетістіктеріміз мәңгілікке сақталады. Бұл жерде ескеретін екі нәрсе бар: біріншіден, жетістіктеріміз басқалардың өміріне қалай әсер еткенімізді және Құдай берген дарындарымызды Аспан Патшалығын құру үшін қалай пайдаланғанымызды қамтиды. Екіншіден, біздің алатын сыйымыз Құдайдың Патшалығындағы мәңгілік орнымызды анықтайды.

Пауыл елшінің келесі сөздері қуантарлық:

«Ал кімдікі өртеніп кетсе, сол сыйынан құр қалады. Өзі құтқарылса да, жаны оттан өткендей әзер дегенде құтылады» (Қорынттықтарға 1-хат 3:15, ағылшынша аудармасы).

Бұл аяттан үйренер көп нәрсе бар. Біріншіден, құрылыс салушының *құтқарылатынына* назар аударыңыз. Біз тозақта мәңгілік отқа сотталған сенбейтін адам туралы емес, Құдай Патшалығында мәңгі қалатын адам туралы айтып отырмыз.

Екіншіден, шығын зор. Мұнда қолданылған грек сөзі жаза немесе жоғалту дегенді білдіреді. Көптеген ғалымдар мұны жаза деп

санамайды, мен де солардың бірімін. Дегенмен, бұл сөздің мағынасы терең жоғалту сезімін білдіреді. Есіңізде болсын, бұл терең жоғалту тек сот кезінде сезіліп қана қоймайды, сонымен қатар біздің мәңгілік өмір сүруімізге әсер етеді.

Үшіншіден, бұл жерде келтірілген салыстыру өрттен әрең құтылған адам туралы айтады. Бұл суретті қазіргі өмірде болғандай елестетіп көрейік. Батыс елдерінің азаматтары зейнетке шығуға көбінесе алдын ала дайындалады. (Өз басым мұндай көзқараспен келіспеймін, өйткені мен зейнетке шығу өз міндеттерін тастап кетуді білдіреді деп есептеймін, бұл «зұлым іс» - *κακός*. Бірақ зейнетақы тақырыбы өзекті болғандықтан, мен оны мысал ретінде келтіремін).

Көз алдыңызға мынаны елестетіп көріңізші, адам зейнетке шыққан күні банк құлдырады. Бар жинағы жоғалып, әмиянында бірнеше доллары ғана қалды. Сол күні мемлекеттік зейнетақы қоры мен оның жеке зейнетақы шоттарын ұстаған барлық компаниялар банкроттыққа ұшырады. Оның үстіне бұл зейнеткердің үйі өртеніп, үстіндегі киімі ғана қалған. Басы аман, бірақ қолындағы барынан айырылып қалды. Бұл сценарийді апат ретінде қарастыруға болады. Дегенмен, Пауыл елші кейбір сенушілердің мәңгілікке кіретінін осылай сипаттайды – бұл кезең жиырма бес жылға (зейнеткерлік жәрдемақылардың орташа ұзақтығы) емес, мәңгілікке созылады.

Тағы да Пауыл сенушінің құтқарылатынын, алайда дүние-мүлкі өртеніп, мәңгілікке жойылатынын айтады. Есіңізде болсын, бұл мәңгілік үкім – жарлық. Өтінемін, қате түсінбеңіз: құтқарылу өте маңызды нәрсе, бұл тозақ отында мәңгілік азап шегуден шексіз жақсы. Сол күнгі қуанышымыз шексіз болатынына сенімдімін, бірақ, қуанышпен қатар, бәрі басқаша болуы мүмкін еді деген сезім де болады.

Осы аяттан кейін көп ұзамай Пауыл елші мынадай сөздерді жазған болатын: «Сонымен *Иемізді терең қастерлеп*, Оған ұнамсызды істеуден шошынуды ұдайы есімізде ұстаймыз. Сондай-ақ басқа адамдарды да осы шындыққа сендіруге ұмтыламыз. Біз Құдай алдында әйгіліміз. Сендердің ар-ұждандарыңа да әйгіліміз деп үміттенеміз» (2 Қорынттықтарға 5:11). Өтінемін, менің жүрегімнен шыққан үндеуге көңіл бөліңіз, Пауыл елші айтқан қасиетті қорқыныш сізді пайдасыз нәрселерге немесе проекция бейнеңізді, басқаларға ұнамды бейнені қалыптастыруға уақытыңызды жұмсамауға шақырады деп үміттенемін. Жаратушының құнды сыйы – бізге берілген уақыт – Оның Сөзіне мойынсұнуға және Рухтың жетелеуіне арналады деп үміттенемін.

Санаңызға сіңіріңіз

Киелі Кітаптан үзінді. «Барлығымыз Мәсіхтің төрелік тағының алдындатұрып, әшкереленуге тиіспіз ғой. Сонда әрқайсымыз тәндік өміріміздегі іс-әрекетіміздің жақсы-жамандығына қарай лайықты бағамызды алатын боламыз. Мәсіхпен тығыз байланыстағы “жаңа адамдар” Сонымен Иемізді терең қастерлеп, Оған ұнамсызды істеуден шошынуды ұдайы есімізде ұстаймыз. Сондай-ақ басқа адамдарды да осы шындыққа сендіруге ұмтыламыз. Біз Құдай алдында әйгіліміз. Сендердің ар-ұждандарыңа да әйгіліміз деп үміттенеміз» (Қорынттықтарға 2-хат 5:10, 11).

Мағынасы. О, Исаның айқышына деген көзқарасымыз мәңгілік өміріміздің *қайда* өтетінін анықтайды, бірақ сенуші ретіндегі *өмір салтымызға* мәңгілікте *қалай* өмір сүретініміз байланысты.

Ой толғау. Өмірімнің әр күнін мәңгілікте маңызды болатын нәрселерге, яғни басқалардың өмірін шындық пен сүйіспеншілікке негізделіп құруға бағыттаймын ба, әлде күш-қуатым мен уақытымды өзіме арнаймын ба?

Мінәжат. Қымбатты Көктегі Әкем, назарымды, күш-қуатымды, уақытымды уақытша құндылықтарға жұмсағанымды кешіре гөр. Күн сайын Исаның Патшалығын қалай құру керектігін көрсетуіңді және адамдардың өміріне игі ықпал тигізуім үшін күш беруіңді сұраймын. Исаның атымен дұға еттім. Әмин.

Мойындау. Мен осы өмірмен бірге жойылып кететін құндылықтарды ғана емес, мәңгілік үшін маңызды мүмкіндіктерді іздеймін және үнемі пайдаланатын боламын.

ЖЕҢІЛМЕЙТІН КИЕЛІЛІК

3-АПТА

Ескі болмысымыз Құдайдан
емес, адамнан қорқады. Мықты
мәсіхші адамнан емес, Құдайдан
қорқады. Әлсіз мәсіхші адамнан
тым көп қорқады және Құдайдан
тым аз қорқады.

– ДЖОН ФЛАВЕЛ

15 | АДАМНАН ҚОРҚУ

Нағыз киелілік – толығымен Құдайға тиесілі болу. Киеліліктің негізгі анықтамасы – «Құдайға арналған».¹ Бұл ұғымның мағынасының кеңдігі сонша, ол туралы көп томдық кітап жазуға болады. Біз тек негізгі ойларға тоқталамыз, өйткені Құдайдан қорқу киеліліктің маңызды бөлігі болып табылады. Осы тақырыпқа тереңірек бойламас бұрын, маңызды бір ойды түйіндеп қоюымыз керек: шынайы қасиеттілік – құлдық емес, нағыз еркіндік.

Бәлкім, Анани мен Зәпираның соты әрбір адамның бір күні сот алдында жауап беретінінің алғашқы нышаны болған шығар. Жұптың әрі қарайғы тағдыры не болды? Осы сұрақ жауапсыз қалғандай. Олар «зор шығынға» ұшырағанымен, жұмақтан орын алды ма, әлде тозаққа түсті ме?

Інжілде, Исаның мынадай сөздері бар: «Бірақ Құдайдың Киелі Рухын қорлайтынға ешқашан кешірім болмайды, сол күнәсі оның мойнында мәңгі қалады» (Марқа 3:29). Киелі Кітаптың осы аятына сүйеніп, Анани мен Зәпира мәңгілік қарғысқа ұшырады деушілер көп. Бұл ойдың қателігін «Киелі Рухты қорлау», яғни, күпірлік сөзінің мағынасына үңілсек, түсінеміз. Әлдекімді қорлау дегеніміз «біреу туралы сол адамға зиян келтіру немесе оның беделіне нұқсан келтіру ниетімен айту».² Осы анықтамаға сүйенсек, Анани мен Зәпира Киелі Рухты алдамақ болды, бірақ Оны қорлаған жоқ. Осылайша, олардың тағдыры туралы мәселе екіұшты. Қалай болғанда да, бұл екеуінің тағдыры біз қызығарлықтай емес.

Алайда Киелі Жазбада тозақтан құтқарылғанымен, төрелік тағының алдында зор шығынға ұшыраған адам бар ма? Бар деп ойлаймын. Осы

орайда Пауыл елшінің сөздерін келтірейін:

«Ал енді, мен мұны адамға не Құдайға жағу үшін айтып отырмын ба? Жоқ, мен адамдарға ұнауға тырыспаймын, әйтпесе Мәсіхтің қызметшісі бола алмас едім» (Ғалаттықтарға 1:10).

Қандай күшті сөздер! Егер біз абырой-атақ қусақ, Құдайдың қызметшісі болу мәртебесінен айырыламыз. Адамдарға жағымды бейне қалыптастыру үшін кез келген қалыпқа еніп, қандай болса да рольді сомдауға дайын боламыз. Пауыл елші мұндай іске бармады, біз де бармауымыз керек.

Ол жүрегіндегі қасиетті қорқынышты мейлінше дамытты. Есіңізде болсын, Пауыл елші «Құтқарылуларыңа сай іс-әрекет жасап, соны толығымен жүзеге асыруға ұмтылыңдар, әрі Құдайды терең қастерлеп, Оған ұнамайтын нәрселерден қатты жиіркеніңдер!» (Філіпіліктерге 2:12) деп жазған. Оның назары проекция бейнеде емес, төрелік тағының алдында ашылатын өзінің шынайы бейнесінде болды. Мұнысы Пауылдың шынайы киелілік пен Мәсіхке мойынсұну жолында қала беруіне септігін тигізді. Басқалардың көңілі қалса да, наразы болса да, тіпті, теріс айналса да, елші өз ұстанымынан таймады.

Мына бір ақиқатты есімізден шығармайық: *кімнен қорықсаң, соған қызмет етесің!* Құдайдан қорықсаң, Құдайға мойынсұнасың. Егер сіз адамнан қорқатын болсаңыз, адамның қалауына толықтай бағынасыз. Көбінесе біз көзге көрінбейтін Тұлға емес, алдымызда тұрған адамның көңілін қалдырмауды көбірек уайымдаймыз, әсіресе, сол адамның ықыласына зәру болсақ. Осы себепті Нақыл сөздер кітабында (29:25) былай делінген: «Пендеден қорқуы адамға тұзақ құрар». Анани мен Зәпираның осы тұзаққа түсіп қалғаны сөзсіз.

Басқа жеткшілердің ақиқаттан ауытқуы Пауыл елшінің ашуын қоздырды, елші әлгі хатында айыптау сөздерін жазуға мәжбүр болды:

«Бірақ Петір Антақияға келген соң, оған ашық қарсы шығуым қажет болды. Өйткені оның қылығы айыптауға тұрарлық еді: алғашқыда Петір сүндеттелмеген басқа ұлттық сенушілермен дастарқандас болып жүрген еді. Алайда (Иерусалимдегі қауымның жетекшісі) Жақыптан бірқатар яһудилер келгеннен кейін, Петір басқа ұлттық сенушілерден тартыншақтап, алшақтай бастады. Себебі ол сүндеттеуді талап ететін әлгі яһудилер жақтырмай жүрер деп қаймықты. Петірмен бірге қауымдағы басқа яһудилер де сондай тұрақсыздық танытты. Тіпті Барнаба да оларға еріп адасып кетті. Мен солардың Ізгі хабардың шындық жолынан

тайып кеткендіктерін көргенде, бәрінің алдында Петірге тіл қатып былай дедім: «Сіз яһуди болсаңыз да, яһудилердің дәстүрлерін орындамай, бірге тұрған басқа ұлттық сенушілер сияқты өмір сүріп келдіңіз. Енді қалайша бұл сенушілерді яһуди дәстүрлерін ұстануға зорламақсыз?!» (Ғалаттықтарға 2:11–14).

Петір, Барнаба және басқа да яһуди сенушілері сыйлас адамдарына жақпай қалудан қорықты. Олардың адамдарға ұнамды болмақ ниеті екіжүзділікке әкелді. Бұл дертке әуелі Петір, содан кейін басқалар да шалдықты. Олар үшін адалдықтан гөрі *проекция бейне* маңыздырақ болды, сөйтіп іс-әрекеттері киеліліктен алшақ кетті. Нақыл сөздер 29:25-тің тағы бір аудармасында: «Басқалардың сен туралы не ойлайтынына алаңдау қауіпті», — делінген (ағылшыннан аударма).

Пауыл елші болса, жұрт алдындағы абыройдан гөрі адалдықты бағалады. Петірдің, сондай-ақ бауырластарының қысымына мойынсұнған Барнабаның және басқалардың екіжүзді әрекетін әшкереледі. Пауыл елші, егер консервативті яһуди жетекшілері болмаса, Петір мен оның серіктері ақиқатқа сай, *шынайы бейнесіне* сәйкес өмір сүрер еді деп баса айтты. Олар Иса Мәсіхтің шынайы өкілдері болу, яғни басқа ұлттан шыққан жаңа сенушілерді қабылдау, сүю және олармен қарым-қатынаста болу күшіне ие болған еді. Бірақ жағдай өзгергенде, Петір елші серіктерімен *проекция бейнеге* ауысты. Олардың мінез-құлқы басқаларға өнеге болудың орнына, зиянды үлгі болды.

Петір елші жұмақта. Әйтсе де, оның өмірінен төрелік тағының алдында қаралатын арам және зиянды ниеттердің, сөздер мен әрекеттердің үлгісін көреміз. Егер біз Исаға ұнамды болу мақсатымен өмір сүретін болсақ, басқалардың ықпалына түспейміз, керісінше, ақиқатта өмір сүреміз. Бұл шынайы киеліліктің маңызды бір қыры. Мына сөздерді мұқият оқып шығыңыз:

«Себебі Құдайдың сөзі тірі, әсері де күшті. Ол екі жүзді семсердің қайсысынан да өткір! Құдайдың сөзі бойымызға терең еніп, жан мен рухты айырып, буын мен жұлынға жеткен іспетті, жүрегіміздің түкпіріндегі ой-ниетімізді де әшкерелеп, бағалайды. Құдайдан жасырын жатқан ешбір жан иесі жоқ, Оның көз алдында барлығы ашық та айқын көрініп тұр. Біз Құдайдың алдында есеп беруге тиіспіз» (Еврейлерге 4:12, 13).

Осы сөздерді жүрекпен қабылдадыңыз ба? Әлде, бұрыннан таныс аят болғандықтан, көз жүгіртіп қана қойдыңыз ба? Солай болса, ден қойып, баяу ғана қайта оқып шығыңыз және әрбір сөзді ой елегінен өткізіңіз.

Құдайдың Сөзі жүрегіміздің түкпіріндегі ой-ниетімізге терең енетініне назар аударыңыз. Құдайдың Сөзі өзімізді кім деп көрсеткіміз келетінін емес, шын мәнінде кім екенімізді көрсетеді. Егер біз Құдайдың Сөзін тыңдап, оған сәйкес әрекет етсек, ол өзімізді-өзіміз алдаудан сақтайды. Адамның өзін-өзі сендіретін өтіріктердің бірі – Жаратқан Ие бізді көрмейді деп ойлау, осы өтірік Құдайға жат және қасиетсіз іс-әрекетке себеп болады.

Құдай Сөзін мұқият зерттеңіз, сонда Иеміздің алдындағы қасиетті қорқыныш жүрегіңізде әрекет етеді. «Құдайдан жасырын жатқан ешбір жан иесі жоқ, Оның көз алдында барлығы ашық та айқын көрініп тұр. Біз Құдайдың алдында есеп беруге тиіспіз» (Еврейлерге 4:13). Енді біз Киелі Рухтың неліктен төмендегідей нұсқау беретінін жақсырақ түсінеміз:

«Балам, егер сөздерімді қабылдасаң,
Һәм жадыңда өсиеттерімді сақтасаң,
Құлағың даналыққа ұдайы түрік болса,
Әрі жан дүниең парасатқа дайын тұрса,
Егер де білім мен парасатты шақырсаң,
Көмілген күміс пен қазынадай іздесең,
Сонда Жаратқан Иені қастерлеуді ұғарсың,
Құдай жайлы білімді иемденіп аларсың» (Нақыл сөздер 2:1-5).

Ең үлкен даналық — Оның Сөзін жадымыз бен жүрегімізде сақтау. Өйткені, жүрек ниеттерімізді басқарады. Құдай Сөзіне ең қымбат қазына ретінде қарап, оның бізге ашатын даналығына мән берсек, *қауіпсіздік аймағына* кіреміз. Оның жолдарын үйренуге, одан артық сый жоқтай, шын жүректен ұмтылсақ, Иеміздің алдындағы қасиетті қорқыныштың не екенін ұғынамыз, сөйтіп, жалған бейне қалыптастыру құлдығынан азат боламыз. Ендеше біз ақиқатта адал өмір сүруге қажет күшке ие болдық және киелілік жолына (немесе соқпағына) түстік.

Санаңызға сіңіріңіз

Киелі Кітаптан үзінді. «Тек Әлемнің Иесін ғана киелі деп құрметтеп, терең қастерлеңдер, (Оның еркіне қарсы шығудан) шошынып дірілдейтін болыңдар!» (Ишая 8:13).

Мағынасы. Кімнен қорықсаңыз, соған қызмет етесіз. Құдайдан қорықсаңыз, Оған мойынсұнасыз. Адамнан қорықсаңыз, сол

адамның қалауын орындайсыз. Егер сіз басқалардың қалауын қанағаттандыруға тырыссаңыз, Иса Мәсіхтің шынайы қызметшісі бола алмайсыз.

Ой толғау. Неліктен мен көзге көрінбейтін Тұлғаның көңілін емес, алдымда тұрған адамның көңілін аулауға тырысамын? Неліктен мен Құдайдан гөрі адамдардан ықылас пен достықты көбірек күтемін? Мұны қалай өзгертуге болады?

Мінәжат. Қымбатты Көктегі Әкем, Сенің емес, адамдардың көңілін аулағаным үшін кешіріміңді сұраймын. Иса, мен Сенен разылық іздегеннен гөрі, адамдар арасында абыройлы болуды іздегеніме өкінемін. Бұдан былай киелі өмір сүруді, яғни, Сенің меншігің болуды таңдаймын. Осы сәттен бастап жалғыз Саған ғана ұнамды болуға тырысамын. Исаның атымен. Әумин.

Мойындау. Мен Мәсіхтің қызметшісімін. Адамдарға емес, Құдайға ұнамды болуға тырысамын.

Қай өңірде болсын, адамдардың
жүрегіндегі Құдайдың
алдындағы қасиетті қорқыныш
қайырымдылық пен тақуалық
істер арқылы көрінеді және
олардың ешқайсысы бізді
екіншісінен босатпайды.

– МЭТЬЮ ГЕНРИ

16 | ХАҚ

Ғалаттықтарға хат шамамен б. з. 49 жылы жазылған, сондықтан Пауыл елші Петірді және басқа яһуди жетекшілерді одан бұрын әшкерелеген деп қорытынды жасауға болады. Он шақты жыл өткен соң, шамамен б. з. 63 жылы Петір елші өзінің қауымға арналған алғашқы хатын жазды. Бүкіл Ғалатиялық қауымға белгілі болған сөгіс мына сөздерді жазған кезінде әлі де есінде болғанына сенімдімін:

«Бұрын Оның шынайы хабарын білмей, өмірлерің жаман істерге жетелейтін құмарлықтардың билігінде болып келді. Бұған енді жол бермеңдер! Қайта, өздеріңді шақырған Құдайдың қасиетті болғаны сияқты, сендер де бүкіл іс-әрекеттеріңде Оған бағышталған қасиетті болыңдар! Тауратта Оның былай дегені бар ғой: «Мен киелімін, сондықтан сендер де Өзіме бағышталып киелі болыңдар!» Сендер әр адамды бет-жүзіне қарамай әділ соттайтын Құдайға «Әкем» деп сиынасыңдар. Ендеше жер бетінде жат жерлік болып сүретін өмірлеріңді Оны терең *қастерлеп*, Оған ұнамайтынды істеуден *шошынып* өткізіңдер!» (1 Петір 1:14, 17).

Әлбетте, Петірдің хаты сенушілерге, яғни, күнәкар болмысынан бас тартқан, осы дүние үшін айқышқа шегеленген және Исаның соңынан еруге өздерін толығымен бағыштағандарға арналған. Осы негіздемені ескермей, Петірдің хатының шынайы мағынасын түсіну мүмкін емес (Матай 16:24; Марқа 8:34; Лұқа 9:23; Ғалаттықтарға 6:14 қараңыз). Қайта туылғаннан кейін біздің бойымызда Құдайдың болмысы қалыптасады. Осы болмысқа мойынсұну арқылы біз сезімдеріміздің бақылауынан құтыламыз және жаңаша әрекет етуге өзімізге ашылған Құдай Сөзі арқылы Киелі Рұхтан күш аламыз (Петірдің 2-хаты 1:4-ті қараңыз).

Петір елші ескі өмірге қайта оралмау керектігін ескертеді. Бұрын бізді басқарған қалауларымыздың жетегінде кетпеуді де есімізге

салады. Адамның бойындағы ең зор күш – *сақтану* түйсігі. Содан бас тартып, айқышқа шегелеуге тиіспіз. Бізді басқалар жақсы қабылдайтындай етіп, жасанды бейне қалыптастыруға итермелейтін негізгі күш – сол сақтану ниеті. Басқаша айтқанда, адамнан қорқу. Петірді ғана емес, Ананиді, Зәпираны, Барнабаны және т.б.көптеген адамдардың аяғын шалыс бастырған күш.

Петір егер біз осы құмарлықтарға берілсек, бұл өмірде де, келесі өмірде де жазаға кесілетінімізді ескертеді. Керісінше, Құдайдың қалауын мүлтіксіз орындасақ, сауапқа кенелеміз. Осы нұсқауларды жаза отырып, елші қатаң ескерту жасайды: *Құдай әділ, ешкімді алаламайды*. Бұл пікірдің астарында не жатқанын ойлап көрейік.

Иса Петір елшіге мықты қызмет тапсырды. Ол алғашқы қауымның жетекші діни қызметкерлерінің бірі болды, бірақ бірнеше жыл бұрын, Антиохияда болған кезінде ол бірнеше яһуди жетекшілерімен бірге өзімшілдік тұзағына түскен еді. Бәлкім, Пауылдың соншалық қатаң сөгісі Петірді өзінің ниеті мен іс-әрекетін шынайы бағалауға итермеледі ме. Сайып келгенде, Петір елші өзінің екіжүзді әрекетіне негіз болған нәрселермен ашық түрде бетпе-бет келуге мәжбүр болды.

Бәлкім, ол Саул патша мен Дәуіт патша сияқты Киелі Кітаптағы билеушілердің қате мінез-құлықтары туралы ойлаған болуы мүмкін. Саул сарбаздарының ықыласы үшін көктен келген анық бұйрықты орындамады – бұл адамдардан қорқудың бір мысалы. Дәуіт неке адалдығын бұзды, содан кейін өзінің беделін сақтау үшін әлгі әйелдің күйеуін өлтірді – бұл да адамдардан қорқу. Екеуінің де күнәсі әшкере болды, екеуі де жазасын алды. Саул патшалығынан айырылды. Дәуіт соғыстан көз аспады. Құдайдың ықыласына ие болдым деп ойлап, екеуі де шекарадан шығып, тұзаққа түсті, бірте-бірте зұлым немесе бүлікшіл мінез-құлыққа ауысты.

Петір елші құлдыраудың оп-оңай екенін білді. Игі істеріміздің арқасында соттан құтыламыз деп алданып жүргендер көп. «Құдай Патшалығына еңбегім сіңді ғой», «Құдайдың Патшалығын кеңейту ісіне көп қаражат бөлемін», «Көп жылдан бері арашашы болып, дұға етіп жүрмін», «Мен қауым жетекшісі ретінде адал қызмет етіп жүрмін» – Петір елші бізге осындай ойлардан аулақ болуды ескертеді. Адамның алға тартар дәйегі таусылмайды, олардың барлығы «маған әрекет ету бостандығы берілді» деген сенімге негізделген. Бұлай ойлау қасиетті қорқыныштың қазынасын жоққа шығарады.

Петір елші Исаның сөздерінің маңыздылығын тереңірек түсіне бастады: «Сендер де солай, Құдайдың өздеріңе бұйырғандарының бәрін орындағаннан кейін: “Біз небәрі түкке тұрғысыз малаймыз, жай

міндетімізді ғана атқардық” деңдер!» (Лұқа 17:10). «Түкке тұрғысыз» грек сөзі «ерекше мақтауға лайық емес, ерекше алғысқа лайық емес» дегенді білдіреді.¹ Құдайға қаншалықты қызмет етсек те, ешқашан тоқмейілсуге болмайды. Бұл бізді, әсіресе, жетекшілерді тұзаққа оп-оңай түсіретін алдамшы көзқарас.

Өзінің хаттарын Петір елші, тәжірибе мен Құдайдан алған аяндарына сүйеніп, жазды. Адамнан қорқудан құтылудың жалғыз жолы – жүректегі қасиетті қорқынышты сақтап, өмір сүру екенін біледі. Яғни, тағы да терең құрмет пен қастерлеуді есімізге салады. Мәсіхтің төрелік тағының алдында тұрып, Құдайдың сыйын алатындай өмір сүруді үйретеді.

Исаның «тар қақпа мен тар жол» туралы тәліміне осы тұрғыдан қарасақ, көпшілік назардан тыс қалған, таң қаларлық ақиқатты көреміз.

«Тар қақпадан кіріңдер! Тозаққа апаратын қақпа кең, жол да даңғыл. Онымен көп адамдар жүреді. Ал шынайы өмірге апаратын қақпа да, жол да тар. Соны біразы ғана табады» (Матай 7:13, 14).

Иса тар қақпа туралы айтады, бұл сөз Исаның өмірімізде билік етуі арқылы мәңгілік өмірге кіруді білдіреді деген пікір кең тараған. Бұл пікірмен мен де келісемін.

Алайда байқағаным, көп адамдар «жолды» сенбейтіндердің тозаққа баратын жолы деп санайды екен. Бірақ мұқият оқысаңыз, Иса тар қақпаның алдындағы жол туралы емес, қақпадан өткеннен кейін жүретін жолымызды айтып отырғанын көресіз. Леон Моррис былай деп жазады: «Біз ең басында (яғни, Мәсіхтің соңынан еру үшін өзімізді бағыштағанда) қақпадан өтеміз, содан кейін біз алдымызда жатқан жолға аяқ басамыз».² Иса біздің құтқарылғаннан кейінгі өміріміз туралы айтып отыр. Исаның айтуынша, бұл – ауыр (тар соқпақ сияқты) жол.

Батыс қауымында кең тараған рақым туралы ілім бұл жолды едәуір кеңейтті. Өйткені, бұл ілім «барлық күнәларымыз, яғни, бұрынғы, қазіргі және болашақ күнәларымыз кешірілген» деп үйретеді. Бұл тәлім тиісті контекстте дұрыс, бірақ бұл туралы бізге бүкіл өмірімізді рұқсат ету принципі бойынша өмір сүре алатындай етіп айтып, күнәкарлар әлемінен көп айырмашылығы жоқ өмір сүрсек те, Құдаймен қарым-қатынаста қала береміз деп үйретеді. Бұл дұрыс емес, өйткені Петірдің хатының қалған бөлігінде былай делінген:

Құдайдың рухани балалары ретінде Оған мойынсұныңдар. Бұрын Оның шынайы хабарын білмей, өмірлерің жаман істерге жетелейтін құмарлықтардың билігінде болып келді. Бұған

енді жол бермендер! Қайта, өздеріңді шақырған Құдайдың қасиетті болғаны сияқты, сендер де бүкіл іс-әрекеттеріңде Оған бағышталған қасиетті болыңдар! Тауратта Оның былай дегені бар ғой: «Мен киелімін, сондықтан сендер де Өзіме бағышталып киелі болыңдар!» (Петірдің 1-хаты 1:14-16).

«Қасиетті болыңдар» деген сөздер бізге ұсыныс ретінде емес, өсиет ретінде жазылған. Ұсыныстарды тыңдап, дұрыс таңдай білсек, дана болғанымыз, бірақ Құдайдың әмірлерін жеңіл-желпі қабылдасақ, ақымақ болғанымыз. Осыдан кейін Петір біздің Мәсіхте кім екеніміз туралы емес, біздің іс-әрекеттеріміз туралы айтады. Петір елші айтқандай өмір салтына жетуіміз үшін, «фобосты» (қасиетті қорқынышты) ұстанып, өмір сүруіміз керек. Тар жолдың екі жағындағы ордан аулақ жүру үшін Құдай бізге екі ұлы күш берді. Шектен шығудың бірінші түрі – *заңшылдық*, екіншісі – *заңсыздық*.

Қауымдағы көптеген адамдар бірнеше жыл бұрын *заң бойынша* өмір сүрді. Ол кезде киелілік адамның өмір салтына қатысты Киелі Жазбаға қатысы жоқ, талаптарға негізделген еді. Олар игі істер арқылы құтқарылу туралы жалған Ізгі хабарды уағыздады. Бұл көптеген адамдардың көңілінде наразылық тудырған, тіпті кейбіреулерін сенімнен бездірген жексұрын құлдық еді. Бізді сол бір қорқынышты құлдықтан алып шыққан ең басты аян: *Құдай – ізгі*. Бізге Көктегі Әкеміздің сүйіспеншілігі ашылды, сол шынайы сүйіспеншілік көптеген адамдарды заңшылдықтан шығарды.

Бірақ біз адам баласына тән қателікті жасадық: тар жолдың бір жағындағы заңгерлік орынан шығуға бел байлағанымыз сонша, қарсы бағытқа бұрылып, заңсыздық орына түсіп кеттік. Бұл арық бізді құдайсыз рақым арқылы құтқарылғанымызға сендіретін тұзаққа айналды. Енді біз басқа әлемнен еш айырмашылығы жоқ өмір сүрсек те болады – қандай қалау пайда болса да, соған ере беруіміз керек, ескі болмысыңды, күнәкар қалауларыңды айқышқа шегелеудің қажеті жоқ, Мәсіхтің күшіне сүйеніп, өмір сүрудің қажеті жоқ деп үйрететіндер көбейді. Бұл – көп сенушінің өмірін тежеп, Құдайдың барын, нығметін, құдіретін сезінуіне кедергі келтіретін өтірік.

Киелілік – құлдық емес, Құдаймен арадағы қарым-қатынастан да, күнделікті өмірден де рахат табуға жол ашатын шынайы еркіндік. Бізді құтқарған Құдайдың рақымына лайық болып, өмір сүруге шақырылғанбыз. Өмірімізді Жаратқан Иені терең қастерлеп өткізуге тиіспіз. Осы ақиқат жайында алдағы бірнеше тарауда толығырақ ойланатын боламыз.

Санаңызға сіңіріңіз

Киелі Кітаптан үзінді. «Сол жерде даңғыл жол болып, ол «Қасиеттілік жолы» деп аталмақ. Бұл жолмен арам ниетті адамдар емес, тек Құдайдың халқы жүреді. Менмен ақымақтар оған еш түспейді» (Ишая 35:8).

Мағынасы. Құдайдың сүйіспеншілігі бізді заңшылдықтан қорғайды. Керісінше, Иемізден қорқу бізді заңсыздықтан қорғайды. Қасиетті қорқыныш маған шынайы киелілік жолынан таймауға күш береді.

Ой толғау. Қасиетті қорқынышты елемей, күнәкар іс-әрекетке жол беріп жүрмін бе? Менің Құдай Патшалығындағы қызметім Құдай киелі болғандай, менің де киелі болуым туралы өсиетті елемеуге мүмкіндік береді ме? Басқалардан артықпын деген сезім мені адасуға және заңсыздық орына итеріп жүр ме?

Мінәжат. Қымбатты Ием, Сенің Патшалығыңда қызмет еткенім мені соттан құтқарады деп ойлағаным үшін мені кешіре гөр. Мен бұған өкінемін және Сен киелі болғандай, менің де киелі болуым туралы өсиетіңді орындаймын. Өз таңдауымды жасап, Сенің маған деген сүйіспеншілігіңді қабылдаймын, сонымен қатар Сенің алдыңдағы қасиетті қорқынышты да жүрегіме қабылдаймын. Сенің Сөзің осы екеуін де таңдаған адам ақиқат жолында қалады деп уәде етеді. Исаның атымен. Әмин.

Мойындау. Құдай киелі болғандықтан мен киелі болуды таңдаймын!

Балаларым, Құдайдан
қорқыңдар; Яғни, саналарыңда
қасиетті қорқыныш болсын,
сонда жамандықтан аулақ
боласыңдар және жақсылықты
қабылдап, істеуге деген ниетті
қатаң ұстаныңдар.

– УИЛЛЬЯМ ПЕНН

17 | ЖАМАНДЫҚТАН АУЛАҚ БОЛ

Иемізден қорқу — жүрегі сүйіспеншілікке толы Көктегі Әкеміздің сыйы, ол бізді Исадан алыстап кетуден қорғайды. Құдай — мәңгілік өмірдің, сүйіспеншіліктің, қуаныштың, тыныштықтың, жақсылықтың, үміттің және көптеген кереметтердің қайнар көзі. Құдайдан алыстау — өлімге, қараңғылыққа, ең соңында мәңгілік түнекке қарай бет алу деген сөз. Киелі Кітапта былай деп жазылған: «Рақыммен және шындықпен күнәлар кешірілер, Жаратқанды шын қастерлейтін күнәдан аулақ жүрер» (Нақыл сөздер 16:6).

Бұл ақиқаттың маған қашан ашылғанын айтайын. 1980 жылдардың аяғында бір танымал қызметкер теледидардан Ізгі Хабар таратушы сыбайлас жемқорлыққа қатысты ұсталды. Оқиға қалың жұртшылыққа белгілі болды. Ол кісі әлемдегі ең танымал адамдардың бірі болатын, дегенмен, артынан ерген қауесет бұрыннан бар еді. Ол кісінің қызметі әлемді қамтуы жағынан да, қаржысы жағынан да әлемдегі ең үлкен қызмет болатын. Енді әрбір БАҚ оның ісін күн сайын бақылап, қылмыстары, алдағы сот процесі, үкім шығару және ақыр соңында оның түрмеге жабылуы туралы хабарлап отырғанда, даңқы бұрынғыдан да арта түсті.

Ол қырық бес жылға бас бостандығынан айырылды, бірақ апелляциялық шағымда оның жазасы бес жылға қысқарды. 1994 жылы, түрмеде отырған төртінші жылы менің көмекшіме күтпеген жерден телефон соқты. Ол кісімен мен таныс емес едім, бірақ оған біреу «Шөл даладағы жеңіс» атты кітабымды (қазір «Құдай, қайдасың?» деп аталады) сыйлапты. Кітап қамаудағы оған қатты әсер

қалдырыпты. Ол көмекшісінен менімен хабарласып, менің келуімді сұрауын өтінді.

Сол бір кездесуді ешқашан ұмытпаймын. Ол қонақ бөлмесіне кірді, үстінде түрменің киімі. Қасыма келіп, құшағын жайды да, бір минутқа жуық жібермей, қатты құшақтап тұрды. Сосын ол менің екі иығымнан ұстап тұрып, көздеріне жас алып, «Бұл кітапты сен жаздың ба, әлде елес-жазушы ма?» деп шын көңілмен сұрады.

– Мен жаздым. Қиындықты мен де бастан өткердім, бірақ сіздікіндей емес, – деп жауап бердім.

Сонда ол:

– Айтатын әңгіме көп, бар болғаны бір жарым-ақ сағат бар уақытымыз бар, – деді.

Бұл кісімен алғаш рет бетпе-бет сөйлесіп тұрғандықтан, аздап толқып тұрмын. Бұл адамға жала жабылғаны соншалық, мен кіммен сөйлесіп тұрғанымды анық білмедім. Жайғасып, әңгімемізді бастағанда, ол кісінің алғашқы сөзі күдігімді сейілтті. Ол менің көзіме тік қарап: «Джон, бұл түрме мен үшін Құдайдың жазасы емес, Оның мейірімі болды. Бұрынғыдай өмір сүре берсем, мәңгілік тозақта қалар едім», – деді.

Ол кісі мені әңгімесімен баурап алды. Өзінің қаншалықты зұлым болғанын және Құдайдың құтқаруының қаншалықты ғажап болғанын айтты. Ол ағынан жарыла сөйледі, Құдайдың алдында шын жүректен тәубе еткен адаммен сөйлесіп отырғаным анық. Ол маған қамаудағы бірінші жылында Құдай оны түнектен қалай босатқанын айтты.

Мен оның күн сайын бірнеше сағатын жеке немесе топпен Киелі Кітап оқып, дұға ететінін білдім. Ол маған түрмедегі қауым мен бағушы туралы айтып берді, бағушы да – жазасын өтеп жүрген адам екен. Бағушы болуға танысымның лайықтырақ екенін сезіп, мен оның қауымды неге басқармайтынын сұрадым. Ол жүрегі мен санасы толық өзгермей, жетекші болғысы келмейтінін түсіндірді. Ол: «Мен шебер манипулятор болатыным, сол “шеберлігімнің” қайта шығуына мүмкіндік бергім келмейді» деді.

Бір жылдан кейін ол кісі түрмеден босап шықты. Шығысымен Лос-Анджелес қаласының орталығындағы миссионерлік ұйымға қосылып, осы сөзін растады. Екі жыл көшеде жүріп, үйсіз-күйсіздерге қамқорлық жасады. Көшеде тұратындар ол кісінің шын мәнінде кім екенін білмейтін еді, оған сол ұнады.

Жаңа танысымның әңгімесін жиырма минуттай тыңдадым, ақырында оған бірнеше сұрақ қойғаным дұрыс болар деп санадым. Қатты мазалаған негізгі сұрақтан бастадым: «Исаға деген сүйіспеншілігіңіз қашан сөнген еді?».

Мұндай сұрақ қоюымның себебі, бұл кісінің қызметте болған кезінде Исаға деген сүйіспеншілігі нұрланған жүзінен-ақ көрініп тұратын. Жүрегіндегі жалыны мен Құдайға деген құштарлығы сөзін тыңдағандардың бәріне анық еді. Исаға деген сүйіспеншілігі қашан суығанын және оған не себеп болғанын білгім келді.

Ол маған қарап: «Исаға деген сүйіспеншілігім сөнген емес!» — деді.

Мынадай жауапқа қайран қалып та, аздап ашуланып та қалдым. «Бұлай деуге қалай ғана дәті барды?» деп ойладым да: «Не деп тұрсыз? Сіз пошта арқылы жасаған алаяқтық қылмысыңыз үшін жауапкершілікке тартылдыңыз. Одан жеті жыл бұрын неке адалдығын бұздыңыз, ақыры осы түрмеден бір-ақ шықтыңыз. Осы жеті жыл бойы Исаны сүйдім деп қалай ғана айта аласыз?» — дедім.

Ол менің көзіме тік қарап тұрып, жайбарақат жауап берді: «Джон, мен Исаны әрқашан жақсы көрдім».

Абдырап қалғанымды жасыра алмадым. Ол сәл кідірді де: «Джон, мен Құдайдан қорыққан жоқпын», — деп қосты. Ол тағы да кідіріп, сосын егжей-тегжейлі түсіндірді: «Мен Исаны жақсы көрдім, бірақ Құдайдан қорықпадым».

Жаңағы айтылған сөзге қайран қалып, шынымды айтсам, төбемнен жай түскендей күй кештім. Содан кейін он бес секунд тыныштық орнады, менің санам осы уақыт бойы ақпаратты өңдеді. Содан кейін ол жан-дүниемде әлі де жаңғырып тұрған сөздерді айтты: «Джон, миллиондаған американдықтар мен сияқты: олар Исаны жақсы көреді, бірақ Құдайдан қорықпайды».

Оның аузымен Құдайдың Өзі сөйлеп тұрғандай болды. Бір ауыз сөзі арқылы күтпеген жерден көптеген сұрақтарға жауап берілді. Сол сәтте мен ең терең түсінікке ие болдым — жаңа танысымның айтқан әңгімесінен еліміздегі көптеген адамдардың сенімнен тайып кетуіне ненің себеп болып жүргенін білдім. Өкінішке орай, сол жылдары орын алған Құдайдан безу барған сайын белең алып келеді.

Киелі Жазбада Құдайды жақын танудың бастапқы нүктесі Иемізден қорқу екені анық айтылған. Онсыз біз даңқ Иесі емес, жалған Исамен жалған қарым-қатынас орнатамыз. Біз қол жетпес құтқарушыға сенеміз. Бұл мәселені кейінірек осы кітапта тереңірек зерттейтін боламыз. Бірақ алдымен сөзіме дәлел ретінде қысқа ғана екі мысал келтірейін.

Осы кітапты жазып жүрген күндерімнің бірінде, бала кезімнен таныс қыз туралы жүрек сыздатар жаңалық естідім. Ол сенуші отбасында өсті және өзін мәсіхші санайтын, бірақ өмір салты ретсіз және құрдастарының арасында «жеңіл жүрісті қыз» саналатын. Жақында ол әлеуметтік желідегі парақшасында түсік жасату

процедурасы жасатқанын, процедураның басынан аяғына дейін оның қолын Исаның Өзі ұстап тұрғанын жариялады. Қай Исаны айтады?

Сенімге адал жігітке тұрмысқа шыққан бір жас әйел «күйеуіммен ажырасуға бел бусам, Иса маған қамқорлық жасауға уәде етті» деген болатын. Ақыры ажырасып тынды. Бұл жайт күйеуі, балалары, отбасы, достары – барлығына ауыр тиді. Оның ажырасуының себебі жанжал немесе әлдебір қиындық емес, күйеуін енді сүймейді екен. Күйеуінің тарапынан қорлау, әдепсіз әрекеттер, қаржылық қиындықтар болған жоқ – мұны әйелдің өзі де мойындады. Оның үстіне ол маған күйеуінің мейірімді адам әрі қамқор әке екенін айтты. Сонда ол қай Иса туралы айтқан еді?

Исамен қарым-қатынасым бар деп есептейтін, бірақ өмірінен онысы көрінбейтін адамдар көп, жетіп жатқан мысалдың екеуін ғана келтірдім. Осы екеуі және басқа да көптеген адамдар қалай алданып қалды? Меніңше, мұндай өкінішті жайттардың себебі – қасиетті қорқыныштың жоқтығы.

«Сонымен, сүйікті бауырларым, сендермен бірге болғанымда әрдайым Құдайға мойынсұндыңдар, ал қазір мен қастарыңда жоқ кезде де солай істей берулерің әлдеқайда маңыздырақ болмақ: құтқарылуларыңа сай іс-әрекет жасап, соны толығымен жүзеге асыруға ұмтылыңдар, әрі Құдайды терең қастерлеп, Оған ұнамайтын нәрселерден қатты жиіркеніңдер!» (Філіпіліктерге 2:12).

Пауыл құтқарылуымыз сүйіспеншілік пен мейірімділік арқылы жүзеге асады деп жазбаған. Бұл әйелдердің екеуі де мейірімді, жүректері сүйіспеншілікке толы, онымен көпшілік келіседі. Олардың көп жыл бойы қауымның адал мүшесі болғанын және Исаға адал екендіктерін растайтын адамдар бар. Бірақ олар мұндай заңсыз әрекетке қалай батып кетті? Оларға әлгі атақты қызметкерге де жетіспеген нәрсе жетіспеді: атап айтқанда, Құдайға деген сүйіспеншілік емес, Иеміздің алдындағы қасиетті қорқыныш. Бізді Оған қарай жетелейтін – сүйіспеншілік емес, Жаратқан Иеден қорқу; зұлымдық бізді жоқ қылмақ, ал Құдай алдындағы қасиетті қорқыныш бізді зұлымдықтан сақтайды.

Санаңызға сіңіріңіз

Киелі Кітаптан үзінді. «Жаратқанды қастерлеп, мойынсұну, Бұл — жамандық атаулыны жек көру. Жек көремін мен паңдық пен менмендікті, жаман іс-әрекет пен бұрма сөзді» (Нақыл сөздер 8:13).

Мағынасы. Жаратқан Иеміздің алдындағы қасиетті қорқыныш — бізді Одан алыстап кетуден қорғайтын, жүрегі сүйіспеншілікке толы Көктегі Әкеміздің сыйы. Күнәдан жиіркенудің орнына күнәмен мәмілеге келген сәтіміз — Құдайдан алыстай бастайтын сәтіміз.

Ой толғау. Құдайдан алыстау некеде болмаған басқа біреумен төсекке жатқанда басталмайды. Жұмыс берушінің ақшасын жасырын ұрлаған кезде басталмайды. Одан әлдеқайда бұрын, Иса жанын қиып бізді азат еткен нәрселерге жол бергенімізде басталады. Иса мен үшін құрбан болып мені азат еткен қан нәрселерге рұқсат беріп жүрмін?

Мінәжат. Қымбатты көктегі Әкем, өз өмірімде ғана емес, басқа сенуші бауырластарымның өмірінде де күнәға бірден төтеп бермей, оған жол бергенім үшін кешірім сұраймын. Олар теріс жолға түспеуі үшін, өмірлеріндегі күнәні сүйіспеншілікпен әшкерелемегенімді кешіре гөр. Осыған өкінемін. Мені кешіргенің үшін рахмет. Исаның атымен. Әумин.

Мойындау. Құдай адамдарды жақсы көретіндіктен, мен де оларды жақсы көретін боламын. Күнә мен сүейтін адамдарға зиян келтіретіндіктен, оны жек көретін боламын.

Ізіңмен Сенің берік жүрді
қадамдарым, Ақ жолыңнан
тайып кетпеді аяқтарым.

– ЗАБУР 16:5

18 | ҰЗАҚ ӨМІР

Сонымен, 1994 жылы өмірімде жоғарыда айтылған екі маңызды оқиға болды — конференцияда қызмет еткенімде, Құдай қасиетті қорқыныш туралы жолдауыма түзету енгізді және бас бостандығынан айырылған қызметкермен түрмедегі кездесу. Осыдан кейін қасиетті қорқынышты тереңірек түсінуге және оны санама әбден сіңіруге құмар болдым. Әлгі екі оқиғаның екеуінен де бірдей ой түйдім, бірақ бір ақиқаттың екі қырын көргендей болдым.

Өз аймағында ең ірі және ең ықпалды болған әлгі қауым енді жоқ. Жаңа Өсиет сенушілерін Құдайдан қорықпауға үйреткен бағушы да енді қызметте емес. Мен жазасын өтеп жатқанда түрмеде кездестірген қызметкер мега-қызметінен айырылды, бірақ ол Құдайдан қорқу туралы біліп, оны өміріне қабылдағанда, ол Құдайға және адамдарға қызмет етуге адал болды. Қазір ол көптеген адамдарға үлкен ықпал ететін тағы бір мәсіхшілер ұйымын басқарады.

Бір-бірімен байланысы жоқ осы екі оқиғадан түйгенім, Иеміздің алдындағы қасиетті қорқыныш — Мәсікке ұзақ уақыт бойы жемісті қызмет етуімізге бөгет болатын зұлымдықтың торына түсіп қалмаудың маңызды факторы. Көпке созылатын әрі жемісті қызметті қысқаша ұзақтылық деуге болады. Жақында көпке сыйлы бір бағушымен сөйлестім. Ол маған Киелі Кітап университетінің профессорымен болған әңгімесі туралы айтып берді. Профессор Құдай қызметке тағайындаған Киелі Жазба кейіпкерлерінің өмірі мен қызметін жан-жақты зерттеп жүр екен. Зерттеу барысында анықтағаны, қызметкерлердің 75 пайызының еңбегінің жемістілігі төмендеген, ал олардың көпшілігінің ақыры жаман болған. Құдайға қызмет етіп жүрген замандастармыздың өміріндегі трагедияларды және осы зерттеудің нәтижелерін ескере отырып, бәріміз де ұзақтылық

мәселесіне байыппен қарауымыз керек.

1990 жылдардың соңында орын алған бір көрнекті оқиға ұзақтылыққа қатысты қасиетті қорқыныштың маңыздылығын растады. Мен Куала-Лумпурда (Малайзия) қызмет еттім. Бұл, елдің түкпір-түкпірінен келген көптеген адамдар қатысқан, оныншы және соңғы жиналыс еді. Уағыздан кейін көптеген адамдар өмірін қызметке арнау туралы үндеуді қолдады. Адамдар кең сахнаның алдында төрт-бес қатарға тұрып, қызметкерлердің дұға еткенін күтті.

Сахнадан төмен қарай түсетін баспалдаққа аяқ басқаным сол еді, Құдайдың құзыры залда айқын сезілді. Бәріміз Көктегі Әкенің сүйіспеншілігіне бөленіп, қуанышқа кенелдік. Сахнаның алдында тұрған адамдар әуелі жымыып, кейін күле бастады, бұл қуаныш мінәжатқа шыққандардың бәріне тарап кетті. Көктегі Әке перзенттерін сергітіп алғысы келгендей. Аздан кейін ештеңе істеуімнің қажеті жоқ екенін түсіндім де, жай ғана сахнаның шетінде отырып, Құдайдың өз балаларын қуаттап, батасын беруін тамашаладым.

Бес-жеті минуттан кейін Оның сондай тамаша құзыры сейіліп, атмосферада тыныштық орнады. Барлығымыз үнсіз қалып, залдағы таңғажайып тыныштыққа рахаттандық. Алайда, бірнеше секунд ішінде Құдайдың құзыры басқа жолмен көрінді, осындай өзгеріс Бразилияда да болған еді. Орнымнан тұрып, әрі қарай не болатынын күттім. Құдайдың құзыры күшейе берді; бұл жолы жел соқпады, бірақ Жаратушының құдіреті мен ұлылығы ғажайып шынайы болды. Бір-екі минут бұрын күлген адамдар кенеттен бір мезгілде жылап жіберді, кейбіреулері тіпті өксігін баса алмай, еңіреп жылады, және оларды жылауға шақырған немесе көзге жас келтірер сөз айтқан ешкім болған жоқ.

Құдайдың құзыры күшейіп, жылау да күшейе түсті. Осы бір өздерін әрқашан сабырлы ұстайтын азиялықтар отқа шомылдыру рәсімінен өтіп жатқандай көрінді. Құдайдың сол жолғы құзырын қайталап сипаттау мүмкін емес және мәселе сол сәттегі Құдайдың жақындығын жеткізуде емес, ең бастысы – бәріміздің жүрегімізді толтырған Құдайды терең қастерлеу сезімі. Оның күшейгені сонша, жүрегіміз бұдан артық сезімді сидыра алмайды деп ойладым.

Сол жиналыста жанымыз бен рухымыздың арасындағы айырмашылықты жақсы түсіндім. Құдайдың Сөзі «Себебі Құдайдың сөзі тірі, әсері де күшті. Ол екі жүзді семсердің қайсысынан да өткір! Құдайдың сөзі бойымызға терең еніп, жан мен рухты айырып, буын мен жұлынға жеткен іспетті, жүрегіміздің түкпіріндегі ой-ниетімізді де әшкерелеп, бағалайды» дейді (Еврейлерге 4:12). Менің санам (жаным): «Мен мұны көтере алмаймын! Құдай, бұл тым көп!» деп

ойлады. Сол кезде жүрегім: «Құдайым, өтінемін, кетпе, тоқтама!» деп айқайлады. «Джон Бивер, бір қате қимыл жасасаң, бір қате сөз айтсаң, біттің, тұрған жеріңде жан тапсырасың», – деген ой бұл жолы да келді. Бразилиядағы сияқты – солай болар-болмасын нақты айта алмаймын, әйтеуір мұндай атмосферада құрметсіздікке орын жоқ екенін білемін.

Құдайдың керемет құзыры үш-төрт минутқа созылды да, сейіліп кетті. Ешкім айтпаса да, жұрт біреу сиқырлап қойғандай бір мезгілде үнсіз қалды. Құдайдың келуінен қалған ғажап тыныштықтан ләззат алып, мен де бірнеше минут үнсіз тұрдым.

Біз ғимараттан шыққан кезде көңілімізде салтанат, тыныштық және Құдайға деген терең құрмет болды. Үндістаннан келген жұппен сөйлеспек болып, тоқтадым; Құдайдың құзыры екеуіне де қатты әсер етіпті. Бірнеше сәт бір-бірімізге үнсіз, таңдана қарап тұрдық, сосын әйел ақырын: «Джон, жан-дүнием әбден тазарғандай сезінемін», – деді. Күйеуі келіскендей басын изеді.

Ол осы сөздерді айтқанда жүрегім шаттыққа толды. Бразилиядағы және енді Малайзиядағы жиналыстан кейінгі сезімімді біреу сөзбен айтып берді-ау, әйтеуір. Толқыған көңілімді әрең басып: «Мен де» деп жауап бердім. Басқа сөздің керегі де болмады, кешке дейін осы қысқа сұхбаттың әсерінде болдым.

Келесі күні қауымда қызмет ететін және Киелі Кітап мектебінде тәлім алып жүрген жастармен бірге баскетбол ойнауға келіскен едік. Таңертең қонақүйдегі бөлмемде сол ойынға бармақ болып, жиналып жатқам. Кенеттен Киелі Рухтың жүрегіме: «Ұлым, 18-ші Забурды оқы», – дегенін естідім.

Киелі Кітапты қолыма алып, Забур жырларын оқи бастадым. Оныншы аятқа жеткенімде көзіме мына сөздер түсті:

«Мойынсұна қастерлеу Жаратқанды: Осы таза ниет мәңгі қалады. Жаратқанның шешімдері шынайы, барлығы мүлтіксіз де әділетті» (Забур 18:10).

Тұрған жерімде: «Міне, солай! Дәл солай!» – деп айқай салдым. Әлгі әйелдің айтқаны дәл осы еді. Біз жан дүниемізде сөзбен жеткізгісіз мұнтаздай тазалықты, өте терең тазалықты сезінген едік.

Содан кейін «мәңгі қалады» деген екі сөз жүрегімді лүп еткізді. Киелі Рух менің жүрегіме сөйлеп, былай деді:

«Ұлым, Люцифер Менің тағымның алдында тұрып, мадақтауды жүргізді, періштелерімнен құралған әскерді басқарды, өйткені ол соған тағайындалып, майланған еді. Ол Маған соншалықты жақын болды, Менің салтанатты ұлылығымды көрді, бірақ

Менен қорықпады, сондықтан ол тағымның алдында мәңгі қалмады» (Езекиел 28:13-17 қараңыз).

«Менің ұлылығымды көрген періштелердің үштен бірі Люциферді жақтады. Олар Менен қорықпады, Менің қасымда мәңгі қалмады» (Аян 12:4, 7).

«Адам мен Хауа қоңыр салқын самал соққанда, Менің ұлылығымның алдында жүрді. Олар Менен қорықпады, Едем бағында мәңгі қалмады».

«Ұлым, менің тағымды мәңгілік қоршап тұрған әрбір жаратылыс Жаратқан Иеден қорқудың қасиетті сынағынан өтеді» (Жаратылыс 3:8 қараңыз).

Бұл ақиқат көзімді ашты. Қызметіндегі жемістері азайып, нәтижесі нашар болған барлық бағушылар туралы ойлана бастадым.

Олардың көбісі қызметін асқан құштарлықпен, Исаға деген ыстық сүйіспеншілікпен бастады, Құдайға барлық жағдайда мойынсұнуға, Құдай халқына қызмет ету жолындағы қиындыққа төзуге дайын болды, бірақ уақыт өте шаршады, көңілі суыды, көбісі қызметтен кетті. Олар табанды бола алмады.

Басқалары қызметте қала берді, бірақ қызметін пайда табу құралы ретінде және басқа да жеке мүдделеріне пайдаланды. Кейбіреулер өздерінің жоғары лауазымдарын пайдаланып, бейкүнә әйелдерді олжалау үшін жыныстық жыртқыштарға айналды; басқалары кеңесші болып алды, енді олар орасан зор төлемақы алып, қызметкерлерге жалған жолдаулар жазып беріп жүр, сол жолдауларға сенгендер қайырымдылыққа деп, әлгі қызметкерлерге қаражатын беруде; тағы басқалары Құдайдың пайғамбарлық сөздері туралы өтірік айтты, олар өздері қызмет еткен адамдардан түрлі жолдармен ақпарат жинап, содан кейін оны Құдайдың берген аяны деп жариялады. Олардың арам істерінің тізімі шексіз.

Таза ниетпен іске кіріскен адамдар қалайша арамдыққа белшесінен батты? Неліктен олардың Құдай алдындағы адалдығы ұзаққа бармады? Мәселе қасиетті қорқыныштың жоқтығында. Америка Құрама Штаттарының оңтүстік-шығысындағы қауымда қызмет еткенім есіңізде болар. Сол қауымның бағушысы Исаның сүйгеніне селқос қарады немесе тіпті оған тыйым салды. Осындай жағдайлар өте көп. Олар Киелі Кітапта «Оның қазынасы» деп аталған нәрсені қабылдаудан өздері де бас тартып, басқаларды да солай үйретеді. Бірақ Құдай Сөзінде қасиетті қорқыныш пен ұзақ өмір туралы не айтылғанын тыңдаңыз:

«Жаратқан Иені мадақтаңдар!
 Иеміздің өсиеттерінен ләззат тапқан,
 Оны қастерлейтін жан жарылқанған....
 Оның үйінде байлық-дәулет жиналады,
 Әрі әділдігі мәңгі есте қалады....
 Шүбә жоқ, ол ешқашан шайқалмайды,
 Әділ жан жұрттың есінен шықпайды» (Забур 111:1, 3, 6).

Қасиетті қорқыныштың маңыздылығын білу үшін қайғылы оқиғаны бастан кешірудің қажеті жоқ. Сізден сұрайтыным, Құдайдың аты мадақталу үшін және өзіңіздің ұзақ өмір сүруіңіз үшін қасиетті қорқынышты қымбат қазынадай көріңіз.

Санаңызға сіңіріңіз

Киелі Кітаптан үзінді. «Ал Өзін терең қастерлеген жандарға Жаратқанның рақымы мәңгі жауады да» (Забур 102:17).

Мағынасы. Жаратқан Иенің мәңгілік тағының алдындағы әрбір жаратылыс Құдайды терең қастерлейді.

Ой толғау. Жақсы өмір сүрудің бір қыры – сапарыңды лайықты аяқтау. Жаратқан Иенің алдындағы қасиетті қорқыныш мәңгілікке сақталады. Қасиетті қорқынышты өмірімнің негізіне қалай айналдыра аламын? Әр сөзім мен іс-әрекетімді қасиетті қорқыныштың елегінен өткізуді әдетке айналдырып, сол әдетімді сақтауға қандай әдістер көмектеседі?

Мінәжат. Қымбатты Көктегі Әкем, Сөзіңде Сенің мені құлап қалудан сақтай алатының және бірде-бір кемшіліксіз зор қуанышпен Өзіңнің құзырыңа әкелетінің уәде етілген. Иеміз Иса Мәсіхтің күнәларымды өтегені және қасиетті қорқыныштың болуы арқылы осынау мәңгілік қарым-қатынасымыз үзілмейді. Мен Сенің қасыңда мәңгі өмір сүруім үшін жүрегімде әрқашан қасиетті қорқыныштың болуын сұраймын. Исаның атымен мінәжат еттім. Әмин.

Мойындау. Мен Жаратқан Иенің үйінде, Оның қасында мәңгілік қасиетті қорқынышта өмір сүремін.

Әкеміздің киелі, қасиетті,
қастерлі екеніне қуанбасаңыз,
рухани өлісіз. Сіз қауымда бола
аласыз, сіз мәсіхшілер оқитын
мектепте оқи аласыз. Бірақ
егер жан дүниеңізде Құдайдың
киелілігі болмаса, Құдайды
танымайсыз, Құдайды сүймейсіз,
Онымен байланысыңызды
үзгенсіз. Құдай үшін сіз
ұйқыдағы адамсыз.

– Р. Ч. СПРАУЛ

19 | ӨЗІМІЗДІ ТАЗАРТАЙЫҚ

«Мойынсұна қастерлеу Жаратқанды:

Осы *таза ниет мәңгі қалады*» (Забур 18:10).

Забур жыршысы киелі қорқыныштың таңғажайып екі жемісін ұсынады, оларды елемеуге немесе жеңіл-желпі қабылдауға болмайды, олар: тазалық пен ұзақ өмір. Біріншісін зерттеп көрейік, ал келесі тарауда екіншісін қарастырамыз. Пауыл елші былай деп жазады:

«Осы уәделердің бәрі де бізге берілгендіктен, сүйікті бауырластарым, тәніміз бен рухымызды арамдайтын барлық нәрселерден *тазарып*, Құдайды терең қастерлеп, толығымен Оған бағышталған *қасиетті* өмір сүрейік!» (Қорынттықтарға 2-хат 7:1).

Бұл аяттан Забур жыршысы айтқан ақиқатты көреміз, мұнда ол тереңірек ашылған. Біріншіден, қасиеттілік Құдайға деген сүйіспеншілік арқылы емес, Жаратқан Иеден қорқу арқылы кемеліне келетінін атап өткім келеді. Құдайсыз өмір сүрген, бірақ Исаны әлі де жақсы көретін танымал қызметкер есіңізде болар. Қасиетті қорқынышты қабылдаған бойда ол тазарып, бұрынғы ластығынан құтылды. Бұл өз кезегінде оны Исамен бұрынғыдан да әдемі қарым-қатынасқа әкелді. Оның өз тәжірибесінен білгендерін біз Киелі Жазбадан көреміз.

Жоғарыда айтқанымыздай, киелілік біздің заманымызда ең танымал тақырып емес. Көптеген адамдар үшін бұл тақырып жағымсыз, өйткені көңілін көтермейді, қайта өмірін қиындатады.

Киелі өмір сүру – заңшылдық бұғауында құл болып өмір сүру деп түсінетіндер көп. Енді біреулер киелілікті асыл, бірақ қол жетпес қасиет деп ойлайды. К.С.Льюис бұл надандық туралы мына сөздерді жазды: «Киелілікті жалықтыратын нәрсе деп санайтын адамдар түк білмейді. Шындап кездескенде... оған қарсы тұру мүмкін емес!». ¹ Сонымен, мызғымас ақиқатқа терең бойлауға дайын болыңыз.

Жоғарыда айтқанымдай, киеліліктің негізгі анықтамасы «Құдайға бағышталған» және ол сөзсіз тазалықты қамтиды. Қалыңдықты мысалға келтірейік. Ол өзін болашақ күйеуіне арнайды, бұл сонымен қатар басқа жігіттермен танысып, қарым-қатынас құру ниетінен бас тартуды білдіреді. Бұл мысал киеліліктің бір қыры ретінде тазалықты көрсетеді. Пауыл елші тіпті бізді өзімізді тазартуға шақырады. Ол «Исаның қаны бізді тазартады» демейді. Дегенмен, мынаны анықтап алайық: Исаның қаны бізді барлық күнәлардан тазартады, бірақ біз *ақталу* жұмысын *киелі ету* ісімен шатастырмауыз керек.

Тәубе етіп, Иса Мәсіхті Иеміз ретінде қабылдағанымызда, күнәларымыз кешірілді және біз толықтай тазардық. Құдай күнәларымызды теңізге тастағандай, біржола ұмытты. Енді қайтып еске алмайды! Бұл жұмыс толығымен аяқталды және оны жақсарту мүмкін емес. Біз осы таңғажайып шындыққа лайық ештеңе істеген жоқпыз, бұл Құдайдың сыйы. Бұл ақтау жұмысы.

Бірақ ақталуды қабылдаған сәттен бастап киелі ету (киелілік) жұмысы басталды. Бұл біздің ішімізде болған нәрсе жүзеге асқан кезде; іштегі жаңа болмысымыз сыртқы өміріміз арқылы іс жүзінде шындыққа айналады. Пауыл елші былай деп жазған:

«... құтқарылуларыңа сай іс-әрекет жасап, соны толығымен жүзеге асыруға ұмтылыңдар, әрі Құдайды терең қастерлеп, Оған ұнамайтын нәрселерден қатты жиіркеніңдер! Себебі Өзіне ұнайтын істерді қалап, жүзеге асыруларыңа түрткі болушы — Құдай» (Філіпіліктерге 2:12, 13).

Әлбетте, бұл Құдайдың рақымының жұмысы, дегенмен, біз Құдайға ұнамды істерді қалап, жүзеге асыруымыз үшін берілген күшпен ынтымақтасуымыз керек. Құдайдың алдындағы қасиетті қорқыныш Бразилиядағы жиналыста адамдардың Құдайдың құзырына кіруіне мүмкіндік бергені сияқты, қасиетті қорқыныш бізге де Құдайдың рақымына бөленуге жағдай жасайды, ал сол рақымның арқасында Құдайға мойынсұнып өмір сүре аламыз.

Батыс қауымындағы көптеген тәлімгерлердің жіберетін қателігі – киелілік жұмысы ақтау жұмысы сияқты жасалады деп айту.

Басқаша айтқанда, бізден ешқандай әрекеттің қажеті жоқ: Иса бәрін жасады. Олардың пайымдауынша, түрлі нәпсі басқаратын әлемнен еш айырмашылығы жоқ өмір сүріп жатсақ та, киеліміз, өйткені Иса – біздің киелілігіміз. Бұл мәселені Киелі Жазбада олардың мәлімдемелерін растайтындай үзінділердің болуы қиындатады. Алайда, олардың қателігі біздің кім екенімізге негізделген, яғни, *позициялық* киелілік пен *іс-әрекетіміздегі* киелілікті шатастырып алудан туындайды. Түсіндірейін.

Позициялық қасиеттілік тек Исаның біз үшін істегеніне негізделген. Яғни, біздің Мәсіхте кім екенімізді сипаттайды және Мәсіхтің біздің ақтағынан туындайтын игіліктердің бірі болып табылады: «Құдай бізді Өзінің алдында қасиетті де мінсіз халқы болып жүрсін деп, әлемді жаратпастан бұрын Мәсіхтің құрбандығына бола сүйіспеншілікпен таңдаған еді» (Ефестіктерге 1:4). Мұндай күйге өзіміз ешқашан да жете алмас едік. Сондай-ақ Пауыл елші былай деп жазды: «Тәңір Иенің істегені арқылы сендер Иса Мәсіхпен тығыз байланысқа келдіңдер. Құдай Мәсіхті даналығымыздың бастауы етіп, бізді Ол арқылы ақтап, Өзінің қасиетті халқы қылып, күнәнің құлдығынан құтқарды» (1 Қорынттықтарға 1:30).

Лиза Тоскано екеуіміз 1982 жылы қазанның 2-сінде некемізді қидық, ол енді Лиза Бивер болды. Дәл сол күннен бері ол – менің әйелім. Лиза бүгін, мен оған үйленген күнгіден бетер жұбайым деу мүмкін емес. Қырық жылдан кейін де ол бұрынғыдан бетер менің әйелім бола түседі дей алмаймыз. Оның менің әйелім ретіндегі позициясы өзгермейді. Біз үйленген күні Лиза осы мәртебеге ие болды; жұмыс аяқталды. Сол сияқты, Мәсіхте біз құтқарылған күні киелі және таза болдық, біздің киелілігіміз одан бетер артуы мүмкін емес.

Алайда, Лиза менің әйелім болғаннан кейін оның мінез-құлқы мен іс-әрекеті мәртебесіне, яғни, позициясына сәйкес өзгере бастады. Некеге дейін ол басқа жігіттермен кездесіп, оларға телефон нөмірін беретін, Лиза басқа да көптеген жастар сияқты өз қызығы үшін өмір сүрді, бірақ тұрмыс құрғаннан кейін оның өмірі кілт өзгерді. Лизаның әрекеттері екеуіміздің арамыздағы келісімге сәйкес өзгерді. Жыл өткен сайын, мұндай мінез-құлық жетіліп, біздің міндеттемелерімізге сәйкес келеді. Петір елшінің бұл жайында не жазғанын тыңдаңыз:

«Құдайдың рухани балалары ретінде Оған мойынсұныңдар. Бұрын Оның шынайы хабарын білмей, өмірлерің жаман істерге жетелейтін құмарлықтардың билігінде болып келді. Бұған енді жол бермеңдер! Қайта, өздеріңді шақырған Құдайдың қасиетті болғаны сияқты, сендер де бүкіл іс-әрекеттеріңде Оған

бағышталған қасиетті болыңдар! Тауратта Оның былай дегені бар ғой: “Мен киелімін, сондықтан сендер де Өзіме бағышталып киелі болыңдар!”» (Петірдің 1-хаты 1:14-16).

Байқасаңыз, Петір елші біздің позициялық киелілігіміз туралы емес, керісінше киелі іс-әрекет жайлы айтып отыр. Пауыл елші де рухани ластықтан тазаруға шақырғанда, осыны меңзеген еді. Бұл күнәсі ақталған адам позициясының тегін сыйы емес, киелі ету процесі.

Жаңа Өсиетте біздің мінез-құлық пен іс-әрекетте киелі болуымыз жөнінде айтатын басқа үзінділер бар ма? Иә, бар. Ондай үзінділердің толық тізімі тым ұзақ болып кетер, сондықтан, мына бір аятты келтірейін:

«Құдай сендердің Өзіне бағышталып қасиетті өмір сүргендеріңді қалайды. Бұл азғындықтан аулақ жүрулеріңді де білдіреді: әркім өз денесін қасиеттілікпен әрі құрметпен күте білсін! Құдайды танымайтын ұлттарға ұқсап күнәлі құмарлықтарға салынбаңдар». (Салоникалықтарға 1-хат 4:3–5).

Жақында, жексенбілік жиналыстан кейін бір адам маған мынадай әңгіме айтты: «Мен мәсіхшімін, бойдақпын. Жыныстық қарым-қатынастамын, өйткені ұстамды өмір сүре алмаймын. Бірнеше ай бойы өзімді тиямын, бірақ кейін бұрынғы әдетіме оралып, күнә жасаймын. Алайда, сізге айтайын дегенім бұл емес. Менің басты сұрағым: неге менің ісім алға жүрмейді?»

Қайран қалдым. Құдайдың рақымы жайындағы сыңаржақ жолдауларымыз адамдарды сұмдық күнә жасап жүріп, Құдайдың алдында және жарылқауында өмір сүретініне сендірді ме? Мәсіхші әйелдер конференциясында сұрақ-жауап кезінде бір әйел Лизаға былай деп сұрақ қойыпты: «Мен күйеуімді қатты жақсы көремін, бірақ ол көп саяхаттайды, сондықтан мен үнемі басқа еркектермен кездесемін. Не істеуім керек? Күйеуіме айтуым керек пе?».

Бұл екеуі шынымен Мәсіхпен қарым-қатынасым бар деп сенеді, бірақ Құдайдың оң жағында отырған Мәсіхпен бе, әлде жалған Мәсіхпен бе? Бұл мысалдар айсбергтің ұшы ғана; осыған ұқсас мәселелері бар көптеген басқа адамдарды кездестірдім. Киелі өмірге шақыру соншалықты әлсіреп, күнәні әшкерелеу мүлде тоқтады ма? Бірақ Пауыл былай деп жазады: «Бұған бағынбайтын кісі адамға емес, Құдайға қарсы тұрады. Ол сендерге Өзінің Киелі Рухын берді ғой» (Салоникалықтарға 1-хат 4:8).

Есіңізде болсын, киеліліктің өте тартымды жағы бар, тақырыпты зерттеу барысында, оны анық көреміз.

Санаңызға сіңіріңіз

Киелі Кітаптан үзінді. «Құдайды танимын дей тұра, Оның өсиеттерін орындамайтын кісі — өтірікші, соның жан дүниесінен шындық орын алған жоқ» (Жоханның 1-хаты 2:4).

Мағынасы. Киелі ету (киелілік) жұмысы – бұл біздің ішкі болмысымыздағы өзгерістің сыртта, іс жүзінде орындалуы; біздің жаңа болмысымыз біздің өмір салтымыздағы сыртқы шындыққа айналады.

Ой толғау. Киелілік – Құдайдың рақымының ісі, бірақ мен Құдайдың маған берген күшімен ынтымақтасуым керек және Оның қалағанын істеуім керек. Мен осыған сенемін бе? Осы ақиқатты және Құдайдың қасиетті өмір сүру туралы бұйрығын елеусіз қалдырып, позициялық киелілік пен іс-әрекет киелілігін шатастырып жүрмін бе? Бұрынғы сәтсіздіктердің Құдайдың жан-дүниемдегі ісіне деген сенімімді әлсіретуіне жол бердім бе? Менің өмірімде киелілік шындыққа айналуы үшін сенімге қалай оралуыма болады?

Мінәжат. Қымбатты Көктегі Әкем, Өзіңе ұнамды болуға деген ниетімді жандандыра гөр. Саған ұнамды өмір сүруге деген қабілет беруіңді, жүрегімдегі өзгерістерді жалғастыра беруіңді сұраймын. Сенің мен үшін істегеніңді өміріммен көрсеткім келеді. Исаның атымен. Әмин.

Мойындау. Құтқарылуымды қасиетті қорқыныш пен Құдайды терең қастерлеу арқылы жүзеге асырамын.

Түзу жолмен аяқтарыңды нық
басып жүріңдер!... Құдайға
бағышталған қасиетті өмір
сүруге ұмтылыңдар!

– ЕВРЕЙЛЕРГЕ 12:13, 14



MessengerX


Күн сайынғы шәкіртшілігіңізге арналған қосымша

Толықтай тегін!

Мобильді құрылғыңызға жүктеп алыңыз да, пайдалана беріңіз!
Немесе сайттағы веб-нұсқаны қолданыңыз:



MessengerX.com



125+ тілде және мұнымен шектелмейміз



125-дан астам тілдегі материалдарды көріп, жүктеп алыңыз.



Материалдарды достарыңызбен бөлісіңіз немесе оқу тобын бастаңыз.



Жаңа материалдарды үнемі қосып отырамыз.

Көріңіз. Оқыңыз. Тыңдаңыз.

Ресурстардың кең көлемді кітапханасына курстар, электронды кітаптар, аудиокітаптар, қысқа метражды фильмдер енді, қалағаныңызды тыңдауыңызға, оқуыңызға немесе көруіңізге болады.




Ең маңызды салаларда ілгерілеу

Отбасы, салауатты қарым-қатынас, өмірлік мақсатыңыз, порнографиядан азаттық, сенімді жетілдіру, Құдайдың даусын есту, кәсіптегі көсбасшылық және тағы басқа тақырыптарды терең зерттеңіз!

Өсіп-жетілу жолы


MessengerX -тің мақсаты – өмір жолындағы келесі қадамыңызды жасауыңызға көмектесу. Біз сізге шәкіртшіліктің сара жолын ұсынамыз. Осы жолда адаспауыңыз үшін керек құралдарды дайындап қойдық.



Қосымшаның тамаша функциялары көңіліңізден шығары сөзсіз!

- Осы материалдарды басқалармен бөлісуге және оқу топтарын ұйымдастыруға көмектесетін қолайлы құралдар.
- Chromecast пен AirPlay-ды пайдаланып, бейнежазбаларды смарт теледидарыңыздан көре аласыз.
- Ілгерілеуіңізді барлық құрылғыңызда сақтай аласыз. Өзіңіз ұнатқан материалдарды кітапханаңызға сақтап қойып, кез келген уақытта жылдам таба аласыз.
- Материалдарды құрылғыңызға жүктеп алып, офлайн көре аласыз.
- Қолайлы іздеу мен фильтрді пайдаланып, керегіңізді жылдам таба аласыз.
- Аудиокітаптардың, Киелі Кітаптың тарауларын, мадақтау әндерін автоматты түрде өз ретімен тыңдай аласыз!

MessengerX - 1-2-3 тәрізді оп-оңай!



- 1 **MessengerX** қосымшасын App Store немесе Google Play-ден жүктеп алыңыз
- 2 Қосымшаға тіркеліп, материалдарды өз тіліңізде көріңіз
- 3 Өзіңіз ұнатқан материалдарды көріңіз, оқыңыз, тыңдаңыз, жүктеп алыңыз әрі басқалармен бөлісіңіз



Өзіңіз шәкірт болыңыз, басқаларды шәкірт етіңіз

MessengerX ұжымына қосылып, өзге тілдерге аударылған ресурстарды әлемнің әр түкпіріндегі адамдарға жеткізуге.

Өйткені әрбір адам білім алуға лайық!



MessengerX.com



20 | БІЗДІҢ МАҚСАТЫМЫЗ

Қасиеттілік өз алдына бір мақсат емес, ең маңызды нәрсеге апаратын жол. Жоғарыдағы үзіндісін бірге оқиық:

«Құдайға бағышталған қасиетті өмір сүруге ұмтылыңдар! Мұнсыз ешкім Жаратқан Иені көре алмайды» (Еврейлерге 12:14).

«Ұмтылу» грекше «дъёко» сөзі, ол «әлденені ерекше күш жұмсап, белгілі бір мақсатпен істеу» дегенді білдіреді.¹ Екі аударманы салыстыра отырып, «дъёко» сөзінің анықтамасын біле отырып, бұл мәлімдеменің қасиеттілікке деген құштарлық, оны түсіну ниеті туралы екенін түсінеміз.

Бірінші сұрағымыз мынау болсын: бұл қасиеттілік — көзқарас па, әлде мінез-құлық па? Лиза екеуіміздің некеміздің мысалына оралайық. Лизаның жақын достарының біріне: «Джонның әйелі болуға бар күшіммен тырысамын!» деп айтқанын елестете аласыз ба?

Құрбысы күліп осындай жауап берер еді: «Сен оның әйелісің ғой! Үйленген күні әйелі болдың».

Әйел өзіне тиесілі «әйел» қалпына ұмтылмайды. Ол әйелінің жақсы мінез-құлқына ұмтыла алады. Киелілікке де тура сол қатысты: біз қалыпты ұстанбаймыз, керісінше «Иеміздің халқына лайық» мінез-құлыққа ұмтыламыз (Қолостықтарға 1:10).

Киелі Жазба бұл өсиетті елемеудің салдары – *Иемізді көрмеу* дейді. Бұл дұрыс ой! Сол ой бізге мәңгілік тұрғысынан әсер етеді, бірақ бұл дәл қазір айтып отырған нәрсеміз емес. Маңыздысы, ол бізге қазір де мұнда қалай әсер етеді?

Америка Құрама Штаттарының азаматымын, сондықтан да Президентпен «қарым-қатынасым» бар деп айта аламын. Оның басшылығындамын және оның шешімдері маған және 332 миллион басқа американдық азаматтарға әсер етеді. Бірақ менің президентпен мұндай қарым-қатынасым болса да, осы уақытқа дейін онымен жеке кездесуге мүмкіндігім болмады. Басқаша айтқанда, АҚШ президенттерінің ешқайсысымен не кездескен, не сөйлескен емеспін.

Басқа жағынан, президентті үнемі көретін басқа америкалықтар бар, бұл оның достары мен әріптестері. Не болса да, олар Ақ үйде тұратын адамды менің білгенімнен әлдеқайда жақын біледі. Олар президентті жақын таниды, мен болсам оны тек еліміздің басшысы ретінде білемін.

Сол сияқты миллиондаған сенушілер де Иса Мәсіхтің билігі астында. Иеміз оларды қорғайды, сүйеді және керектерін қамтамасыз етеді, олардың өтініштеріне жауап береді. Алайда, олар Жаратқан Иені көреді ме? Басқаша айтқанда, олар Құдайымыздың айқын құзырын сезінеді ме?

Бразилиядағы мыңдаған сенушілер Иеміздің алдына еш келе алмайтындай әрекет етті. Олар тәубеге келген бойда патшамен жеке кездесу сыйына ие болды. Осы таңдауды біз күн сайын, тіпті сәт сайын жасаймыз. Бойымызда қасиетті қорқыныш жетпесе, Оның айқын қатысуын көру мәртебесіне ие бола алмаймыз. Ең жаманы, оған ұмтыла алмайтын да боламыз. Иса былай дейді: «Менің өсиеттерімді жүректеріне сақтап, орындап жүргендер — Мені сүйетіндер. Оларды Әкем де сүйеді. Мен де соларды сүйіп, Өзімді оларға жақынырақ таныстырамын» (Жохан 14:21).

Қайталап айтайық: *күнделікті әрекетімізде киелілік болмаса, Иемізді көрмейміз*. Бұл неліктен соншалықты маңызды? Біріншіден, Құдайымызды көрмесек, айқын қатысуына куә болмасақ, Оны толық тани алмаймыз. Иеміз *жайында* Америка Құрама Штаттары Президенті туралы білгеніміз іспетті ғана біле аламыз. Одан да сорақысы, жалған Исаны ойдан шығарып, өзімізді алдаймыз. Бұл өтірік ең қауіпті, өйткені білмейтін адамымызды білеміз дейміз. Жақып елші бізге былай дейді: «Құдайдың айтқандарын құр естуші ғана болмай, оларды іске асырушы болыңдар! Әйтпесе өздеріңді-өздерің алдайсыңдар» (Жақып 1:22). Өзін-өзі алдаған адам біреуді немесе бір нәрсені білемін деп сенеді, бірақ шын мәнінде білмейді.

Екінші себеп те бірдей дәрежеде маңызды. Жаратқан Иені көрмей, Оның қасында болмай, не өзгере алмаймыз, не Құдайымызға еш ұқсай алмаймыз. Пауыл елші Иемізді көретіндер жайлы былай дейді

«Ал енді, бәріміз бетімізді бүркемей, ашық түрде Иеміздің салтанатты ұлылығына айнадан көргендей мұқият көз жібереміз. Осылайша Ол бізді Өзіне ұқсатып, өзгертіп келеді. Сол арқылы Оның салтанатты ұлылығы барған сайын бізден көбірек көрініс табады. Бұл Иемізден — Киелі Рухтан келеді» (2 Қорынттықтарға 3:18). Бұл өзгеріс адам санасында басталады да сырт әлемнен көрініс тапқанынша жалғасады.

Тазалығымыз парызышылдардың тазалығындай болмасын. Иса Мәсіх былай деді: «Солар сияқты сендер де сырттарыңнан әділ болып көрінгенмен іштерің екіжүзділік пен күнәға лық толы» (Матай 23:28). Олардың ниеттері өлекседей арам-ды. Олар Жаратқан Иеден қорықпаған, сол себепті де тек сыртқы көрініске негізделген әділдікке ұмтылған және назарларын көпшілік алдындағы бейнелеріне ғана аударған. Бұл олардың лайықты сыртқы мінез-құлық тудыратын ішкі өзгерістеріне жол бермеді. Олар Құдайды білеміз деп ойлады, бірақ шын мәнінде алдарында тұрған Жаратушысын танымады, сондықтан Оның еркіне сәйкес ештеңе істей алмады. Парызышылдар өздерін алдады.

Бүгіннің өзінде ұмтылатын киелілігіміз жүрегімізден — ойымыздан, мақсатымыздан және ниетімізден бастау алсын. Бұл сайып келгенде сыртқы мінез-құлқымызды анықтайды. Иса: «Жүректері пәк тазалар бақытты: олар Құдайды көретін болады!»,— деген (Матай 5:8). Оны көрмесек, ішкі өзгерістен — шынайы қасиеттіліктен айырыламыз, демек, Оны көрмейміз. Бұл айналым жалғаса береді де.

Киеліліктің сыртқы көрінісіне ие бола тұра ішкі қалауларымызды өзгеріссіз қалдыруымыз жеткіліксіз. Жан-дүниеміздің баршасымен — қалаулар мен ниеттерімізбен — шындықты аңсауымыз керек; бұл біздің ұмтылысымыз болсын. Жақып елші қасиеттілікті елемейтін сенушілер туралы өте қатал сөз айтады:

«Сұрасаңдар да, ие бола алмайсыңдар, себебі ізгі ниетпен емес, арам құмарлықтарыңды қанағаттандыру үшін сұрайсыңдар. *Әй, опасыздар!* Осы күнәкар дүниемен достасу Құдайға қастық екенін білмейтін бе едіңдер? Осы дүниемен дос болғысы келген әркім Құдайдың жауына айналады» (Жақып 4:3, 4).

Жақып елші сол адамдарды опасыздар — яғни неке адалдығын бұзушылар — деп атайды. Құдай Өзімен жасасқан келісімімізді көрсету үшін жиі неке бейнесін қолданады; Иса күйеу жігіт, ал біз қалыңдығы аталдық. Пауыл елші ер мен әйел арасындағы некені Иса Мәсіх пен қауым бірлігінің үлгісі атайды (Ефестіктерге 5:31, 32 қараңыз).

Әлем жеке мүдде немесе жетістік мақтанышы үшін өмір сүреді, осылайша проекция бейнесіне және басқалар көретін бейнелерге

назар аударады. Қасиеттілікке ұмтылудан бас тартып, дүниелік қалауларға көңіл бөлсек, опасыздыққа бел буамыз. Осылайша Жұбайымызды ренжіткеніміз сонша, өзімізді Құдайдың жауына айналдырамыз. Сондықтан Жақып елші былай деп жазады: «Құдайға жақындаңдар, сонда Ол да сендерге жақындайды. Ей, күнәкарлар, қолдарыңды жамандық атаулыдан жуып тазартыңдар! Ей, екіойлы табансыздар, жүректеріңді орнықтырыңдар!» (Жақып 4:8). Шынайы киелілікке ұмтылуға түрткі беретін Жаратқан Иені қастерлеуді қабылдасақ қана жүрегімізді тазарта аламыз!

Лизамен тұрмыс құрғаныма қырық жылдан асты, неке адалдығын бұзбауыма салмақты себебім бар бар. Бастысы да ең маңыздысы – Құдайдан қорқу. Мен жұбайымның мінез-құлқы мен әрекетіне қарамастан оны сүйемін де оған қамқорлық етемін деп Жаратқан Иемен келісім жасастым.

Екінші себеп – бұл ғажайып әйелмен жақындықты жоғалтқым келмейді. Оның маған сеніп, ішкі сырларын бөліскенін ұнатамын. Негізі, маған жақындығымыз ұнайды.

Иса Мәсіхпен де солай. Оған қарсы күнә жасаудан аулақ жүруіме себебім – Жаратқан Иемен жақындықты жоғалтқым келмейді. Оның қатысуының жақындығын және Онымен жақын сөйлесуді жақсы көремін. Оның менімен сырларымен бөліскенін жақсы көремін. Киелі Жазбада былай деп жазылған:

«Иеміз Өзін қастерлейтіндерге *сырын*
Ашады және білдіреді Келісімін» (Забур 24:14).

Киеліліктің жеңілмейтін қырына енді ғана көз тастап жатырмыз. Келесі тарауда оның сұлулығын ашуды жалғастырамыз.

Санаңызға сіңіріңіз

Киелі Кітаптан үзінді. «Жүрек пәктігін жақтыратын. Ұнамды сөздерді айтатын. Жанға патша да болар жақын» (Нақыл сөздер 22:11).

Мағынасы. Күнделікті әрекетте көрінетін киелілікке оны түсіну ниетімен ұмтылмасақ, Иеміздің алдына келе алмаймыз. Істің мәні кемел киелілікке қашан қол жеткізетінімізде емес, оны жүрегіміздің қалауына айналдырғанымызда.

Ой толғау. Қасиетті мінез-құлыққа ұмтыламын ба, әлде үнемі

өзімнің дүниелік қалауларымды іске асыруға талпынамын ба, Құдай біледі. Барлығы жүрегімдегі ниеттен басталады. Іс-әрекетті өзгертуге әкелетін жүрек пен ой тазалығына ұмтыламын ба? Маған жақын адамдар да осылай істемесе, мен солай әрекет етемін бе?

Мінәжат. Қымбатты Көктегі Әке, киелілікке ұмтылмағаным үшін мені кешіре гөр. Мұны маңызды деп ойламадым, бірақ қазір қасиеттілікке деген ұмтылысым болуы керек екенін түсіндім, өйткені ол Сенімен кездесуге жол ашады. Дүниелік мінез-құлқым мен әрекеттерім үшін мені кешіре гөр де Исаның қанымен тазарта гөр. Қасиеттілікке деген үстіртін көзқарасыма өкінемін. Исаның атымен мінажат еттім. Амин.

Мойындау. Киелілікті толығымен түсіну ниетімен оған ие болуға тырысамын. Мақсатым – Құдайдың киелі болғаны сияқты менің де киелі болуым.

Тегіс те түзу — жолы әділдердің,
Уа, Хақ Тағала, жолды тегістейсің
Ой-ниеті адал адамдар үшін.

– ИШАЯ 26:7

21 | ҚАЛАУ МЕН КҮШ

Қасиетті өмір кешуге *тырысқаныңыз* үшін қазірде қиналып жатқан шығарсыз, бірақ шынын айтқанда, табысқа жеткеннен гөрі жиі сәтсіздікке ұшырадыңыз. Құдаймен жақындықты қалайсыз, алайда Иемізге мойынсұну қабілетіңіз жеткіліксіз. Мынаны есте сақтағаныңыз жөн болар: Сізбен арадағы жақындықты сізден көрі Құдай көбірек аңсайды. Шаттаныңыз, Құдай сізді жақтайды! Бұл ақиқат шиеленісті қолайлатсын.

Мүмкін, мәселе *тырысқаныңызда* болар. Мұса заңы дәлелдегендей, біз Жаратқан Иенің өсиеттерін орындауға қабілетсізбіз де Құдайдың көмегіне мұқтажбыз. Сол көмек Құдайдың рақымынан еш тыс та емес. Иса Мәсіхтің рақымы бізді заң талаптарынан босатты, оны сенушілердің көпшілігі біледі де. Алайда, көбісінің білмейтіні бұл: Иеміздің рақымы бұл деңгейден асты және бізге жаңа болмыс пен күнадан азат өмір сүруге мүмкіндік берді (Римдіктерге 6:6, 7 қараңыз).

Пауыл елшінің өзімізді тән мен рухтың ластығынан тазарту туралы нұсқауына көз тастасақ, оның алдында көбінесе еленбей кететін мәлімдеме бар. Бірнеше аят бұрын елші былай деген-ді:

«Құдаймен бірге еңбектенуші біз сендерден мынаны өтініп, ескертеміз: өздерің қабылдаған Құдайдың рақымы өмірлеріңде өнімсіз болмасын. Себебі Ол мынадай сөздерді айтқан: Мен мейірім көрсететін кезімде саған құлақ салдым, халқымды құтқаратын күнім келгенде сені қамқорладым» (Қорынттықтарға 2-хат 6:1, 2).

Бұл уақыт келді, біз Құдайдың көмегімен қасиетті өмір сүре аламыз. Өкінішке орай, Құдай рақымының толық мүмкіндіктері туралы ілімді сирек естиміз. Ол мәңгілік құтқарылу, күнәлардың кешірілуі, жазадан құтылу да лайық болмай тұра алған сыйлығымыз ретінде бейнеленеді.

Мұның бәрі шындық, алайда, рақымның тағы бір маңызды сипаттамасы бар: оның күші. Құдай Пауыл елшіге былай дейді: «Менің рақымым саған жетер: күшсіз жағдайыңда Менің құдіретім толықтай іске аса алады» (2 Қорынттықтарға 12:9). Басқаша айтқанда, «Пауыл, өз қабілетіңмен істей алмаған нәрсенді енді рақым деп аталатын Менің күшіммен істей аласың».

Пауыл бұл шындықты растайды да: «Құдай бізді құдіретті күшімен және Оны жақыннан танып білуіміз арқылы Өзіне ұнамды жаңа өмір сүруімізге қажеттінің бәрімен қамтамасыз етті» (2 Петір 1:2, 3). New Living Translation (NLT) аудармасы бұл туралы ашық түрде былай дейді: «Құдай Өзінің құдіретімен [рақымымен] қасиетті өмір сүруіміз үшін бізге қажет нәрсенің бәрін берді». Демек, рақым бізге қасиетті өмір сүруге күш береді!

Бұл шындық неліктен соншалықты маңызды? Мәсіхшілік дегеніміз сенімге негізделген өмір. Сол хат толығымен «сенім туралы сөз» деп аталады (Римдіктерге 10:8). Басқаша айтқанда, сенбейінше Құдайдан ештеңе алмаймыз, алайда, білмеген нәрсеге де сене алмаймыз. Сондықтан, рақымның құдіретін білмесек, шамамыз жеткенше Құдайдың разылығына жетуге тырысамыз. Ал ол деген жеміссіз де бақытсыз тіршілікке әкеледі.

Жаңадан туылу мысалын қарастырайық. Құдай құтқара алады деп сенетін көптеген құтқарылмаған адамдар бар. Алайда, тәубе етіп Ізгі хабарға сенбейінше, құтқарушы рақымынан ада. Біздің қасиеттілікке деген ұмтылысымыз да солай. Құдай қасиетті өмір сүру мүмкіндігін береді деп көптеген адам сенеді, бірақ олар *рақымның күш беретініне* шын жүректен сенбейінше, рақымнан еш пайда көрмейді.

Пауыл Қорынттық сенушілерден «Құдайдың рақымы өмірлеріңде өнімсіз болмасын» деп өтінген (2 Қорынттықтарға 6:1). Бір нәрсені босқа қабылдау – оны барынша пайдаланбау деген сөз. Егер адамға ауылшаруашылық техникасы мен онымен бірге тұқым берілсе, ол егінін егіп те өңдеп, қорек етіп өмір сүре алады. Егер де берілгенді пайдаланбаса, аштан өледі. Сонда көршілері не дейді? «Ол техника мен тұқымын бекер алған», – дер.

Пауыл елшінің айтқаны мынау-ды: Құдай сізге өз күшіңізбен өмір сүре алмайтындай өмір сүруге көмектесу үшін рақымын берді. Бұл сізге қасиетті өмір салтына ұмтылуға да оған жетуге де күш береді. Сенімнің аздығынан бұл күшті елеусіз қалдырмаңыз.

Егер Құдайдың рақымы батыс мәдениетінде кеңінен үйретілетін нәрселермен ғана шектеулі болса, яғни құтқарылу, күнәлардың кешірілуі және аспанға «рұқсаттама» дегеннен еш зор болмаса, онда

рақымды ысырап ету мүмкін болмас-ты. Онда босқа кетер еш әлеует жоқ, бұл Пауыл елші жазғанның еш мағынасы жоқ дегенді білдіреді.

Елшінің ой тізбегімен жүрсек, бәрі де үйлеседі. Қорынт қауымы дүниеқор өмір сүрді, адамдар киелілікке ұмтылмады. Бұл көзқарасты растау үшін, сәл кейінірек сол хатында Пауыл елші былай деп жазды: «Бұрын да күнә жасаған, әлі де жасап жүрген арамдықтан, неке адалдығын бұзушылық пен жүгенсіздіктерінен бас тартпаған талай адамдарың үшін көз жасымды төгіп қайғырып жүрмейін!» (Қорынттықтарға 2-хат 12:21). Алтыншы тарауға қайта оралсақ, Пауыл елшінің сол сенушілерден Құдайдың рақымын ысырап етпеуін сұрағанын көреміз, содан кейін елші оларды қаншалықты сүйетінін айтады да, неге лайықты жауап бермейтінін сұрайды. Содан кейін Пауыл елші негізгі мәселеге оралады - олардың Құдайдың рақымына немқұрайлы қарауы оларға әсер еткен зұлымдар үшін айқын-ды:

Сенбейтіндермен қоян-қолтық бірге жүріп, жаман ниеттеріне ортақтаспаңдар! Себебі әділдік пен заңсыздық арасында ортақ не бар? Яки жарық пен түнек қалай тығыз байланыста тұрмақ? (Қорынттықтарға 2-хат 6:14).

Дүниеге аттанып адасқандарды жарыққа бұру мен дүниешіл өмір салтының ықпалы астында болу арасында зор айырмашылық бар; мұны әрдайым есте сақтауымыз жөн. Дүние ықпалына берілу өмірдегі жолымыздан адастырар мінез-құлыққа әкеледі. Қайталайын, бұл деген рухани азғындық деуге келеді.

Содан кейін Пауыл жердегі сенушілердің естеріне Құдаймен бірлестіктерін салады. Құдай болса, олар туралы былай деген: «Мен орталарында тұрып, араларында жүретін боламын. Мен олардың Құдайы, ал олар Менің халқым болады. Жаратқан Ие мынаны айтады: Сондықтан олардың арасынан шығыңдар! Олардан бөлек тұрыңдар, арам нәрселеріне мүлдем жоламаңдар! *Сонда Мен сендерді қабылдаймын*» (Қорынттықтарға 2-хат 7:16, 17).

Тағы да Құдайдың қатысуы туралы уәдені көреміз, алайда, бұл жолғысы одан да жоғарғы деңгейде. Ол мерзімдік келіп-кетуді емес, бізбен әрдайым бірге болу туралы айтады! *Құдайды* (Оның айқын қатысуын) *көру* уәдесінің шартын да қайта көреміз. Егер әлемдік өзімшілдік пен тәкаппар қалаулардан аулақ болсақ, бізге Құдай құзырында мәңгілік өмір уәде етілген: «*Мен сендерді қабылдаймын*». Қарсысы да дұрыс: өзімізді дүниенің жиіркенішті істерімен арамдасақ, өмірден ада қаламыз. Пауыл елші үндеуін осы мәлімдемемен аяқтайды:

«Осы уәделердің бәрі де бізге берілгендіктен, сүйікті бауырластарым, тәніміз бен рухымызды арамдайтын барлық нәрселерден тазарып, Құдайды терең қастерлеп, толығымен Оған бағышталған қасиетті өмір сүрейік!» (Қорынттықтарға 2-хат 7:1).

Енді Пауылдың Філіпідегі қауымға айтқан сөздерін жақсырақ түсіне аламыз: «Әрі Құдайды терең қастерлеп, Оған ұнамайтын нәрселерден қатты жиіркеніңдер! Себебі Өзіне ұнайтын істерді *қалап, жүзеге асыруларыңа* түрткі болушы — Құдай» (Філіпіліктерге 2:12, 13). Иемізді қастерлеу істерге итермелейді (қалау береді), ал Иеміз Иса Мәсіхтің рақымы оларды жүзеге асыруға түрткі болады (күш береді).

Бір қадам алға жылжысақ, (Құдайды қастерлеу болмағандықтан) қалау жоқ жерде күшке мән берілмейді. Сондықтан ол пайдаланылмайтын да ысырап болады! Яғни Құдайды қастерлеуіміз жемістілік пен ұзақ өміріміз үшін өте маңызды.

Тазалық қасиеттіліктің үлкен бөлігі, бірақ толық анықтамасы емес. Бұл енді анық деп үміттенемін. Естеріңізге сала кетейін, киеліліктің негізгі анықтамасы – *Құдайға бағышталу, толығымен Оған тиесілі болу*. Қасиеттіліктің негізгі мағынасын толығырақ ашып көрейік: қалыңдық күйеу жігітке үйленгенде, өзін оған толығымен береді. Оған деген адалдығы көзқарасы мен мінез-құлқындағы тазалығын қамтиды. Тазалық – түпкі мақсат емес, қалыңдықтың өзін күйеу жігітке арнауының бір бөлігі.

Демек, шынайы киелілік – Құдаймен терең жақындыққа жол ашатын, табиғаттан тыс, қасиетті тазалық. Кітабымыздың қалған тауларында да осы таңырқатар жайт туралы сөз қозғаймыз. Алайда, ең алдымен, Күйеу жігітке бағышталған өмірдің іс жүзінде қандай болатынын талқылауды жалғастыруымыз керек. Жауап бір-ақ сөзден тұрады: *мойынсұну*.

Санаңызға сіңіріңіз

Киелі Кітаптан үзінді. «Мәсіх Исаның сыйлайтын рақымымен күшейе бер» (2 Тімотеге 2:1).

Мағынасы. Рақымның құдіретінен бейхабар болсақ, шамамыз келгенше Құдайдың разылығына өз күшімізбен жетуге тырысамыз. Біз қабылдаған Құдайдың рақымы бекер қалады.

Ой толғау. Қасиетті өмір сүруге тырысып, сәттілікке жеткеннен

гөрі сәтсіздікке тап болдым ба? Қабілетім жеткенше тырыстым ба? Қасиетті өмір сүруге күш беретін Құдайдың рақымына сендім бе? Олай болмаса, жағдайды қалай өзгерте аламын?

Мінәжат. Қымбатты Көктегі Әке, Сенің рақымыңның күшімен ғана Құдайға ұнамды да даңқты қатысуыңды көрсететін өмір сүре алатынымды түсінемін. Мұны өз бетімше істеуге тырысқаным үшін мені кешіре гөр. Бұдан былай Исаның даңқы үшін бөлек өмір сүруге бел буамын да Сенің рақымыңа бөленетін боламын. Исаның атымен дұға еттім. Амин.

Мойындау. Киелілікке ұмтылуға Құдайды қастерлеу түрткі болады, Құдайдың рақымының күшімен оған жетемін де.

ҚҰДАЙ СӨЗІНЕ БІЗДІҢ ЖАУАБЫМЫЗ

4-АПТА

Жүргізе гөр мені
өсиетіңнің жолымен,
Содан зор қуаныш тауып
келемін мен.

– ЗАБУР 118:35

22 | ҚҰДАЙДЫҢ СӨЗІН ҚАСТЕРЛЕУ

Кітаптың бірінші бөлімінде Жаратқан Иені қастерлеу ұғымын екі абсолютті анықтамаға бөліп қарастыру жайлы айттық: Құдайдың құзырын қастерлеу және Құдайдың Сөзін қастерлеу. Құдайдың салтанатты құзыры жайлы сөз қозғадық, бірақ бұл тақырып шексіз, өйткені біз Құдайды мәңгілік қастерлейтін боламыз. Осы бөлімде Құдайдың Сөзіне қалай жауап беретінімізге назар аударамыз.

Біріншіден, Құдай халқы Жаратқан Иемен шынайы қарым-қатынастан алыстап, оны жай ғана салт-дәстүрге айналдырған кезеңді қарастырайық. Олардың назарын Өзіне аудару үшін Жаратқан Ие мынаны айтады: «Аспан Менің тағым, ал жер табан тіренішім сияқты. Сонда сендер Маған қандай үй салып бермексіңдер? Яки тынығып демалатын орным қай жер болмақ?!» (Ишая 66:1).

Егер осы тараудың алғашқы бес аятын оқып шықсақ, байқайтынымыз, халық Құдаймен қарым-қатынасын өз бетінше дамытып, сақтауға тырысқан, ал Құдай Тағаланың айтып тұрған сөзіне көңіл бөлмеген. Құдай нұсқаған жолмен жүруге аса құлшыныс танытпасада да, Жаратқан Иеге ұнамды болатынына сенді. Құдай олардың таңдаған жолының қиянат екенін анық көрсетеді де, шынайы қарым-қатынасты бастау үшін не қажет екенін айтады:

«Ал Мен көз қырымды салатындар: күнәларына шын жүректен өкініп, *сөзімді терең қастерлеп*, іске асыратындар» (Ишая 66:2).

«Көз қырын салу» деген сөз тіркесі иврит тіліндегі «набат» етістігі, ол «қарау, байқау, үңілу» дегенді білдіреді. Бір нәрсеге үңіле қарау

немесе мұқият назар аудару». Негізінде, Құдай бұл аятта: «Мен осындай адамдарға қатты көңіл бөлемін» дейді. Осы аятта келтірілген үш қасиет — күнәға шын жүректен өкіну, Құдайдың Сөзін қастерлеу, Құдайға бағыну — осы бөлімде біздің назарымызда болады.

Оның Сөзін қастерлеген адам әрқашан Құдайдың сөздерін бәрінен де жоғары қояды. Ондай адам үшін одан маңызды ештеңе жоқ. Шынайы қастерлеудің дәлелі – осы. Мұндай адам бақытты. Пауыл елші былай дейді:

«Сонымен, сүйікті бауырларым, сендермен бірге болғанымда әрдайым Құдайға мойынсұндыңдар, ал қазір мен қастарыңда жоқ кезде де солай істей берулерің әлдеқайда маңыздырақ болмақ: құтқарылуларыңа сай іс-әрекет жасап, соны толығымен жүзеге асыруға ұмтылыңдар, әрі Құдайды терең қастерлеп, Оған ұнамайтын нәрселерден қатты жиіркеніңдер!» (Філіпіліктерге 2:12).

Бұл сөздерді Пауылдың Філіпідегі сенушілерге жазғаны ретінде емес, Құдайдың бізге тікелей айтқаны деп ойлап көріңіз. «Әрдайым Құдайға мойынсұндыңдар» деген сөздерге назар аударыңыз; Құдайдың құзырын сезінген-сезінбегеніңізге қарамастан, Құдайдың сізге болысқан-болыспағанына қарамастан, дұғаңыз тез арада қабыл болған-болмағанына қарамастан деген сөз.

Құдайдың құзыры күшті болатын конференция уақытында бәріміз бір-бірімізге мейірімдіміз, ондайда Құдайға мойынсұну оңай. Сеніп жүрген әріптесіңіздің жаласына бола жұмыстан қуылсаңыз ше? Құдайдың Сөзіне сай әріптесіңізді кешіресіз бе, әлде кек алу жолын іздейсіз бе?

Егер сіз іссапарда жүріп, жалғызсырасаңыз, күйеуіңіздің (немесе әйеліңіздің) сынын еске ала бастасаңыз ше? Сұлу әріптесіңіз жылы сөйлеп, кешті қонақүй бөлмесінде бірге өткізуді ұсынады. Ол туралы ешкім білмейді. Ондайдан аулақ боласыз ба, әлде ұсынысты қабылдайсыз ба?

Егер сіз түнде компьютерде жұмыс істеп, интернеттен жұмысқа қажетті ақпаратты іздеп, порнографиялық сайттың жарнамасын көрсеңіз ше? Сілтемені басасыз ба?

Осындайда Құдайдың құзырын сезінбейсіз. Егер сіз Оның Сөзін қастерлесеңіз, қандай жағдайда да мойынсұнатын боласыз, өйткені сіз үшін Құдайдан қымбат ешкім де, ештеңе де жоқ. Бұл сіздің Жаратқан Иені қастерлейтініңізді көрсетеді, өйткені “Жаратқанды шын қастерлейтін күнәдан аулақ жүрер” (Нақыл сөздер 16:6).

Забур жыршысы былай деп жазады:

«Иеміздің өсиеттерінен ләззат тапқан,
Оны қастерлейтін жан жарылқанған» (Забур 111:1).

Құдайды қастерлейтін адам тек мойынсұнып қана қоймайды, сонымен бірге одан үлкен ләззат алады. Мойынсұну ауыртпалық емес, қуаныш. Құдай – біздің Жаратушымыз, сондықтан бізге ненің пайда, ненің зиян екенін біледі. Ал Құдайды қастерлейтін адам осыны мойындайды.

Ұлдарымыздың балалық шағы есімде. Исаның туған күні мен үшін әдетте жұмыспен байланысты болатын. Кішкентай балалары бар әкелердің көпшілігі менің не айтып тұрғанымды түсінеді. Барлық сыйлықтар ашылғаннан кейін, олардың кейбіреулерін құрастыру керек болады. Әкенің көбісі сияқты, мен де қорапты ашып, барлық бөлшектерді еденге төгіп тастаймын, қорап пен нұсқауларды ысырып тастап, ойыншықты құрастыруға кірісемін. Құрастыру жұмыстары әдетте бір сағаттай уақыт алады да, соңында еденде тағы оншақты бөлшек қалады. Мен «қосу» батырмасын басамын, ештеңе шықпайды. Не істеуім керек? Нұсқауларды іздеп табамын да, ойыншықты қайта бөлшектеп, өндірушінің нұсқауларына сәйкес қайта құрастырамын. Мінекей – енді ойыншық ойдағыдай жұмыс істейді!

Құдайды қастерлейтін адам Жаратушыға әрқашан мойынсұнады. Жүрегінің тереңінде сақталған, мызғымас ақиқатты бұлжытпай ұстанады:

1. Мен үшін ненің дұрыс екенін Құдай ғана біледі.
2. Құдай – риясыз сүйіспеншілік, сол сүйіспеншілік маған бағытталған.
3. Құдай маған ешқашан өзіме зиян келтіретін нәрсені жаса деп айтпайды. Оның айтқанының бәрі әрқашан да жақсылықпен аяқталады.
4. Сондықтан Ол не айтса да, мен Оған қуанышпен мойынсұнамын.

Исраилдіктер үнемі шағымданумен болды. Жетекшілеріне де, өмірлерінде болып жатқан оқиғаларға да көңілдері еш толмады. Жоқшылығын да, мұқтаждықтырын да, өздеріне жақпағанның бәрін де Құдайдан көрді. Оларда қасиетті қорқыныш болмады және Құдайдың Сөзін қастерлемеді. Құдай оларға былай деді:

«Өйткені сендер бар игіліктерге кенелген кездеріңде Құдайларың
Жаратқан Иеге *шат жүрекпен мойынсұнып, қуана* қызмет етіп

жүрмедіңдер. Сондықтан енді арып-ашып, шөлдеп, жалаңаш жүріп, қай нәрсеге де тарығып, Жаратқан Ие сендерге қарсы аттандырған жауларыңа қызмет ететін боласыңдар» (Заңды қайталау 28:47, 48).

Құдайдың Сөзін қастерлеу жан дүниеніңде қуанышқа бөленуді де білдіреді. Олай болмаса, онда қуаныштың жоқтығын түрлі жайттар ашып көрсетеді. Киелі кітапты оқып отырып, Исраилді тамаша тағдырынан тайдырған бес күнәні көргенім есімнен кетпейді! Олар: зұлым істерге құмар болу, пұттарға табыну, азғындық, Құдайды еркінсіп сынау және күңкіл (1 Қорынттықтарға 10:6-10). «Күңкіл» деген сөзді оқығанда, кәдімгідей ашуландым. «Бұл қалай? Күңкіл! Мынадай жексұрын күнәлармен күңкілді теңеуге болады ма?» дедім бар даусыммен.

Сол сәт Киелі Рухтың: «Ұлым, күңкіл – Менің алдымда ауыр күнә», – дегенін естідім. Ол маған шағымданушы адамның қалай ашуланатынын көрсетті: «Менің өмірімде істеп жатқаныңды ұнатпаймын, Құдай, Сенің орныңда болсам, мен басқаша істер едім».

Сосын Ол былай деп қосты: «Бұл Менің ізгілігімді аяққа таптау, Менің еркіме қарсы шығу, сайып келгенде, Мені қастерлемей».

Осыны Лизамен бөлістім. Біз балаларымыздың санасына күңкілдің бүлік екенін сіңіруге келістік. Құдайдың осы айтқанын шын жүрегіммен қабылдадым. Ештеңеге күңкілдемей, ешнәрсеге шағымданбауға тырыстым, ешнәрсеге ренжімеуге, бір ауыз шағым айтпауға тырыстым. Алайда кейінірек, төрт күндік ораза тұтқанымда, Киелі Рухтың жүрегіме: «Ұлым, мен сенің жүрегіңдегі күңкілді естимін» деп сыбырлағанын естідім.

Сол сәт тізерлей кетіп, тәубе еттім. Кейінірек Құдайға шын жүректен шаттана қызмет етпегенімді, сөйтіп, жауларым басым болып кеткенін көрсетті. Пауыл елшінің сөздеріне тағы да назар аударайық:

«Сонымен, сүйікті бауырларым, сендермен бірге болғанымда әрдайым Құдайға мойынсұндыңдар, ал қазір мен қастарыңда жоқ кезде де солай істей берулерің әлдеқайда маңыздырақ болмақ: құтқарылуларыңа сай іс-әрекет жасап, соны толығымен жүзеге асыруға ұмтылыңдар, әрі Құдайды терең қастерлеп, Оған ұнамайтын нәрселерден қатты жиіркеніңдер! Себебі Өзіне ұнайтын істерді қалап, жүзеге асыруларыңа түрткі болушы — Құдай. *Бәрін де наразылықсыз, шүбәланбай істеңдер!*» (Філіпіліктерге 2:12-14).

Сол оразадан кейін, көп ұзамай бұл аяттың мағынасы маған тереңірек ашылды. Ол менің көзімді ашты, күңкіл қасиетті қорқынышқа мүлдем қарама-қайшы, бұл Құдайдың Сөзін қастерлемей. Наразылық тұрғысынан сөйлеген сөзіміз, наразылыққа толы санадан шыққан ойымыз Құдайды және Оның Сөзін қорлайды.

Құдайды қастерлейтіндер мойынсұнудан маңызды әрі пайдалы ештеңе жоқ екеніне нық сенеді. Олар кез келген жағдайда Жаратқан Иеге мойынсұнады; олар Құдай Сөзін қазіргі қоғамның мәдениеті немесе үрдістері арқылы сүзгіден өткізбейді. Олар басқа сенушілердің мінез-құлқына қарамастан Құдай Сөзіне бағынады, олар қашанда Құдайға мойынсұна береді.

Санаңызға сіңіріңіз

Киелі Кітаптан үзінді. «Егер Маған мойынсұнып, тілімді алсаңдар, жердің жақсы өнімдерін жейтін боласыңдар» (Ишая 1:19).

Мағынасы. Құдайды қастерлейтініңіздің дәлелі - мойынсұну, ол жағдайға қарамастан дұрыс көзқарас пен тиісті әрекетті қамтиды.

Ой толғау. Мен Құдайға тек қолайлы жағдайларда ғана мойынсұнамын ба? Мен бәрі ойымдағыдай болмаған кезде шағымдануға бейіммін бе? Қуаныш пен алғыс сезімі жүрегімде әрқашан сақталуы үшін не істеуім керек? Мойынсұнуға деген шешімімде қайтсем табанды бола аламын?

Мінәжат. Қымбатты Көктегі Әкем, Сенің Сөзіңді құрметтемегенім үшін кешіре гөр. Менің мойынсұнуым шартты болды және менің көзқарасымда қуаныш пен ризашылық болмады. Алдыңда тәубе етіп, кешірім сұраймын. Мен қасиетті қорқынышты қабылдаймын. Мені үйретуіңді және әрқашан қуанышпен мойынсұнуым үшін маған күш-жігер беруіңді сұраймын. Исаның атымен дұға еттім. Әмин.

Мойындау. Мен Құдайды қастерлеймін, сондықтан Ол Өзіне ұнайтын істерді қалап, жүзеге асыруыма түрткі болады.

Даурығып айғайлағанша,
Жаратқан Иенің сөзін
қастерлеп, Құдай
сүйіспеншілігінің шексіз
ұлылығы алдында бас
иген абзал.

– Ч. Г. СПЕРДЖЕН

23 | ДЕРЕУ

Қасиетті қорқыныштың басты қасиеті — Құдай Сөзіне мүлтіксіз мойынсұну, ол біздің өмірімізге керемет пайда әкеледі. Құдай Сөзін қастерлеудің бес түрлі қыры бар және алдағы бес күнде біз олардың әрқайсысын жеке қарастырамыз. Біріншісін қарастырайық.

1. Құдайға дереу мойынсұн.

Мойынсұну – Құдайды қастерлейтіндердің үлесі. Мұндай адамдар Құдайдың жүктеген ісін орындауды жеке мүдделерінен жоғары қояды. Қасиетті қорқыныш олардың жүрегіне мына ойды ұялатады: *Құдай үшін маңызды нәрсе мен үшін бірінші орында.*

Осы тақырыпқа қатысты Киелі Кітаптан талай үзінді келтіре аламыз, дегенмен, осы тұста Исаның екі мәлімдемесін қарастырайық:

«Сонымен сен Құдайға арнаған сый-тартуыңды ғибадатханадағы құрбандық үстеліне алып барғанда, бауырласыңның өзіңе өкпелеп жүргені сонда есіңе түссе, алып келгеніңді сол жерде қалдыр да, бауырласыңа барып, онымен (*дереу* – Киелі Кітаптың кеңейтілген аудармасында – *аудармашының ескертуі*) татұлас! Бұдан кейін қайтып келіп, сый-тартуыңды Құдайға бағыштап ұсын» (Матай 5:23, 24).

Дереу деген сөзге бірден назар аударыңыз. Ишая пайғамбардың жазбасы, 66- тарауда айтылғандай, егер біз мойынсұнуға немқұрайлы қарап, Оның бұрын айтқанын орындауға құлықсыз болсақ, Құдайдың жаңа тапсырмасына кірісуіміздің қажеті жоқ. Келтірілген үзіндіде Иса өкпе-реніш туралы айтып отыр, бірақ тұтастай алғанда бұл принцип барлық жағдайларға қатысты.

Әйелінің көзіне шөп салып жүріп, дұғам неге қабыл болмай, кәсібім

неге өркендемей жүр деп таңырқаған адам есіңізде болар. Осы тұста сәл кідіріп, ойланайық. Неке адалдығына шақыратын Құдай Сөзін қастерлемесе, неге ол Құдайдан өзінің бизнесіне батасын береді деп күтті?

Исраилдің бас діни қызметкері Елидің екі ұлы болды, олар әкесінің қарамағында қызмет етті, бірақ олар күнәға батқан адамдар еді. Олар зина жасап, халықтың Құдайға ұсынған құрбандықтарын күшпен тартып алды. Ели олардың зұлымдығына мән бермей, ұлдарымен сөйлесуді *кейінге қалдырды*. Сонда Құдай оны бұл немқұрайлылығы үшін жауапқа тартты: «Неге сен ұлдарыңды Менен артық көресің?» (Патшалықтар туралы 1-жазба 2:29).

Әлдебір адамға немесе мақсатқа бола Құдайға мойынсұнуды кешіктірсек немесе елемейтін болсақ, Құдайдан гөрі сол адамды немесе мақсатты құрметтегеніміз. Яғни, қасиетті қорқыныштың жоқтығы. Құдай әрі қарай былай дейді:

«Мені сыйлағандарды Мен де сыйлаймын, ал Мені *менсінбегендер* масқара болады» (Патшалықтар туралы 1-жазба 2:30).

Ойландырар сөз. Құдайдың Сөзіне мойынсұнуды кейінге қалдыру немесе мүлде елеусіз қалдыру – Құдайға жеңіл-желпі қараудың белгісі. Сайып келгенде, Құдайды бірінші орынға қоймайтынымыздың көрінісі. Құдай Өзін *менсінбейтіндерді масқара қылатынын* айтады. Қазақшаға «масқара» деп аударылған сөз – ивриттің «kalal» сөзі, ол «түкке тұрғысыз, елеусіз қалу» дегенді білдіреді. «Елеусіз» мағынасы ескеруге тұрмайтын, маңызды емес дегенді білдіреді. Бұл аятты балай деп те түсінуге болады: Құдайдың Сөзіне жеңіл-желпі қарайтын адамға маңызды көрінген нәрсені Жаратқан Ие түкке тұрғысыз деп санайды.

Әлгі кәсіпкер Құдайдың жыныстық тазалыққа қатысты айтқан сөзін құрметтейтін болса, Құдай да оның кәсібін маңызды деп санайтын ба еді, бәлкім. Алайда оқиғаның өрбуіне қарасақ, Құдай оның бизнесін ескермеген сияқты.

Құдайға дереу мойынсұнудың маңыздылығын көрсететін тағы бір аят – Исаның Ефестегі қауымға айтқан сөзі:

«Өзіңнің қандай биіктіктен құлдырағаныңды ойлашы! Өкініп, теріс жолыңнан қайтып, алғашқыдағы игі істеріңді жасайтын бол! Әйтпесе саған *жуырда* келемін де, шам қойғышыңды (қауымдардың арасындағы) орнынан алып тастаймын. Егер өкініп, теріс жолыңнан қайтпасаң, осылай істеймін» (Аян 2:5).

Тәубе ету дегеніміз — ойымызды өзгерту, сөйтіп, Құдай Сөзіне

сәйкес әрекет ету. Егер бұл қауым мойынсұнуға асықпаса, батаға ие болу мүмкіндігінен қапы қалар еді. Иса жуырда келіп, оны беделінен айырады. Тағы да қайталаймын, бұл – ес жиғызар сөз.

Лұқа жазған Ізгі Хабарда айтылған астарлы әңгімені қарастырайық. Әңгіме кейіпкерлері әр істің мерзімі мен маңыздылығын дұрыс бағалай алмаған. Соның салдарынан зор мүмкіндіктен қағылып қалған. Иса былай деді: «Біреу үлкен қонақасын дайындап, көп адам шақырады. Тамақ ішетін уақыт болғанда, шақырғандарына қызметшісін жіберіп былай дегізеді:

— Келіңдер, барлығы дайын тұр!» (Лұқа 14:16, 17).

Күмән жоқ, бұл Жаратқан Иенің сөзі: ас дайын! Мерзім келді.

Шақырылған қонақтардың жауабын қараңыз: «Бірақ бәрі бірдей кешірім сұрап, біреуі:

— Егіндік жер сатып алдым, соны барып көруім керек. Өтінемін, маған кешірім ете гөр! — десе...» (18-аят). Шақырылғандар келе алмауының себебін дәлелдеп берген сияқты. Біреуі жер сатып алды, екіншісі кәсібін қараусыз қалдыра алмады, үшіншісі – әйеліне көңіл бөлуі керек болды. Айтылған сылтаулардың арасында зинақорлық, ұрлық, кісі өлтіру немесе күнәға жататын басқа нәрселер жоқ. Алайда, *күнә болып табылмайтын нәрсе сіз үшін Құдай Сөзінен басым болса, ол күнәға айналады.*

Қызметшісі қайта оралып, мұны қожайынына айтып береді. Үй иесі қаһарланып, қызметшісіне:

— Тез барып, қаланың үлкенді-кішілі көшелерін аралап, жарлы-жақыбайларды, кемтар, ақсақ, соқырларды алып кел! — деп бұйырады (21-аят). Үй иесі ренжіді деп жазылмаған, ол қаһарланды делінген. Неге дейсіз ғой? Өйткені оның шақыруы жеңіл-желпі қабылданып, елеусіз қалды.

Үй иесі енді не істемек? Тойға мүлде басқа адамдарды шақырады. Иса астарлы әңгімесін мына сөздермен аяқтайды: «Сендерге шындығын айтамын: алдымен шақырылғандардың ешқайсысы да қонақасымнан ауыз тимейді! Неге десеңдер, шақырылғандар көп, ал таңдап алынғандар аз» (24-аят). Олар берілген мүмкіндіктен қапы қалды. Айтқан сылтаулары ешбір зияны жоқ нәрсе болып көрінгенімен, сайып келгенде, Құдайдың еркін орындаудан алшақтатты. Иемізді шын жүректен қастерлемесек, Оның еркін орындаудан тайып кетуіміз оп-оңай.

Киелі Жазбада берілген мүмкіндіктен қапы қалған адамдар көп. Бұл – мойынсұнуды кешіктірудің нәтижесі. Ондай мысалдарды түгел тізіп шығу мүмкін емес, дегенмен, біреуін атап өтейін. Лұқа жазған Ізгі Хабардың

9-тарауында Иса екі түрлі адамды Өзіне еруге шақырады. Не деген ғажап – әлемнің Иесі сізді Өзіне серік болуға шақырады! Бірінші адам келіскенімен, мынадай шарт қойды: «Мырза, *алдымен* үйге барып, әкем қайтыс болғанша қасында болып, сүйегін жерлеп келейін» (59-аят).

Әлгі адам Исаның соңынан еруге *келісті*, бірақ өз мүддесін бірінші орынға қойды да, Құдайдың еркін орындауды *кейінге қалдырды*. Тарихшылардың айтуынша, сол заманда тұңғышы әкесін жерлегенде екі еселенген енші алады да, басқа ұлдары бір ғана үлес алатын болған. Алайда, тұңғыш ұл әке алдындағы борышын өтемесе, мұра екінші ұлына өтетін еді. Әлгі адам ақылға қонатындай-ақ уәж айтты. Және оның ниеті сол заманның заңына сай әрі күнә санатына жатпайды. Дегенмен, ол Исаның соңынан ермеді. Өкінішке орай, бұл жігіт берілген мүмкіндіктен бас тартты.

Дәл сондай шақыруды тағы бір адам алды, оның берген жауабы: «Мырза, мен Сізге еремін. Бірақ *алдымен* қайтып барып, үй ішіммен қоштасып келуге рұқсат етіңізші» (61-аят). Тағы да «алдымен» деген сөзді көріп тұрмыз. Бұл жолы да Құдайдың Сөзіне берілген жауап күнә болып табылмайды. Соған қарамастан, шақыру алған адам көк пен жердің Жаратушысына жақындау мүмкіндігінен айырылып қалды.

Келесі тарауды оқиық: «Содан кейін Иеміз Иса тағы басқа жетпіс шәкіртін таңдап алып, оларды Өзі баратын барлық қалалар мен ауылдарға Өзінен бұрын екі-екіден жіберді» (Лұқа 10:1). Осы жетпіс адамның қатарында әлгі екеуі де болатын еді, бірақ олар Құдайға мойынсұнуды кейінге қалдырып, мүмкіндіктен айырылды.

Құдай халқына қызмет етіп жүргеніме көп жыл болса да, әлдебір сенушінің: «Құдай екі айдан бері маған осыны айтып жүр» дегенін естігенімде, әлі күнге дейін шошынам. Мұны айтқан адам болса, түк болмағандай жымыып, тіпті күле сөйлейді. Құдайды қастерлемейтінін мақтан етіп тұрғанын түсінбейді. Түсінсе, мұндай сөзді жеңіл-желпі айта алмас еді.

Ал егер Мұса бағып жүрген малын тастап, жанып жатқан бұтаға жақынырақ бармаса ше (Мысырдан шығу 3-тарауды қараңыз)?

Нұх кеме салуды кейінге қалдырса ше?

Ыбырайым Қанаханға баруды кешіктірсе ше? Ол жаққа баруға бірінші болып Ыбырайымның әкесі шақырылған болатын. Әкесі кейінге қалдырып жүріп, ақыры айырылып қалған мүмкіндікті Ыбырайым жүзеге асырды (Жаратылыс 11:31 қараңыз).

Екі басшы Санабаллат пен Гешемнің Нехемиядан жұмысты тоқтатып, кездесуге келуін талап етті. Осы талапқа сай Нехемия қабырғаны қалпына келтіру жұмыстарын кейінге қалдырса ше? Бірақ

Нехемия Құдайды қастерлейтін. Ол былай деп жауап берді: «Мен мұнда зор іспен айналысып жатырмын. Сондықтан сол жерге төмен түсіп бара алмаймын. Не үшін жұмысты тоқтатып, сіздерге ылдилап баруым керек?» (Нехемия 6:3).

Мұндай мысалдар Киелі Кітапта сансыз көп. Қорытындылай келе айтарым, Оның Сөзін қастерлейтін адам Құдайға дереу мойынсұнады.

Санаңызға сіңіріңіз

Киелі Кітаптан үзінді. «Мен өсиеттеріңді тез орындап,

Кешеуілдеткен жоқпын жалтақтап» (Забур 118:60).

Мағынасы. Құдайдың Сөзіне мойынсұнуды қандай да бір сылтаумен кейінге қалдырған адам Құдайдың еркі ол үшін екінші орында тұрғанын көрсетеді.

Ой толғау. Мүлде зиянсыз болып көрінетін нәрсе бізді Құдайдың еркін орындаудан алшақтатуы мүмкін. Күнә санатына жатпайтын нәрсе Құдай Сөзінен басым болса, күнәға айналады. Жеке мүддем маңыздырақ болып, Құдайға мойынсұнуды кейінге қалдырған кездерім болды ма? Мұндай жағдай қайталанбау үшін не істеуім керек?

Мінәжат. Қымбатты Көктегі Әкем, Сенің Сөзіңді кейінге қалдырып, оны ең маңызды нәрсе ретінде бірінші орынға қоймағанымды кешіре гөр. Сол ісіммен Сенің алдыңда маңызды нәрселердің мен үшін маңызды емес екенін көрсетіппін. Тәубе етіп, Сенен кешірім сұраймын. Бұдан былай Сенің айтқаныңды маңызды деп танып, соған басымдық беремін. Исаның атымен дұға етемін. Әмин.

Мойындау. Маған Құдайдың қалауы ашылған бойда оған дереу мойынсұнатын боламын.

Шектеулі адами түйсікке сай
өмір сүруге жаралған жоқпыз.

Ең бастысы, Құдай Сөзіне
мойынсұну және Құдайдың
жетелеуімен жүру. Оның еркіне
мойынсұнсақ, біз әлемдегі ең
қауіпсіз жерде боламыз.

– ЮН БАУЫРЫМЫЗ

24 | МҰНЫҢ ЕШ МАҒЫНАСЫ ЖОҚ

Киелі Рухтың сізді мүлде мағынасыз көрінген іске бастаған кездері болды ма? Құдаймен ұзақ уақыт жақын қарым-қатынаста болғандардың көпшілігі не туралы айтып тұрғанымды түсінеді. Дегенмен, тағы бір сұрақ қояйын: Құдайға мойынсұнып, айтқанын орындағаныңыздан кейін, тапсырманың мән-мағынасын түсінген кезіңіз болды ма? Бұл сұрақтың жауабы әрқашан дерлік – «иә». («әрқашан дерлік» деуімнің себебі, сирек жағдайда мағынасын Жаратушының алдына барғанымызда ғана білеміз)

«Құдайдың Сөзін қастерлеу» тақырыбын зерттеуді жалғастыра отырып, қасиетті қорқынышқа ие адам шын мәнінде:

1. Құдайға дереу мойынсұнады.
2. **Құдайдың айтқаны қисынсыз болып көрінсе де, мүлтіксіз орындайды.**

Құдай кейде ақылға қона қоймайтын нәрселерді істеуімізді сұрайды. Мұндай жағдайлар, сирек болса да, орын алады. Сізге бірнеше сұрақ қояйын.

Жерге түкіріп, зағиптың көзіне балшық жағып, сосын барып жуын деген тапсырманың мақсаты не, пайдасы бар ма? Жоқ, мұндай кеңес мүлде қисынсыз болып көрінеді, дегенмен, осы кеңес (даналық) зағиптың көзін ашты.

Тойдың ортасында, шарап таусылған сәтте ыдыстарға су құюдың мәні бар ма? Жоқ, бұл мән-мағынасы жоқ әрекетке ұқсайды. Алайда, Исаның тапсырмасын ың-шыңсыз орындаған қызметшілер дастарханға шараптың жақсысын қойды.

Қайықтары дайын тұрғанда, тәжірибелі теңізшілерге өздерінің түйсігі мен біліміне қарсы шығып, батып бара жатқан кемеде қала беріңдер деп кеңес берудің мағынасы бар ма? Жоқ, сол сәтте бұл кеңестің еш қисыны жоқ-ты. Дегенмен, осы кеңес кемедегі 276 адамның өмірін шашау шығармай, сақтап қалды (Елшілердің істері 27:27–36).

Сіз таратқан Ізгі хабар арқылы әлдебір қалада рухани ояныш басталды делік. Енді сол қаланы тастап, шөл далаға бар деген бұйрыққа мойынсұнудың не мәні бар? Сол сәтінде мұндай бұйрықтың еш мағынасы жоқ болып көрінгенімен, ол (даналық) Эфиопия елінің билік сатысындағы үшінші адамның құтқарылуына жол ашты.

Үлкен қаланың мұнаралары мен бекініс қабырғаларын алты күн үнсіз айналып, жетінші күні жеті рет қайталап, ең соңында керней тартып, айқайлаудың мәні бар ма еді? Жоқ, бұл бір мән-мағынасыз бұйрық, бірақ осы бұйрық (даналық) жау қамалының құлауына әкелді.

Улы көже толы қазанға ұн салып, пайғамбарларға ішкізудің қисыны бар ма? Жоқ, еш мағынасы жоқ сияқты, алайда, бұл кеңес (даналық) жиналған жұртты тойдырды әрі ауырған адам болмады.

Сізді, жақыныңызды немесе сүйіктіңізді ренжіткен адамды кешірудің қисыны бар ма? Олар лайықты жазасын алуы керек қой?

Өзіңізге қас адамды жақсы көрудің қисыны бар ма? Біз оларға менсінбей қарауымыз керек емес пе?

Саған жамандық жасағандарға жақсылық жасаудың мәні бар ма? Олармен есеп айырысуымыз керек емес пе?

Билік басында отырып, арамдық жасағандарды құрметтеудің мағынасы бар ма? Одан да, шағым айтып, бүлік шығармаймыз ба?

Өзіңізді сыйламаған адамды сыйлаудың не мәні бар? Ондайларды сөгіп тастағанымыз жөн емес пе?

Мен тараудың қалған бөлігін, тіпті бүкіл кітапты Киелі Жазбадағы қисынсыз бұйрықтар мен тапсырмаларға толтыра аламын, алайда, нәтижесіне қарасақ, олардың әрқайсысы Құдайдың даналығы болып шықты. Құдайдың бұйрыған қастерлеп, мойынсұнғандар жарылқанды. Ал Құдайды қастерлемейтіндер немқұрайлылық танытып, Құдайдың Сөзіне мән бермеді, сөйтіп, зардап шекті.

Даналықтың бастауы — терең қастерлеу
Жаратқан Иені әрі Оған шын бағыну,
Мұны ұстанған әркім парасатты болады.
Иеміз мәңгі бақи мадақталады! (Забур 110:10).

Даналықтың бастау шынымен де Құдайды қастерлеу екенін көріп отырған боларсыз. Киелі Жазба тағы былай дейді:

«Өз ақыл-санаңа сүйеніп жүрме,
Сенім арт шын жүректен Жаратқан Иеңе.
Бар жағдайда да мойында Тәңір Иеңді,
Сонда Ол тура жолмен жетелер сені» (Нақыл сөздер 3:5, 6).

Құдайдың даналығы біздікінен әлдеқайда жоғары, сондықтан өзіміздің ақыл-санамызға сүйенбеуіміз керек. Бізге әлдебір қисынсыз көрінген іс тапсырылса, көбіне өз ақылымызға саламыз да, орындаусыз қалдырамыз. Ал мойынсұнғанымызда, ақыр соңында ұтар едік. Құдайды қастерлейтін адам Жаратқан Иенің бұйрығы қисынсыз болып көрінсе де, бағынады.

Бірнеше жыл бұрын мен бір мультимиллиардермен таныстым. Ол маған кәсібін жаңа бастағандағы сәтсіз әрекеттері туралы айтты. Ол кісі табысты бизнес құру туралы барлық бестселлер кітаптарды оқып, алған даналығын қолдана білді. Соған қарамастан табысқа жете қойған жоқ.

Бір күні қауымда уағыз тыңдап отырып, мынадай ойға келді: *Құдай маған Ізгі хабарды таратуды тапсырған және өмірлік миссиямды орындауда Киелі Рухқа сүйенуге тиіспін. Сонымен қатар Құдай маған бизнеспен айналысуды да тапсырды, осы тапсырманы орындауда да неге Киелі Рухқа сүйенбеймін?*

Ол күн сайын ертерек тұрып, Жаратқан Иеден осы күнге бағыт-бағдар сұрауға бел буды. Ол блокнот алып, не істеу керектігін жазып жүрді. Сондай-ақ ол күні бойы, тіпті іскерлік кездесулерде де Киелі Рухтың дауысын үнемі тыңдауды мақсат етті.

Ол маған біраз әңгіме айтып берді. Бір күні жылжымайтын мүлік сатып алу келісімшартын талқылауға әріптестерін жинап, кеңес өткізді. Сол күні таңертең бастап, Киелі Рухтың оны қисынсыз көрінген бір іске итермеледі. Мән-мағынасы жоқ бір іс сияқты, дегенмен, жаңа танысым шешіміне адал болды.

Еліше пайғамбардың Жоғас патшаға садақтың оғымен жерді соққылауды бұйырғаны күні бойы есінен кетпеді. Патша үш рет ұрды және одан артық ұрмағаны үшін пайғамбардан сөгіс алды. «Сен жерді бес немесе алты рет соғуың қажет еді! Сонда Арамаға соққы бергенде, оны толығымен талқандаған болар едің. Бірақ сен енді Арамаға тек үш рет қана соққы беретін боласың», — деді пайғамбар. (Патшалықтар туралы 4-жазба 13:14–19). Содан кейін бұл адам бұл әрекетті жиырма рет жасады. Содан кейін ол: «Сол күні менің компаниям Вьетнамда жиырма аурухана сатып алды», - деді.

Содан кейін ол Еуропада орналасқан, әлемдегі ең ірі банктердің

бірін қалай сатып алғанын айтып берді. Мұнысы жиырма аурухана сатып алғанынан да қызық. Танысымның әңгімесін тыңдап отырып, қайран қалдым. Басқаша айтқанда, бұл кәсіпкер Құдай не айтса да, қаншалықты қисынды немесе қисынсыз болып көрінсе де, Құдайға мойынсұнуды таңдады. Жемісі анық - оның әрекеттері енді сәтсіз болмады!

Жасөспірім шағында ұлдарымның біріне берген тапсырмам оған қисынсыз болып көрінді. Ол мұндай тапсырманы орындаудың еш мағынсын көрмей тұрғанын айтып, көнгісі келмеді, бірақ мен де қайтпадым. Ақыры ол амалы таусылып: «Әке, мен басқа мыңжылдықта туған адаммын, біз бір істі жасамас бұрын оның «неге» керек екенін түсінугіміз қажет!» – деді.

Мен балама былай дедім: «Жарайды, келісімшарт жасасайық. Тарихта болған бір оқиғаны әңгімелеп берейін, тапсырмамның мәнін сонда түсінерсің. Бір күні Құдай Яһуда елінде тұратын жас пайғамбарға Бетелге барып, Исаи патшасына пайғамбарлық айтуды бұйырады. Және пайғамбар барған жолымен емес, басқа жолмен қайтуға тиіс. Тағы бір шарт – қайтар жолда еш жерден ас ішпеуі керек. Алайда, жас пайғамбар Киелі Рухтың нұсқауларына мойынсұнбай, тілазарлығының зардабын көрді: оны жолда арыстан талап тастады (Патшалықтар туралы 3-жазба 13:16, 23–26 қараңыз). Балам, мен саған келесідей келісімшарт ұсынамын. Сен маған жас пайғамбарға мұндай нұсқаулар «неліктен» берілгенін түсіндіре алсаң, мен саған «неге» осындай тапсырма бергенімді айтамын».

Осы уақытқа дейін ұлым «неліктен» деген сол күнгі сұраққа жауап берген жоқ. Шынымды айтсам, бұл оқиғаның мәнін өзім де түсініпкіремеймін. Құдай бізге қисынсыз көрінетін тапсырма беретін кездер болады. Бірақ Оның даналығы әрқашан нәтижелермен расталады. Исаның: “Алайда даналықтың игілігі одан туындаған ізгі істермен дәлелденеді”, — дейді (Матай 11:19).

Түні бойы ау салса да, ештеңе ұстай алмаған, Исаның сөзіне сонда да мойынсұнып, тереңге жүзіп барып, ауларын қайта салған Петір сияқты болайық. Аңшылар түнә бойғы еңбектен әбден қажыған еді, Исаның бұйрығын орындау оларға оңай соққан жоқ. «Шимон: — Ұстаз, біз түні бойы еңбектеніп, түк ұстай алған жоқпыз! Бірақ Сіз айтқан соң ауларды тағы да салып көрейін, — деп жауап берді» (Лұқа 5:5). Нәтижесінде екі қайық балыққа лық толды.

Санаңызға сіңіріңіз

Киелі Кітаптан үзінді. «Өзіне сенетін адам ақымақ; Ал даналықпен жүретін адам аман болады» (Нақыл сөздер 28:26).

Мағынасы. Иеміздің даналығы біздің даналығымыздан әлдеқайда асып түседі, сондықтан біз өз түсінігімізге сенбеуіміз керек. Адами ой-санамыз бізді пайдалы мойынсұнушылықтан оңай алшақтата алады. Құдайды қастерлейтін адам Иеміздің бұйрығы қисынсыз көрінсе де, бағынады.

Ой толғау. Мен үшін Құдайдың даналығына сену қиын ба? Құдайдың кеңестерін ойға салып, өзіме қисынды болып көрінген нәрсені істеген кездерім болды ма? Одан не шықты? Құдайдан кеңес сұрап, Оған сенім артсам не болар еді? Болашақта осы жолмен жүре аламын ба?

Мінәжат. Қымбатты Көктегі Әкем, Сенің даналығыңнан гөрі өз даналығыма сенгенімді кешіре гөр. Сенің Сөзіңді оқып, дұға еткенімде, Сені қастерлейтіндердің ақыл-кеңесін тыңдағанымда, даналығыңды қабылдауым үшін маған сенім бергейсің. Сенің айтқаның қисынсыз болып көрінген жағдайда да Сөзіңе сеніп, мойынсұнуым үшін күш бер. Исаның атымен дұға еттім. Әмин.

Мойындау. Құдайдың емес, адамның құдіретіне үміт артатындардың даналығына да, өзімнің адами даналығыма да бағынбай, Құдайдың ғана даналығына мойынсұнуға бел байлаймын.

Адамның міндеті – сауаптан
үмітсіз болса да, жазадан
қорықпаса да, Құдайды сүю
және Оны қастерлеу.

– МАЙМОНИД

25 | АЙҚЫН ПАЙДА ЖОҚ

Студент баласы ақша қажет болғанда ғана хабарласатынын айтып шағымданған ата-ананы көрген шығарсыз. Мұндай жағдай өте жиі кездеседі. Сол бір сирек қоңырау кезінде бала ата-анасымен сөйлесуге қызығушылық танытуы мүмкін, дегенмен, оның негізгі мақсаты – өзіне қажет қаражатты алу. Құдайды қастерлесек, Көктегі Әкемізге қатысты осындай әрекеттен аулақ боламыз және Құдай Сөзін қастерлеудің тағы бір қырымен танысамыз. Оны да тізімімізге қосып, қарастырайық.

Біздің міндетіміз

1. Құдайға дереу мойынсұну.
2. Құдайдың айтқаны қисынсыз болып көрінсе де, оны мүлтіксіз орындау.
3. **Пайдасын көрмесең де, Құдайға мойынсұну.**

Қырық жылдық қызметімде мен, әсіресе, батыс қауымында қайғылы шындықты байқадым. Сенушілер Құдайға мойынсұнуы үшін әуелі мойынсұнудың тиімділігін білуі керек. Осы жайында сәл ойланып көріңізші. Қасиетті өмір туралы уағыз тыңдау үшін қызмет басталардан жарты сағат бұрын алдыңғы қатардан орын аламыз ба? Мойынсұну туралы тақырыптары бар кітаптар бестселлер тізімінде бірінші орында ма? Осы тенденцияға қарсы келмейін деп, жетекшілер ымырасыз шындықтан алшақтап кетті ме? Басқаша айтқанда, көптеген қызметшілер Құдай халқын жеке бастың мүддесінен бас тартып, Исаның соңынан еруге шақырудың орнына, шабыт берер әңгіме мен құлаққа жағар уағыз айтып жүр ме?

Бұл үрдісті соншалықты қайғылы шындыққа айналдыратын не? Біз Құдайдың даналығын елеусіз қалдырғанымызда, өзімізге өзіміз зиян келтіреміз. Құдайдың өсиеттері, кеңестері мен даналығы ақыр

соңында осы өмірде де, кейінгі өмірде де жарылқауға жеткізеді. Құдайдың Сөзін ұстанатындарды «зор сый» күтіп тұр деп жазылған (Забур 18:12). Көктегі Әкемізден асқан жомарт жан жоқ, Құдайға бағынудың пайдасы біздің Құдай жолында жасай алатын қайбір ісімізден де асып түседі.

Екінші жағынан, адамды сый, марапат арқылы ынталандыру қауіпті. Біз Құдайдың бұйрықтарының нақты пайдасын көрмесек те, орындауға бел буамыз ба? Жеке басымыздың мүддесі асып түсе ме, әлде? Сондықтан Жаратқан Иені қастерлеу маңызды; Құдайды қастерлейтін адам сауабы мен пайдасы бар-жоғына қарамастан, Иесіне мойынсұнады.

Ұлы Парсы империясы кезінде басқа патшалықтарды бағындырған қуатты патшалық болды. Оны басқарған Артаксеркс патша жер бетіндегі ең құдіретті адам болатын. Ол еврей халқының Естер есімді қызына үйленді.

Патшаның ең жоғары лауазымды уәзірі Аман деген кісі болды. Естердің немере ағасы Мардохай да патшаға қызмет етуші шенеуніктердің бірі болатын. Мардохайдың Аманның алдында тізе бүгуден бас тартқаны уәзірдің намысына тиді. Ашуланған Аман Мардохайды ғана емес, бүкіл яһуди халқын жазалауды ұйғарды. Ол, басқалар сияқты, патшайым Естердің еврей екенін білмеді.

Аман патшаның алдында еврей халқына жауыздықпен жала жабуды жалғастырды және бір күнде бүкіл халықты жоюды ұсынды. Оның жоспары сәтті болып шықты. Патша келісіп, жарлық шығарып, мөрлі сақинасымен жарлықты бекітеді.

Мардохай еврей халқын қырып-жою туралы жарлық шыққанын естіп, Естер патшайымға хабаршы жіберді. Патшаның алдына барып, еврей халқына араша болуын өтінді.

Естер былай деп жауап берді: «Патшаның барлық қызметкерлері және оның аймақтарының халқы мынаны біледі: Егер кімде-кім, әйел болсын, ер адам болсын, патшаның шақыруынсыз ішкі аулаға кіріп келетін болса, оған бір-ақ заң қолданылады: сол кісі өлтіріледі! Егер патша алтын асатаяғын сол адамға қарай созса ғана, ол тірі қалады. Ал өзімнің патшаның қасына шақырылмағаным отыз күн болды» (Естер 4:11). Естер Артаксеркстің әйелі болғанына қарамастан, патша тағының алдына шақырусыз барса, өлім жазасына кесілуі мүмкін еді.

Ойланып көрейікші: Естер – патшайым, өмірі зәулім сарайда өтіп жатыр, не қаласа да, қалауы орындалады. Құдайдың халқын құтқару мақсатымен патшаның алдына рұқсатсыз кіруге тәуекел еткеннен ештеңе ұтпайды, қайта ол бәрінен, соның ішінде басынан да

айырылуы ықтимал. Алайда Естердің Мардохайға берген жауабына назар аударыңыз:

«...Сузыдағы барлық яһудилерді жинап, мен үшін ораза ұстаңыздар. Үш күн, үш түн бойы ішіп-жемеңіздер. Мен де қызметші қыздарыммен бірге сіздер сияқты ораза ұстаймын. Содан соң мұным заңсыз болса да, патшаның алдына барамын. Егер *өлуге тиіс болсам, өлейін!*» (Естер 4:15, 16).

Қасиетті қорқыныш оны Құдай Патшалығын қара басының қамынан жоғары қоюға итермеледі. Құдайға мойынсуына бола жайлы өмірі, қауіпсіздігі, байлығы мен лауазымына қатер төнді. Естердің ештеңе ұтпасы анық. Алайда, Құдай үшін маңызды нәрсе ол үшін маңызды болғаны анық. Ол Құдай Сөзін, Құдайды қастерледі.

2015 жылы Лиза екеуміз Арменияның Ереван қаласында өткен конференцияда қызмет еттік. Конференцияға Шығыс Еуропа мен Таяу Шығыстың түкпір-түкпірінен 3500 бағушы мен жетекші жиналды. Олардың көбісі Ираннан (Ереван мен Иран шекарасының арасы отыз шақырым) көлікпен келді. Ол кезде Иран азаматтарының Арменияға кіруіне рұқсат болатын, астыртын қауымның жетекшілері де көп болды. Кездесулер сәтті өтті.

Соңғы жиналыс аяқталған соң, Лиза екеуміз Ереванның басты көшесінде біраз серуендедік. Бізді көріп, дәмханада отырған екі қыз жүгіріп шығып, сәлемдесті. Жастары жиырмадан жаңа асқан. Олар Ирандағы астыртын қауымдардың бірінде қызмет етеді екен. Жүздері бұл-бұл жайнаған, сүйкімді қыздар. Шынымды айтайын, «үш бірдей бойдақ ұлым бар, осы қыздарды қайсысымен таныстырсам екен» деген ой келді.

Лиза екеуміз қыздармен жиырма минуттай сөйлестік. Олар діни полицияның бақылауында екен; Конференция барысында Иран билігінің өкілдері олардың қайда екенін тексеріп, қайта-қайта телефон соқты. Қыздардың бірі телефонына алаңдатарлық хабарлама келгенін айтты.

Сонда мен қырық жыл қызмет еткенімде айтқан ең ақымақ пікірлерімнің бірін айттым. Мен оған: «Иранға неге қайтасыңдар? Басқа елге қашпайсыңдар ма?» – дедім

Ол маған мейірімділікпен әрі табандылықпен қарады да: «Егер біз елімізге оралмасақ, парсыларға Иса туралы кім айтады?» – деп, ағынан жарыла жауап берді.

Жап-жас қыздың мына жауабына қайран қалдым. Біз бұл

қыздардың өзін-өзі сақтау инстинктін ысырып тастағанын көрдік; жүректерінде – Құдай Патшалығын өз елінде таратуға деген құштарлық қана. Олар Құдайды Естер сияқты қастерледі. Ешқандай пайда көрмесе де, Құдайға мойынсұнып, өмірін қатерге тікті. Осынау қысқа кездесу бір жағынан, қате ойымды түзетсе, екінші жағынан, зор жігер берді.

Сол қарындастарымның мінезіндегі табандылық бір реттік мойынсұнудан туындамайды. Ол – күнделікті өмір барысында, күн сайынғы адалдықта қалыптасатын өмірлік ұстаным. Бұл біздің Құдай Сөзіне деген әдеттегі жауабымыз, тіпті күн сайынғы ұсақ-түйек шешімдеріміз. Біз тіпті кішкентай нәрселерде де Құдай Сөзіне және Киелі Рухтың басшылығына мойынсұнуды таңдаймыз. Жұмысымыз басымыздан асып жатса да, кенеттен біреуге қоңырау шалуымыз керектігін сезінеміз. Бұл әрекеттің еш пайдасы да жоқ, себебі де белгісіз. Киелі Рухтың жетелеуіне мойынсұнып, қоңырау шалсақ, мұның не үшін керек болғанын сол кезде немесе кейінірек білеміз.

Бәлкім біреудің бізге жала жапқанын біліп қалармыз. Өсекшіні кешірудің, онымен татуласудың немесе ол үшін мінәжат етудің анық пайдасы жоқ, бірақ біз мұны тек Құдайға мойынсұну үшін істейміз: «...бір-біріңе мейірімді де жанашыр болыңдар; Мәсіхтің арқасында өздеріңді Құдай кешіргендей, сендер де өзара кешірімді болыңдар!» және «қарғайтындарға да игілік тілеп, өкпелететіндер үшін Жаратқан Иеге мінажат етіңдер!» (Ефестіктерге 4:32; Лұқа 6:28).

Өзіңізді жек көретін адам сізге әбден өшігіп алған шығар, бәлкім. Мұндай жағдайда Исаның: «жауларыңды жақсы көріңдер! Өздеріңді қудалағандар үшін Жаратқан Иеге мінажат етіңдер!» (Матай 5:44) деген сөздеріне мойынсұнудың не пайдасы бар? Басқа жағдайды алып қарайық: қуғын-сүргінге ұшыраған елдердегі сенушілер өздерін қудалап, азаптап, тіпті жақындарын сенімі үшін өлтіріп жатқандарға бата беруден қандай пайда көреді? Дегенмен, Лиза екеуміз осындай жағдай орын алып жатқан елдерден келген бағушылармен сөйлесіп, олардан керемет қуаныш пен өмірге деген құштарлықты көрдік.

Басқа елдердегі адамдар үшін құлшына дұға етудің пайдасы бар ма? Немесе басқа елдердегі жақсылығыңызды ешқашан қайтара алмайтын адамдарға қайырымдылық жасаудың пайдасы неде? Осындай сұрақтарды әлі де қоя беруге болар еді. Мәселе мынада, жүрегіңізде лапылдаған қасиетті қорқынышқа жауап ретінде Құдайға үнемі мойынсұнасыз ба, әлде жеке пайданың бар-жоғына қарай әрекет етесіз бе?

Санаңызға сіңіріңіз

Киелі Кітаптан үзінді. «Өйткені кім өз өмірін сақтап қалғысы келсе, одан айырылады, ал кім Мен үшін өмірін жоғалтса, оны табады» (Матай 16:25).

Мағынасы. Көбінесе біз өзімізге пайдасыз болып көрінетін Құдайдың даналығынан бас тартып, зор жарылқаулардан құр алақан қаламыз. Сайып келгенде, өз болашағымызға өзіміз зиян келтіреміз. Біз ешқашан да Құдайдан асып кете алмаймыз.

Ой толғау. Исаның «өмірді сақтап қалу» дегені нені білдіреді? Киелі Кітаптың осы аятына тек сеніміме бола азап шегу сияқты төтенше жағдайлар тұрғысынан қарадым ба? Күнделікті ұсақ-түйек шешімдерімде осы аятты ұстандым ба? Үнемі солай істесем, не болар еді? Өмірім қалай өзгерер еді?

Мінәжат. Қымбатты Көктегі Әкем, Саған деген құштарлығымды өзім шектеп, жеке басыма пайдалы деп санаған даналыққа ғана мойынсұнғанымды кешіре гөр. Осы ойым үшін тәубе етіп, Сенен кешірім сұраймын. Осы сәттен бастап мен өз өмірімді сақтауды емес, оны Исаға арнауды таңдадым. Сондықтан Сенің даналығың бірден пайда әкелмесе де, оған бар күшіммен ұмтыламын. Исаның атымен дұға еттім. Әмин.

Мойындау. Бүгіннен бастап Иеміз Исаның қалауы мен даналығына өмірімнің әрбір сәтін арнаймын.

Құдайға мойынсұнбай,
құтқарылу мүмкін емес, өйткені,
тілазарлық пен құтқарылу біріне-
бірі қарама-қайшы, екеуінің
қатар жүруі мүмкін емес.

– А.У.ТОЗЕР

26 | ЖАНҒА БАТАР ЖАҚСЫЛЫҚ

Толғақ кезінде әйел қатты қиналады; нәрестесін дүниеге әкелу үшін ол ауыр азапқа төзеді. Дегенмен, сол азаптың нәтижесінде дүниеге тағы бір адам келеді. Баланы тоғыз ай көтеру мен босану барысындағы қиындықсыз дүниеге адам келе алмайды. Құдай Сөзін қастерлеудің тағы бір қырын осы бейнемен салыстыруға болады. Сонымен, тізімге төртінші ережені қосайық.

1. Құдайға дереу мойынсұну.
2. Құдайдың айтқаны қисынсыз болып көрінсе де, оны мүлтіксіз орындау.
3. Пайдасын көрмесең де, Құдайға мойынсұну.
4. **Жаныңа батса да, Құдайға мойынсұну.**

Осы кітабымның негізгі ойын жеткізетін аяттардың бірі – Філіпіліктерге 2:12, 13. Осы үзіндіге қайта оралсақ, құтқарылуға сай әрекет жасап, Құдайды қастерлеуіміз және Оған ұнамайтын нәрселерден жиіркенуіміз керек екені еске түседі. Бізді *мойынсұнуға* шақыратын осы сөздерін жазбас бұрын, Пауыл елші Исаны мысалға келтіреді. Иеміз Өзінің құдайлық артықшылықтарынан бас тартып, «Өзін төмен тұтып, Құдайға мойынсұнды, өлімге, тіпті айқыштағы өлімге бойсұнды» (Філіпіліктерге 2:8). Сұмдық азапқа төзуге тұра келсе де, Көктегі Әкенің өтінішіне мойынсұнды.

Тұтқындалатын түні Иса Гетсимани бағында ұзақ мінәжат етті. Ол қатты күйзеліп: «О, Әкем, мүмкін болса, (қаһарыңа толы) осы «тостағанды» Маған жолата көрме. Алайда Менің емес, Сенің еркіңе

сай болсын!» деп жалбарынды (Матай 26:39). Мойынсұну мен жан тәттілігі арасындағы қайшылықтың күшті болғаны сонша, Исаның тері жерге қан боп тамды. Есіңізде болсын, «Ол ...өзіміз сияқты әр түрлі сынақтан өтіп көрді, бірақ ешқашан күнә жасаған жоқ» (Еврейлерге 4:15). Алдында қандай азап күтіп тұрғанын білді, Көктегі Әкеден Оның еркін орындаудың басқа жолын сұрады, бірақ бұл мүмкін емес еді. Мойынсұнудың осындай дәрежесіне қалай жетуге болады?

«Сонымен қатар Мәсіх жер бетінде жүргенде ... Әкесіне қатты дауыстап сиынып, көз жасын төгіп жалбарынды. Мәсіх Әкесін *терең қастерлегендіктен* мінажаты қабыл болды» (Еврейлерге 5:7).

Жүрегіндегі қасиетті қорқыныш адам төзгісіз азапқа шыдауына күш берді. Бұл жайында Киелі Кітап тағы былай дейді:

«Сонымен, Мәсіхтің Өзі тәнімен азап шеккендіктен, сендер де (жақсылық үшін азап шегуге дайын) болыңдар! Осындай ой-ниет өздеріңді қорғайтын қалқан іспетті. Тәні азап шегіп жатқан сенуші күнәлі құмарлықтарына берілмейді» (1 Петір 4:1).

Осы тұста сәл кідіріп, бір маңызды мәселені айта кетейін. Жалған діни көзқарас қасірет шексең, Құдайға ұнамды боласың деп үйретеді. Нағыз мәсіхшілік Құдайға мойынсұнуға ұмтылады, сөйтіп, күнәкар дүниенің қарсылығына тап болады, қайғы-қасірет соның салдары болуы мүмкін. Құдайға біздің қасірет шеккеніміз емес, мойынсұнғанымыз ұнамды. Ал қайғы-қасіретке тән қасіреті де, жан қасіреті де жатады. Екеуінің де азабы шынайы.

Петір елші бізді қолымызға қалқан алып, жақсылық үшін азап шегуге дайын болуға шақырады. Соғысқа ұшақсыз, кемесіз, танкісіз, оқсыз және пышақсыз – яғни, мүлде қарусыз аттанған әскерді көріп пе едіңіз? Мұндай ойдың өзі күлкілі. Сенушінің азапқа дайын болмауы – дәл осындай ессіздік, бірақ дәл солай, шайқаста қарусыз жүргендер қаншама. Қарусыз сенуші аман қалу үшін сынақтардан тайқып кетеді. Ал Жаратқан Иені қастерлеу қолға қару алғанмен бірдей; ол қандай қиындық әкелсе де, Құдайға мойынсұнуда табанды боламыз.

Мен қиындық пен қайғы-қасірет туралы осы кітап толатындай, көптеген әңгіме айта аламын. Бір оқиға 1990 жылдардың басындағы іссапарыма қатысты. Әйелім мен бала-шағамды алып, бағушысыз қалған қауымда қызмет ету үшін шалғайдағы шағын қалаға келдік; қауым жетекшісі мұндағы қызметін тастап, үлкен қауымға ауысып кетіпті.

Алғашқы жиналыстар өте қиын соқты; қауым мүшелері

қызығушылық танытпады, артқы қатарда отырған жастар әзілдесіп, өздерімен-өздері болды. Алайда, үшінші жиналыста серпіліс болды. Рухани әлемде көзге көрінер өзгерістер болды; жастардың өзі ертерек келіп, алдыңғы қатардан орын ала бастады. Адамдардың саны артып, біз сол қалада қалып, жиналыс өткізе бердік. Әр кеш сайын қауымның кішкене ғана ғимараты адамға лық толды. Бірнеше адам құтқарылды, қауымның бұрынғы мүшелерінің барлығы дерлік рухани серпіліп қалды.

Біз көп дұға еттік, содан кейін жаңа бағушы келгенге дейін осы қалада қала беруге дайын екенімізді айттық. Алайда, қауым кеңесінің мүшелері бұл ұсынысымызды ұната қоймады. Біздің келуіміз олардың әдеттегі өмір салтын бұзып, үйреншікті істеріне кедергі келтірген екен. Айтылған наразылықтың ішіндегі қайран қалдырғаны – алдыңғы қатардағы орындықтарға жастардың отырып алғаны. Басқа да шағымдар болды, бірақ атап өтуге тұрарлық ештеңе жоқ. Ақыры қауым кеңесі ұсынысымызға қарсы дауыс беріп, кетуімізді өтінді.

Сол күні мен ертең кешке өтетін жиналысымыздың соңғы жиналыс екенін айттым. Залдың ішін наразы адамдардың даусы алып кетті; бұл бір қолайсыз сәт болды.

Келесі күні қауымға өте ашулы бір ер адам қауым қоңырау шалып, соңғы жиналысымыз өтіп жатқанда қауым ғимаратын жарып жіберемін деп қорқытты. Оның әйелі қауым жиналыстарына үзбей қатысып жүрген көрінеді. Мен бұл сөзге мән бермей, күлдім де қойдым, содан кейін маған полиция қызметкері қоңырау шалып, әлгі қоқан-лоққы жайлы сұрады.

Мен аң-таң болып: «Әрине, бұлай болуы мүмкін емес», — деп жауап бердім.

Офицер: «Мырза, мен бұл адамды білемін. Ол есірткі тасымалымен айналысады, ірі есірткі сатушысы деген күдікке ілініп отыр, аздап ішсе, әлгі сөзін жүзеге асыру мүмкіндігін жоққа шығармас едім», — деді.

Мен абдырап: «Сіздер қауымды қорғайсыз ғой?» — деп сұрадым. Полицейдің берген жауабына сенер-сенбесімді өзім де білмедім. «Бұл қалаға ең жақын орналасқан полиция кеңсесі осы жерден отыз бес шақырым жерде. Менің ауысымым сағат алтыда аяқталады, бізде қызметкерлер жетіспейтіндіктен, сізге ешкім келе алмайды», — деді ол.

Не дерімді білмей, телефон тұтқасын қойдым да, одан бетер абдырап қалдым. Санамда – тез арада заттарымызды жинап, қаладан кетуіміз керек деген жалғыз ой. Бұл қаладағы уақытша тұрағымыз – қауым мүшелерінің бірінің меншігіндегі екі адамдық трейлер. Жан-жағында еш қоршауы жоқ, далада жалғыз тұрған автоүйіміз, қылмыскер шабуыл жасаса, пана бола алмайтыны анық. Өзімізді

қорғансыз әрі дәрменсіз сезіндік. Кешкі жиналысқа барудың не керегі бар? Қауым кеңесі де бізді қабылдамады, қаладан кетуіміз керек!

Осы ойларымның өзімшіл екенін білдім; Қызметіміздің бір-екі аптасында Құдай көптеген адамның өміріне едәуір ықпал етті. Төнген қауіптен қорқып, оларды мерзімінен бұрын тастап кетсек, көңілдеріне сызат түседі ғой. Осы жолы қорқынышқа бой алдырып, тайқып кетсем, өмірімнің соңына дейін сол қорқыныштың ықпалында болатынымды білдім. Исаның мына сөздері есіме түсті: «Ал бағушы емес жалданған адам қойлар өзінікі болмағандықтан, қасқырды көрсе, отарын тастай қашады. Қасқыр қойға шауып, оларды жан-жаққа бытыратып жібереді» (Жохан 10:12).

Біз бірнеше сағат бойы дұға еттік. Ойыма Киелі Кітаптағы мына бір аят қайта-қайта келе берді:

«Арамза адамдарды ол еш жақтырмайды,
Ал Иемізді қастерлейтінді ардақтайды,
Өзіне қиын болса да, сөзін орындайды» (Забур 14:4). Ақырында,
жүрегімізде тыныштық орнады, ешбір зиян көрмейтінімізді
сезіндік. Жиналыс керемет өтті. Ешқандай жарылыс болған жоқ,
қауыммен жылы қоштастық.

Біз Құдайға қарсы, тіпті, Құдайға қас күнәкар дүниеде өмір сүреміз. Сондықтан Киелі Кітапта былай деп жазылған: «Ол сендерге рақым етіп, Мәсіхке сенуді ғана емес, Ол үшін азап шегуді де белгіледі» (Філіпіліктерге 1:29). Пауыл ғана емес, Петір де былай деп жазады:

«Сендерді сол үшін де шақырды. Мәсіхтің Өзі бізге бола азап шегіп, үлгі қалдырды, сондықтан Оның ізімен жүруіміз керек. «Ол ешқандай күнә жасаған да емес, аузынан бірде-бір өтірік шыққан да емес». Мәсіх Өзіне тіл тигізгендерге жаман сөз қайырмады, азап көрген кезде де оларды қорқытпады. Қайта, Ол ісін әділ Соттаушыға тапсырды» (1 Петір 2:21-23).

Кек алудың қажеті жоқ; қайта, өзімізге жасалған әділетсіздікті Құдайдың қолына тапсыруымыз керек. Әділетсіздікті мақұлдаудың да, көрмегенсудің де қажеті жоқ. Алайда, онымен адами күшімізбен күресудің де қажеті шамалы. Дұға етіп, төрелікті Құдайға тапсырған дұрыс. Біздің кегімізді Құдайдың Өзі алады, оны қандай жолмен және қай уақытта істейтінін Өзі біледі.

Құдай Патшалығының қаһармандары мазаққа ұшырап, соққыға жығылып, шынжырмен құрсауланып, түрмеге жабылды. Біреулері

таспен атқыланып, арамен кесіліп, семсермен шабылып өлтірілді. Басқалары қой-ешкінің терісін жамылып, жоқшылық көріп, азапталып жәбірленді, айдалада таулы-тасты жерлерде қаңғып жүріп, үңгірлер мен апандарда жасырынып өмір сүрді. Неліктен бұлай болды дейсіз ғой? Өйткені, олар Құдай Патшалығына қас, күнәкар дүниеде өмір сүрді (Еврейлерге 11:36–39 қараңыз). Олардың барлығына ортақ бір қасиет болды: Құдайды қастерлейтіндіктен, олар жанына қанша батса да, мойынсұнудан бас тартпады.

«Көз жасын төгіп жүріп екендер егінін Қуана әндетіп жинамақ өнімін: Олар еңіреп жүріп тұқымдарын Сеуіп тастайды егістік жерлеріне, Кейін құшақтап алып астық бауларын Қуана қайтады мекендеріне» (Забур 125:5, 6).

Санаңызға сіңіріңіз

Киелі Кітаптан үзінді. «Жаратқанды шын қастерлеу — берік сүйеніш, Әрі келер ұрпақ та бас сауғалар қорғаныш» (Нақыл сөздер 14:26).

Мағынасы. Құдайды қастерлеу — сынақтарға қарамастан Құдайға мойынсұнуға деген терең шешімімізді сақтауға көмектесетін нәрсе.

Ой толғау. Жеке мүддемді ойлап, Құдай Сөзіне бағынбай жүрген жоқпын ба? Тәубе етуге, бұдан былай Иемізді қастерлеуге дайынмын ба? Қалтама, абыройыма немесе тіпті денсаулығым нұқсан келер болса да, Құдайға мойынсұнуды және сүйіспеншілікті таңдаймын ба?

Мінәжат. Қымбатты Ием, жеке басымның қамын ойлап, Сенің Сөзіңді елеусіз қалдырыппын, сол үшін кешірім сұраймын. Дұрыс жолды таңдамаппын – соны түсінемін. Сен ғана – берік әрі мәңгі қорғансың; мен болсам, өзіме-өзім қорған бола алмаймын. Осы сәттен бастап Жаратқан Иемді қастерлейтін боламын; Құны қандай болса да, Саған мойынсұнамын. Өмірімдегі шексіз құдіретің үшін алғыс айтамын, Исаның атымен мінәжат еттім. Әмин.

Мойындау. Мен Құдайды қастерлеймін, сондықтан, нәтижесінде тауқымет тартатын болсам да, Құдайға бағынамын. Мен жанымды әділ үкім етушінің қолына тапсырамын.

Көңіл бөл жүретін
жолыңа өзіңнің,
Лайым берік болсын
жолдарың сенің.

– НАҚЫЛ СӨЗДЕР 4:26

27 | ОРЫНДАЛДЫ

Осы тараудың басында сізге бір сұрақ қоймақ ойым бар: Кез келген жобаны аяқтамай-ақ оның әлеуетін толық жүзеге асыруға болады ма? Жауап анық: жоқ. Құдайымыз өте ауқымды жобаны жүзеге асыруда, жобаның мақсаты – Құдай Патшалығын құру. Сол ауқымды жоба жүзеге асуы үшін әрқайсымыз өзімізге тапсырылған шағын жобаны жауапкершілікпен орындап шығуға тиіспіз. Бізге жүктелген міндет – сол. Енді, осы ақиқатты назарымызда ұстай отырып, Құдайдың Сөзіне деген құрметтің соңғы қырын қарастырайық:

1. Құдайға дереу мойынсұну.
2. Құдайдың айтқаны қисынсыз болып көрінсе де, оны мүлтіксіз орындау.
3. Пайдасын көрмесең де, Құдайға мойынсұну.
4. Жаныңа батса да, Құдайға мойынсұну.
5. **Құдайға толықтай мойынсұну.**

Исраилдің бірінші патшасы Саул — Құдай Сөзінен қорықпайтын адамның кең тараған үлгісі. Құдайдың бұйрығы қисынсыз болып көрінсе, пайдасы анық болмаса немесе жеке мүддесіне қызмет етпесе, оған мойынсұнудан бас тартады. Қасиетті қорқыныштан жұрдай адамдарға тән мінез Саулда да бар-ды. Ол басқа адамға қиянат жасауды жат көрмейтін.

Алайда, Саулдың мінезі бертін келе бұзылғанын білеміз. Ол патша тағына отырғанға дейін кішіпейіл, Құдайдан қорқатын жігіт еді — яғни, қатар жүретін осы екі қасиеттің екеуіне де ие еді. Әйгілі пайғамбар Самуил оны іздеп тауып алғанда, Саул: «Мен шыққан Бунямин руы Исраил руларының ішіндегі ең кішісі, әулетім де сол рудың ішіндегі ең шағыны. Маған мұны неліктен айтып тұрсыз? — деп сұрады»

(Патшалықтар 1-жазба 9:21). Кейін, жаңа тағайындалған патшаны көрмекке бүкіл халық жиналды. Бірақ олар Саулды іздегенде, ол жоқ болып шықты. Сонда Жаратқан Ие: «Ол қазір жүктің арасында жасырынып жатыр», — деді. Олар сол жерге жүгіріп барып, Саулды алып келді. Яғни, Саул патша өзін патша болуға лайық санаған жоқ (Патшалықтар туралы 1-жазба 10:20–24 қараңыз).

Бірақ, ол жүрегіндегі қасиетті қорқынышты ең қымбат қазынасындай көріп, сақтауға тырыспады. Сүлеймен патша сияқты, Саул да табысқа, даңққа, шексіз дерлік билікке қол жеткізгенде, қасиетті қорқыныштан бірте-бірте бас тартты. Көптеген адамдар, соның ішінде Саул патша қасиетті қорқыныштың жоғалуының алғашқы белгілерін байқамайды. Мұның бәрі ұсақ-түйек нәрселерге немқұрайлы қараудан басталады, бұл біздің ар-ұжданымыздың барған сайын арамдануына әкеледі. Кейінірек, маңызды мәселелермен бетпе-бет келгенде, мойынсұнбағанымызды байқамай қаламыз.

Саул патшаның жағдайы да осылай болды. Қасиетті қорқынышын жоғалтуының алғашқы белгілері көріне бастады (Патшалықтар туралы 1-жазба 13:5–14-ті қараңыз), бірақ ең жаманы – соған қарамастан ол керемет жеңіске жетті (Патшалықтар туралы 1-жазба 14:47-ні қараңыз).

Біраз уақыттан кейін Жаратқан Ие патшаға былай деп бұйырды: «Енді барып, амалектіктерді шап! Олардағылардың бәрін (Маған бағыштап) түгелімен қырып-жой! Еш аямастан еркектері мен әйелдерін, балалары мен нәрестелерін, ірі қара мен ұсақ малдарын, түйелері мен есектерін құрт!» (Патшалықтар 1-жазба 15:3). Құдай Тағала бұл халықты зұлым қылықтары үшін жазалауға дайын еді.

Саул 210 мың қол жинады. Патша сарбаздары Амалек патшасы Агагты және малдың ішіндегі ең жақсысын алып қалып, басқа барлық адамдарды да, малды да қырып салды (Патшалықтар 1-жазба 15:7–9).

Осы тұста сәл кідіріп, мұқият ойланайық. Егер Саул осынша көп әскер жинаса, демек, амалек халқының кем дегенде төрттен бір миллион азаматы болды, олай болса, Саулдың сарбаздары 249 999 адамды өлтірді. Патша өзіне тапсырылған істі 99,99 пайыз орындады, бірақ оның толық дерлік мойынсұнуына Құдайдың жауабын байқаңыз:

«Саулды патша етіп тағайындағанымнан қайтамын. Себебі ол Менен теріс айналып, бұйрықтарымды *орындамады*» (Патшалықтар 1-жазба 15:11).

Самуил бұл хабарды патшаға жеткізіп, оның әрекетін тікелей *бүлік* деп атайды (Патшалықтар 1-жазба 15:23 қараңыз). Демек,

Саулдың *күнә жасағанына* еш күмән жоқ. Бір сәт тоқтап, күнә туралы сөйлесейік. Жохан елші күнәні заң бұзушылық деп атайды. (Жоханның 1-хаты 3:4 қараңыз). Оның күнәға берген анықтамасын былайша тұжырымдауға болады: *Күнә – Құдайдың билігіне мойынсұнбау*. Мынаны қараңыз: Адам ата неке адалдығын бұзған жоқ, банк тонаған жоқ, ешкімді өлтірген жоқ. Бар болғаны, Құдайдың айтқанына мойынсұнбады. Сол сияқты, Саул да Құдайдың бұйырғанын *толық* орындамауды жөн көрді.

Мәселені тереңірек қарастырайық. Құдай Саулға соғысқа аттануды бұйырған кезде, ол жер тепсініп: «Бармаймын! Мен мұны істемеймін!» – деген жоқ. Осындай мінез-құлықты тілазарлық деп санауға болатынымен бәріміз келісеміз. Саул патша Құдайдың бұйрығын назардан тыс қалдырған жоқ, кейінге де қалдырмады. Мұндай жағдайда сенушілердің көбісі: «Ол мойынсұнуды бірінші орынға қоймады, мұнысы – қателік» дейді. Бірақ «бүлік» деген сөзді қолданатындар аз.

Сол сияқты, тапсырманың 99,99 пайызын орындағанын және жақсы орындағанын айтып, ал осы әрекетін бүлік деп санайтындар өте аз. Саулдың орнында біз болсақ және пайғамбардың әлгіндей сөз естісек, қаншама адам ашуланып: «Не деп тұрсың! Есіңді жи! Жетістігімді мойындаудың орнына неге азғантай ағаттығыма назар аударасың?» дер еді. Осы орайда ақиқатты мойындауымыз керек: *толық дерлік* мойынсұну мүлде мойынсұну емес.

Неліктен мұндай күшті сөздер қолданылғанын қарастырайық. Біріншіден, ол заманда сіз басқа халықты жеңген патша болсаңыз және жау патшасын тірідей қолға түсірсеңіз, бұл сіздің сарайыңызда тірі олжаның болуын білдіреді. Бұл сіздің билігіңіздің ұлылығы туралы үнемі еске салу ретінде қызмет етті – тек сіздің эгоңыз үшін ғана емес, сіздің сарайыңызға кірген әрбір адам үшін.

Екіншіден, неге ең жақсы жануарларды қалдыру керек? Бұл сұраққа жауап бермес бұрын, оны аздап күрделендірейік. Саул ең жақсы жануарларды Иемізге тарту үшін тірі қалдыруға рұқсат берді. Патша пайғамбардың сөзіне былай деп жауап берді: «Жасақшылар ұсақ малдар мен мүйізді ірі қаралардың ең қоңдыларын аяп, Құдайыңыз Жаратқан Иеге құрбандыққа шалу үшін сақтап қалыпты. Ал басқаларын біз жойып жібердік» (Патшалықтар туралы 1-жазба 15:15). Саул неге бұлай сөйледі? Халықтың ықыласына ие болу үшін бе, бәлкім? Бұл — Жаратқан Иені танитын халық. Жауынгерлердің, діни қызметкерлердің және адамдардың көзқарасы туралы ойланыңыз; Олар бір-біріне: «Патшамыз не деген тақуа еді, ол әрқашан Құдайды

бірінші орынға қояды, Құдайға ең жақсысын береді», – дейтін шығар. Бастапқы бұйрықтың қандай болғанын, қолға түскен олжа түгел жойылуы керек екенін білмеді. Саул, шын мәнінде, Құдайдың бұйрығын мүлтіксіз орындауды емес, өз беделін сақтап қалуды көздеді. Оның әрекетінің басты себебі – басқалар мен туралы не ойлайды деген қорқыныш. Саул өзіне-өзі сенімсіз болды.

Қазіргі әлемде өзіне-өзі сенімсіз жандарға жанашырлық таныту кең тараған. Дегенмен, сенімсіздіктің артында қабылдануға, сүйіспеншілікке және құрметке деген ұмтылыс жатыр – осыларға бар ынтасымен ұмтылған адам тілазарлыққа баруға да дайын. Жаратқан Иеміздің бізді қаншалықты терең қабылдайтынын және сүйетінін білмейміз. Бізге жетіспейтіні – осы білім. Өзіне-өзі сенбеушілік дегеніміз шын мәнінде – қауіпті тұзақ.

Саулдың жүрегінде қасиетті қорқыныш болмағандықтан, бұйрық орындалмады. Исаға және Оның бізге көрсеткен үлгісіне оралайық. Көпшілік Одан теріс айналды. Ол масқараланды, жауларының қолына түсті, азап пен қорлық көрді, жан түршігерлік жазаға кесілді. Ғибадатхана күзетшілері Оны ұстауға келгенде, шәкірттері қарсы тұрып, Исаны қорғауға тырысты, бірақ Ол былай деп жауап берді:

«Мен қазір Әкемнен сұрасам, Ол Маған дереу он екі әскери бөлімнен астам періштелерін жібереді! Әлде солай болмайды деп ойлайсың ба? Бірақ олай істесем, Киелі жазбалардағы осы оқиғалар болуға тиіс деп алдын ала айтылғандар қалай жүзеге асар еді?!» (Матай 26:53, 54).

Иса үшін соңына дейін мойынсұну бәрінен маңызды болды.

Мектепте оқып жүргенімде, Құдайға сенбейтінмін. Бірақ киім ауыстыратын бөлменің қабырғасына ілінген плакатқа назарым ауа беретін. Мен оны күнде баскетбол жаттығуларынан кейін көретінмін. Онда басын төмен салып отырған спортшы бейнеленген және оның тұсында «Жеңілдім» деген жазу бар. Плакаттың төменгі жағында айқышқа керілген Исаның суреті және оның тұсында «Мен жеңілген жоқпын» деген сөздер бар.

Осы бейне маған, сенуші болмасам да, өшпес әсер қалдырды. Ал қазіргі таңда Исаның сол бір сұмдық азап пен жан түршігерлік өлімнен құтылар дәрмені болғанын білемін, сондықтан Оның жеңісі мен үшін бұрынғысынан да айқын. Иса «Енді толық орындалды!» деп, ісін тәмамдағанша, Көктегі Әкеге мойынсұна берді. Ол бізге Құдайдың бізге аманат етіп тапсырғандарының барлығын орындау үшін толық мойынсұнудың үлгісін көрсетті.

Шәкірттер Исадан сенімдерін арттыруын сұрады. Исаның оларға берген жауабын енді жақсырақ түсіне аламыз:

«Сендер де солай, Құдайдың өздеріңе бұйырғандарының бәрін орындағаннан кейін: “Біз небәрі түкке тұрғысыз малаймыз, жай міндетімізді ғана атқардық!” — деңдер» (Лұқа 17:10).

Осы аяттағы «бәрі» деген сөз мүлде жаңа мағынаға ие болды. Әрқашан толықтай мойынсұнайық.

===== Санаңызға сіңіріңіз =====

Киелі Кітаптан үзінді. «Басқа жаққа мойын бұрмай, бар назарымызды Исаға аударайық! Бастапқыда сенім жолын салған Ол бізді сеніміміз арқылы Құдай белгілеген мақсатымызға жеткізеді де. Иса Өзін күтіп тұрған зор қуаныш үшін айқышқа шегеленудің қорлығын елемей, соған төзді. Бұдан кейін Ол Құдайдың тағының оң жағындағы құрметті орнына жайғасып отырды. Исаның күнәкарлардың қаншама жауыздықтарына шыдағанын ескеріңдер! Осылай сендер де қажымаңдар, жігерлеріңді жасытпаңдар!” (Еврейлерге 12:2, 3).

Мағынасы. *Толық дерлік* мойынсұну мойынсұнуға мүлде жатпайды. Иса Құдай бізге аманат еткен нәрсенің бәрінде соңына дейін мойынсұнудың үлгісін көрсетті.

Ой толғау. Мен Құдай Сөзіне мойынсұнудан бастап, назарымның басқа нәрсеге ауып кетуіне жол бердім бе? Әлде түрлі қызықтарға, достарымның құптамауына немесе басқа кедергілерге бола кері шегіндім бе? Мұны қалай өзгертуге болады?

Мінәжат. Қымбатты Көктегі Әкем, Сенің өсиеттеріңе мойынсұна бастағаныммен, соңына дейін орындамағаным үшін немқұрайлылықтан немесе пайдасын көрмегендіктен ниетімді өзгерткенім үшін кешірім сұраймын. Сені қастерлемегеніме өкініп, Сенен кешірім сұраймын. Исаның атымен дұға еттім. Әмин.

Мойындау. Бүгіннен бастап, Құдайдың Сөзіне соңына дейін мойынсұнуға бел будым.

Адамдар Құдайды
қастерлемейтін болса, Оның
заңдарын бұзудан тартынбайды.
Құдайдан қорықпаған соң,
зұлым істерінен көрер зардаптан
да қорықпайды.

– А.У. ТОЗЕР

28 | АР-ҰЖДАННЫҢ ҮНІН ӨШІРУ

Алдыңғы тарауда айтылғандай, қасиетті қорқынышты жоғалтудың алғашқы белгілері елеусіз, адамның өзіне біліне қоймайды, сондықтан біз осы маңызды мәселеге егжей-тегжейлі тоқталуымыз керек. Сіз күмәнді бір іске барарда ішкі сезіміңізден ескерту алғандай жайтты басыңыздан кешіріп пе едіңіз? Көптеген адамдар бұл – бізді қорғайтын ар-ұжданның даусы екенін біледі, алайда, көбісі ар-ұжданымыздың тазалығы мен күшінің өзгеріске ұшырайтынынан бейхабар.

Біздің ар-ұжданымыз – Құдайдың сыйы, оған ешқашан жеңіл-желпі қарауға болмайды. Ар-ұждан *жүрегіміздің* ажырамас бөлігі, оның сезімталдығы қасиетті қорқыныштың әсерінен күшейеді және керісінше, оның жоқтығынан күңгірттенеді. Бізге мынадай ескерту берілген:

«Ең бастысы, таза сақта жүрегінді,
Өйткені ол — өміріңнің қайнар көзі» (Нақыл сөздер 4:23).

Жасым отыздан жаңа асқан кезімде бір белгілі қызметкер мені өзімен бірге түскі ас ішуге шақырды. Дастархан басында ол менен: «Джон, көптеген жетекшілердің құлағанын көріп жүрміз. Сол жолға түсуден өзімді қалай сақтай аламын?» – деп сұрады.

Шашалып қала жаздадым. Мұндай сұрақты неге қойып отыр? Мен жаспын, ол кісі болса, қызмтеке мен құтқарылғаннан бұрын кірген. Дегенмен, жауаптан қашпадым, жүрегіме үңіліп: «Киелі Рух, мына сұраққа не деп жауап бергенім дұрыс?» — деп үнсіз сұрадым.

Сол сәт: *«Ар-ұжданын ең қымбат қазынасындай сақтасын, осыны*

айт» – деген жауап келді.

Естігенімді дауыстап айттым, сол-ақ екен, жүрегімнен мынадай сөздер шықты: «Сізге үлкен мүмкіндіктер ұсынылады, бірақ сіз олардың екіжүзді, арам, күмәнді және басқа адамдарға зиян тигізе алатынын білесіз. Ар-ұжданның даусын тыңдаңыз; Оның ескертулерінен бас тартпаңыз. Оған мән бермесеңіз, Құдайға деген сезімталдығыңыз жоғалады».

Кейінгі күндерде мен бұрын білмесем де, Киелі Жазбада «ар-ұждан» сөзі жиі кездесетінін білдім. Бұл сөзді тек Жаңа Өсиетте шамамен отыз рет кездестіруге болады екен. Пауыл Тимотеге былай деп жазды:

«...сенімің мен ар-ұжданыңды таза ұста! Кейбіреулер ар-ұждандарынан безіп, сенімдерін құртты» (1 Тимотеге 1:19).

Апатқа ұшыраған сенім жеңіл-желпі қарайтын мәселе емес.

Егде жастағы қызметкермен арадағы сол бір әңгімеден кейін Пауыл елшінің мәлімдемесін тереңірек түсіндім. Пауыл көптеген адамдардың қолға алған ісін аяқтамауының себебін де жақсы түсіндірді.

Киелі Жазба ар-ұжданымызды «таза сақтауға» шақырса, демек, оның бастапқы күйі жақсы болғаны. Мәсіхтің қаны ар-ұжданымызды жуып, тазартады (1 Тимотеге 3:9; Еврейлерге 9:9, 14). Бұл – қайта туылудағы үлкен артықшылықтардың бірі. Еремия пайғамбар біздің ар-ұжданымыз туралы жақсы айтқан. Өкінішке орай, сол аяттың қате қолданылуы жиі кездеседі. Ол былай деген еді: «Адамның жүрегі бәрінен бетер алдамшы әрі жазылмайтындай бүлінген. Оны танып біле алатын кім бар?» (17:9). Ол қайта туылғандар, жаңа табиғатқа ие болғандар, Исаға ұқсайтындар туралы айтып отырған жоқ. Көне Өсиет заманында өмір сүрген адамдарда жаңа жүрек болған жоқ. Бірақ Құдай оларға былай деп уәде берді: «Өздеріңе жаңа жүрек сыйлап, бойларыңа жаңа рух дарытамын. Көкіректеріңнен тас жүректі алып тастап, орнына сезімтал жүрек сыйлаймын» (Езекиел 36:26). Иса күнәміздің құнын төлеп, күнәкар болмысымыздың орнына бізге Өз болмысын берген кезде осы уәде орындалды.

Құдайдың кереметімен Мәсіхте жаңа адамға айналдық, соның арқасында ар-ұжданымыз да жаңа, таза, оның даусына күмәнсіз сене аламыз. Ендігі міндетіміз – тек оны таза ұстау. Осы тұста туындайтын сұрақ: ар-ұжданымызды қалай арамдап жүрміз? Бұл бір сәтте болатын нәрсе емес, көбінесе ол ұсақ-түйек нәрселерден басталады және тиісті шаралар қабылданбаса, күйреумен аяқталады. Жақып пайғамбар бізге былай деп, нұсқау береді:

«Құдайдың айтқандарын құр естуші ғана болмай, оларды *іске асырушы* болыңдар! Әйтпесе өздеріңді-өздерің алдайсыңдар» (Жақып 1:22).

Біз тағы да мойынсұну тақырыбымен бетпе-бет келеміз. Жүрегіміздегі қасиетті қорқыныш бізді Құдайдың Сөзіне, қисынсыз болып көрінсе де, жанға батса да, бағынуға және дереу бағынуға жетелейді. Мұны егжей-тегжейлі талқыладық. Осылай өмір сүретін адам өзін-өзі алдай алмайды.

Осы тұста сәл кідіріп, өте маңызды бір нәрсеге назар аударайық. Әрине, сіз таныстарыңызды, тіпті, жақын достарыңызды да, отбасыңызды да алдай аласыз, бірақ өзіңізді алдау мүлдем басқа мәселе. Негізінде, Құдайға мойынсұнбағанымызда, өзімізді-өзіміз *алдаймыз*. Шындықты қорғауды әлсіретеміз және моральдық компасымыз бұзылады. Өзімізге төнген қауіпті сезуге деген қабілетіміз төмендейді.

Бұл үрдістің жүзеге қалай асатынын қарастырайық. Сіз біреуге жала жауып көрдіңіз бе? Сол сәтте ішіңізге біреу пышақ сұғып кеткендей күй кешкен боларсыз; бұл сіздің ар-ұжданыңыздың даусы. Сол дауысты естіп, әділетсіз ісіңізге өкініп, сөзіңізді қайтып алдыңыз деп үміттенемін. Алайда, көбінесе біз іс-әрекетімізді ақтап алуға тырысамыз да, дәлелдің неше түрін келтіреміз. Мысалы: «Айтқаным дұрыс, дәл солай болған!». Өкінішке орай, қате тұжырымымыз басым болып кетеді де, ішкі ескертуді елемей, әуелгі айтқанымызды ұстана береміз. Ар-ұжданымызды арамдау осындайдан басталады; осы сәттен бастап, ар-ұжданымыздың сезімталдығы әлсіреді.

Келесі жолы біреуді жамандағанымызда, ішімізге пышақ сұғылғандай емес, ине шаншып алғандай сезімде боламыз. Ар-ұжданымыз тағы да сөйледі, бірақ бұл жолы үні басаңдеу естілді. Енді ішкі жанжал соншалықты өткір емес; Бұл ескертуді елемей де, сөздеріңізді ақтау да оңайырақ. Соған қарамастан, біз жүрегімізді одан сайын ластандық, ар-ұжданымыздың сезімталдығы одан да азайып кетті.

Біз тағы да біреуді қараладық дейік, бұл жолы қатты шаншуды сезбейміз, енді бұл жай ғана сыздаған сезім – оның өзі әрең сезіледі. Өзімізді ақтаудың да енді қажеті жоқ, өйткені ар-ұжданымыздың дауысы өте әлсіз. Ол бізді бұрынғыдай әшкерелей алмайды. Ар-ұжданның сезімталдығын одан әрі әлсіреттік.

Ақырында ештеңе сезінбейтін болдық. Ар-ұжданымыз беріштеніп кетті. Көкірек көзіміз соқыр болып қалды, оңымыз бен солымызды ажыратуға деген қабілетімізді әлсіреттік. Моральдық компасымызды жоғалттық, енді сеніміміздің күйреуі де көп күттірмейтіні сөзсіз. Сөйтіп, өзімізді өзіміз алдадық.

Дер кезінде тәубеге келсек, ойымыз бен жүрегіміз толық өзгеріп, осынау қайғылы жайттың алдын алар едік. Адами даналығымыздың түкке тұрғысыз екенін мойындап, Құдайдың даналығын толығымен қабылдауымыз жеткілікті болар еді.

«Күнәларын жасырған жан өркендемейді,
Оларын мойындап, бас тартқан рақым көреді»
(Нақыл сөздер 28:13).

Ар-ұжданның арамдану қадамдарын көрсеттік. Осы жолдың кез келген қадамында кері бұрылып, Құдайдың рақымымен жүрегімізді қалпына келтіре аламыз. Алайда, қасиетті қорқыныштың жоқтығынан орға қарай жүре береміз. Ар-ұжданымыздың даусын ескерусіз қалдырған сайын, тайғақ та қараңғы жолға түсе береміз.

Парасатты адам ар-ұжданның ескертулерін дереу қабылдап, теріс жолдан қайтады; ол кешіктірудің қауіпті екенін біледі.

Киелі Кітапта да, біздің заманымызда да ар-ұжданның даусын естуге асықпайтын адамдар көп. Мұны «орыс рулеткасы» ойынымен салыстыруға болады. Сіз кеме апатынан аулақ бола аласыз, бірақ сезімдеріңіз сөйлеуді тоқтатқанда, шекарадан өткеніңізді қайдан білесіз? «Егер мені тағы да елемейтін болсаң, мен мүлде үнсіз қаламын» деп ескертетін дауыс жоғалып кетті. Пауыл елші мұңайып, былай дейді:

«Құдай Рухы: «Соңғы дәуірде кейбіреулер сенімдерінен бас тартып, жалған рухтарға құлақ салып, жындар үйреткен ілімдерге еретін болады», — деп анық айтады. Осындай ілімдер ар-ұжданнан әбден безген, екі жүзді өтірікшілер арқылы тарайды» (1 Тімотеге 4:1, 2).

Адам денесінің күйіп, беріштеніп барып жазылған жері сезімталдығынан айырылады. Біздің ар-ұжданымызға да солай. Ар-ұжданы күйіп қалған адам өзіне, өз істеріне дұрыс, әділ баға бере алмайды. Анани, Сапира, Саул патша және тағы басқалар осылай болды.

Күйіп қалған ар-ұжданның тағы бір салдары – бәрін өз ішінде қамап тастайды. Етті отқа қуырсаңыз, сырты күйіп, қабыршықтанады да, іштегі шырынның ағып кетуіне жол бермейді. Пауыл елші былай деген еді: «Мен Мәсіхпен тығыз байланыстағы адам ретінде жалған емес, шындығын айтып отырмын, Киелі Рухқа бағынған ар-ұжданым бұған куә» (Римдіктерге 9:1). Егер сенушінің ар-ұжданы күйіп кетсе, ол енді Киелі Рухпен қарым-қатынаста бола алмайды. Оның куәлігі қуырылған еттен ақпайтын шырын сияқты жанға жете алмайды. Ол өміріне қажет

нұсқауларсыз қалды. Оның жолы тығырыққа әкеледі.

Тараудың соңында, Пауыл елшінің айтқан сөздерін тыңдаңыз: «Бауырластар! Бүгінге дейін мен Құдай алдында ар-ұжданым кіршіксіз таза өмір сүріп келдім» (Елшілердің істері 23:1), «Сондықтан әрдайым Құдай алдында да, адам алдында да ар-ұжданымның таза болуы үшін ұмтылып келемін» (Елшілердің істері 24:16). Ендеше, жүрегімізді мұқият сақтайық.

Санаңызға сіңіріңіз

Киелі Кітаптан үзінді. «Сондықтан да адал жүрекпен, нық сеніммен Құдай алдына барып, Оған сиынайық. (Мәсіхтің төгілген қаны) жүректерімізге «бүркіліп», ар-ұжданымыз күнә атаулыдан арылған әрі денеміз таза сумен жуылған болсын» (Еврейлерге 10:22).

Мағынасы. Біздің ар-ұжданымыздың тазалығы мен күшін өзгертуге болады. Біздің сезімталдығымыз қасиетті қорқынышпен күшейіп, керісінше, оның жоқтығымен әлсірейді.

Ой толғау. Біздің ар-ұжданымыз Иса Мәсіхтің қанымен тазарды. Ар-ұжданымды таза ұстауым үшін, өміріме қандай рухани тәртіп қажет?

Мінәжат. Қымбатты Көктегі Әкем, мен ар-ұжданымның даусын елемей, тіпті, оған қарсы шыққан кездерім болды, сол үшін Сенен кешірім сұраймын. Мен оны мұқият қорғамағаныма өкінемін. Тәубе етіп, кешірім сұраймын. Жүрегім мен ар-ұжданымды Исаның қанымен тазартуыңды сұраймын. Маған таза ар-ұждан бере гөр, Сенің дауысың мен басшылығыңды сезінуімді қалпына келтіргейсің. Барлық істе Саған мойынсұнуға асығатын боламын. Исаның атымен дұға еттім. Әмин.

Мойындау. Мен жүрегімді мұқият сақтаймын және ар-ұжданымның басшылығы мен дауысын мұқият тыңдаймын.

ҚҰДАЙМЕН ЖАҚЫНДЫҚ

5-АПТА

Құдайды арасы арқылы
ғана естуден гөрі, құн төлеп
Құдайдың даусын жеке естуді
артық көремін.

– ДЖОЙ ДОСОН

29 | ЖАҚЫНДЫҚ БАСТАЛАТЫН ЖЕР

Құдайдың ұлылығын сезгенде, жүрегімізде Құдайды қастерлеу туады. Ол ниеттерімізді тазартады, бізді адамнан қорқудан босатады және өмірімізде шынайы киелілік жаратады. Құдайды қастерлеу дегеніміз — пайдасын көрмесек те, бізге жақпаса да, ыңғайсыз болса да, Құдайға дереу және толық мойынсұну.

Енді мұны білгеннен кейін, осы бірегей сыйлықтың артықшылықтарын талқылауға көшеміз. Сол артықшылықтардың ең маңыздысы — Құдаймен жақындық. Оған әсіресе тоқталып кетеміз.

Жақындық сөзі латынның екі сөзінен шыққан: «ішкі» дегенді білдіретін *intus* және «терең, құпия» дегенді білдіретін *intimus*.¹ Осы екі сөзді біріктіріп, «жасырын құпия» сөз тіркесін құрастырамыз. Бұл мағына екі тұлға арасындағы жай ғана таныстықтан әлдеқайда терең жатқан жақын байланысты білдіреді.

Жақындық әрқашан қос-бағыт болады; екі жақ та бір-бірінің ең терең ой-ниеттерін білу керек. Құдаймен деген жақын байланыс туралы ой қозғай отырып, Құдайдың да, адамның да көзқарасын қарастырайық. Құдайдың көзқарасынан бастаймыз. Дәуіт патша былай деп жазған:

«Уа, Жаратқан Ие, мені *сынап тексердің*,
Сен мені толығынан *танып білесің*» (Забур 138:1).

Еврей тілінде *сынау* сөзі — «хакар». Ол «зерттеу, анықтау, іздену» дегенді білдіреді. Бұл басқа бір адаммен жақын қарым-қатынас орнату үшін қажетті шарттарды, меніңше, тамаша сипаттайды. Адамның

ішкі ойлары мен сырларын зерттеуге уақыт пен күш жұмсалады. Бұл ауыртпалық әкелетін емес, қуаныш сыйлайтын бір үрдіс.

Бұған Лизамен неке қиғаннан бері көз жеткізіп келемін. Үйленгенімізде, неден рақат алып, неден жеркенетінін білмейтінмін. Жұбайымның ішкі ойлары мен тілектерін білуге бірталай уақыт қажет болды. Қарапайым тілмен айтқанда, адамның жұбайына жақындауы үшін ақыл-ой, эмоционалдық және физикалық әрекет қажет.

Жоғарыдағы аяттағы бізді *танып білу* сөзі де қызықтырар. Еврей тілінде ол *йада* деген сөз. Көне Өсиетте ол көбінесе жақындық мағынасында қолданылады. Мысалы, Жаратылыстың басталуы кітабында (4:1) былай деп жазылған: «Адам әйелі Хауамен жақындасқан соң [йада], әйелі жүкті болып, Қабылды туды». Киелі Рух жердегі екі адамның арасындағы барынша жақындықты көрсету үшін «йада» сөзін қолданады. Яғни, Дәуіт патша: «Ием, сен мені өте жақсы білесің» дейді.

Құдай адаммен тығыз байланысты қалайды. Сол байланысты құру үшін адамның ішкі ой-сырларын мұқият зерттейді де. Бізге Құдайымыздың осы әрекетінің айқын бейнесін көрсету үшін Дәуіт патша «хакар» мен «йада» сөздерін қолданады. Лизамен арадағы қарым-қатынасыма оралайық: бірге өткізген көптеген жылдан кейін жұбайымды жақсы танып білдім деп айта аламын. Жоғарыда айтылған терең қалауларын ғана емес, әдеттерін де, белгілі жағдайлардағы үйреншікті әрекеттерін де, бос уақытында жасайтын істерін де білемін; бұл тізімді жалғастыра беруге де болады. Дәуіт патша дәл осындай жағдайды сипаттайды:

«Отырғаным, тұрғаным да Саған аян,
Ойларымды біліп, ұғасың алыстан.
Жүрейін не демалайын, көз алдыңдамын,
Жолдарымның барлығы да Саған айқын.
Сөз шықпай тұрып-ақ менің аузымнан
Оны толық білесің, уа, Жаратқан!» (Забур 138:2-4).

Құдай біз туралы ең егжей-тегжейлі мәліметтерді біледі. Хакар барысында Құдай Дәуітті зерттеуге, анықтауға нәм іздеуге күш салды. Иеміз бізге қатысты да солай істеуде. Алайда Жаратушымыздың ісі менің Лизамен екі арадағы істеп шыққанымнан мүлде өзге деңгейде. Бірнеше аяттан соң (18-аятта) забур жыршысы Жаратушымыздың біз туралы ойлары құм қиыршықтарынан да көп дейді. Егер қырық жыл ішінде әр он екі секунд Лиза жайында жаңа бір ойға келіп, әр ой үшін бір түйіршік құм қосып отырсам да, сол қырық жыл ішінде

аяқкиім қорабымен өлшемдес бір қораптың өзін әзер толтырар едім. Құдайдың әрқайсымыз туралы ойлары болса ғаламшарымыздағы бар құм түйіршіктерінен асып түседі. Бұл Құдайымыздың сөзі. Бұл керемет емес пе? Құдайымыздың біз туралы бәрін білгісі келетінін енді түсіне бастадыңыз ба?

Ол әрқайсымызбен нағыз жақындықты қалайды. Ал нағыз жақындық тек екі жақ та бірлесе әрекет етіп сырлас қарым-қатынас құруға күш салғанда ғана орнайды. Құдайымыз біздің ішкі ой-сырымызды зерттеуге күш салуға дайын; жақындық орнату үшін біздің де әрекет етуіміз керек. Мұса бұл қарым-қатынас деңгейіне ұмтыла былай деп жазған:

«Алайда Маған: “Есіміңді жадымда сақтап сені жақыннан танимын және саған ризамын” деген едің ғой. Егер де маған риза болсаң, (бізді жүргізетін) өз жолдарыңды білдіре гөр. Сонда мен Өзіңмен тығыз байланыста тұрамын, келешекте де Сенің рақымың маған түсетін болады» (Мысырдан шығу 33:12, 13).

Құдай бізді көп халықтың ішіндегі жай біреу ретінде көрмейді. Қайта, әр бірімізді жеке, жақыннан, есімімізді атап біледі. Жоғарыдағы аяттан көргеніміздей, Мұса да Құдайды тұра солай танып білуді қалайды. Ол Құдайдың өзін терең тануын ғана емес, Мұсаның да Құдайды терең білуін қалайды. Бізге болса мынадай сөз берілген: «Құдайға жақындаңдар, сонда Ол да сендерге жақындайды» (Жақып 4:8).

Менің ойымша, сіз қазір Құдайдың жүрегінен шыққан үндеуді — жоқ, зарды естисіз: «Маған жақындай алсаң да, неге алшақ тұрсың?» дейді Жаратқан Ие. Жоғарыдағы аятқа сай, Құдаймен арадағы қарым-қатынасымыздың тереңдігін анықтайтын өзіміз ғана. Осы жайтта Құдайда қастерлеудің мәні неде? Киелі Кітап былай дейді:

«Білімнің бастауы — Жаратқан Иені
Терең қастерлеп, Оған мойынсұну» (Нақыл сөздер 1:7).

Мұнда қай білім туралы айтылған? Автор не білім туралы айтып отыр — медициналық па, ғылыми ме, тарихи ме, немесе басқа академиялық білім туралы ма? Жоқ, университеттер мұндай білімге толы, бірақ онда Құдайды қастерлеу аз немесе мүлдем жоқ. Әлде ол әлеуметтік немесе саяси білім ба? Жоқ, дүниенің даналығы Құдайдың алдында ақымақтық. Киелі Кітап білімі ме? Жоқ, парызшылдар Киелі Жазбаның білгірлері болған, алайда олар Құдайды қастерлемеді де, Оған ұнамды болмады да. Іздеген жауабымыз келесі сөзде:

«Сонда Жаратқан Иені қастерлеуді ұғарсың,
Құдай жайлы білімді иемденіп аларсың» (Нақыл сөздер 2:5).

«Киелі Кітап тілдерінің сөздігінде» анықталғандай, тұлға жайлы білім дегеніміз — «онымен қарым-қатынасқа жол ашатын ақпарат». Вайн сөздігі оны «Құдайды іс жүзінде тану» дейді. Басқаша айтқанда, Құдайды қастерлеу арқылы Құдайды жақыннан танып білу жолына түсеміз.

Шын мәнінде, Құдайды қастерлеу — Құдайды танудың бірінші қадамы және Құдайға жетелер жолдың бастауы. Егер дұрыс бастапқы нүктеден шықпасаңыз, сапарды еш аяқтай алмайсыз. Жүз метрлік жарысты елу метр бағанадан бастасам, жарысқа қатыса алмаймын. Біз бен Құдай арамыздағы қарым-қатынаста да солай — Құдайды қастерлемей Оны жақыннан тану мүмкін емес. Жақсы жаңалығым бар: Жаратқан Иеміз біз үшін Өзіне жақындау жолын ашты. Біз осы жолды таңдаймыз ба?

Есіңізде болсын, Құдайды қастерлеу арқылы біз зұлымдық немесе басқа сөзбен айтқанда *заңсыздықтан* арыламыз. Осыны ескеріп, Исаның көптеген адамдар қиямет күні әбден есеңгіреп қалады дегеніне ой жүгіртіңіз. Бұл адамдар Иелері Иса десе де, Құдайымыздың «Сендерді ешқашан (өз адамдарым ретінде) *таныған емеспін*. Әділетсіздік істегендер, Менен аулақ кетіңдер!» дегенін естиді (Матай 7:23). Осы тұстағы *тану* сөзі грек тіліндегі «гиноско» сөзінің аудармасы. Ивриттегі «яда» грекшеге солай аударылған. Құдайды қастерлемейтіндерге Иса: «Сендерді танымаймын», – дейтін болады. Бұл өте күрделі мәселе. Оны келесі тарауда қарастыратын боламыз.

Санаңызға сіңіріңіз

Киелі Кітаптан үзінді. «Сен “Алдыма келіп, сиыныңдар” дедің, Саған шын жүректен жауап беремін: “Уа, Ием, сиынып алдыңа келемін”» (Забур. 26:8).

Мағынасы. Нағыз жақындық екі жақ та бірін-бірі жақсы білгенде ғана орнайды.

Ой толғау. Жанында болуды ұнататын адамыңыз туралы ойлаңызшы. Сол адамның ой-сезімін сөзсіз-ақ түсіне аласыз ба? Оның түрлі оқиғалардағы әрекетін қаншалықты дәл болжай аласыз? Сіз мұны кездейсоқ байқадыңыз ба, әлде жақын

досыңыздың мінезін зерттеп, оған аса көңіл бөлдіңіз ме? Енді сіз туралы Құдайдың ойлары шексіз деп ойлаңыз. Бұл нені білдіреді? Егер ең жақын досыңызға аударған назардан да көп Құдайға назар аударсаңыз не болар еді? Құдайдың мінезі мен жүрегін терең зерттесеңіз не болар еді?

Мінәжат. Қымбатты Көктегі Әкем, мен бұрын-соңды алған ең үлкен шақыруды елеусіз қалдырыппын. Бұл Саған жақындауға деген шақыру. Саған апарар жолымда тым көп нәрсеге алаңдап табандылығымнан айырылдым. Енді осы жағдайды өзгертемін деп бел буамын. Бұл шешімді зор қуанышпен қабылаймын. Киелі Кітапты оқығанымда Өзіңді терең де жақын деңгейде білуіме рұқсат ете гөр. Исаның атымен мінәжат еттім. Әмин.

Мойындау. Иса мені тереңнен танып біледі. Мен де Исаны солай тануды таңдаймын.

Адамға түзу болып көрінген
жолдар да бар,
Ақырында олар
ажалға бастап апарар.

– НАҚЫЛ СӨЗДЕР 16:25

30 | ӨЗГЕ ИСА

Көбінесе, мәселені түсіну үшін білгіміз келетін тақырыбымыздың қарама-қарсысына көз тастау пайдалы. Сонымен, Құдаймен арадағы жақындық тақырыбын бұдан әрі талқыламас бұрын, оның қарсысын қарастырайық.

Бірде Хауайи аралдарына көшбасшылар конференциясында сөз сөйлеу үшін ұшып келдім. Қонақ үйдегі бөлмем дайын емес-ті, сондықтан бассейіннің жанындағы шатырдың астында демалар жер таптым. Конференцияға келген бір кәсіпкер әйел де бөлмесін күтуде еді. Сөйлесе бастадық, ол менің мәсіхші жазушы және Иеміздің қызметкері екенімді білгенде, өзінің Исамен арадағы қарым-қатынасы туралы егжей-тегжейлі айта бастады.

Бір-екі минуттың ішінде оның Исаны танымайтыны белгілі болды. Кәсіпкер әйел сөзін батылдықпен жалғастырды, бірақ оның айтқанының қайсысы да Киелі Жазбаға сәйкес келмеді. Үндемей Киелі Рухтан даналық сұрадым, ол маған бірнеше секунд ішінде оған не айту керектігін ашты.

Сұхбаттасым сөзін аяқтай салысымен: «Бассейіннің арғы жағында отырған адамды көріп тұрсыз ба?» — деп сұрадым.

Аяқ астынан басқа тақырыпқа көшетінімді күтпеген әйел: «Иә, көріп тұрмын. Неге сұрадыңыз?» деп жауап берді.

Мен былай дедім: «Аты Джим, өзі Калифорниядағы Фресно қаласының тұрғыны. Ол қатаң вегандық диетаны ұстанады және АҚШ-тың су полосы құрама командасына түсуді армандайды. Күніне үш сағат бойы денесін суда да, спорзалда да жаттықтырады. Пиклболды, парашютпен секіруді және сурет салуды ұнатады. Джакузи жанындағы әйелдің аты Бэт, ол Джимнің жұбайы. Екеуінің арасы 10 жас».

Менің оны қаншалықты жақсы білетініме қызығып, әйел: «Ол

конференцияға сізбен бірге келді ме?» — деп сұрады.

Мен: «Жоқ», — дедім.

Қызығушылығы артып, ол: «Олай болса, Джимді қайдан танысыз?» — деп сұрады.

Мен бұрылып, көзіне тік қарап: «Біз бір-бірімізді танымаймыз», — дедім.

Оның бетінде абыржу да тіпті мазасыздық көрінді. Сұхбаттасым мені әлгі адамды қуып жүрген бір тыңшы деп ойлаған шығар.

Мен бір сәт үнсіз қалдым да сосын: «Джимнің сондай адам екеніне сенемін», — дедім.

Әйел үнсіз қалды.

Сөзімді былай жалғастырдым: «Сіз жаңа ғана Исаның кім екенін батыл айтып бердіңіз. Солай сенеді екенсіз, бірақ айтқаныңыздың барлығы дерлік шындыққа жанаспайды да Киелі Кітапқа қайшы келеді. Неге десеңіз, мен Исаны білемін». Әңгімеміз осымен аяқталды; сұхбаттасымның есеңгіреп қалғаны анық.

Пауыл Елші терең сүйген қауымына таң қалдырар бір сөз айтқан: «Себебі, біреулер сендерге келіп, біз уағыздағаннан өзге «Исаны» уағыздағанда, немесе өздерің қабылдаған Киелі Рухтан өзге рухты, яки қабыл алған Ізгі хабардан басқа біреуін насихаттағанда, сендер бұның бәріне оңайлықпен көне кетесіңдер» (Қорынттықтарға 2-хат 11:4). Ол «Өзге Құдай» демейді, «өзге Иса» дейді. Көріп отырғаныңыздай, олар Исаға сенеді, алайда Исаны шынымен танымайды. Неліктен бұлай? Олар ұнататындарына сенеді, сондықтан да шынайы Исадан алшақ бір өмір кешеді. Бұл негізінде қиын емес; Иеміз көзге көрінбейді, Оған қатысты ұғымыңызды қалауыңыз бойынша өзгерте аласыз.

Исраилдіктер да солай істеген еді. Мысырдан құтқарылу дүниеден құтқарылудың бейнесі-ді. Киелі жазба былай дейді: «Олар [...] жартастан сусындайтын; Ал ол «жартас» Мәсіхтің Өзі болатын. Алайда олардың басым көпшілігі Құдайға жақпай, айдалада құрып кетті» (1 Қорынт. 10:4, 5). Құдайдың оларға наразы болуының көптеген себептері бар, бірақ бәрі де негізгі ойға келіп тіреледі: олар Құдай Сөзіне мойынсұнбады, яғни *Құдайды қастерлемеді*.

Мұса қырық күн тауда болған кезде, халықпен бірге болған басшы харон алтын бұзау жасады. Біз бұған қарап: «Пұтқа табынушылық!» дейміз. Рас, бірақ көп адамдар харон мен бүкіл халықтың бұзауды «Элохим» деп атағанын түсінбейді. Бұл сөз Көне Өсиетте 2606 рет кездеседі. Бұл жалған құдайларға қатысты болуы мүмкін, бірақ он жағдайдың тоғызында жалғыз шынайы Құдай Яһуәға қатысты. Мысалы, Жаратылыстың бастауы кітабының бірінші тарауында ол отыз

екі рет кездеседі. Еврейше түпнұсқасында Киелі Кітаптың бірінші аяты: «Бастапқыда Элохим аспан мен жерді жаратты» дейді.

Израил халқы бұзауды Элохим — Құдай Тағала деп пе, әлде Элохим — жалған құдай деп атады ма? Һаронның бұзауды Жаратқан Ие деп атағанының дәлелдері бар (Мысырдан шығу 32:5-ті қараңыз). Бұл біздің жалғыз шынайы Құдайымыздың қасиетті есімі, ол Киелі Кітаптың ешбір жерінде жалған құдайдың аты ретінде қолданылмаған. Һарон мен халық бұзауды Осирис, Баал, Исис немесе жалған құдайдың басқа атымен атамады. Олар: «бізді Мысырдан алып шыққан Құдайың осы», — деп ұран салды (Мысырдан шығу 32:4, автордың өз сөзімен).

Олар неге қателесті? Неліктен Мұса сияқты шынайы тірі Құдайды танымады? Халық Иеміздің кереметтерін көрді, Оның бұлт пен от бағанасына ерді. Жауап қарапайым. Бірнеше ай бұрын, Құдай өзін таныстыру үшін тауға түскен еді. Халық болса, Құдайдан үрейленіп Мұса пайғамбарға балай деді: «Сіз өзіңіз Құдай Иемізге жақындап барып, Оның айтқандарын тыңдаңызшы. Содан кейін Құдайымыз Жаратқан Иенің өзіңізге білдіргендерінің бәрін бізге жеткізіңіз. Соларды тыңдап, орындайтын боламыз» (Заңды қайталау 5:27).

Мұсаның көңілі қалғанын елестете аламын. Пайғамбар халықтың неге Құдайдың қасында болғысы келмейтінін түсінбеген шығар. Неге олай? Әбден абыржыған Мұса пайғамбар сұрағына жауап іздеп Құдайдың алдына келгенде таңырқатар бір сөз алды: «Мына халықтың саған айтқан сөздерін естідім. Соларының бәрі дұрыс» (Заңды қайталау 5:28).

Мұса аң-таң. Сірә, ол: «Бұл қалай? Мына халықтыкі осы жолы шынымен де дұрыс па?» деген шығар. Құдайға былай деп жауап бергенін де елестетемін: «Олар неге алдыға келіп, сені мен сияқты жақыннан тани алмайды?». Құдайдың жауабы Мұса пайғамбарды әбден қынжылтты:

«Олардың Мені терең қастерлеп, өсиеттерімді түгел орындауға ниеттенген жүректері берік болса екен!» (Заңды қайталау 5:29).

Құдайдың жүрегі қайғыға толы. Израил халқы Құдайды қастерлесе, Жаратқан Иенің алдына келіп шынайы жақындықты басынан кешер еді. Бұл жақындық халыққа Құдайға шын жүректен мойынсұнар күш беріп өздеріне де, келер ұрпақтарына да, едәуір пайда тигізер еді. Сонда Құдай Мұсаға мына сөзін арнады:

«Енді оларға барып, қостарына қайтсын де. Ал өзің осы жерде Менің қасымда қал» (Заңды қайталау 5:30, 31).

Бұл жайт бірдей алаңдатады да, жігерлендіреді де. Біріншіден, абыржу жайында сөз қозғайық. Есіңізде болар, Мысырдан шыққан Исраил халқы алтын пұт жасап күнәға батты. Уәде етілген жерге жеткенде де халық үрейге бой берген тыңшыларға ден қойып Құдайдан бет бұрды. Қалай болса да, бұлар Исраил кешірген ең қаралы күн емес-ті. Құдай оларды Мысырдан (дүниеден) жетелеп шықты да оларға Өзіне апарар жол ашты. Олар болса Құдайды қастерлемеудің кесірінен бұл сәтті өткізіп алды. Ең үлкен трагедия осы!

Басқа жағынан, бұл Мұса пайғамбар үшін керемет сәт еді, ол Құдаймен бірге тұруға және Құдайдың сөзін тікелей естуге мүмкіндік алды. Халық шатырларына тарап жатқанда Мұса Құдайға жағындай түсті.

Бассейіннің жанындағы әйел өзге Исаға сенген, қорынттықтар өзге Исаға қызмет еткен, Исраил халқы өзге Жаратқан Иеге ерген. Жаратқан Иенің оң жағында отырған Исамен таныс болмай тұра, санамызда өзге бір құдайды ойлап тауып, оған Иса деп ат қоя аламыз. Алайда былай болса Құдайдың оң жағында отырған шынайы Исаны әлі де танымаймыз. Одан да абдырататын жайт — Исраил мен Қорынт қауымы дұғаларына жауап алып Құдайдың құдіретіне куә болды.

Жаратушы Құдай, Мұса пайғамбар арқылы Исраил халқына айтқандай, қиямет соты күні Исаны Құдайымыз дейтіндердің кейбіреулеріне де «менен аулақ кетіңдер» дейді. Ол көпшілік кейіннен қандай жағдайға тап болатынын білу үшін Исаның пайғамбарлық сөздерін мұқият қарастырғанымыз жөн. Осы тараудың басында айтылғандай, бұл бізге Құдайдымыз да Ұстазымызға жақындау үшін Құдайды қастерлеудің маңызын терең түсінуге мүмкіндік береді. Бұл ізденіс келесі тарауымыздың тақырыбы болады.

Санаңызға сіңіріңіз

Киелі Кітаптан үзінді. «Егер оны дәл мен уағыздағандай берік ұстансаңдар, осы Ізгі хабар арқылы құтқарыласыңдар; әйтпесе оған бекерге сенгендерің» (Қорынттықтарға 1-хат 15:2).

Мағынасы. Біреуге немесе бір нәрсеге деген шын жүректен сеніміңіз кейіннен жалған наным болып шығуы мүмкін.

Ойтолғау. Жалған емес, шынайы Исаға сенетінімді қайдан білемін? Уағыздаушымның сөзін қабылдап сенген Исаға шынымен де сене аламын ба? Нарон да теріс жолға түскен Исраил халқының ұстазы

да көсемі емес пе еді? Киелі Кітапты оқып сенген Исаға шынайы деп сене аламын ба? Алайда парызшылдар да солай істемеді ме? Бұл сауалдың жауабын қайдан табамыз?

Мінәжат. Әке, Исаның атынан шындықты біліп қана қоймай жақсы көруімді де сұраймын. Тірі сөзіңді түсінсем де, түсінбесем де, оған мойынсұнамын да оны беделді санауды таңдаймын. Осылайша адасуға тап болмаймын деген уәдеңе арқа сұеймін. Сөзіңді оқып, оған бағынғанымда, ол да мені зерттесін; менің кім екенімді, Ием Исаның кім екенін маған ашсын. Исаның атымен мінәжат еттім. Әумин.

Мойындау. Құдай Сөзін түсінсем де, түсінбесем де, оған мойынсұнуға бел буамын.

Өз беттерімен жүріп, теріс
жолға түсіп, қасарысқан
халықты күні бойы
құшақ жайып
шақырумен болдым.

– ИШАЯ 65:2

31 | СЕНДЕРДІ ТАНЫМАЙМЫН

Құдайды қастерлеуді терең түсіну және оның қадірін білу үшін оның қарсысын қарастыруды жалғастырайық. Алдыңғы тараудағы тақырыбымыз, осы тараудағы сияқты, жұтуға қиын ащы бір дәрі тәрізді. Дегенмен, Жазбада айтылған ескертулер, шын мәнінде, қамқор Әкеміздің сүйіспеншілігі мен қорғанысының сыйы. Исаның сөздері бізді Құдайды қастерлеуге кенелтіп Жаратқан Иемізге жақындыра түседі.

Киелі Кітапқа сай, соңғы заманда жалған ұстаным кеңінен тарайды. Сондай адасушылықтың бір түрі — Құдай сөзіне толық мойынсұнбастан Исамен екі арада қарым-қатынас орнату арқылы құтқарылуға деген сенім. Бұл Құдайды қастерлеуге қайшы келеді де, шынайы сенімді *ойдан шығарылған бір Исаға* деген жалған сеніммен алмастырады. Тура осындай жайтқа бой бергені үшін Пауыл елші Қорынттағы қауымға сөгіс айтты.

Қауымды әшкерелеп, Пауыл елші сондай адасушылықтың себебін де қарастырды: «Бұрын да күнә жасаған, әлі де жасап жүрген арамдықтан, неке адалдығын бұзушылық пен жүгенсіздіктерінен бас тартпаған талай адамдарың үшін көз жасымды төгіп қайғырып жүрмейін!» (Қорынттықтарға 2-хат 12:21). Олар сөз жүзінде Исаны Иеміз деп мойындаса да, іс жүзінде өмірлерін сөзбен сәйкестікке келтірмеді.

Бұндай жағдай алғашқы қауымда сирек кездесетін еді, алайда қазіргі Батыс қауымымызда кең таралған. Шынайы ілімге сай, Құдай адамның өмірінде ең жоғары лауазымға ие. Жалған ұғымда

болса, Жаратқан Иенің ықпалы – жоқтың қасы. Иса мынадай пайғамбарлық сөз айтқан:

«Маған: «Мырза, Ие!» дейтін әркім емес, көктегі Әкемнің еркін орындайтындар ғана Оның Патшалығына кіре алады» (Матай 7:21).

Иса Мұхаммедке, Джозеф Смитке, Буддаға, Хари Кришнаға, Конфуцийге немесе біздің дәуіріміздің кез келген басқа жалған пайғамбарына табынатындарды емес, Оған Иелері ретінде мойынсұнатын адамдарды ғана өзінікі деп таниды. Осы аятта «мырза» мен «ие» деп екі рет жазылғанына назар аударыңыз. Киелі Жазбада бір сөздің немесе сөз тіркесінің қайталануы кездейсоқ бір жайт емес. Демек, автор сол бөлікке салған ерекше екпін бар. Мұндай екпін кейіпкер жүрегіндегі сезімнің ерекше күшті екенінің белгісі де бола алады. Мысалы, Дәуіт патша ұлының қаза тапқаны туралы хабар алғанда, былай деді: «Беу, сорлы ұлым Абессалом, о, Абессалом, сорлы ұлым-ай!» (Патшалықтар 2-жазба 19:4). Іс жүзінде «ұлым» деп екі рет айтпаған шығар, алайда ұлынан айырылудың азабын сезгені сонша, автор патшаның сөзін екі рет қайталады.

Сол сияқты Ұстазымыз да адамдардың күшті сезімдерін жеткізеді. Олар Иса Мәсіх Құдайдың Ұлы деген ілімне сеніп қана қоймайды; олар сенімдеріне құмарлықпен беріледі. Сөзіміз «мәсіхші» аты бар адамдарға қатысты. Олар эмоцияларына беріліп, ғибадат кезінде жас алып та қояды.

Олар Мәсіхтің ісіне терең мән беріп қана қоймай, қызметіне де қатысады:

«Мыңдаған адам қиямет соты күні Маған абыройлы түрде: “Ұстаз, хабарыңды адамзатқа тараттық, жындарды қуып шықтық, рухани қаһармандығымызбен ерекше көзге түстік” — дейтін болады» (Матай 7:22, ағылшын тілінен аударма).

Бұл жерде «The Message» аудармасындағы үзіндіні келтірдім, ол аталмыш адамдардың тек бақылаушы ғана емес, Иеміздің ісіне тікелей қатысушы болғандарын айқын көрсетеді. Сонымен қатар осы адамдар Ізгі Хабарға деген сенімдеріне берік тұрады — «Ұстаз, хабарыңды адамзатқа тараттық». Негізінде олар адамдардың өмірін жақсы жаққа өзгертуге атсалысты.

Бұл аудармада *мыңдаған* сөзі келтірілген, алайда басқа аудармалардың барлығында дерлік *көбісі* деген сөз қолданылады.

Грек тілінде бұл «үлкен сан, мөлшер, қосынды» дегенді білдіретін «полюс» сөзі. Ол «басым бөлігі» мағынасында кездеседі. Қалай болғанда да, Иса адамдардың шағын тобы туралы емес, Ізгі хабардың ілімдеріне сенетіндердің көпшілігі туралы айтып отыр. Олар Оны Иеміз деп атайды, сенімге эмоцияларын салады, Иеміздің үндеуіне жауап беріп мәсіхшілік қызметке белсенді қатысады. Оларды шынайы мәсіхшілер аталуға тура келер. Сонымен айқындаушы факторымыз не? Бұл адамдардың шынайы сенушілерден қандай айырмашылығы бар? Иса бізге былай дейді:

«Сонда Мен оларға: “Сендерді ешқашан (өз адамдарым ретінде) таныған емеспін. Әділетсіздік *істегендер*, Менен аулақ кетіңдер!” — деп ашық айтамын» (Матай 7:23).

Негізгі сөз тіркесі – әділетсіздік *істегендер*. Қайталап өтейік, зұлым мінез-құлық Құдай Сөзіне сәйкес келмейді. Бұл адамдардың сүрінуі — анда-санда бір бола қоятын жайт емес, тұрақты орын алатын шешім. Олар өз мүдделерін ғана ойлап, сәт туғанда тура жолдан таюды таңдайды. Сондай адамдар Құдай Сөзіне немқұрайлы қарайды да оған бағынбайды; демек, Құдайды қастерлемейді.

Исаның: «Сендерді ешқашан таныған емеспін», — дегеніне назар аударыңыз. Алдыңғы тарауда біз *таныған* сөзінің гректің *гиноско* сөзіне сәйкес келетінін айтып кеттік. Бұлар ивриттің *йада* сөзіне жанасады да «біреуді жақыннан білу» мағынасын береді. Аталмыш адамдар Иемізбен шынайы жақын қарым-қатынаста болған емес. Олар Исаны Тәңір және Ұстаз деп атаса да, бұйрықтарына мойынсұнбады, яғни, сөздері істерімен жараспады. Жохан елші былай деп жазған:

«Егер Құдайдың өсиеттерін орындасақ, Құдайды жақыннан [*гиноско*] танитынымызды білеміз. Құдайды [*гиноско*] танимын дей тұра, Оның өсиеттерін орындамайтын кісі — өтірікші, соның жан дүниесінен шындық орын алған жоқ» (Жоханның 1-хаты 2:3, 4).

Бұл Исаның: «Адамдарды істерінен танып білесіңдер», — деген сөздеріне парапар (Матай 7:20, ағылшыншадан аударма). Істер дегені мәсіхшілік қызмет, Ізгі Хабар тарату, немесе қауымға мезгілді барып тұру емес, өйткені бұл қасиеттерге теріс жолға түскендер де ие.

Мынаны айтып кетейік: бұл қасиеттердің барлығын шынайы сенушінің бойынан да табамыз; оған қоса, бұл қасиеттерге ие болмай шынайы сенуші болу мүмкін емес. Алайда, бұл қасиеттердің болуы адамның Құдайдың шынайы перзенті екенін білдірмейді. Айқындаушы

факторымыз — адамның Құдай Сөзіне шынымен терең мойынсұнуы.

Осы тақырыппен Иса әйгілі Таудағы уағызын аяқтайды. Керемет сөзінің соңында былай да дейді:

«Осы айтқандарымды тыңдап, оларды орындаған әркім үйін берік тастың үстіне қалап салған көреген адамға ұқсас болады. Жаңбыр жауып, өзендер тасып, дауыл тұрып үйді соққылағанда, ол құламайды. Себебі оның іргетасы берік тасқа қаланған.

Алайда осы айтқандарымды естісе де, орындамаған әркім үйін құм үстіне салған ақымаққа ұқсайды. Жаңбыр жауып, өзендер тасып, дауыл тұрып үйді соққылағанда, ол опырылып құлап қалады» (Матай 7:24-27).

Осы екі топқа қарасақ, бір қарапайым айырмашылықты көреміз. Екі топ та Иеміздің сөздерін естиді, бірақ бірінші топ қана оларды жүзеге асырады; Басқаша айтсақ, бірінші топ *Құдайды қастерлейді* де, екінші топ *Құдайды қастерлемейді*.

Иса бұл екі топтың сырттай өте ұқсас екенін анық айтады. Мықты іргетасы болмағандар мәсіхшілік іліміне сенеді, Исаны Иеміз деп қызу мойындайды және белсенді мәсіхшілік қызмет етеді. Іргетасы берік топта Иеміздің сөздеріне өз еркімен мойынсұнудан басқасы тура бірінші топтағыдай болады. Екі «үй» бірдей бөлшектен құрылған және бір ілімнен жасалған. Екеуі де ғибадат пен қызметте бірдей көрінеді. Айырмашылық көзге көрінбес іргетаста. Бір топ Құдаймен жақындықты жеке сезінеді, басқасы олай емес.

Құдаймен жақындық Құдайды қастерлейтіндерге уәде етілген. Келесі бірнеше тарауда сіз бен бізге ұсынылатын бұл таңғажайып артықшылықты көреміз.

Санаңызға сіңіріңіз

Киелі Кітаптан үзінді. «Сендерге рақым, амандық және тыныштық молынан жауа берсін... Құдай бізді құдіретті күшімен және Оны жақыннан танып білуіміз арқылы Өзіне ұнамды жаңа өмір сүруімізге қажеттінің бәрімен қамтамасыз етті. Ол бізді Өзінің ұлы да ізгілікті болмысы арқылы меншікті халқы болуға шақырады» (2 Петір 1:2–4).

Мағынасы. Адамның Исамен екі арадағы қарым-қатынасының

көрінісі — Иеміздің сөзін ұстануға деген өз қабілетінен асып түсетін күш. Бұл күш Иеміздің рақымы деп аталады.

Ой толғау. Мен Исаның сөздеріне өз күшіммен мойынсұнуға тырысамын ба, әлде Оның рақымына, уәделеріне және құдайлық табиғатына сүйенемін бе? Қалайша өз қабілетімнен гөрі Оның күшіне көбірек сене аламын?

Мінәжат. Қымбатты Көктегі Әкем, Сөзіңді өз күшіммен орындауға тырысқаным үшін мені кешіре гөр. Осы сәттен бастап Исаны өмірімнің иесі деп жариялаймын. Сөзің не болсын, өмірімдегі басты шындыққа айналады. Саған ұнамды жолмен жүруге деген рақымыңа мойынсұнамын және жол барысында Сенімен жақын қарым-қатынас сақтаймын. Мені осы керемет өмірге шақырғаның үшін алғысым шексіз. Исаның атымен мінәжат еттім. Әумин.

Мойындау. Мен Оның Күшіне сенімді боламын. Бұдан былай өз қабілетіме сенім артпаймын да Құдайдың күшімен бірге әрекет етемін.

Өз ойымызға еш таң
қалмаймыз. Алайда Құдай
сөйлегенде, әрқашан
таңқаларлық бір жайтқа
тап боламыз.

– ДЖОЙ ДОУСОН

32 | ЖАРАТҚАН ИЕНІҢ СЫРЫ

Соңғы екі тарау күрделі, шиеленісті де ойландыратын болды. Исаның «Қуанышты тойыма кел» деген сөзін күткендердің көпшілігі «Менен аулақ кетіңдер» дегенді естиді деген хабар бірталай үрей туғызады. Құдаймен тығыз қарым-қатынаста болмай тұра, сондай жақындықтың барына сенуден артық адасу жоқ. Бұндай адамдар «Құдаймен бірлестікте болудың» орнына Құдаймен екі арадағы байланыстарын «Өз мүдделері үшін пайдаланды». Бұл себепті олар кенеттен өз ақымақтықтарына тап болады. Олар Құдай Сөзіне мойынсұнудан келетін зор сүйіспеншілікті сезінудің орнына Сөзін өз олжалары үшін пайдалануға тырысты. Бізді осы алданышқа түсуден сақтап қалу үшін де Иса бізге сол қатерлі жайт туралы айтады.

Құдайға деген жақындықтың қарама-қарсысын осымен түйіндедік. Енді Жаратқан Иемізбен екі арада шынайы жақындықтың таңырқатар ғажабын қарастырайық. Бұл ізденісіміз үшін алдыңғы бірнеше тарауда Киелі Кітаптағы бір оқиғаны қарастырамыз.

Алдымен сізге бір сұрақ қояйын: Құдай Патшалығында бола тұра (яғни, «менен аулақ кетіңдер» деген жан түршіктірер сөзді еш естімей) Құдаймен екі арада жақын қарым-қатынас құру мүмкіндігін жіберіп алу мүмкін бе? Қарапайым жауабы — иә. Алайда бұл сауалды маған аса ұнайтын Забур Жырларының біріне көз тастай Киелі Жазба тұрғысынан зерттеп көрейік.

«Иеміз Өзін қастерлейтіндерге *сырын* Ашады және білдіреді Келісімін» (Забур 24:14).

Сыр деген еврей сөзі — «сод»; ол «кеңес» дегенді білдіреді. Грек тіліндегі сөздікте ол «құпия» сөзінің түбірін құрайтыны жазылған. Сондықтан, мәнінде, забур жыршысы бір құпия ғана туралы емес, Құдайдың сыр кеңесі туралы айтады, ізденісіміздің аясында (көпше түрде) *сырлар* делік. Сонымен, Киелі Жазба «Иеміз Өзін қастерлейтіндерге сырларын ашады» дейді.

Енді өзіңізге мынадай сұрақ қойыңыз: сіз сырларыңызды кімге ашасыз — таныстарыңызға ма, жақын достарыңызға ма? Меніңше, жауабыңыз: жақын достарыңызға. Құдайымыз да солай; Ол сырларын жақын да айнымас достарына ашады, ал жақын достары — Құдайды қастерлеуге берілген адамдар. ESV (стандартты ағылшын нұсқасы) аудармасында былай деп жазылған: «Иеміздің достығы Оны қастерлегендерге арналған».

Құдай әркімнің досы емес. Нақтырақ айтайын: *Құдай қауымға баратын әрбір адамның досы емес*. Бұл ойды дамыту үшін Көне Өсиетке көз тастайық. Онда Құдайдың досы аталған екі тұлға бар: Ыбырайым мен Мұса. Басқалар да бар ма? Әрине: Құдаймен тығыз байланыста болған Нұх, Даниял, Естер, Жүсіп, Дәуіт, Әйүп, Енох, Ишая және тағы басқалар. Дегенмен, аталмыш екі адамның өмірі Жаратқан Иемен жақын қарым-қатынасқа апаратын жолдың үлгісі болды.

Сөзімізді Ыбырайымнан бастайық. Ол неліктен Құдайдың досы аталды? Ол жетпіс бес жаста болғанда, Құдай оның жүрегіндегі ең үлкен тілегін орындауға, яғни оған ұл сыйлауға уәде берді. Алайда бұл уәде бірден жүзеге аса қоймады. Әйелі Сара Құдайдың кереметі арқасында ұлы Ысқақты дүниеге әкелген күнді Ыбырайым жиырма бес жыл күтті. Осы оқиғаны ұзақ күтудің терең шаттығы мен асқан тәттілігін елестете аласыз ба?

Әке мен бала арасындағы қарым-қатынас жыл сайын нығая түскеніне сенімдімін. Ыбырайымның орасан зор байлығы ұлына деген сүйіспеншілігіне тең келмеген болар. Ыбырайым үшін ұлынан артық еш нәрсе жоқ-ты, ұлы тіпті өмірінің өзінен асыл-ды.

Алайда бір күні Құдай ешбір ескертусіз Ыбырайымға былай деп сөз қатты: «Сен өзіңнің жақсы көретін жалғыз ұлың Ысқақты ертіп алып, Мория жеріне бар. Оны сол жерде Мен саған көрсететін тауға апарып, құрбандыққа шалып, өртеп жібер!» (Жаратылыс 22:2).

Бұл не жайт?! Себебін де білместен, Құдайдың сөзіне сай ең жақын адамның өмірін қию немесе ең қымбатты затты жою деген қалай? Осы сөзді естігенде Ыбырайымның күйзелісін елестете аласыз ба? Құдайдың одан мұндай нәрсені сұрайтыны Ыбырайымның түсіне де кірмес еді. Жаратқан Ие Ыбырайымнан жанынан қымбатын, жүрегін

талап етті. Ыбырайым үшін бұл жайт мүлдем түсініксіз-ді.

Осы жерде маңызды бір жайтты атап кеткеніміз жөн болар: бұл сынақ екенін білеміз. Киелі Жазба анық: «Осы оқиғалардан соң Құдай Ыбырайымды сынамақ болып, оны: — Ыбырайым! — деп шақырды» дейді (1-ші аят). Тарихи пайымдаманы оқудың кемшілігі мынада: біз нәтижені білеміз; сенушілердің көпшілігі бұл оқиға туралы естіген немесе Киелі Жазбаның бұл жерін бірнеше рет оқып шыққан. Алайда Ыбырайым бұл жағдайдың сынақ болғанын білген жоқ! Тұра сол сияқты біз де сынағымыздан өтіп шықпайынша Құдайдың бізді сынағанын білмейміз. Мектептегі емтиханда айла қолдана алатын да шығармыз, алайда Құдай дайындаған сынақта еш айла атаулы болмайды. Жүрегімізді киелілікке кенелту үшін Құдай Сөзінде берік тұру арқылы үй тапсырмасын орындамасақ, қаншалықты айлакер болсақ та, емтиханды тапсыру қиынға соғар!

Ыбырайымның ұрпағы Құдайдың шөл далада өздерін сынағанын білген болса да, сынақтан өте алмас еді. Ыбырайымға ұрпағында болмаған бір қасиет бұйырған екен, ол Құдайды қастерледі.

Маған Ыбырайымның Құдайдың осы өте қиын бұйрығына жауабы ұнайды: «Ыбырайым таңертең ерте тұрып, есегін ерттеп, жастау екі қызметшісін және ұлы Ысқақты өзімен бірге ертіп алды» (Жаратылыс 22:3). Ол бірден іске кірісті. Бұл сұрақ төңірегінде ол бірнеше күн, апта бойы ойланбады; пікірін білу үшін достарына жүгінбеді. Ол Құдайдың әмірін елеусіз қалдырмады да қарсылық көрсетпеді де. Ыбырайым, Ысқақ һәм екі қызметшілері келесі күні таңертең ерте тұрып, керек-жарақтарын жинап алып, жолға шықты.

Құдайдың даусын естігеннен дәйекті әрекет ету оңайырақ келген шығар. Алайда екі жарым күн өтісімен Құдай Ыбырайымға басқа еш сөз арнамаған да алғашқы бұйрығының себебін түсіндірмеген-ді. Ыбырайым болса аталмыш тауға жетті де ұлын құрбандыққа шалғалы тұрды.

Ыбырайым қызметшілерін тау етегінде қалдырып, Ысқақты ертіп тауға шығып, сол бір тауда құрбандық орнын тұрғызып жатқанда жүрегінің сызы мен көзінің жасын жасырған болар. Құрбандық үшін қажеттінің бәрін орындау үшін бар ерігі қажет болды. Қиын бір сәт туды; Құдай ойын өзгертер деген үміт ғайып болды. Үлкен толқуда Ыбырайым Ысқақты байлады да, пышағын көтеріп, ұлының жүрегіне батыруға дайын — мұның бәрі Құдай еркіне сай.

Кенеттен Құдайдың періштесі пайда болып, былай дауыстады: «Балаңа қол көтерме, оған тиіспе! (Құдай былай дейді:) енді сенің *Өзімді терең қастерлейтінің көзім жетті*. Себебі Менен өзіңнің жалғыз ұлыңды да аямадың» (Жаратылыс 22:12).

Періште Ыбырайымның Құдайды қастерлегенін қайдан білді? Ыбырайым Құдайдың сөзіне толық мойынсұнды. Ол қиындыққа тап болды, өзіне тиер еш пайданы көрмеді де Құдайдың бұйрығының мәнін түсінбесе де, бұйрықты бірден орындауға бел буды.

Сонда Ыбырайым пышақты орнына қойып Ысқақты байлаған жіпті шешкенде бұтаның арасында қалған қошқарды көрді. Оның аузынан «Жаратқан Ие қажетінді береді» дегенді білдіретін «Яһуә-Ире» деген сөздер шығады (Жаратылыс 22:14). Сол кезде Құдай Ыбырайымға өзінің мінезінің бұрын ешкім білмейтін бір қырын ашты. Неліктен солай етті? Өйткені Ыбырайым Құдайдың досы еді.

Түсіндіріп кетейін. Осы кітаптың барлық оқырмандары мені жазушы Джон Бивер, ретінде танысыз. Конференцияларда немесе қауымдарда уағыз айтқанымды естіген кейбіреулеріңіз мені Джон Бивер, уағыздаушы ретінде біледі. Дегенмен, Лиза есімді әйел де бар, ол мені Джон Бивер, күйеу, Джон Бивер, әке, Джон Бивер, ата, Джон Бивер, дос, Джон Бивер, өзіне ғашық адам ретінде біледі, бұл тізімді жалғастыра беруге де болады. Мінезімнің бұл қырларымен өте аз адам таныс, тек достарымның ең жақындары ғана. Соңғысын тіпті тек Лиза біледі.

Ыбырайым сол күні Құдайдың жақын досы аталды. Келесі тарауда осы екі достың арасындағы қарым-қатынастың даму үрдісін қарастырамыз да осындай жақындықтан өз өмірімізде қалайша ләззат алатынымыз жайлы ізденіс жүргіземіз.

Санаңызға сіңіріңіз

Киелі Кітаптан үзінді. «Иеміз Өзін қастерлейтіндерге сырын ашады және білдіреді Келісімін» (Забур 24:14).

Мағынасы. Жаратқан Ие сырларын жақын достарына ашады, ал Құдайдың жақын достары — Құдайды қастерлейтіндер.

Ой толғау. Дос деген не? Достар өмірден қалайша бірге ләззат алады? Достықты тереңдететін не? Мен Құдайдың досы болғанды қалаймын ба? Меніңше, Құдайдың досына қандай қасиеттер тән? Мен Құдай үшін жақсы дос болар ма едім? Жауабым жоқ болса, маған не жетіспейді? Құдаймен екі арадағы достықтан менің күткенім не?

Мінәжат. Құдіретті Құдай, мен Сенің жақын досың болуды қалаймын. Бұл қалауым Сенің де қалауың болғанын білемін. Жақын дос болу нені білдіреді деп ойланғанымда, Сен үшін шынайы дос болмағанымды түсінемін. Сенің қалауыңды бәрінен жоғары қоймадым, қарым-қатынасымызды қорғамадым. Бұл жазығымды кешіре көр және Сенің мәңгі досың болуым үшін маған рақымыңды дарыта көр. Исаның атымен мінәжат еттім. Әумин.

Мойындау. Құдайдың досы болуға бел буамын да басқа ештеңені одан жоғары қоймаймын.

Құдайды қастерлеу жанды
нұрландырады, зұлымдықты
жояды, құмарлықты әлсіретеді,
жанды қара түнектен арылтып
тазартады. Құдайды қастерлеу –
даналықтың шыңы. Бұл қасиет
жоқ жерде еш жақсылық жоқ.

Құдайды қастерлемейтін
адам шайтан әкелетін
құлдырауға ашық.

– СИРИЯЛЫҚ ЕФРЕМ

33 | ҚҰПИЯ АҚПАРАТ

Жоғарыда Құдай мен Ыбырайым арасындағы достықтың даму үрдісін талқыладық. Бұл хикая — Құдаймен арада жақындық орнатудың үлгісі. Бірақ бұл тақырыпты зерттеместен бұрын, Ыбырайым туралы әңгімені жалғастырайық. Киелі Кітаптан мынаны оқимыз:

«Түп атамыз Ыбырайым баласы Ысқақты құрбандыққа ұсынғанда сол ісі арқылы Құдай алдында ақталды емес пе? <...> Содан Ыбырайым тіпті «Құдайдың досы» деген атаққа да ие болды» (Жақып 2:21, 23).

Жақып Елші олардың достығы туралы айтады, Жақып пен періштенің сөздерінің сәйкес келуі кездейсоқ емес. Бұл достықтың негізі Ыбырайымның Құдайды қастерлеуі болды және тез де толық мойынсұнуымен (әрекетімен) дәлелденді. Тіпті бұл бұйрықтың мағынасы түсініксіз және пайдасы белгісіз болғанда, оның үстіне бұйрықты орындау ауыр болғанда, Ыбырайым Құдай Сөзін дәріптеді. Құдайды қастерлеу қалауларымыз бен істерімізді Құдай еркімен сәйкестікке келтіреді де Жаратқан Иемен жақындықтың есігін ашады.

Күндердің бір күнінде Құдай Ыбырайыммен Мамре тоғайында кездескен кезде Өзімен бірге келген екі періштеге осы сұрақты қойды: «Өзімнің не істейтінімді Ыбырайымнан қалай жасырмақпын?» (Жаратылыс 18:17).

Бұдан кейін Жаратқан Ие Ыбырайымға ниетін түсіндірмек болып сөз қатты, періштелер болса Содом мен Ғомора қалаларына аттанды. Сайып келгенде, Құдай Ыбырайымға былай деді: «Ыбырайым, күнәларының ауырлығынан мына екі қаланы жер бетінен жойып жібермекпін. Сенің ойың не?»

Жаратушыдан Осындай сөздерді естуді елестете аласыз ба? Әбден

зәресі ұшқан Ыбырайым: «Содомды ма?» деп дауыстап жіберді.

Жаратқан Ие: «Иә, және оның үстіне Ғомораны да. Бұл жайында сенің пікірің қандай?»

Ыбырайым абыржып: «Ойлан, Ыбырайым, ойлан. Ол жерде жиенім Лут тұрады, оған да басқа жазықсыз адамдарға араша болуым керек». Ыбырайымға былай дейді:

«Сонда Сен зұлыммен бірге әділді де құртпақсың ба? Мүмкін, қалада елу әділ адам бар шығар, Сен оларды шынымен құртпақсың ба? Сол жерге ондағы елу әділ адам үшін рақым еткің келмей ме?»
(Жаратылыс 18:23–25)

Келісім жасасқан адамынан жауап естігенде, Құдайдың қаншалықты шаттанғанын елестете аласыз ба? Ол былай деп жауап берді: «Бұл тамаша бір ой! Бұл екі қаладан елу әділ адам табылса, оларды жоймаймын. Досым Ыбырайыммен сөйлескеніме өте қуаныштымын».

Алайда Ыбырайым бұған қанағаттанбады — елу әділ адам табылмаса ше? Сондықтан ол сұрақты қайталады, бірақ санын қырық беске дейін азайтты.

Жаратқан Ие былай деп жауап береді: «Бұл да бір керемет ой! Бұл қалаларда қырық бес әділ адам болса, оларды жоймаймын. Бұл туралы досым Ыбырайыммен сөйлескенім жақсы болды».

Ыбырайым осымен де тоқтамады; санды қырық бестен қырыққа, одан кейін отызға, жиырмаға және ең соңында он әділ адамға дейін азайтты. Іштей былай ойлаған болса керек: «Он әділ адам табылар. Лут, менің жиенім, біреуі, одан басқа тоғыз ғана қалады».

Үкім шығаруға құдіреті бар Патшаға олай тек досы ғана сөйлей алады. Қызметшінің немесе бағыныштының аузынан шыққан мұндай өтініш қадірсіз көрінер еді. Жаратқан Ие өтінішті мақұлдады, содан кейін біз мынаны оқимыз: «Иеміз Ыбырайыммен сөйлесіп болған соң, кетіп қалды. Ал Ыбырайым үйіне қайтты» (Жаратылыс 18:33-ті қараңыз).

Есіңізде болсын, Құдайды қастерлеу дегеніміз Оның сүйгенін жақсы көру де жек көргенін жек көру. Күндердің күнінде маған дәрекілік танытқан адамға ізет көрсеткенім бар-ды. Сол оқиғадан кейін Құдай маған мынадай жігерлендіруші сөз айтты: «Ұлым, мен үшін ең қымбат қазына — адамзат. Реті келгенде ол сенің де басты құндылығың болады. Сол мезгіл орнағанда сенімен жоспарларымды талқылайтын боламын». Құдайды қастерлеу Құдайды ғана емес, адамдарды да шынайы және терең сүйуге жол ашады.

Киелі Жазбада Содом мен Ғоморада «адамдар ішіп-жеп, саудасаттық жасап, егін егіп, үй салып өмір кешуде еді» делінген (Лұқа 17:28). Нақтылап айтсақ, сол екі қаланың адамдары былай ойлаған болар: «Өміріміз тамаша, еліміздің экономикасы өркендеуде; Құдай бар болса да, осындай өмір салтымызға қарсы емес». Сол екі қаланың толығымен жойылуына бар болғаны жиырма төрт сағаттан аз уақыт қалғанда да тұрғындары надандықтарынан қайтпас-ты. Алайда бұл да ең сорақысы емес.

Шын мәнінде ең қорқыныштысы мынау: Киелі Кітапта «әділ» аталған Лут (Петірдің 2-хаты 2:7) не болатынын білмеді. Осы жағынан оның күнәкарлардан еш айырмашылығы жоқ еді! Ыбырайымның дұғасының арқасында Лут пен отбасын алып шығу үшін Құдай екі періштесін жіберді (Жаратылыс 19:29).

Бұл оқиғаны бұдан да өзекті ету үшін оны қазіргі заман тұрғысынан қарастырайық. Екі әділ адам бар делік: екеуі де құтқарылған және жаңадан туылған мәсіхшілер. Бір әділ адам Құдайдың жоспарын алдын ала біледі де сол жоспарды жүзеге асыру жолын таңдауда Құдай алдында өз ойын білдіреді. Басқа әділ адам болса - зұлымдар сияқты - алдағы сот туралы білмейді. Бұның себебі неде? Бірінші әділ адам Құдайды қастерлейді, сондықтан да Құдайдың досы аталады нәм Құдайдың сырын біледі. Екінші әділ адам Құдайды қастерлемейді, сондықтан да Құдаймен арадағы достыққа қол жеткізбейді нәм сырын білмейді.

Лут әділ деп аталады, бірақ ол дүниелік адам еді. Ол қиын кезде Қорынт қауымы мен Батыс қауымдарымыздағы көптеген сенушілер сияқты, өз мүдделеріне қызмет ететін. Бұл адам тобының Құдаймен қарым-қатынасы менің Америка Құрама Штаттарының Президентімен қарым-қатынасымнан ерекшеленбейді. Мен оның шешімдері мен басшылығынан пайда аламын, алайда сырларын, жоспарларын, жеке сезімдерін немесе ниеттерін білмеймін.

Лут моабтықтар мен аммондықтар мекендеген жерде қоныстанып, олардың ішінен әйел алған да балаларын сол жердің әдет-ғұрыптарына сай өсірген. Бұдан оның нағыз мінезі көрінеді. Лут басынан-ақ өзіне жақсы көрінетін нәрсені таңдады. Ыбырайым мен Лут екі қарсы бағытқа кетіп, барған жерлерінде қоныстауды шешкенде Ыбырайым Лут бірінші таңдасын деді. Жазбада былай делінген: «Лут Иордан аңғарының құнарлы жеріне көз айырмай қарады» (Жаратылыс 13:10, ағылшын тілінен аударма). Неліктен көз айырмай қарады? Ол сол жерде орналасқан қалалардың зұлымдығын білді. Сірә, ол әлемдік жүйеге ілінбей, оны қалай пайдалануға болатынын анықтауға тырысқан. Ол жоспар құрды. Ол

зұлымдық орталығынан қауіпсіз қашықтықта жазықта қос құруды шешті (Жаратылыс 13:12), бірақ Луттың ымыраға келу жоспары жүзеге аспады. Кейінірек ол отбасымен бірге Содомның қақпасына келіп, сол қалаға қоныстануға мәжбүр болды.

Құдайды қастерлемесек кұнаға батпай бұ дүниеге мүмкіндігінше жақындауға тырысамыз. Әйтсе де, мүддемізді басшылыққа алсақ, дүниенің бізді жұтып қоюы – уақыт мәселесі ғана. Бұл дүниеге оның бір бөлігі болу үшін емес, адасқан жандарға қол ұшын созу үшін шақырылғанбыз. Осыны әрдайым есте сақтағанымыз жөн.

Луттың өмірі бәрімізге ескерту болсын. Ыбырайымның қолдауы болмаса, қиямет күні Лут үшін түнгі ұры сияқты кенеттен келер еді. Оның дүниелік өмір салты ауыр зардаптарға әкелді. Жоғарыда айтылғандай, Луттың ұрпақтары өте зұлым болған. Оның әйелі Содомға байланып періштелердің артына қарамау туралы бұйрығын бұзды, нәтижесінде бірден тұз бағанасына айналды. Иса сүйіспеншілікпен: «Луттың әйелімен болған жайтты естеріңе түсіріңдер!», — деп ескертеді (Лұқа 17:32).

Енді мынаны сұрағым келеді: Құдайдың балалары аталған біз үшін достықтың бұл шарты дұрыс па? Бұл тақырыпқа жақын арада қайта ораламыз, бірақ алдымен Көне Өсиетте аталмыш Құдайдың басқа бір досын қарастырайық.

Санаңызға сіңіріңіз

Киелі Кітаптан үзінді. «Құдайға жақындаңдар, сонда Ол да сендерге жақындайды. Ей, күнәкарлар, қолдарыңды жамандық атаулыдан жуып тазартыңдар! Ей, екіойлы табансыздар, жүректеріңді орнықтырыңдар!» (Жақып 4:8).

Мағынасы. Құдай Өзін қастерлейтіндерге жоспарларын ашады. Құлшылықтарын Құдай мен дүние арасында бөлгендер болса, Құдайдың сырын білмейді.

Ой толғау. Иса былай дейді: «Алайда шындықты білдіретін Құдай Рухы келгеннен кейін <...> болашақта не болатынын сендерге хабарлайды» (Жохан 16:13). Бұның Құдай мен Ыбырайым арасындағы қарым-қатынасына қандай қатысы бар? Мен Құдайдың жоспарларын білуді қалаймын ба?

Дұға. Құдіретті Ием, құпия кеңесіңді тыңдағым келеді. Лут сияқты

әлемге тым жақындап кеткенімді түсіндім. Сенен һәм кеңесіңнен алыстап кеттім. Мұныма өкінемін де Иеміз Иса Мәсіхтің қаны арқылы мені тазартуыңды сұраймын. Мені ниеттеріңді ашатын адам ретінде қабылдай гөр.

Мойындау. Бүкіл дүниенің орнына Құдайды таңдаймын.

Құдайдың алдында ерекше
қастерлеу мен құрмет сезіміне
толы болған кезде ғана
Құдайдың рухына кенеліп, Әкеге
шындап мойынсұнып сиына
бастаймыз.

– АЛИСТЕР БЕГГ

34 | БЕТПЕ-БЕТ

Енді Құдаймен «дос» аталған басқа Көне Өсиет кейіпкерін қарастырайық.

«Жаратқан Ие Мұсамен адамның жақын досымен *бетпе-бет* сөйлескеніндей сөйлесетін» (Мысырдан шығу 33:11).

Түсініксіз бір тұс: Киелі Жазба адам мен Құдай арасындағы қарым-қатынасты неліктен «бетпе-бет» сөзі арқылы сипаттайды? Есіңізге сала кетейін, сөзіміз кез келген бір адам баласы да, тіпті, аты танымал бір кейіпкер жайында да емес, Жаратушы Құдай жайында. Құдаймен бетпе-бет болудың күшін түсінесіз бе? Жақындық туралы бұл сөз тіркесі бірнеше рет қолданылады; екінші рет жазылғанында, Жаратқан Ие Мұсаны сынағандары үшін Һарон мен Мәриямға ашуланды. Ол былай дейді:

«Бүкіл қызметшілерімнің ішінен оған ғана сенім артамын. Мен онымен жұмбақтап емес, *бетпе-бет*, анық тілдесемін. Мұса Менің — Жаратқан Иенің бейнесін көреді» (Руларды санау 12:7, 8; ағылшыншадан аударма).

Құдайдың: «саған сенім артамын» дегені – адам ести алатын ең үлкен қошемет. Бұл сөзден түйетініміз — Құдаймен өзара сенімділіктің негізінде Құдаймен достық қарым-қатынасы жатыр. Сонымен, Құдаймен өзара сенімділікті қалай орнатамыз?

Сөзсіз мойынсұну, яғни әрқашан Құдайдың бұйрығын орындауымыз. Бүтіндей адалдық, яғни әрқашан сөзімізде тұруымыз.

Тұрақты басымдық, яғни әрқашан Құдайдың қалауын бәрінен жоғары қоюымыз.

Жүрегімен таныстық, яғни шешім қабылдағанымызда әрқашан Құдайдың қалауын таңдауымыз.

Төрт тармақта да тұрақтылық өте маңызды. Егер де адасқан болсаңыз, жедел де шынайы тәубе арқылы сенімділікті қайта орната аласыз. Құдайды қастерлеу сондай тұрақтылықты барлық төрт санатта қамтамасыз етеді, Мұса оны ең жоғары деңгейде көрсетті. Бұл тарауда үшінші және төртінші санаттарға, атап айтқанда, Құдайдың қалауын бәрінен жоғары қоюымызға һәм жүрегімен таныстыққа тоқталамыз.

Мұсаның хикаясын қарастырайық: өмірінің алғашқы қырық жылы молшылық пен байлықта өтті. Ол ең дәмді тағамдарды жеп, ең сәнді киім киіп, ең құнды заттарға ие болды. Дүниеде қандай ләззат болса, Мұсаға барлығы қол жетімді болды. Ол салтанатты сарайда тұрды. Атасы перғауыннан бай немесе күшті адам жоқ еді. Алайда, Киелі Кітаптан бұны оқимыз:

«Ол күнәкар өмірдің өткінші рақатынан гөрі Құдай халқымен бірге жәбірленуді *таңдады*. Осылай Мұса (Құдай уәде еткен) Мәсіх үшін масқара болуды Мысырдың қазыналарынан *артық байлыққа* санады» (Еврейлерге 11:25, 26).

Мұса осылардың барлығынан да бас тартуды жөн көрді. Перғауын сарайында қала беріп те Құдайға құлшылық етуі бәлкім мүмкін-ді, алайда Мұса Мысыр шекарасының тысында жатқан бір марапатқа ие болуды қалаған. Сол марапат уәде етілген жер болды ма? Мүмкін емес — сүт пен бал аққан жер Мұса ие болмаған не нәрсені бере алады?

Мұсаның қалауын білу үшін сарайдан кеткеннен кейінгі өміріне көз жүгіртейік. Қолындағы бар байлықты тастап кетуі жақсы таңдау болды ма? Өмір жағдайы Мысырдағыдан жақсы болды ма? Мұса қырық жыл айдалада қой бағу үшін бүтін бір елді басқарудан бас тартты! Бұл өте ұзақ бір мерзім! Содан кейін Мұса Құдай халқын перғауынның қамытынан азат етудің өте ұзақ та қажытар үрдісін басынан өткерді. Бұлар да жеткіліксіз болғандай, Мұса сусыз шөлге тап болады. Шатырда тұрады һәм зор сынақтардан өтеді. Басқарған адамдары болса, ашулы да күншіл, басшылығына толығымен наразы.

Осының арасында Құдай Мұсаға уайымдарын жеңілдету жолын ұсынады. Ол Мұсаға халықты жинап, уәде етілген жерге апаруды тапсырады. Сонымен қатар Израил халқын жетелеу және басқа халықтарды қоныстарынан қуып шығару үшін бір періштесін тағайындайды. Жаратқан Ие Мұсаға бұл жердің бай, құнарлы болатынын еске салып, былай дейді: «Бірақ Өзім араларыңда жүріп бірге бармаймын» (Мысырдан шығу 33:3).

Осы жерде біраз тоқтап, Мұса мен халықтың күн сайын немен бетпе-бет келгені туралы ойланып көріңіз. Өмірлерінде молшылық жоқ-ты – иемденген әдемі аңғарлары, өзендері, ормандары, құнарлы топырақтары, жемісті бақтары мен жайылымдары да болмайтын. Халық жайлы төсекте ұйықтамайтын, жылы суда шомылмайтын да дүкен араламайтын. Ас мәзірі де тапшы-ды: көкөністер, жемістер, балық, ет, тәтті атымен жоқ, тек күнде таңертең жерде пайда болатын нанға жағар сары май да болмайтын!

Мысырдағы құлдық қорқынышты болды, алайда сусыз шөлді кезу одан артық емес-ті; екі жердің де жағдайлары өз алдына ауыр болды. Алайда, шөл далада ираилдіктердің үміті туды: иемденгелі тұрған жерлері бай, құнарлы да әдемі еді. Осы уәденің орындалуын халық жүздеген жылдар бойы күтті!

Құдайдан осындай жағымды сөздерді естудің қандай болатынын елестете аласыз ба? Мұса, әлбетте, келіседі де, таудан түсіп, жиналғандарға сүйінші хабарды жариялайды. Халық жеңіске жетіп, оны ұлы көшбасшы ретінде мадақтайды да бәрі бірдей уәде етілген жерге шаттана қоныстанады. Алайда Мұсаның Құдайға берген жауабына қарайық:

«Егер Өзің бірге барып жар болмасаң, бізді *бұл жерден* уәделі елге апара көрме» (Мысырдан шығу 33:15).

Бұл жердің не жер болғанын еске салайын. Қиыншылықтың, күйзелістің нәм сынақтың жері еді. Мұсаның жауабы әбден оғаш болып көріне алады. Ол негізінен: «*Құзырың мен батаң* арасында таңдауға мәжбүр болсам, құзырыңды таңдаймын» деген. Неліктен? Біреу туралы мәліметке ие бола тұра сол адамды жақыннан танымайтын бола аласыз. Мұса сол бір марапатты қалаған.

Мұса Құдайдың ұсынысынан бас тартты. Алайда солай істеп Құдайдың жүрегіне жақты. Бұл қалай болады дейсіз ғой. Мұса Құдайдың қалауын білетін. Осындай бір жайт туралы ойланып көріңізші: Жақын адамыңызға өз мүдденізді ойламастан оған жағатын бір іспен айналысып келуді ұсындыңыз делік. Алайда ол адамның жауабы мынадай болды: «Жоқ, сол істен рақаттанудан көрі сенімен бірге болуды ұнатамын». Мұндай жауап сирек, таңқаларлық та тамаша.

Мұса Құдайды қастерлейтін, сондықтан да Құдай үшін маңызды нәрсе әрқашан оның бас тұтқаны-ды; осылайша Мұса Құдайдың жүрегін танып білді де Құдаймен арада сенімділікке қол жеткізді. Ал Мұса бастаған халықтың ниеті басқа еді. Жазбадан мынаны оқимыз:

«*Мінезін* танытты Ол Мұсаға,
Кереметтер жасады Израил халқына»
(Забур 102:7, ағылшыншадан аударма).

Ыбырайымға ашқанындай, Құдай мінезін Мұсаға да ашты. Киелі Кітаптың ағылшын тіліндегі «The Good News Translation» аудармасында Құдайдың Мұсаға *жоспарларын* ашқаны жазылған. Басқаша айтсақ, Жаратқан Ие Мұсаға жеке сырын ашты, алайда Израил халқы сондай қарым-қатынастан жұрдай қалды.

Осы күнде қанша сенушілер Құдайды дұғаларына берген жауаптарынан ғана біледі? Олардың Құдаймен арадағы қарым-қатынасы жақындықтан гөрі келісімге көбірек ұқсайды. Олар Құдайдың сөзін білсе де жүрегін білмейді. Киелі Жазбаға ережелер тізімі немесе тарихи хикая жинағы ретінде қарайды, не болмаса одан шабыт іздейді.

Ең сорақысы, Құдайдың сөзі арқылы жүрегін танып білуге ұмтылудың орнына олар Киелі Жазбадан зұлымдықтарын ақтау жолдарын іздейді.

Мұса мен израилдіктер дәл Ыбырайым мен Луттан сияқты әділді. Алайда Құдайдың жүрегін тану — ниетін, сырын һәм жоспарын білу — Құдайды қастерлейтін жандарға ғана қолжетімді. Неліктен Құдай халқына емес, Мұсаға сенді? Мұса өзіне ұнамдысын таңдаудың орнына Құдайдың қалауын жүзеге асыратын. Бұл Құдайды қастерлеудің көрінісі.

Израил бұзауды жасағанда, Құдай ашуланып:

«Қаңарым лаулап, оларды құртып жібермекпін. Содан кейін өзіңнен үлкен бір халықты жаратамын» (Мысырдан шығу 32:10).

Бұл тағы бір керемет ұсыныс — Мұса Израил халқы үшін араша болуды қойса, Құдай одан халқының басқа тармағын таратады. Мұса қалай әрекет етті? Ол қайтадан өз мүддесін емес, Құдайдың жоспарын таңдады. Мұса бұл ұсынысқа батыл қарсы шығып, Құдайдың беделін есіне салады. Құдай бұл ойын жүзеге асырса дүние Жаратқан Иені халқына сенімсіз дер еді. Бұл мәселені талқылау барысында Мұса тікелей: «райыңнан қайта гөр!» деді (12-т.). Мұсаның батылдығы ашулы күйдегі Жаратқан Иенің өзінен ойын өзгертуін сұрауға жетті! Құдайды қастерлемейінше, жүрегін білмейінше және ниетін бөліспейінше, бұл мүмкін емес.

Жаратқан Ие бар халқын Мысыр елінен құтқарды, алайда сенімін Мұсаға ғана артты. Құдай өз халқын перғауынның қанауынан

құтқарды, алайда Мұсадан басқасына жүрегін еш ашпады. Достықтың бұл шарты Құдайдың жаңа өсиеттегі перзенттеріне қатысты ма? Мұны келесі тарауда қарастырамыз.

══════════ Санаңызға сіңіріңіз ══════════

Киелі Кітаптан үзінді. «Маған бәрін де Әкем сеніп тапсырған [...] Әкенің кім екенін де Оның жалғыз рухани Ұлы — Мен ғана білемін» (Матай 11:27).

Мағынасы. Құдайдан «саған сенім артамын» дегенді есту адам ести алатын ең үлкен мақтаулардың бірі. Сенімділік – Құдаймен дос болудың негізі де алғы шарты; оған Құдайды қастерлейтіндер ие.

Ой толғау. Мұса Құдайды қастерледі, жүрегін білді және Құдаймен арадағы сенімділікке ие еді. Иса Иемізді қастерледі, қуанышқа бөленді, Ол Әкесінің жүрегін білді және Әкесі бәрін оған сеніп тапсырды. Мұнда қандай байланыс бар? Құдайды қастерлеуден шаттық алғанымызда не болады?

Мінәжат. Құдіретті Ием, маған сенім артуыңды қалаймын. Саған мойынсұнбаған, сөзімде тұрмаған, ниетіңді мүддемнен жоғары қоймаған кездерімді кешіре гөр. Бұларды өзгертуді таңдадым, өмірімде осы өзгерісті орнатуға күш берер Құдайды қастерлеу қасиетін маған дарытуыңды сұраймын. Исаның атымен мінажат еттім. Әумин.

Мойындау. Иеміз Исаның сенім артатын адамы болуды таңдаймын.

Жолшыбай бірге келе жатып,
бізге Киелі жазбалардың мәнін
ашып бергенде, жүректеріміз
жалындап кеткен жоқ па еді?

– ЛҰҚА 24:32

35 | МАҒАН ДОССЫҢДАР

Ыбырайым мен Мұсаның өмірлері Құдаймен достық қарым-қатынас орнату үшін қажеттісін көрсетеді. Жаратқан Ие Мұса туралы былай дейді: «Бүкіл қызметшілерімнің арасында оған ғана сенім артамын» (Руларды санау 12:7; ағылшын тілінен аударма). Құдай сол ұрпақта Мұсадан басқа ешкімге сенім артпайтынын айтты. Керемет мәлімдеме!

Иса бұл шартты өзгертті ме? Өзіне сенгендердің барлығымен достық қарым-қатынас орнатты ма? Бір қарағанда, олай емес, алайда Исаның қызметінің алғашқы күндері туралы жазған Жоханның сөздерінен бастап, осы сұрақты егжей-тегжейлі қарастырайық:

«Құтқарылу мейрамы кезінде Иса Иерусалимде болғанда, Оның жасаған кереметтерін көрген көптеген адамдар Оған *сенді*. Алайда бәрінің ойы мен ниеті құбылмалы екенін біліп, Иса оларға *сенім арта* қоймады» (Жохан 2:23, 24).

«Сенім арту» — грек тіліндегі қызық бір сөз, ол «толық наным дәрежесіне дейін сену – сенімді болу, сенімге ие болу» дегенді білдіреді.¹ Бір қызығы, Иса адамдардың сеніміне сенім артуымен жауап бермейді. Адамдар Оған толық наным деңгейінде сенгенімен, Иса оларға сенім артпады. Ол көптеген адамдардың шүбәлі екенін білді.

Иса адамдарға сүйіспеншілікпен қызмет етті, бірақ олармен достық қарым-қатынас орнатпады. Иса (тәндегі Құдай) жай ғана инанған адамдарға Құдайдың Мұсаға артқандай сенім артпады.

«Соңғы кешкі асқа» көшейік. Алдыңғы үш жыл қызметінде Исаға инанған адамдардың көпшілігі сенімді емес-ті; көбісі жасырын немесе

алыстан, немесе тек өздеріне ыңғайлы кезде ғана Иеміздің жолын құды. Көптеген шәкірттер Ұстаздарын тастап кетті, ал Яһуда Оған опасыздық жасады.² Исаның оларға неге сенім артпағаны енді түсінікті ме?

Кешкі аста Иса ең жақын достарымен бас қосады. Шаттық та ризашылықпен Ол былай дейді: «Қиындыққа ұшыраған кездерімде Менімен бірге болған сендерсіңдер» (Лұқа 22:28). Яғни, олар сенімді болды. Сол күні кешке Петір ауыр қателік жасады, бірақ өкініп, одан бетер адал жүрекпен тура жолға қайта түсті. Иса мұны алдын ала білетін.

Яһуда опасыздық жасау үшін кетіп қалды, Иса қалған он бір адамға: «Сендерді бұдан былай құл демеймін», – деді (Жохан 15:15). Иса «енді» дейді, демек, шәкірттерінің құл аталған уақыттары да болды. Бұл аян емес, тілдің қарапайым ережесі ғана. Пауыл елші хатында бұл қағиданы былай түсіндіреді:

«Мұрагер болашақта барлық байлықты иемденуге қақылы болса да, балалық кезінде оның құлдан еш айырмашылығы жоқ» (Ғалаттықтарға 4:1).

Мына сұрақты қояйық: Патшалығының мұрагерлері болсақ, Құдай бізді неге құл деңгейінде сақтайды? Жауап: бізді қорғау үшін! Құдай Анани мен Зәпирәнің тағдырын қайталағанымызды қаламайды. Бұл оған еш шаттық әкелмейді.

1980 жылдары Лиза екеуіміз екі халықаралық қызметке қатыстық; біреуінде 450 қызметкер болса, екіншісіне 150 қызметкер келді. Көшбасшылық мәселесіне көңіліміз толмайтын, өз қызметімізді бастаған кезде әріптестерімізді басқаша басқардық. Кейбір бастамаларымыз басқаларынан жақсы болды. Біз бастағанда жұмыс қағидаларымыздың бірі: «Жетекші әрбір қызметтесі үшін ең жақын дос болсын» еді. Бұл көзқарастың ақымақтығын түсінген шығарсыз.

Бірінші қызметтесіміз жас бір жігіт болды, аты Джастин делік. Оны ең жақын досым еттім; бірге баскетбол ойнадық, бейнежазба көрдік, түскі және кешкі асымызды жиі бірге іштік және ең жақын достар жасайтын барлық нәрселерді жасадық. Басында бәрі жақсы еді. Алайда, бір жылдан кейін оған кішкене сөгіс айтуға тура келді. Ол менің қасыма отырғанда, мен ақырын мынаны айта бастадым: «Джастин, саяхаттаған кезімізде ізденістері жайлы сөз қозғауға келген адамдармен жылырақ сөйлескенің жөн болар. Олар Құдай үшін өте бағалы».

Одан кейінгі жағдай мені таңқалдырды. Джастин, мені түрлі теріс қылықтар үшін айыптай бастады. Қателескен нәрселерімнің бәрін тізіп

берді. «Шынымен осылай істеп жатырмын ба?» — деп ойладым. Бірақ бірнеше минут өтісімен, оның маған сынай қарап тұрғанын түсіндім. Кідіріп, Киелі Рұхтан кеңес сұрадым. Ол маған: «Джастинді қызметтен шығар», — деді.

«Джастин, мен сені қызметтен босатуым керек» — дедім мен ол сөзін бітіргенде.

Ол әбден ашуланып, есікті тарс жауып, үйімізден шығып кетті. Сол сәт көзіме жас алдым, Джастин мен үшін өте қымбат еді. Кенеттен Киелі Рұх былай деді: «Ол қайтып оралады да бұрынғысынан екі есе адал болады».

Үш айдан кейін Джастин телефоныма қоңырау шалды: «Құдай маған анық сөйлеп, қателіктерімді көрсетті. Сенен кешірім сұрау үшін хабарласып отырмын. Лиза екеуіңнің өмірлеріңдегі орнымды білмей қалдым. Екеуіңізге де басшы емес, әріптес, тең дәрежелі адам ретінде қарадым. Сол үшін қатты өкінемін», — деді ол.

Мен бірден: «Джастин, сені кешіремін» — деп жауап бердім. Әбден ымыраға келгенімізден кейін бізбен жұмыс істеуге орала ма деп сұрадым. Ол қуана келісті. Арамызда бұл салада енді еш мәселе тұмады.

Қазір менің көзқарасым басқаша. Джастин өте маңызды бір ақиқатқа көз жеткізгеннен кейін ғана сенімді қызметтесім бола білді. Осы мезгілде қарамағымдағыларым тұра сол ақиқатты аңғармайынша олармен сырымды бөліспеймін.

Мұны тобымыздың мүшелерінен алыс болуды қалағандықтан немесе оларға немқұрайлы қарағандықтан емес, оларды қорғау үшін істеймін. Олардың Джастиннің жайтын қайталағандарын қаламаймын. Дегенмен, лауазымдарымызға құрмет көрсете білген қызметтестеріме дос ретінде қараймын. Тобымыздың мүшелерінің кейбіреулері — ең жақын достарым.

Басқа сөзбен айтсақ, Иеміз былай дейді: «Менің өмірлеріңде не орын алғанымды һәм менімен бірге кім екендеріңді түсінбейінше (Жаратқан Иені қастерлей білгендеріңше), сендерді қорғау үшін қызметші деңгейінде ұстауға мәжбүрмін, сонда Анани мен Зәпирә сияқты сотталмайсыңдар».

Иса бұл адамдарға былай дейді:

«Сендерді бұдан былай құл демеймін, құл иесінің не істеп жүргенін білмейді. Қайта, сендерді достарым деп атадым, өйткені Әкемнен естігендерімің бәрін сендерге білдірдім» (Жохан 15:15).

Иса шын мәнінде былай дейді: «Осы уақытқа дейін сендерге құпия ақпаратты — өз жоспарларымды, құпия нұсқауларымды немесе

жүрегімнің сырларын ашпағанмын. Ал енді Мұса мен Ыбырайымға сенім артқандай сендерге де *сенім артамын*». Сондықтан да Иса бізге былай дейді:

«...Маған доссыңдар» (Жохан 15:14).

Біз ән саламыз, уағыз айтамыз және Иса туралы досымыз ретінде бей-жай сөйлейміз, ал кейбіреулеріміз Оны тіпті жолдас атауға барады. Алайда Исаның осы мәлімдемесін сирек толығымен оқимыз. Бұл аят шын мәнінде бір шартты білдіретін «Егер» сөзімен басталады; сонымен, Оған сенсек те, бірден Оның досы атанбаймыз. Сонымен, достықтың шарты не?

«Егер Менің тапсырғандарымды орындасаңдар, Маған доссыңдар».

Шарт мынау: *Жаратқан Иені қастерлеу* – Оның Сөзін құрметтеу, Оның өсиеттерін әп-сәтте және соңына дейін орындау. Ыбырайым мен Мұса Құдайды қастерлеген де онымен достыққа қол жеткізді. Қазіргі жайт та тура сондай. Жаратқан Иенің ниеті мен еркі бас нысанамызға айналғанда, Ол бізге сенім артады да бізді дос атайды. Әлемнің Жаратушысымен дос болу не деген абырой, мәртебе де шаттық!

Сөзімізді яқтамас бұрын, тағы бір сұрақты шешуге рұқсат етіңіз: Иса бізге бұйрық береді ме? Иә, Жаңа Өсиеттің өзінде бес жүзден астам бұйрық бар. Алайда бұл құтқарылу үшін қажет өсиеттер емес, құтқарылу – тегін сыйлық. Бұл өсиеттер Құдайды мадақтауға бағытталған. Оларды орындауға қажетті күшке Құдайды қастерлеу арқылы қол жеткізе аламыз. Исаның көкке көтерілер алдында айтқан соңғы сөзі осы еді: «Сондықтан барлық халықтарға барыңдар! <...> сендерге өсиет еткендерімнің бәрін де ұстануға үйретіңдер!» (Матай 28:19, 20).

Құдайды қастерлеудің ең үлкен пайдасы – ол біз үшін Исамен арадағы достыққа жол ашады. Келесі тарауда Құдайды қастерлеудің басқа да пайдасын қарастырамыз.

Санаңызға сіңіріңіз

Киелі Кітаптан үзінді. «Егер Менің тапсырғандарымды орындасаңдар, Маған доссыңдар» (Жохан 15:14).

Мағынасы. Исаға жай ғана инанғанымызда Ол бізге бірден сенім арта қоймайды. Иеміздің достығына Оны қастерлейтіндер қол жеткізеді.

Ой толғау. Исаға жедел де бұлжытпай мойынсұну ауыр бола алады. Кейде Құдайдың бұйрығының не астарлы мәнін, не тигізер пайдасын көрмейміз. Бұндай жағдайларда да Құдайға мойынсұну дұрыс па? Құдайдың достығы оған тұрарлық па?

Мінәжат. Қымбатты Құдайым, саған жақын адамдар санына кіруді басқа бүкіл нәрседен гөрі терең аңсаймын. Сені алыстан білгім келмейді, саған жақын болғым келеді. Жаратқан Иені қастерлеуді, Саған сөзсіз мойынсұнуды, Сені шын жүректен, бүкіл жан дүниеммен, барлық ақыл-ойыммен сүюді және адамдарды Сен сияқты сүюді таңдаймын. Исаның атымен мінәжат еттім. Әмин.

Мойындау. Исаның досы болуды таңдадым! Бұдан былай бұйрықтарын бұлжытпай орындаймын.

ҚАЗЫНАНЫҢ ПАЙДАСЫ

6-АПТА

Көңіл бөл жүретін
жолыңа өзіңнің,
Лайым берік болсын
жолдарың сенің.

– НАҚЫЛ СӨЗДЕР 4:26

36 | ҚҰДАЙДЫҢ УӘДЕЛЕРІН РАСТАУ

Енді Құдайды қастерлеудің көптеген артықшылықтарына тоқталайық. Олардың кейбірін, ішінде ең үлкенін де: Құдаймен жақындықты талқыладық. «Уа, Ием, қандай мол Сенің ізгілігің: Өзіңді қастерлеп, паналайтындар үшін Соны сақтап, жұрт алдында сыйлайсың» деген уәде есіңізде ме? Осыны тереңірек қарастыруды жалғастырайық (Забур 30:20-ны қараңыз).

Осы қызықты саяхатты бастамас бұрын, кең таралған бір қате түсінікті түзеткім келеді. Көбінесе адамдар Киелі Жазбаға өмірлеріне ықпал етуге мүмкіндік бермей, қайта Киелі Жазбаны өз білгендері немесе басқалардың үйреткендері арқылы түсінеді. Басым көпшілігі Құдайдың уәделерін «я болар, я болмас» деп қабылдайды, яғни ондағы ой: Құдай маған мұны бергісі келсе, тамаша. Бірақ бергісі келмесе, Оның егемен еркін қабылдауым керек. Мұндай сенім Құдай кейбірімізді басқалардан артық көретін қылып бейнелейді, бірақ бұл дұрыс емес. Бұл Иемізге жасырын айтылмаған ренішті оңай тудыруы мүмкін.

Шындық мүлде басқа. Көбінесе Құдайдың уәделері үшін күресуге тұра келеді. Ол қалай десеңіз, Киелі Кітапты ашайық. Құдай Ыбырайымға былай деді: «Сенің ұрпағың Ысқақтан тарайтын болады» (Жаратылыс 21:12). Көбісі мұны автоматты түрде орындалған уәде деп санайды. Құдайдың ниеті мұнда анық — Ыбырайымды таңдалған халықтың атасы ету. Құтқарушы Мәсіх осы әулеттен шығуы тиіс.

Ысқақтан қалай ұрпақ тарағанын қарастырайық. Оған жар болатын қызды Құдайдың Өзі көрсеткені есіңізде ме? Ыбырайымның қызметшісі Ысқаққа қалыңдық іздеп қожайынының еліне барады.

Ұзақ жол жүріп, бір құдыққа тоқтап, Құдайдан нақты белгі сұрайды — Ысқаққа Құдай бұйыртқан қалыңдық ешкім сұрамаса да, он түйесін суарып беретін болсын (Жаратылыс 24:14).

Осы жерде кідірейік. Шөл далада ұзақ жол жүрген бір түйе он бес минутта шамамен отыз-елу галлон (жүз он бес - жүз тоқсан литр) су іше алады. Оны он түйеге көбейтіңіз. Ысқақтың болашақ жары Рабиға өз еркімен сонша су тасыған. Қызметшінің дұғасына керемет түрде жауап берілуі керек еді, бірақ Рабиға оның өтінішін өзі мүлтіксіз орындады! Оны Құдай Ысқақтың әйелі етіп таңдағанына күмән жоқ.

Қызметші Рабиғамен бірге үйге оралғанда, Ысқақ пен Рабиға үйленеді. Бірақ уәденің орындалуына үлкен кедергі бар — Рабиға бедеу әрі балалы бола алмайды! Құдай қателесті ме? Жаратқан Ие оның бала көтере алмайтынын білмеді ме? Уәде қалай орындалады? Неліктен Құдай Рабиғаны таңдады? Ысқақ пен Рабиға не істеу керек? Олар уәденің орындалып, бір күні әйелдің құрсағы керемет түрде ашылғанын күтулері керек пе?

Жауап Ыбырайымнан басталады. Ол батыл дұға ететін адам. Он әділ адам табылса, Құдайдан Содом мен Ғомораны жоймауын сұраған осы кісі. Киелі Жазбадан Ыбырайым ұлына да солай істеуді үйрететінін білеміз (Жаратылыс 18:19). Нәтижесі келесі аятта жазылған:

«Әйелі бала көтермегендіктен, Ысқақ ол үшін Жаратқан Иеге жалына сиынды. Оның тілегін Иеміз қабыл алып, күндердің күнінде Рабиға жүкті болды» (Жаратылыс 25:21).

Құдайдың айтқаны — адамның араласуынсыз үзілді-кесілді орындалатын уәде болса, Рабиға бедеу болмайтын еді. Бірақ оқиға басқаша. Уәденің орындалуы үшін Ысқақ өте нақты әрекет жасады. Жалбарынуға тура келді. Еврей сөздігінде «бұл сөздің негізгі мағынасы — дегенінен қайтпай Жаратқан Иеге тоқтамай сиыну» делінген. Демек, бұл жай ғана дұға емес, табанды, тұрақты дұға болды. Ондай дұға «жоқ» деген жауапты қабылдамайды. Бұл Құдайға ұнайтын дұға. Киелі Кітапта былай делінген:

«Әділ адамдардың Құдайға ынтамен сиынуларының күші орасан зор» (Жақып 5:16, ағылшынша NKJV нұсқасынан аударма).

Жақып елшінің айтуынша, ынтамен дұға ету — шын жүректен, қызу дұға ету. Ол жаңбыр сұраған Ілиясты мысалға келтіреді. Жеті рет басын тізелерінің арасына салып қоймай мінәжат етіп, көкжиекте жаңбыр бұлттары бар-жоғын білу үшін қызметшісін жеті рет жіберді. Құдайдың

уәдесі орындалғанға дейін Ілияс сенімінен қайтпады (Патшалықтар 3-жазба 18:41–45).

Ысқақ Құдайдың еркі — оған ұл беру екенін білді. Құдайдың еркі жерде орындалсын деп ол жалына сиынды. Барлық сенушілер осылай әрекет ете ме? Киелі Жазба былай дейді:

«Сенің айтқан сөздерің, Жаратқан Ием,
Көкте тұр мәңгілікке *бекітілген!*» (Забур 118:89).

Құдайдың Сөзі көкте бекітілген. Жерде емес, көкте делінгені бекер емес. Неліктен? Забур жыршысы былай дейді: «Заңғар көк — Жаратқанның иелігі, ал жер бетін Ол адамзатқа берді» (Забур 113:24). «Жер жүзі мен ондағының бәрі Жаратқандікі» (Қорынттықтарға 1-хат 10:26), бірақ Иеміз жерді бір мерзімге адамзатқа берді.

Жаңа үйленгенімізде Лиза екеуіміз пәтер жалдап тұрдық. Үй біздікі болмаса да, онда тұрып, ыңғайымызға қарай жабдықтау біздің хақымыз еді. Үйдің иесі келіп, жиһазды қайда қойғанымызға, бөлмелерді қалай әдемілегенімізге және қалай тұрып жатқанымызға қатысты басқа да мәселелерді көтерген жоқ. Ереже бұзбай, ай сайын жал ақысын төлеп тұрсақ болғаны. Бізге көмек керек болғанда, иесі келіп жәрдем етті.

Құдай жердің иесі ретінде, оны адамзатқа жалға берген секілді. Адам атаның Едем бағында тыйым салынған жемістен жегенде, Құдай келіп, жемісті қолынан тартып алған жоқ. Себебі жер адамзаттың билігіне берілді (Жаратылыс 1:26–28 қараңыз). Осыны ескеріп, «Ендеше Құдайдың Сөзі жерде қалай орындалады?» деп сұрайық. «Әрбір іс ең кем дегенде екі не үш куәгердің *айтқандарымен* дәлелденуі керек» дейді Киелі Кітап (Қорынттықтарға 2-хат 13:1). Ишая кітабында Құдай былай айтқан:

«Менің *аузымнан шыққан сөзім* де соған ұқсайды: ол нәтиже берместен Өзіме қайта оралмайды. Керісінше, Менің сөзім еркімді толық орындап, көздеген мақсаттарымды жүзеге асырады» (Ишая 55:11).

Бір қызығы, екі жазбада да ауызбен айтылған сөзге мән берілген. Құдай Өз қалауын айтады, бірақ оны жер бетінде орнықтыру үшін адам қажет. Жер бетінде билігі бар адам оны аузымен айтып, жерде орнығуын қамтамасыз етеді. Солай істегенімізде, біз Құдайдан жерге келіп, көмек беруін сұраймыз. Сонда Иеміздің уәдесі көкте де, жерде де бекітіледі. Басқаша айтқанда, біз Оның қалауының

орындалуын сұрамайынша, Ол «бізге жалға берілген жерге» Өз еркін күштеп жүргізбейді.

Құдай Ыбырайымға уәде берді. Ысқақтың былай деп мінежат еткенін елестете аламын: «Әкемнің Тәңірі, менен үлкен ел тарайтынын, ұрпақтарым мол жарылқанатынын уәде еттің. Әйелімнің құрсағын аша гөр, бала көтере алатын болсын. Әумин». Нәтижесінде Құдайдың айтқаны орындалды.

Енді тағы бір тамаша мысал, Исаның оқиғасын қарастырайық:

«Мәсіх жер бетінде жүргенде Өзін өлімнен құтқаруға құдіреті жететін Әкесіне қатты дауыстап сиынып, көз жасын төгіп жалбарынды. Мәсіх Әкесін терең қастерлегендіктен мінажаты қабыл болды» (Еврейлерге 5:7).

Исаның «қатты дауыстап сиынып, көз жасын төгіп жалбарынғаны» жазылған. Тұра Ысқақ сияқты. Бірақ осы жолы, ол құмарлы мінежат Құдайды қастерлеумен қатар тұр. Міне, тағы бір анықтама. Құдайдың уәдесі жер бетінде көрінгенге дейін сөйлейтін (қатты дауыстайтын) мызғымас сенім ғана емес, сонымен бірге Құдайдың Өз халқына берген уәделерін бекіту үшін Иемізді қастерлеу қажет. Исаның дұғасы қабыл болғанын байқаңыз. Мінежат ету бір бөлек, ол мінежаттың қабыл болғаны бір бөлек. Жауапсыз қалатын дұғалар бар ма? Иә, сөзсіз. Жақып өзінің хатында былай жазған: «Сұрасаңдар да, ие бола алмайсыңдар, себебі ізгі ниетпен емес, арам құмарлықтарыңды қанағаттандыру үшін сұрайсыңдар» (Жақып 4:3). Ниетіміз не, осыған әрқашан сақ болайық. Құдайды қастерлеу дұрыс жолдан таюдан сақтайды.

Құдайды қастерлесек, батыл дұға етіп, Құдайдың еркі мен уәделерін жариялай аламыз, сонда олар көктегідей орындалады. Елші Пауыл жердегі сапарының соңында: «Сенімнің ізгілікті мүддесі үшін жан сала күресіп, мәңгілік өмірді берік ұстан» (Тимотеге 1-хат 6:12) деп жазғаны осыдан болса керек. Бұл күрес. Сенім арқылы біз мәңгілік өмір беретін ізгіліктерді ұстанамыз.

Санаңызға сіңіріңіз

Киелі Кітаптан үзінді. «Өзін қастерлейтіннің тілегін орындайды, Жалынышын естіп, оны аман сақтайды» (Забур 144:19).

Мағынасы. Көбінесе адамдар Киелі Жазбаға өмірлеріне ықпал

етуге мүмкіндік бермей, қайта Киелі Жазбаны өз білгендері немесе басқалардың үйреткендері арқылы түсінеді.

Ой толғау. Өзімнің және басқалардың тәжірибесіне бола сенімімнің Құдайдың Сөзінен ауытқуына жол бердім бе? Өмірімде, отбасымда, мен ықпал ете алатын аймақта орындалмаған уәделер бар ма? Мен осы Құдайдың уәделерінен тыс өмірге ризамын ба? Уәделердің орындалуы үшін тынбай, ынталы мінәжат етуге, күресуге дайынмын ба?

Мінәжат. Көктегі Әке, Исаның атымен, мені рухани жалқаулығым үшін, орындалмаған уәделерді қанағат еткенім үшін және Сенің Сөзіңде айтылғанға ұмтылмағаным үшін кешіре гөр. Мен Сенің еркінді орнату үшін күресудің орнына өткен тәжірибелеріме арқа сүйедім. Осыған өкініп, тәубе етемін. Бұдан былай сенімнің ізгілікті мүддесі үшін жан сала күресуді және еркіңнің көктегідей жер бетінде орнығуы үшін дұға етуді таңдаймын. Әумин.

Мойындау. Сенімнің ізгілікті мүддесі үшін жан сала күресуді, мәңгілік өмірді берік ұстануды және өзім ықпал ете алатын аймақта Құдайдың еркін орындалуын көруді таңдаймын.

Құдайды қастерлейтін
адамдар ештеңеден қорықпай
өмірмен бетпе-бет келеді.
Құдайдан қорықпайтын адамдар
бәрінен қорқады.

– РИЧАРД ХАЛВЕРСОН

37 | БАСҚА ҚОРҚЫНЫШТАРДЫ ЖОЯТЫН ҚОРҚЫНЫШ

Біз қиындықтар мен қорқынышқа толы әлемде өмір сүріп жатырмыз. Оның үстіне, Иса жағдайдың одан да нашарлайтынын айтады. Алда не күтіп тұрғаны жайлы Иса былай деген: «Адамдар қорқып, әлемге төнетін апаттарды күтіп естерінен тана үрейленетін болады» (Лұқа 21:26). Үміт, тыныштық пен бейбітшіліктің орына қорқыныш пен уайым келіп, тек абыржу, қайғы мен үздіксіз азап қалады. Бұның емі бар ма?

«Жаратқан Ие маған басқалар сияқты ойламауға қатаң ескертті. Ол былай деді: “Бұл халықтың бүлік деп атағандарын сендер солай санамаңдар! Басқалардың қорыққандарынан сендер қорқып, үрейленбеңдер! Тек Әлемнің Иесін ғана киелі деп құрметтеп, терең қастерлеңдер, (Оның еркіне қарсы шығудан) шошынып дірілдейтін болыңдар! Жаратқан Ие сендер үшін паналайтын киелі орын іспетті болмақ”» (Ишая 8:11–14, ағылшыншадан аударма).

Қасиетті қорқыныш барлық басқа қорқыныш пен уайымды жояды, өйткені ол Құдайдың қауіпсіздік уәдесіне негізделген. Бір сәт тоқтап, осыған ой жүгіртіңіз. Америка Құрама Штаттарының бүкіл қарулы күштері сізді қорғауға бұйрық алғанын елестетіп көріңіз. Әрбір генерал өз офицерлеріне сіздің қауіпсіздігіңіз – ең басты мақсат екенін айтып, бар күшті сізді қорғауға салу керек екенін хабарлайды. Қайда барсаңыз

да, ең заманауи қарулардың толық арсеналы сізді қорғап тұрады. Мұны елестету қиын, бірақ шынымен де солай болса, өзіңізді тыныш және сенімді сезінетін боласыз, солай ма? Алайда, бұның өзі құдіретті Құдайдың: «Мен сені сақтаймын» дегенімен салыстырғанда әлсіз көрінеді. Киелі Кітап былай дейді:

«Уа, Ием, қандай мол Сенің ізгілігің:
Өзіңді қастерлеп, паналайтындар үшін
Соны сақтап, жұрт алдында сыйлайсың.
Сен пана болып әділді қорғайсың,
Өз саяңда аман-есен сақтайсың
Адамдардың астыртын әрекетінен
Әрі ұрсып айыптайтын тілдерінен» (Забур 30:20, 21).

Мол ізгілік уәдесі – Құдайдың құзырын паналау, жамандық тілеушілерден аман болу – барлығына емес, *Құдайды қастерлейтіндерге* берілген. Ұзақ жылдар бойы Лиза екеуміз өтірік жала жабу, жалған айып тағу мен қоқан-лоққыларға төздік. Достарыма: «Менің атымды Google-дан іздеме. Мені айыптайтын көптеген мақалалар көресің» деп қалжыңдап айтатынымын. Бірақ біз атымызды қорғаудың орнына, үндемейміз деп шештік. Оның орнына барлық шабуылдарды өзіміз қастерлейтін құдіретті Құдайға тапсырдық. Нәтижесінде Оның тұрақты қорғанышына күә болдық. Бұл оңай болған жоқ. Естіген айыптар мен қоқан-лоққыларды Құдайдың алдына әкелгенімнің белгісі ретінде қолымды көкке жайып, қанша рет сиындым. «Әке, мұны сенің қолыңа тапсырамын, бізді қорғай гөр» деп дауысымды қатты шығаратынымын. Ием бізді ешқашан жерге қаратпады.

Қасиетті қорқыныш талай таныстарымызды қорғағанына күә болдық. Бірнеше жыл бұрын мен туған қаламда 1500 адамға уағыз айттым. Қызмет барысында көптеген адамдар өмірлерін Жаратқан Иеге бағыштады. Жүректеріндегі сан қорқыныш ғайып болып, орнына Құдайды қастерлеу келді. Келесі күні Исаны Ием деп қабылдап, қорқыныштан азат болған анасы мен қызы дүкеннен үйге қайтып бара жатты. Кенеттен алдарынан қолдарына пышақ пен қару ұстаған үш адам шықты. Олар әйел мен қызына үйге кіруге қатаң бұйрық берді. Сірә, екеуін де тонау, зорлау және тіпті өлтіруді көздеген.

Кейінірек анасы: «Алдыңғы кеш болмағанда, мен қорқыныштан қатып қалып, бір сөз айта алмай, олардың талаптарына бағынар едім», – деді. Бірақ әйел қылмыскерлердің бұйрығын елемей, дауыстап мінәжат ете бастағанын айтты. «Құдайға сиынғанымда жүрегімде сенім, күш және тыныштық пайда болды».

Ер адамдар дірілдеп кетті де, әйелге мінәжат етуін тоқтатуды бұйырды. Ақыры шыдамдары таусылып, ашулана: «Болды, доғар!» деп айқайлады. Олар мұндай қуатты сенімі бар адаммен кездесуді күтпеп еді. Назарлары әйелде болғанда, қызы білдірмей сытылып үйге кіріп, полиция шақырды. Ер адамдар қыздың жоқ екенін түсінгенде, қаша жөнелді.

Сол жылы мен Хьюстонда (Техас штаты) қызмет етіп жүргенімде, тағы бір жас әйел өзінің қорқынышын Құдайды қастерлеуге алмастырды. Жиналыстан бір апта өткенде, ол сауда орталығынан шығып, көлігіне отырды. Көліктің артқы орындығында пышақ ұстаған ер адам отыр екен. Ол әйелге қатаң түрде алға жүруді бұйырды. Бірақ сенуші қорқудың орнына, тоқтаусыз дауыстап мінәжат ете бастады. Олар көлікпен бірнеше сағат бойы айналып жүрді, ер адам ол уақыт бойы «Үніңді өшір!» деп талап етті, бірақ әйел тоқтамады. Ақырында қылмыскер: «Көлікті тоқтат!» деді де, ол тоқтаған кезде артқы есікті ашып, қашып кетті.

Арама елінің патшасы Еліше пайғамбарға ашуланып, артынан әскер жіберген оқиға бар. Елішенің қызметшісі сарбаздарды, аттар мен күймелерді бірінші көрді. Ол қатты қорықты.

Еліше қызметшісіне: «"Қорықпа, біздің жағымыздағылар оларға қарағанда әлдеқайда көп!" деп жауап берді. Содан соң ол: "Уа, Жаратқан Ие, оның көзін аша гөр, көрсін!" деп сиынды» (Патшалықтар 4-жазба 6:16, 17). Жаратқан Ие қызметшінің көзін ашқанда, ол қыраттың бойында Елішені айналдыра жиналып тұрған жалындаған отты аттар мен періштелерді көрді.

Иса Оған тас лақтырып өлтіру үшін немесе тұтқынға алу үшін жиналған адамдарды жиі кездестіретін. Бірде жұрт тіпті Оны тік жардан құлатпақ болды. Бірақ Исаның өміріне қауіп төнген әр жағдайда, Ол аман-есен ортадан шығып кететін (Лұқа 4:29; Жохан 8:59, 10:39).

Құдай бір жағдайда ғана Өзін қастерлейтін адамға азапты бастан кешіруге рұқсат береді — егер ол Құдайдың ұлылығы үшін жоғарыдан берілсе ғана. Сонда да, мұндай жағдайда адам қорқынышын жоққа шығаратын қасиетті қорқыныш бар. Жер бетіндегі ең құдіретті патшаның — Бабыл патшасы Набуходоносордың алдына келген үш яһуди жігіттің әңгімесі есіңізде ме? Патша алтыннан дәу пұт жасап, барлық адамдар ойын аспаптарының үнін ести сала пұтқа бас исін деп жарлық шығарды.

Үш жігіт Құдайды қастерлегендіктен жарлыққа бағынып күнә жасаудан бас тартты. Оларды сарбаздар ашулы Навуходоносордың алдына әкелді. Патша не істеймін десе де, құқылы. Жігіттерді әп-сәтте отты пешке лақтыра алады. Олар қорықты ма? Бұл сұраққа өзіңіз

жауап беріңіз. Бірақ алдымен олардың ашулы патшаға не дегендеріне назар аударыңыз: «Егер лаулап жанып тұрған пешке лақтырылсақ та, ғибадат етіп жүрген Құдайымыздың бізді құтқаруға құдіреті жетеді. Ол бізді сіздің қолыңыздан құтқаратын болады да! Тіпті солай болмаса да, мынаны біліп қойыңыз, уа тақсыр: сіздің тәңірлеріңізге ғибадат етпейміз де, орнатқан алтын мүсініңіз алдында иіліп тағзым етпейміз де!» (Даниел 3:17,18).

Қандай сенімділік! Жазбада: «Набуходоносор Шадырақ, Мисақ пен Әбдінегоге қаһарланып, кескіні бұзылып кеткені» айтылған (19-аят). Үш жас яһуди Құдайды қастерлегендіктен, өлсе де, тірі қалса да, Тәңір оларды құтқаратынын білді. Ашуға булыққан патша жігіттерді шынымен де пешке лақтырды, бірақ олар оттың ортасынан шыққанда, еш зиянсыз қалды. Шаштары күймепті, шапандары өртенбепті, тіпті оттың иісі де сіңбепті. Олар өлімге дейін баруға дайын болып, қорықпады.

Құдайды терең қастерлейтін Пауыл елші да дәл осындай көзқараста болған. Оны өлім жазасына кесемін деп қорқытқанда, ол былай деді: «Мен ешбір ұятқа қалмайтыныма, қайта, батылдыққа кенеліп тірі жүремін бе, не өлемін бе, әрдайым болғандай, қазір де өз бойымда Иса Мәсіхтің дәріптелетініне үміт артып, соған нық сенемін. Себебі Мәсіх — менің өмірім, ал өлім мен үшін ұтыспен тең» (Філіпіліктерге 1:20, 21). Неліктен Мәсіхтің даңқы үшін өлу өмір сүруден гөрі жақсы немесе басқа аудармалар айтқандай, «әлдеқайда жақсы»? Даналықтың бастауы болып табылатын Құдайды қастерлеу бізді нұрландырады, осы және кейінгі өмірге деген дұрыс көзқарас қалыптастырады. Сондықтан Иса былай дейді: «Тәнді өлтірсе де, жанды өлтіре алмайтындардан қорықпаңдар! Одан гөрі жанды да, тәнді де тозақта құрта алатын Құдайдан қорқып, Оны терең қастерлеңдер!» (Матай 10:28).

Көп жылдар бұрын қызмет сапарында жүргенімде, балаларым үшін қатты уайымдайтынмын. Құдай осы қорқынышым туралы маған сөз қатты. Ол: «Джон, не үшін уайымдасаң, сол саланы Маған әлі сеніп тапсырмағаның». Сол күні кешке тәубе етіп, ұлдарымды Құдайға бағыштадым. Енді олардың қауіпсіздігіне ешқашан алаңдамаймын. Құдайды қастерлеу бізді бәрін Исаға сеніп тапсыруға итермелейді. Осылай істегенде, көптеген адамдардың аңсайтын, бірақ таба алмай жүретін тыныштыққа, сенімділікке және қорқыныштан бостандыққа ие боламыз.

Санаңызға сіңіріңіз

Киелі Кітаптан үзінді. «Жаратқанды қастерлеу шын өмірге бастар, Жаныңа тыныштық сыйлап, пәледен қорғар» (Нақыл сөздер 19:23).

Мағынасы. Сіздің өміріңіздегі кез-келген пайдасыз қорқыныш ол мәселені сіз айқыштың етегіне салмағаныңызды көрсетеді. Өміріңіздің бұл саласын тек өзіңіз басқарғыңыз келеді.

Ой толғау. Өмірімнің қандай салаларында қорқынышпен күресемін? Бәлкім, денсаулық, қаржы, неке, балаларым, жұмыс, білім алу, басқалар мені қабылдамайды деп қорқу? Әлде сенімім үшін немесе өмірімнің басқа бөлігі үшін құдалауға ұшырау ма? Өмірімнің осы саласын толығымен Исаға тапсырдым ба, әлде ол әлі менікі ме?

Мінәжат. Қымбатты Көктегі Әкем, Саған (сізге қатысты саланы жазыңыз) арнамағаным үшін кешірім сұраймын. Ойланып отырып, оны өзім үшін сақтап қойғанымды түсінемін. Өз-өзіме деген күмәнім өмірімнің осы саласында қасиетті қорқыныштың жоқтығын көрсетті. Тәубе етіп, (сізге қатысты саланы жазыңыз) және өмірімнің барлық басқа саласын Исаның билігіне тапсырамын. Әумин.

Мойындау. Иса — өмірімнің Иесі. Мен Оған өмірімнің барлық саласын арнаймын. Барлығы Оның қалауындай орындалсын.

Баланы жастан салсаң
тура жолға,
Есейгенде ол содан
таймайды да.

– НАҚЫЛ СӨЗДЕР 22:6

38 | МҰРА

Қасиетті қорқыныштың тағы бір үлкен пайдасы бар — берекелі мұра қалдыру. Сізге бірнеше сұрақ қойғым келеді. Бенедикт Арнольд туралы ойлаған кезде ойыңызға не келеді? Ең бірінші болып «сатқын» деген ой келеді ме? Тереза ана ше? «Қайырымдылық миссионерлері» туралы ойлайсыз ба? Адольф Гитлер ше? «Миллиондаған адамдарды өлтірген тиран диктатор» де ойлайсыз ба? Альберт Эйнштейн ше? Салыстырмалылық теориясын ашқан адам ойға келе ме?

Ойыңызға келген нәрселер осы атақты қайраткерлердің мұрасы болса керек. Бірақ мәселе мынада: әр біріміз белгілі бір мұра қалдырамыз. Ендеше, өзімізге сұрақ қояйық: менің мұрамды адамдар қалай еске алатын болады? Ризашылық сезімімен бе, әлде жиреніш немесе аяушылықпен бе? Одан да маңыздысы, біздің мұрамызға деген көктің көзқарасы — Құдайдың мәңгілік Патшалығына ол пайдалы болды ма, әлде зиянды болды ма?

Мұнда Merriam-Webster сөздігінде берілген «мұра» сөзінің анықтамасын келтіргім келеді: «Ата-бабадан қалған дүние-мүлік, мирас».¹ Құдайды қастерлеу біздің ұрпақтарымызға қалай әсер етеді? Алдымен сенім атасы Ыбырайымға оралайық. Ол ұлы Ысқақты құрбандыққа шалуға дайын болып, пышақты сілтеп қалғанда, тауда періште пайда болып, оны тоқтатты. Сосын Жаратқан Ие оған былай деді:

«Сені жарылқай жарылқаймын, ұрпақтарыңды көбейте көбейтемін. Олар жауларын жеңіп, қалаларын басып алатын болады» (Жаратылыс 22:17, ағылшыншадан аударма).

Мен бұл сөздерді жылдар бойы оқып, неге қайталанатынына таң қалдым. Ақырында, қызығушылығым басым болып, бұл сұрақты раввинге жолдадым. Ол маған былай деп жауап берді: «Еврей

түсінігінде қайталау — мағынаны күшейту болып табылады. ... бір етістік осы шақта берілген, ал екіншісі — келер шақта. Яғни, Құдай қазір Ыбырайымды, болашақта ұрпақтарын жарылқайтынын айтып отыр. Басқаша айтқанда, “Ыбырайым, саған батамды бергенімдей, балаларыңа да батамды беруді жалғастырамын”».

Қасиетті қорқыныш біздің ұрпақтарымызға пайдасын тигізеді — «олар жауларын жеңіп, қалаларын басып алатын болады». Бұл керемет, біз оны жақын арада талқылаймыз, бірақ алдымен раввиннің түсіндірмесіндегі бір тұсқа назар аударуымыз керек. Қасиетті қорқыныш бізге берілген жарылқаудың ұрпақтарымызға да тарауын қамтамасыз етеді. Бұл тек осы өмірде ғана емес, мәңгілікте де солай.

Мұрамыз ұрпақтарымыздың таяу болашақта да, кейінгі өмірде де абырой жинап, ықпал жасауларына байланысты. Мысал келтірейін. Арчи Мэннинг он маусым бойы New Orlean Saints футбол командасында қорғаушы ретінде ойнады. Ол ойнаған кезде команда .500 деңгейіне бір-ақ рет жетті. Қалған тоғыз маусым бойы ойындардан ұтылды. Бірақ Арчидің екі ұлы бар, Пейтон мен Эли. Ұлдары болмаса, Арчиді көпшілік ұмытар еді. Екі ұлын бірге алғанда, олар төрт Super Bowl кубогын ұтып алған. Оған қоса, Super Bowl және лига ойындарында ең құнды ойыншы ретінде MVP марапаттарын алған. Қазір спорт фанаттары Арчиді ұлдарының арқасында біледі. Ол кісі спорт әлемінде өте құрметті және беделді.

Мәңгілікте көптеген адамдар Патшалықты құруда ұрпақтарының еңбегінің арқасында үлкен құрмет пен ықпалға ие болады. Ыбырайым — мұның тамаша үлгісі; Оның мәңгілік ықпалын Жүсіп, Самуил, Дәуіт, Даниял, Ишая және, әрине, Иса сияқты ұрпақтары, сондай-ақ басқа да көптеген адамдар күшейтеді. Оның мұрасы бүгін де жалғасын табуда. Бұл бата Құдайдан қорқатын әрбір адамға қатысты; мұндай адам «жұрттың есінен шықпайды... абыройы да жоғарылайтын болады». (Забұр 111:6, 9).

Енді ұрпақтарымыздың жеңісіне келейік. Олар «жауларын жеңіп, қалаларын басып алатын болады» делінген. Қазіргі тілмен айтқанда, біздің балаларымыз Құдайды жек көретіндерден жеңілмейді, керісінше табысты көшбасшылар мен ықпалды адамдар болады (Заңды қайталау 28:13). Бұл тек Ыбырайым мен оның тікелей ұрпақтарына ғана қатысты десеңіз, қате. Киелі Кітап былай дейді: «Құдай Ыбырайымға уәде еткен ақ батаны Иса Мәсіх арқылы басқа ұлттарға да берді» (Ғалаттықтарға 3:14). Бұл тамаша хабар!

«Иеміздің өсиеттерінен ләззат тапқан,
Оны қастерлеуші — бақытты жан

Әулеті оның елде күшті болады,
Иә, әділдің ұрпақтары жарылқанады» (Забур 111:1, 2).

Ағылшынша ұрпақ сөзі «ұзақ уақыт» деген мағынаға ие² және ол біздің болашақ әулетімізге қатысты.³ Зәкәрия былай деп пайғамбарлық етті: «Рақымы *Өзін қастерлеушілердің* ұрпағынан ұрпағына жалғасады» (Лұқа 1:50). Бізден туған балаларымыз ғана табысты болып қоймайды, бұл уәде бүкіл ұрпаққа тарайды. Бұған XVIII ғасырдың басында дүниеге келген екі адамның өмірі тамаша мысал бола алады.

Біріншісі Макс Джукс. 1874 жылы Ричард Дугдейл есімді әлеуметтанушы зерттеу бабымен Нью-Йорк штатының оңтүстігіндегі он үш облыстық түрмеге барды. Ол аты-жөндері өзгеше бірақ бір-біріне жақын туыс болып келетін алты адамды тапты. Бұл зерттеушінің қызығушылығын оятып, олардың ата-тегін тереңірек зерттеуге итермеледі. Мәлімет іздеу шамамен 1720 және 1740 жылдар аралығында туып, Голландиядан Америкаға көшіп келген Макс Джукс есімді кісіге әкелді. Бірнеше жыл тынымсыз зерттеулерден кейін Дугдейл Джукстың 540 ұрпағын анықтады. Оның 76-сы жазасын өтеп жатқан қылмыскерлер, 18-і жезөкшелер үйінің қожайындары, 120-сы жезөкшелер, 200-ден астамы әлеуметтік жәрдемақы алғандар. Бір сөзбен айтқанда, күнәнің кесірінен бір әулет тұтастай зардап шеккен және бүгінгі ақшамен санағанда үкіметке ондаған миллион доллар шығын әкелген.⁴

Енді Джукстың замандасы Джонатан Эдвардстың ұрпақтарын қарастырайық. Ол елге рухани ояныш келсін деп көп дұға еткен қызметкер еді. Ол бірнеше кітап жазып, көптеген адамдардың Ізгі Хабар таратуына түрткі болды. 1727 жылы ол Сара Пьерпойнтпен неке қиды. Бұл жұп Құдайды шынымен қастерлейтін. Олар күнде ұйықтар алдында Киелі Кітап оқып, бірге дұға етті. Екеуі он бір бала туды, ал Джонатан күн сайын балаларына жеке-жеке бата берді. Ол: «Әр отбасы шағын қауым болуы керек», — дейтін.

Джонатан мен Сарадан тараған 1394 ұрпағы бар екен. Олар Құдайды қастерлеу — үлкен жарылқау екеніне дәлел. Эдвардстардың ұрпақтарының арасында 13 колледж немесе университет президенті, 65 колледж немесе университет профессоры, үш АҚШ сенаторы, 30 судья, 100 заңгер, 60 дәрігер, 75 армия мен флот офицері, 100 қызметкер мен миссионер, 60 көрнекті жазушы және бір вице-президент — Аарон Берр бар. Олардың ұрпақтарына үкімет бір тиын да шығарған жоқ.⁵

Төрт ұлымыз кішкентай кезде балаларыма қатты уайымдайтынмын.

Өмірден ерте кетіп қалады ма, әкелері қызмет етіп жылдың басым бөлігі үйде болмайтыны үшін ренжиді ме, мені осыған шақырған Құдайға ашуланады ма деп қорқатынмын. Бір күні үйден алыс конференцияда қызмет еткеннен кейін маңызды бір нәрсені түсіндім. Қасиетті қорқыныштың жоқтығынан ұлдарымның өмірін Исаға тапсыра алмайды екенмін. Бұны білген бойда дұға еттім: «Әке, бұл төрт ұл енді менікі емес, Исаныкі. Олардың өмірлерінде қалағаныңды іске асыр, бірақ, шайтан, сен оларға ешқашан тиіспейсің!». Сол күннен бастап баяғыдай ұайымдамайтын болдым.

Көп ұзамай Құдай маған маңызды шындықты ашты. Һаронның Пінехес есімді немересі болған. Ол діни қызметкер еді. Пінехес Құдайды және Исраил халқын қатты жақсы көрді. Оның жүрегінде қуатты қасиетті қорқыныш бар еді. Соның арқасында Пінехес басқалар істеуге қорқатын нәрсені істей алды; ол әділдік үшін батылдықпен күресті. Сонда Құдай былай деді: «Оған мынаны айт: Біліп қой, Мен сенімен амандық пен тыныштық туралы Келісімімді жасамақпын» (Руларды санау 25:12). Яғни, қасиетті қорқыныштың арқасында оның ұрпақтарына Құдаймен тығыз қарым-қатынас уәде етілді. Ұлдарымызды қорғау Лиза екеуіміздің Құдайдың еркіне құлшыныспен мойынсұнуымызда. Осыны Киелі Рух маған көрсетті.

Одан бері көп жыл өтті. Ұлдарымның әрқайсысы Messenger International қызметінде кемі 9 жыл жұмыс атқарды. Екі ұлым кітап жазып шығарды. Төртеуі де мықты көшбасшылар және ең маңыздысы Құдайдың терең қастерлейді. Ұлдарымды сенім жолына бағыттап қалай өсіргенім – маған жиі қойылатын сұрақтардың бірі. Шынымды айтсам, біздің адами даналығымызға мұның еш қатысы жоқ. Ата-ана ретінде жасаған қателерімізді тізіп жазсақ, бірнеше қалың кітап шығады. Дегенмен, бір нәрсені дұрыс жасадық, ол — қасиетті қорқынышты білу.

Ұлдарымыз жасөспірім кезінде қысқа уақыт жолдан тайғанда, Лиза екеуіміз Жаратқан Иенің ұлдарымызға берген уәделерін растауын сұрап жалбарындық. Сонымен бірге қасиетті қорқынышта өмір сүруді жалғастырдық. Ешқашан сенімімізді жоғалтқан емеспіз, сіз де оны жоғалтпауыңыз керек. Жаратқан Иені қастерлейтіндерге Құдай балалары «Әулеті елде күшті болады» деп уәде етеді (Забур 110:2).

Санаңызға сіңіріңіз

Киелі Кітаптан үзінді. «Ұл балаларың дастарқан басындағы
Зәйтүн ағашының өркендері сияқты.
Жаратқан Ие осылай жарылқайды
Өзін терең қастерлеген жандарды» (Забур 127:3, 4).

Мағынасы. Жүрегіңізде қасиетті қорқыныш болса, сізден
ұрпақтарыңызға маңызды нәрсе беріледі. Олар ықпалды болады,
сонымен қатар сіз олар арқылы жарылқанатын боласыз.

Ой толғау. Мен балаларыма (немесе болашақ балаларыма) қалай
қараймын? Олардың болашағын ойлап алаңдаймын ба? Оларды
толығымен Иеміз Исаға бағыштадым ба? Олар менің қасиетті
қорқынышта жүргенімді көріп отыр ма? Нені қабылдаймын, қалай
мінәжат етемін, қалай сөйлеймін: олардың қазір істегендерін негіз
қылып па, әлде Құдай Сөзіндегі уәделерге сүйеніп пе?

Мінәжат. Қымбатты Көктегі Әкем, Сенің Сөзіңде мен қасиетті
қорқынышта жүрсем, мәңгілік мұраға ие болатыным айтылған.
Балаларым жер бетінде құдіретті, ықпалды, табысты болады,
Сенің және менің есімімді дәріптейді деген уәдеңе сенемін. Осы
уәделердің орындалуы үшін әрі қарай да батыл дұға етуге бел
байлаймын. Осыны Исаның атынан сұраймын. Әмин.

Мойындау. Менің балаларым жер бетінде құдіретті, олар барлық
жерде өркендеп, жауларының қалаларын басып алады.

Адамның шынайы даналығына
анықтама беретін болсақ, ең
дұрысы – Құдайды қастерлеу
сөзін қолдану.

– АВРЕЛИЙ АВГУСТИН

39 | ЕҢ МАҢЫЗДЫСЫ

Бұл тарауда қарастыратын тақырыбымыздың кеңдігі сонша, ол туралы бөлек бір кітап жазуға болады. Алайда, оны жазбасам, хабар толық болмайды. Сондықтан бұл тарауды қасиетті қорқыныштың маңызды бөлігіне кіріспе ретінде қарастырыңыз.

Жаратушымыздың жүрегінен шыққан мына сөзді тыңдаңыз. Бұл өмір беретін сөз, ақиқат сөз, бізді қорғайтын сөз, күннен, ай мен жұлдыздардан да ғажап сөз, аяғымыз басқан жерден де берік сөз:

Қандай бақытты даналықты тапқан адам,
Ақыл-парасатты иемденген әрбір жан!
Даналық әлдеқайда құнды асыл тастан,
Құмартқан *ешбір нәрсең* тең келмес оған.
(Нақыл сөздер 3:13, 15).

Бұл дүниеде Құдайдың даналығымен салыстыруға келетін ештеңе жоқ. *Ештеңе!* Сондықтан да былай делінген: «Ең бастысы — даналық, даналыққа кенелгін» (Нақыл сөздер 4:7) және оны тапқан кезде, «Даналық ұнамды жолдармен жүргізер, соқпақтары адамды тыныштыққа жеткізер» (Нақыл сөздер 3:17).

Әрбір қабылдаған шешімімізде Құдайдың даналығын іздеуіміз керек. Себебі былай да жазылған: «Жоғары оны бағала, дәрежеңді көтерер, айырылма одан, абыройыңды асырар» (Нақыл сөздер 4:8). Құдай жоғарылатқанды *ешбір* адам да, *ешбір* жағдай да төмен түсіре алмайды! Демек, даналық – мәңгілік құнды нәрселерді қамтамасыз етеді.

Даналықты табу керек; ол жасырын, бірақ оған жетуге болады. Табылған кезде ол үлкен пайда әкеледі. Оны қалай табамыз?

Жаратқан Иені қастерлеу – даналықтың бастауы (Забур 110:10; Нақыл сөздер 9:10).

«Бастау» деген еврей сөзінің маңызды мағынасы бар. Бұл Киелі Кітаптың бірінші аятында кездеседі: «Әуелде Құдай көк пен жерді жаратты». Мұндағы «Әуелде» сөзі «бастапқы нүкте» дегенді білдіреді. Қасиетті қорқыныш – даналықтың басталатын жері. Мынаны елестетіңіз: үнемі жетістікке жету үшін қажет даналық бір қоймаға жиналған. Ол қойманың есігін ашатын бір-ақ кілт бар: қасиетті қорқыныш. Ишая былай деген: «мол... даналық және білім... Жаратқан Иені терең қастерлеу ұлы қазыналарың» (Ишая 33:6).

Яғни, Жаратқанды қастерлеусіз ешбір даналық жоқ. Қасиетті қорқыныш оның көзі болып табылады. Даналықтың пайдасы «бастапқы нүктеден» асып түседі:

Жаратқанды шын қастерлеу — өмірдің бұлағы,
Ол ажалдың *торынан* адамды алшақтатады (Нақыл сөздер 14:27).

Бұл аятта екі негізгі сөзді атап өткім келеді: бұлақ және тор. «Бұлақ» деген еврей сөзінде «ағын» немесе «тұрақты көз» деген мағына бар. Жақсы өмір – аңда-саңда жақсы шешім қабылдаудың нәтижесі емес, тұрақты нәтиже беретін дана шешімдерді жүйелі қабылдаудың нәтижесі.

Екінші сөз, тор, «тұзақ» немесе «қақпан» дегенді білдіреді. «Бұл еврей сөзінің дұрыс мағынасы — аңшының қақпанындағы жем немесе еліктіргі».¹ Кез келген аңшы тұзақ құрғанда оның екі бөлігі болуы керек екенін біледі. Жануар оның қақпан екенін түсінбеуі үшін оны жасыру керек және ішінде аңға тартымды жем болуы керек. Осы негізгі сөздерді жақсы түсініп, жоғарыда айтылғандар туралы көбірек түсінік беретін басқа үзіндіге назар аударайық:

Жаратқанды шын қастерлеу даналыққа үйретер
(Нақыл сөздер 15:33).

Осы екі үзіндінің ақиқаттарын біріктіре отырып, қасиетті қорқыныш Құдайдың даналығын үйренудің қайнар көзі екенін білеміз. Бұл ұйықтамайтын, шаршамайтын, өмірде дұрыс шешім қабылдауға үйрететін кеңесші секілді.

Құдайдың даналығынан бөлініп, өз бетінше қалған адамзат мыңдаған жылдар бойы «Біз жақсы шешім қабылдаймыз» деп, жаман шешімдер қабылдайтынымызды дәлелдеді. Неліктен олай? Өйткені өлім мен жойылуға апаратын жол жасырын әрі еліктіргіш, тура аңшының қақпаны сияқты. Жақсы, дана, пайдалы және жағымды болып көрінетін нәрсе көбінесе сізді сәтсіздікке, ақымақтыққа, зиянды

және қайғылы нәрсеге итермелейтін жем. Жаратқан Иені қастерлеу бізді осы тұзақтардан үнемі алыс ұстап, қауіптерден қорғайды.

Қазіргі қоғамға қарап отырсақ, көшбасшыларымыз – ақылды әрі білікті кісілер. Бірақ олардың бастауымен халық құлдырауға қарай жүріп бара жатыр. Ал басқалар олардың ақымақтығына соқыр тәрізді. Жазбада олар жайлы былай дейді: «Құдай туралы білсе де, Оны Құдай деп дәріптеп, шүкірлік еткен жоқ. Керісінше, адамдар түкке тұрғысыз ойға берілді. Содан саналарын қара түнек басып, наданға айналды. Өздерін ақылдымыз деп жүріп, шын мәнінде ақымақ болып шықты» (Римдіктерге 1:21, 22). Сананы түнек басса, көз де көре алмайды. Онда өлімнің жасырын және азғырған тұзақтарына түсу тек уақыт мәселесі.

Ендеше, мұның қарама-қарсысы да шындық. Қасиетті қорқынышты нық қабылдағанымызда, бізде дұрыс шешім қабылдауға мүмкіндік беретін тұрақты, үнемі бар дана кеңесшіміз болады. Жасырылған өлімге әкелетін тұзақтарды көрмесек те, ол бізді үнемі қорғайды және байқамай қақпанға түсуден сақтайды.

Бұл принципті Құдаймен келісім жасамаған, бірақ соған қарамастан Одан қорқатын адамның мысалы арқылы қарастырайық. Бұл Герар патшасы Әбумәлік еді. Ол Ыбырайымның әйелі Сараны гареміне алды. Осыдан кейін көп ұзамай Құдай оған түнде келіп: «Осы әйелдің кесірінен сен өлесің, себебі оның күйеуі бар», — дейді (Жаратылыс 20:3).

Әбумәлік: «Ием, менің кінәм жоқ! Мұны істегенде жүрегім адал, қолым да таза еді», — деп жалбарынады (4, 5-аят, ағылшыншадан аударма). Мұнда қолданылған «Ием» сөзіне қатысты «бұл сөздің тура мағынасы “менің Ием”»² деп жазылған. Патшаның Құдайдан қорқатыны Оның сөзінен де, жауабынан да айқын көрінеді. Енді Құдайдың оған не айтқанын көрейік:

«Мен сенің мұны адал жүрекпен істегеніңді білемін. Сол себептен де сені Маған қарсы күнә жасаудан сақтап, оған жақындатпадым»
(Жаратылыс 20:6).

Жаратқан Иеден қорқу оған өлім тұзағына түсіп қалмау үшін кеңесші болды. Сара патшаға Ыбырайымның әпкесі ретінде таныстырылған болатын, сол себепті тұзақ алдамшы, жасырын болды. Сонда да қасиетті қорқыныш Әбумәлікті аман сақтап қалды. Құдаймен келісім жасамаған, Құдайдың Сөзін оқымаған жоқ бұл пұтқа табынушы патша басқа біреудің әйелін алғанын түсінгенде, неге сонша қорқты? Жауапты Пауылдың хатынан табамыз: «Таурат заңы жоқ басқа ұлттар өз еріктерімен оның талаптарын орындаса, онда олар өздерінің сол заңсыз-ақ не істеп, не қою керек екенін білетіндіктерін көрсетеді. Осы

арқылы олар Таурат заңының талаптарының өз жүректерінде жазулы екенін дәлелдейді. Бұған олардың ар-ұждандары куә. Демек, оларды іштей қаралайтын немесе ақтайтын осы ұждандарынан туған ойлары соған куә» (Римдіктерге 2:14, 15).

Оның үстіне бұл пұтқа табынушы патша «Біреудің әйелін алдым» деген ойдан шошығанда, тәжірибелі бағушы немесе көп жылдар бойы қауымға барған адам басқаның әйелімен зинақорлық жасаудан тартынбайды? Мұндай жағдайлар уақыт өтісімен жиілеп бара жатыр. Бұның қате екенін түсіну үшін керемет даналық қажет емес. Бұл қауым басшысы немесе қауым мүшесі Исаға тиесілі екенін аузымен мойындағанымен, оның қасиетті қорқынышы жоқ. Киелі Кітапта былай делінген:

«Сонымен қатар мен опасыз әйелдің өлімнен де ащы қасірет туғызатынын ұқтым. Оның жүрегі тұзақ пен тор, қолдары кісен іспетті. Құдайға ұнамды адам сондай әйелден сақ жүреді. Ал күнәкарлар оның торына түседі» (Уағыздаушы 7:26).

Зұлымдар емес, *«күнәкарлар* торға түседі» делінген, өйткені күнәкар — қасиетті қорқыныштың жоқтығынан нысанадан мүлт кеткен адам. Ондайлар қауым ішінен оңай-ақ табылып жатады. Жақып сенушілерге былай деп жазды: «Ей, *күнәкарлар*, қолдарыңды жамандық атаулыдан жуып тазартыңдар! Ей, екіойлы табансыздар, жүректеріңді орнықтырыңдар!» (Жақып 4:8).

Батыста кеңінен қабылданған Ізгі хабарымыз *жалған рақым* туралы іліммен жүрегімізден қасиетті қорқынышты жүйелі түрде алып тастады. Ол бізге Құдайдың даналығынан басқа нәрселерді үйретті. Ескі болмысымызды тыйып, бізді күнәдан сақтайтын күшті ығыстырып, бұрмаланған кеңестің зиянды әсеріне душар қылады. Дегенмен, шынайы рақым қасиетті қорқынышқа қарсы емес.

«Өйткені Құдайдың бүкіл адамзатқа құтқарылуды ұсынатын рақымы анық білінді. Ол бізді Оған ұнамсыз қылықтар мен күнәкар дүниелік құмарлықтардан бас тартып, қазіргі заманда байыпты, әділ және Құдайға ұнамды өмір сүруге *бағыттады*» (Титке 2:11, 12).

Құдайдың шынайы рақымын Құдай алдындағы қасиетті қорқыныштан ажырату мүмкін емес. Екеуі бір және екеуі де дұрыс жолға бағыттап, үйретіп отырады. Олар бізді үнемі өлім тұзағынан алыстатады.

Құдаймен келісім жасасқан адамдардың арасындағы имансыз мінез-құлықтың бұл індеті жаңалық емес. Израил мен қауымның бүкіл тарихында осы көрініс байқалады, бірақ ол соңғы күндерде

күшейе түседі. Иса айтқандай, соңғы күндерде алдау да етек алып кетеді. Қасиетті қорқыныштың жоқтығы адамдардың жүректері мен жандарын шындық сияқты көрінетін, бірақ шын мәнінде күнә мен өлімге апаратын жойқын күштерге ашады.

Қазіргі уақытта заңсыздықтың күші біздің қоғамда жедел қарқынмен өршіп келеді. Жағдай барған сайын нашарлап барады. Кең таралған жалған рақым туралы ілім сенушілердің жүректерінен киелі қорқынышты жоюды жалғастырса, миллиондаған мәсіхшілер заңсыздықтың торына түседі. Бізге қасиетті қорқыныштың жаңғыруы қажет, өйткені ол бізді қателіктерден үнемі қорғайды. Адамдардың көпшілігі адасқан кезде де ол біздің жүрегімізді шындықта сақтайды.

Қасиетті қорқынышты үлкен қазына ретінде қабылдаңыз. Оны миллиондаған доллардан, ең қымбат қазынадан немесе ең әдемі үйден де мұқият қорғаңыз. Әдетте байлық банктерде, қоймаларда, сейфтерде және дабыл жүйелерінде сақталады, бірақ біздің ең үлкен байлығымыз — Жаратқан Иені қастерлеу. Сондықтан да бізге былай делінген: «Ең бастысы, таза сақта жүрегіңді, өйткені ол — өміріңнің қайнар көзі» (Нақыл сөздер 4:23).

Санаңызға сіңіріңіз

Киелі Кітаптан үзінді. «Даналық шақырып жатыр емес пе, Ақыл-парасат дауыстап тұр емес пе?

<...>Өйткені мені тапқан шынайы өмір табады,
Жаратқан Иенің ризашылығын алады.

Ал менен безген е өзіне зиян салар,

Мені жек көрген әркім өлімді ұнатар» (Нақыл сөздер 8:1, 35, 36).

Мағынасы. Мәсіхтің ізбасарлары ретінде біз жасай алатын ең маңызды нәрсе — даналыққа қол жеткізу. Жаратқан Иеден қорқу – даналықтың қайнар көзі, ол бізді өлімнің тұзағынан қорғайды.

Ой толғау. Өзіме шекара белгіледім бе? Құдай Сөзінде айтылғандарға қайшы келетін қоғамның даналығына жүгінбеуді шештім бе? Оның Сөзіне сенгенім және Оған мойынсұнғаным үшін қудалануға дайынмын ба? Күнделікті шешімдерімде Исаның даналығын іздеуде қалай барынша ынталы бола аламын?

Мінәжат. Қымбатты Әке, Исаның атымен Сенің даналығың мен түсінігінді сұраймын. Оны қабылдау үшін менің көзім мен

құлағымды аша гөр. Мен өз білгенімше дана боламын деп ақымақ болғым келмейді. Осы дүние ұсынатын барлық нәрселерден гөрі Ием Иса Мәсіхтің даналығын бағалаймын және оған арқа сүйеймін. Сенімім немесе мойынсұнғаным үшін қудалансам да, бағынуды таңдаймын. Әумин.

Мойындау. Мен әрбір шешімімде Ием Исаның даналығын іздеуге бел байладым.

Құдайдан қорқу
кішіпейілділікке
сай келеді.

– ГИППОНИЙ АВГУСТ

40 | ТАБЫСТЫ ӨМІР

Нақыл сөздер кітабындағы даналықтардың ішінде мен «күшті егіз» деп атайтын екі ізгі қасиет бар. Бұл екісі қатар жүреді де көбінесе бір-бірін толықтырады. Олар туралы келесі аяттан оқимыз:

«Жаратқанды қастерлейтін шынайы кішіпейілдер

Байлық, абырой мен ұзақ өмірге кенелер»

(Нақыл сөздер 22:4; ағылшын тілінен аударма).

Нағыз кішіпейілділік пен Құдайды қастерлеу өзара байланысты. Құдайды қастерлейтін, алайда шын кішіпейілділікке қол жеткізбеген, сондай-ақ, шынайы кішіпейіл, алайда Құдайды қастерлемейтін адам еш табылмас. «Шынайы» сөзі өте маңызды, өйткені жалған кішіпейілділіктің де түрлі көріністері бар. Бұл туралы келесі тарауда толығырақ айтатын боламыз.

Тізімде келтірілген үш уәдеге қысқаша тоқталайық: байлық, абырой һәм ұзақ өмір. Байлық сөзі – еврей тіліндіе «озер». Ол «байлық» пен «молшылық» дегенді білдіреді. Бұған байлықтың бар түрі жатады – басқаларына қоса жер, мүлік, мал мен ұрпақ. Бұл Құдайды қастерлейтіндерге берілген тек уәде емес. Забур жыршысы былай деп жазады:

«Жаратқан Иені мадақтаңдар! Иеміздің өсиеттерінен ләззат тапқан, Оны қастерлейтін жан жарылқанған. [...] Оның үйінде байлық-дәулет жиналады, Әрі әділдігі мәңгі есте қалады»
(Забур 110:1, 3).

Міне бұл да «байлық-дәулет» дегенді білдіретін сол «озер» деген еврей сөзі. Бұл жер кейде қайшылық тудырады. Кейбір адамдар

байлық пен молшылықты адалдыққа қайшы деп санайды. Әйтсе де, үйреншікті түсінігімізге бола Жазбаның айқын ақиқатынан бас тартсақ, бұл Құдайды қастерлеуге мүлдем қайшы келетін тақаппарлық белгісі емес пе?

Бұндай жайтқа көп жыл бұрын тап болдым. Қызметіміздің алғашқы жылдарында Лиза екеуіміз қызметшілердің өркендеу жайлы Ізгі Хабарды үйреткеніне куә болдық, бұл ілім көптеген адамдарды өткінші сән-салтанатқа ұмтылуға итермеледі. Мұның жемісі көптеген адамдарды ашкөздікке, яғни пұтқа табынушылыққа апаратын адасушылық болды. Көптеген адамдар ақиқат сенімнен алшақтап түрлі қайғы-қасіретке ұшырады. Қауымға тиген бұл зиянды көрген біз оларға қарама-қарсы бағытта жылжыту арқылы жауап бердік. Осылайша, байлық пен берекеге қатысты кез келген ілімді елеусіз қалдыра бастадық. Ақырында Киелі Рух қатемізді түзетті. Біз Құдайды шынайы қастерлейтін адам байлыққа ие бола алады және сараңдық торына түспейді деген ақиқатпен бетпе-бет келдік.

Байлық пен молшылықтың мақсаты не? Олар басқаларға бата беру құралы ретінде қызмет етеді. Осы кітапты жазып отырғанымда қызметіміз 118 тілде 130 елдегі бағушылар мен жетекшілерге үндеулеріміздің 53 миллион физикалық нұсқасын таратты — сөз кітаптар мен оқу курстары жайында. Біз сондай-ақ MessengerX деп аталатын қосымшаны жасап, оны 230 елде таратылатын 122 тілдегі оқу материалдарын жүктедік; оның үстіне пайдаланушыларымыздан еш ақы алған жоқпыз. Бұл жобалардың құны болса, ондаған миллион долларға жетеді.

Осы жобаларымызды қолдайтын адамдар сенімді жетіспеушілік пен кедейліктің синонимі деп түсінсе не болар еді? Бүгінге дейін Ізгі Хабарды миллиондаған адамға жеткіздік, алайда жайымыз айтып отырғандай болса, бұл мүмкін болмас еді.

Адамдардың өміріне әсер ету үшін байлыққа ие болу мен ашкөздіктің үлкен айырмашылығы бар. Құдайды шын жүректен қастерлейтіндер бұл айырмашылықты біледі де дұрыс жолды ұстанады. Иса айқышқа шегеленгеннен кейін орын алған мына оқиға Жаңа Өсиетте сипатталған:

«Кеш түспес бұрын Жүсіп есімді ариматеялық бір *бай кісі* келді. Өзі де Исадан тәлім алған *шәкірті* еді. Жүсіп Пилатқа барып, Исаның мәйітін қабірге қоюға рұқсат сұрап алды» (Матай 27:57, 58).

Жүсіп бай болған. Жазба оны Исаның шәкірті дейді. Алайда, бір қызығы, Исаның ізбасарларының көпшілігі қашып, жасырынған.

Қалай болса да, бұл бай адамның еврей басшыларының қоқан-лоқылары мен Римнің күшін елемей, Пилатқа жақындап, Исаның денесін сұрауы – Құдайды қастерлеуден туған батылдығы болды. Не деген ержүрек адам!

Өтінемін, мені қате түсінбеңіз. Егер адам кедей болса, бұл оның Құдайды қастерлемейтінін білдіреді ме? Мүлдем олай емес! Киелі Жазбада материалдық байлыққа ие болмаған көптеген адамдар бар. Бұл олардың адалдығын азайтты ма? Жоқ, азайтпады! Нағыз байлық дүние-мүлікпен емес, басқаларға көмектесу қабілетімізбен өлшенеді. Бізге берілген уәде осындай:

«Қастерлеңдер Иені, Оның қасиеттілері!
Жоқшылық қинамайды Оны қастерлейтіндерді.
Арыстандар азыққа зәру жүре алады,
Ал Иеге сенгендер бар игілікке тояды» (Забур 33:10, 11).

Бұлардың барлығы — яғни, дұға, тамақ, қаржы, тәлім беру, шәкірт тәрбиелеу, қонақжайлылық немесе қызмет арқылы Патшалық үшін басқаларға әсер ету — Құдайдың қалауы. Құдай берген тапсырмамызды орындауға қажет болған қабілетіміздің молшылығы жақсы. Адал адамдар осыған ұмтылады және нәтижесінде жеке баталарға да ие болады. Ал тәкаппарлар, діндарлар және ашкөздер күш-қуаттарын сенушілер кедей болады деген сөзталасқа жұмсайды да Киелі Жазбаға негізделмеген нанымдарды ұстанады.

Сүлеймен патша халқын Құдайды қастерлеу арқылы басқарды және елінде адал тәлім таратты. Ол кезде «Яһуда мен Исраилдің халқы алаңсыз тіршілік етіп, солтүстіктегі Даннан оңтүстіктегі Бер-Шебаға дейінгі бүкіл өлкеде *әр адам өз бау-бақшасында* тұрып *жемістерін* рақаттана жейтін» (Патшалықтар 3-жазба 4:25). Сондай-ақ халық «тойына тамақтанып, көтеріңкі көңілмен өмір кешті» делінген (Патшалықтар 1-жазба 4:20). «*Әр адам өз бау-бақшасында* тұрып *жемістерін* рақаттана жейтін» деген сөздерге тоқтатып, ойланыңызшы. Бүкіл елде ешкімге әлеуметтік жәрдемақы қажет емес-ті, жұмыссыздық пен кедейлік атты болған жоқ — халық молшылықта өмір кешті! Құдайды қастерлеу ықпалына түскендердің барлығына пайда әкелетін даналықты тудырады; тұтас халық туралы айтып отырмыз. Елбасыларымыз Жаратқан Иені қастерлесе не болар еді?

Қорытындылайық. Ысқақ Рабиғаның құрсағын ашу жайлы Құдайдың уәдесін жүзеге асыру үшін күреске тап болды, алайда біздің жағдайымыз ондай емес. Иса былай деген: «Ең бастысы, Құдайдың Патшалығының қамын ойлап, Құдайдың әділ еркін орындауға

ұмтылыңдар! Сонда көктегі Әкелерің сендерге бұлардың бәрін қосып береді» (Матай 6:33).

Келесі уәдені қарастырайық – *абырой*. Бірінші аятымыздағы еврей тіліндегі «абырой» сөзі – «құрмет, даңқ, ұлылық, байлық» дегенді білдіретін «кабод» сөзі. Алдыңғы тараулардың бірінде Мұсаның Құдайдан өзінің ұлылығын көрсетуін сұраған кезде қолданған сөз осы еді. Ол мәртебе мен беделді көтереді, алайда атақ немесе лауазымға емес, керісінше мінезге байланысты. Осылайша біз Құдайды қастерлеудің тағы бір керемет артықшылығын көреміз: тектілік. Ол бізді абыройлы адам қылады. Нақыл сөздер бұл қасиетті сипаттаған жалғыз кітап емес; Құдайды қастерлейтіндер жайында айтқанда, забур жыршысы да дәл сол еврей сөзін қолданады: «Оның *әділдігі* мәңгіге ұласады, *Абыройы* да жоғарылайтын болады» (Забур 110:9).

Нақыл сөздер кітабындағы ізгі әйелді алайық. Оның бойынан да осы тамаша қасиеттер орын алған. Ол сенімді, дана, ынталы, жігерлі, еңбекқор, табысты, бай, мейірімді, мұқтаждарға көмектеседі де дәрменсіздерді қорғайды. Оның тағы бір көрнекті және кейде елеусіз қалдырылатын қасиеті – ол «бөленеді күш пен салтанатқа» (Нақыл сөздер 31:25). Былайша айтқанда, ол абыройын киім етіп кигендей – оның абыройы қасында жүргендердің барлығына көрініп тұрады. Оның соңғы ізгі қасиеті қандай?

«Әсемдік өткінші, алдамшы сұлулық та,
Тәңір Иені қастерлейтін әйел лайық мадаққа»
(Нақыл сөздер 31:30).

Бұл Құдайды қастерлеу! Таңғажайып шындық осы: бұл әйелге берілген тектілік пен қадір-қасиет Құдайды қастерлейтін кез келген адамға қол жетімді. Саяхаттағы жылдарымда көптеген маңызды көшбасшылар мен тұлғаларды кездестірдім. Олардың көпшілігі қоғамға үлкен әсер етті, алайда бар жетістіктерінен гөрі назарымды аулаған нәрсе – сол адамдардың абыройлылығы. Олардан нұр, махаббат, ар-намыс пен тектілік тарайды. Балалары оларды жақсы көреді де құрметтейді, әріптестері мен достары жандарында болуды ұнатады. Бір қызығы, көбі қоғам қайраткерлері емес. Сонымен олардың көпшілікпен арасындағы айырмашылық неде? Олар Құдайды қастерлейді!

Бірінші аяттағы үшінші уәде – *ұзақ өмір*. Ол нағыз кішіпейілділікпен тығыз байланысты. Бұл туралы келесі тарауда сөз қозғайтын боламыз.

Санаңызға сіңіріңіз

Киелі Кітап аяты. «Жаратқанды қастерлеп, мойынсұну, бұл — жамандық атаулыны жек көру <...> Мен де сүйемін өзімді сүйгенді, іздеп жүрген тауып алады мені. Сыйлайтын абырой-байлық бар менде, жоғалмас қазына мен әділдік те» (Нақыл сөздер 8:13, 17, 18).

Мағынасы. Құдайды қастерлеу мен нағыз кішіпейілділік байлық, абырой мен ұзақ өмірге бастайды. Байлық ақшамен немесе дүние-мүлікпен емес, басқаларға көмектесу қабілетімізбен өлшенеді. Абырой болса, атағымыз бен лауазымымызда емес, мінезімізде.

Ой толғау. Байлыққа дұрыс тұрғыдан қараймын ба? Оған сенімсіздік, қорқыныш не ашкөздіктен ұмтылып жатырмын ба? Байлыққа Құдайдың уәдесіне сеніп, Құдайды қастерлеу мен басқаларға әсер ету үшін ұмтылу дұрыс па? Мен үшін «абыройлы болу» деген нені білдіреді?

Мінәжат. Көктегі Әкем, Сенен шынайы кішіпейілділік пен Сені қастерлеуге ұмтылу арқылы басқаларға қызмет ету жөніндегі миссиямды орындау үшін қажетті байлық, абырой мен ұзақ өмір аламын деген уәдеңді орындауыңды сұраймын. Исаның атымен мінәжат еттім. Амин.

Мойындау. Мен киелі қорқыныш пен шынайы кішіпейілділікті ұстанатын болсам, Көктегі Әкем маған байлық, абырой мен ұзақ өмір дарытады.

Ақылды жан тура
жолмен жүрер.

– НАҚЫЛ СӨЗДЕР 15:21

41 | МӘРЕГЕ ЖЕТУ

Өмірімізді жақсы аяқтау жайында ойлай тұра оны жақсы өткізу тақырыбын шын мәнінде талқылай алмаймыз. 18-тарауда шынайы өмір тақырыбын қозғадық, бұл тарауда ілгері басып Иемізді қастерлеу мен кішіпейілдіктің маңызын қарастырамыз.

«Жаратқанды терең қастерлейтін кішіпейілдер
Байлық, абырой, ұзақ өмірге кенелер»
(Нақыл сөздер 22:4, ағылшыншадан аударма).

Жаратқан Иені қастерлеудің керемет пайдасы ұзақ өмір болып табылады. Киелі Жазба былай дейді: «Жаратқанды шын қастерлеу ғұмырды ұзартар» (Нақыл сөздер 10:27). Не деген ғажап уәде! Бұл бір емес, бірнеше рет айтылған да, басқа жерлерде Құдайды қастерлеуден келетін даналық туралы мынаны оқимыз «Даналықпен көрер күнің көп болар, парасатпен жасыңа жас қосылар» (Нақыл сөздер 9:11). Бізге берілген уәде күндеріміздің молдығы ғана емес, жемістілігі жайында да.

Мұның тағы бір растауын Он Өсиеттің бірінен табуға болады. Жаратқан Иені қастерлеу ата-анамызды сөзсіз құрметтеуге талпындырады. Оны орындасақ «жерде игілікті де ұзақ өмір сүретін боласың» деген уәдеге қол жеткіземіз (Ефестіктерге 6:3). Қайтадан ұзақ өмір сүруді ғана емес, берекені да табамыз. Бұл уәденің іске асуын Құдайдан дұға ете сұрай аламыз.

Осы жерде айта кетеріміз, өмір сапасы төмен болса, артқан жылдардан ләззат та азаяды. Сүлеймен патша тұңілулі жылдарында былай деп жазған: «адамның өлген күні туған күнінен артық» (Екклесиаст 7:1). Бұл сөздерді жазғанда қаламгердің өмірден ләззат алмағаны көрініп тұр. Сонымен, өмір сапасын не арттырады? Нағыз кішіпейілділік пен Иемізді қастерлеу.

Көп жыл бұрын дұға кезінде мынаны оқыдым:

«Ұзиях патша қайтыс болған жылы мен аса дәріптелген, заңғар биік тағында отырған Тәңір Иенің аянын көрдім. Оның *салтанатты шапанының* етегі киелі үйдің ішін алып жатты» (Ишая 6:1).

Ишая Жаратқан Иенің салтанатты ұлылығын көрді. Алдыңғы тарауда айтылғандай, ол аянында тағында отырған Тәңір Ие мен айқайларымен киелі үйдің есік жақтаулары мен табалдырықтарын шайқаған періштелерді көрді. Осы оқиғадан кейін оның өмірі күрт өзгерді.

Осыны оқыған мен: «Ием, маған да керегі – Иса туралы жаңа бір аян» — деп дауыстадым.

Киелі Рух жүрегіме былай деп сыбырлады: «Бұл аятты олай бастаған жоқпын. Басына оралып, қайта оқып көр».

Біраз абдырап қалсам да, Құдайдың бұйырғанын орындадым. Бұл жолы «Ұзиях патша қайтыс болған жылы» деген сөздер көзіме түсе қалды. Сонда мен Құдайдың мынадай сөзін естідім: «Ишаяның мені жаңадан көруі Ұзиях патшаның қайтыс болғанынан кейін ғана мүмкін болды».

Ол кезде Ұзиях патша туралы білімім аз-ды, оның Ираилдегі немесе Яһудадағы патшалардың бірі болғанын ғана білдім. Алайда, оның өмірін зерттей бастағанымда таңғажайып жайттарға тап болдым. Яһуданың патшасы болып жарияланғанда Ұзиях патша небәрі он алты жаста-ды, содан кейін елу екі жыл билік етті. (Салыстыратын болсақ, осы жолдауды жазу кезінде өзім соңғы елу екі жыл ішінде Америка Құрама Штаттарының он президентінің қол астында өмір сүрдім.) Ұзияхтың билікте болғанына біраталай уақыт болатын.

Он алты жасында миллиондаған адамдардың билігін алған ол даналықпен әрекет етті де Құдайға бет бұрды. Киелі Кітаптан мынаны оқимыз: «патша Жаратқан Иеге бет бұрып, Оның еркіне мойынсұнып жүрді. Содан Құдай оны жарылқап, зор табысқа жеткізді» (2 Шежірелер 26:5). Керемет! Ол орасан жетістікке жетті! Құдайдың даналығы оны таңғажайып ұлылыққа жетеледі. Ол экономиканы нығайтты, қалаларды қалпына келтірді, қуатты әскер құрды, ата-бабаларының айырылған аумақтарын қайтарып алды. Мынаны да оқимыз: «Оның даңқы алыс-жақын жерге тарады, өйткені Жаратқан Ие оған керемет көмек берді және ол күшті болды» (2 Шежірелер 26:15).

Алайда Сүлеймен патша сияқты Ұзиях патша да Құдайды қастерлемей сүрінді. Өкінішке орай, мынаны да оқимыз:

«Алайда патша күшейіп алғаннан кейін *кеудесін көтеріп, менменсінуді шығарды*» (2 Шежірелер 26:16).

Бір кезде патша кішіпейілділік пен Құдайды қастерлеуді жоғалтты. Маңызды шындық бұл: осы екі «егіз» қасиет өнімділікке серпін береді, яғни ізгі қасиеттер жойылған кезде де өнімділік жалғаса береді. Бұдан әрі оқитынымыз өте қызықты:

«Ол Жаратқан Иенің киелі үйіне өз бетімен кіріп, жалғыз Оған ғана бағышталған хош иісті заттарды түтетіп, Құдай Иесіне қарсы күнә жасады» (2 Шежірелер 26:16).

Киелі Рух менен: «Балам, Ұзиях кеудесін көтергенде рухани *күшейді* ме, әлде әлсіреді ме?» — деп сұрады. Жауаптың мен күткеннен басқаша болатынын бірден түсіндім. Әрқашан менмен адам рухани әлсірейді деп сендім. Алайда Ұзиях Иеміздің алдында рухани әрекет ету үшін ғибадатханаға кірді. Киелі Рух осы сұрағын қоймаса, мұны түсінбес едім.

Шошып, қатты дауыстап: «Рухани *күшейді*» дедім.

Киелі Рух жүрегіме былай деп сыбырлады: «Тәкаппарлық рухы мен діндарлық рухы бірге жүреді де бір-бірін жасырып, бір-бірін нығайтады». Тәкаппарлық адамның діндар болғанын мойындауына жол бермейді, ал діндарлық мақтаншақтықты рухани мінез-құлқымен жасырады. Сонда Исаның кезіндегі парызшылдар туралы ойладым. Ұзиях сияқты бұл басшылар да Ехобаға деген шынайы сүйіспеншілік пен Құдайды қастерлеуден бастау алды, алайда, бір кезде олардың жүректерінде мақтаныш сезімі пайда болды. Олар Құдайдан алыстады, бірақ рухани істерге араласуларын арттыра түсті.

Діни қызметкерлер Ұзиях патшаны айыптап, оның Киелі Жазбаға сәйкес келмейтін мінез-құлқын байқады. Шындық тұрғысынан сотталған патша діни қызметкерлерге ашуланды (Бұл да кішіпейілділіктің жоғалуының бір белгісі). Кенет маңдайында алапес пайда болды. Ұзиях патшаның қалған өмірі қайғылы болды; ол бөлек бір сарайда тұруға мәжбүр болды. Ұлы патша сарайын басқара бастады, бірақ өзі өмірінің соңына дейін алапес болды.

Бұған қарапайым адамның көзімен қарайық. Яһуда мен Иерусалим халқы үшін олардың патшасының алапеспен ауырғаны ғана анық болды. Заманауи әлеуметтік желілердің қалай жарылып шығарын елестете аласыз ба? Халық арасында мынадай пікірлер тараған шығар: «Патшамыз алапесті болды; не сұмдық!». Бұл аурудың астарында не жатқанын ешкім білмеді. Бірақ біз үшін Киелі Рух шымылдықты аша

қойды – мәселе Құдайды қастерлемей мен кішіпейілділікті жоғалтуда.

Мұны көріп, Иемізге осы заман туралы сұрақ қоя бастадым. Өмірімде көрген қаншама басшылардың сәтсіздігінен жүрегім сыздап кетті. Көбінесе бұл некеден тыс қарым-қатынас, алайда кейде бұл маскүнемдік, нашақорлық, ашкөздік пен басқа да жаман әрекет те орынсыз мінез-құлық. Бізден бұрын, бізбен бір уақытта да тіпті бізден кейін де қызметке кіріскен басшылардың сүрініп теріс жолға түскендерін мұңмен көрдім. Әрқайсысы орасан құлшыныспен Исаны дәріптейтін. Соншалықты нашар істерге қалай ғана бел буды? Басқалардың да арттарынан ергендерін көрмеді ме?

Киелі Рух маған тағы да: «Балам, бұл сүрінген көшбасшылардың мәселесі гормондарда емес, менмендікте-ді», — деді. Бәріміз маңдайларында пайда болған алапеске күә болдық – құлдырауларына теріс істері себеп болды. Алайда Құдайды қастерлеулері мен кішіпейілдіктерін алмастырған тәкаппарлықты көрмедік. Бұның қай сәтте болатынын бір Құдай біледі. Көшбасшылардың өздері де білмейді, өйткені менмендік құрбанының көзін соқыр етеді, анық көруіне кедергі жасайды.

Табыс әкелетін серпіннің арқасында бізді сол жерге әкелген нәрсені ұмытып кетуіміз мүмкін: шынайы кішіпейілділік пен Құдайды терең қастерлеу. Сондықтан да табысқа жеткен кезде Исаның: «Ал Менен бөлініп сендер ешбір игілік істей алмайсыңдар» (Жохан 15:5) деген сөздерін алдымызда сақтау өте маңызды.

Негізінде, Киелі Рух сол бір күні маған: «Джон, менмендіктен қаншалықты алыс болсаң, Иса туралы соншалықты терең жаңа көзқарасқа ие боласың», — деді. Бізге өзгеріс керек, ал Иса туралы жаңа көзқарассыз Оған ұқсау мүмкіндігін жіберіп аламыз. Көптеген керемет жетістікке жеткен адамдардың соңы жақсылық болмады, бірақ бәрі де кішіпейілділік пен Құдайды қастерлеудің жоқтығы еш салдарға апармай қояды деп сенген. Алданбаңыз: шынайы кішіпейілділікті берік ұстаныңыз, Исаға толық сенім артыңыз және Құдайды қастерлеуді қазына тұтыңыз. Осылайша Құдай уәде еткен байлық, абырой және ұзақ өмірге қол жеткізесіз.

Санаңызға сіңіріңіз

Киелі Кітаптан үзінді. «Балам, зейін қойып сөзімді қабыл ал. Сонда сенің ғұмырың ұзақ болар» (Нақыл сөздер 4:10).

Мағынасы. Менмендіктен қаншалықты шет болсақ, Иса туралы соншалықты терең жаңа көзқарасқа ие боламыз. Нағыз кішіпейілділік Құдайды қастерлеуде жатыр. Бұл Исадан бөлініп ешбір игілік истей алмайтынымыздың дәлелі. Сондықтан да Оған толығымен тәуелді болуды таңдаймыз.

Ой толғау. Кішіпейілділік өмірімде бар ма? Бәрін *де өзім істеп шығамын* деген көзқарасты ұстанатын жерлерім бар ма? Жаратқан Иемен кеңеспей жоспар жасап жатырмын ба? Оны тыңдамай шешім қабылдап жатырмын ба? Олай болса, бұл жайтты қалай өзгертуге болады? Құдайға алғыс айту батыл және кішіпейіл болуыма не үлес қосады?

Мінәжат. Қымбатты Әке, Исаның атымен, өмірімнің келесі салаларындағы тәкаппарлығымды кешіре көр: (салаларды осында тізімдеңіз). Осы өзара тәуелділікке және өзімді басқалардан жоғары санайтыныма өкінемін. Мені Исаның қанымен тазарта көр. Сенің алдыңда өзімді кішіпейіл етіп, басқаларды өзімнен маңыздырақ көруді таңдаймын. Әумин.

Мойындау. Өмірімді басқару үшін кішіпейілділік пен Құдайды қастерлеуді таңдаймын.

Шын жүректен былай деп жиі
дұға етемін: «Ием, құтқарылып
сені құрметтеуіміз үшін бүкіл
континентке тәубеге келудің
жаңғыруын және Құдайды
қастерлеуді жібере көр!»

– А.В. ТОЗЕР

42 | ҚАЗЫНАНЫ ТАБУ

(Ескерту: Хабарымды дұрыс аяқтау үшін осы тарауды әдеттегіден ұзақ еттім. Күніне бір тараудан оқитын оқырмандарым үшін оны екіге бөлдім: бірінші бөлігін таңертең, екіншісін кешке оқығаныңызды ұсынамын)

Таңертеңгі бөлік.

Артықшылықтардың қысқаша сипаттамасы.

Құдайды қастерлеуден келетін артықшылықтар ауқымы бір кітап үшін тым үлкен. Өзім осы бағытты отыз жылға жуық уақыт бойы зерттеп келемін және әлі күнге дейін Киелі Рухтың ашатындарына кейде таң қаламын. Ендеше, осы кітапты Құдайымыздың тағы бірнеше уәдесіне көз тастаумен аяқтайық. Оларды өзіңіздің келешек ізденімдеріңізге деген кіріспе ретінде қарастырыңыз. Оларға үстіртін қарамаңыз. Құдайға бет бұрыңыз.

Құдайды қастерлейтіндер үшін бұл уәделер маржан тастай асыл.

«Жаратқан Иені қастерлейтін,
Оның жолдарымен жүретін
Әрбір адам қандай *бақытты!*
Еткен еңбегіңнің өнімін жейсің,
Құдай сені жарылқап, өркендейсің» (Забур 127:1, 2).

«Бақытты» деген сөзге назар аударыңыз. Құдайды шынайы қастерлейтін адам бақытқа кенеледі. Бақыттың тікелей көрінетін қырларының бірі — жұмысымыз. Өміріме әсер еткен бір оқиғаны ешқашан ұмытпаймын. Бұл мен 1980 жылдардың басында IBM компаниясында инженер болып жұмыс істеген кезде болды. Бір әріптесіміздің онда жұмыс істегенінің отыз сегізінші жылын атап өткелі

оншақты адам болып оның офисінде жиналды.

Бір кезде құттықтап жатқан адамымыз: «Отыз сегіз жылдың ішінде осы ғимаратта өткізген әр күнімді жек көрдім», — деді. Қалғандары күліп, келісіп бас изеді.

Жұмысқа тұрғаныма бірнеше ай болды, жас және тәжірибесіз едім, бірақ сол сәтте абдырап қалдым. Мен: «Онда неге ісіңізді жалғастыра бердіңіз?» деп сұрадым.

Оның жүзі кенет көңілдіден ашулыға айналды, ол маған және кеңседегілерге бұрылды да, күлімсіреп: «Джон, жұмыстың аты жұмыс! Азық-түлік пен киім-кешек алу үшін жұмыс істеу керек». Басқалардың бет-әлпеттерінен көзқарастарының тура сондай екенін түсіндім. Әңгімені жалғастырудың қажеті жоқ. Жанымдағылар кеңес сұрайтындай дана кісілер емес екен.

Мамандығым ретінде инженер ісін таңдауымның бірден-бір себебі жоғары жалақылы жұмыс таппаймын деген алаңым-ды. Әріптесімнің сол бір сөзі үрейімді ашып салды. Сол күні отыз сегіз жыл өтісімен тура сондай сөз айтпайтын болайын деп бел будым. Үрейге бой бермей, сенімімді Құдайға артпақпын. Содан бері еңбегімнің өнімін жедім деп қуана айта аламын және бұл уәде Құдайды қастерлейтіндердің бәріне берілген.

Забур жыршысы сөзін былай деп жалғастырады:

«Әйелің сенің үйіңнің ішіндегі
Жемісті жүзім бұтасы секілді,
Ал ұл балаларың дастарқан басындағы
Зәйтүн ағашының өркендері сияқты.
Жаратқан Ие осылай жарылқайды
Өзін терең қастерлеген жандарды» (Забур 127:3, 4).

Еңбегіңіздің өнімін көресіз, жарыңыз жарылқау болады, ал еңбекқор балаларыңыз сізбен бірге уақыт өткізеді. Тым көп өмірлерде осы нәрселер жетіспейді; Көп адамдар ақша тапса да өмірден ләззат ала алмайды. Жұбайлары мен балаларының олармен араласқылары келмейді. Отбасылары өркендеудің орнына құрап қалады, алайда үміті әлі де бар.

Бұл уәдеде керемет бір үмітті нақты көре аламыз. Алайда осы бір уәде қауымға баратын немесе тіпті Исамен тығыз қарым-қатынас құратындардың барлығына берілмеген. Бұл жерде тікелей: «Иемізден қорқатын адам батаға ие болады!» — деп жазылған.

Құрметті оқырмандарым, кітаптың аяғына таяп қалдық. Осы жерге дейін жеткеніңізден ұйғарғаным — Құдайды қастерлеуге бел

бұғаныңыз, сондықтан да бұл уәдені дұға ете қабылдай аласыз да. Оның орындалуын көру үшін Ысқақ сияқты Құдайға жалбарыныңыз. Өзіміздің үйімізде бұл уәделер біраз уақыт орындалмай тұрды; әбден орындалмауы да мүмкін деген белгілер болды, бірақ біз Құдайдың уәделерінен үміт үзбедік және олар үшін дұғада күрестік. Енді олар отбасымызда көп жылдар бойы орындалып келеді деп айта аламыз.

Құдайды қатерлейтіндір туралы егжей-тегжейлі ататын тағы бір үзіндіні оқып шығайық:

«Жаратқан Иені мадақтаңдар!
Иеміздің өсиеттерінен ләззат тапқан,
Оны қастерлейтін жан *жарылқанған*.
Әулеті оның елде күшті болады,
Иә, әділдің ұрпақтары жарылқанады,» (Забур 111:1, 2).

«Бақытты» сөзіне ұқсас «жарылқанған» сөзінің Құдайды қастерлеумен арадағы тығыз байланысын тағы да көреміз. Жарылқау — рухани күш, ол шаттық сияқты жағдайларға байланысты емес. Бақыт пен береке Құдайдың айнымас Сөзіне негізделген. Олар бізді өнімді және жемісті етеді.

Сондай-ақ бұл аяттан Құдайды қастерлеудің ұрпағыңызға әсерін көреміз. Жетістіктерге өзіміз ғана емес, балаларымыз да жетеді. Әрі қарай жалғастырайық:

«Оның үйінде байлық-дәулет жиналады,
Әрі әділдігі мәңгі есте қалады.
<...>
Шүбә жоқ, ол ешқашан шайқалмайды,
Әділ жан жұрттың есінен шықпайды.
Сондай адам қауесеттен қорықпайды,
Жаратқанға сеніп жүрегі қобалжымайды» (Забур 110:3, 6-8).

Жақында бір сенушімен сөйлескенім бар-ды, ол күндердің күнінде бұл дүниеден кеткенімізде мәңгілігіміз басталады деді. Мен келіспей: «Жоқ, біз үшін мәңгілік қайта туылқан сәтімізде басталып кетті» — дедім. Жандарымыз үшін бүгін істеп жүрген жұмысымыз мәңгілікте де жалғаса береді. Алайда Құдайды қастерлемейтіндерге бұндай уәде берілмеген. Шындығын айстақ, олар алған уәде бұған қарама-қарсы: «Өлгендер кезінде сезінген сүйіспеншілік, жек көрушілік, қызғаныш баяғыда ғайып болған, олар бұ дүниеде болып жатқан істерге енді араласпайды» (Уағыздаушы 9:6).

Құдайды қастерлейтіндер жаманаттан қорықпайды. Әлеуметтік желілер, дәстүрлі БАҚ және басқа да көптеген ақпарат көздерінде жағымсыз жаңалықтар мен өсек-аяңдар барған сайын көбейе түсуде. Көпшілік келешегі үшін қам жеуде. Бірақ Құдайды қастерлейтіндерде болашақтан деген қорқыныш жоқ; олар сенімдерінде батыл. Киелі Жазба бізге былай да дейді:

«Жаратқанды шын қастерлеу — берік сүйеніш,
Әрі келер ұрпақ та бас сауғалар қорғаныш» (Нақыл сөздер 14:26).

Құдайды қастерлеу ішкі сенімділікпен қатар келеді. Сансыз адам үшін бұл — армандардың асылы, бірақ сол адамдар армандарының жиі қол жетімсіз болып көрінетінін біледі. Менің бір досым бар, аты Джон Хейджи, ол Техастағы беделді бір бағушы. Өзі Құдайды мен білетін кез келген қауым басшысы сияқты қастерлейді. 1973 жылы оның қызметіне бір адам келді. Қалай болғанын білмеймін, бірақ сол адам Джон екеуі арасына екі метірдей аралық салды да, 38-ші кәлибірлі револверінен досыма алты рет оқ атты. Джон бағушы сеніміне жүгініп, орнынан қозғалмады. Алты оқтың бәрі бірдей нысанаға тимей өтіп кетті. Елу жыл өтісімен, осы хабарды жазып отырған кезімде, Джон Хейджи аман-есен Ізгі хабарды уағыздауын жалғастыруда. Мұндай жағдайда адамдардың аз бөлігі ғана сабырын сақтап қала алады. Джон болса, орнынан қозғалмастан мергеннен көз алмады. Бізге былай айтылған:

«Иені қастерлейтіндерді қоршап тұрады
Оның періштесі, ол соларды құтқарады» (Забур 33:8).

Құдайды қастерлейтіндерді періштесі құтқарады. Кейінгі зерттеу оқтардың Джон бағушының денесінен алты сантиметір жерде өткенін анықтады. Мерген нысанына екі метір қашықтықтан оқ тигізбеді! Тіпті тәжірибесіз атқыштар да екі метірден алты рет атса, бір оғын болса да тигізер. Бағушыға атылған оқтарды бұрып жіберген — Құдайдың періштесі екеніне күмән жоқ.

Яһуда патшасы Жосафат «шын жүректен Жаратқан Иеге бағышталған» адам болған. (2 Шежірелер 17:6). Билігінің үшінші жылында ол өзі патшалық құрған әрбір қалаға діни қызметкерлерін жіберіп, халыққа Құдай Сөзін үйретті. Киелі Жазбадан осыны оқимыз:

«Жаратқан Иенің Өзі Яһуданың айналасындағы елдердің бәріне үрей төндіргендіктен, Жосапатпен соғысуға олардың дәті бармады» (2 Шежірелер 17:10).

Құдайды қастерлей білу — үлкен бір қорғаныс. Киелі Кітаптағы тағы бір мысал — Жақып; ол отбасына Жаратқан Иені қастерлеуді және пұттардан арылуды бұйырды. Олар мұны істегеннен кейін оқиға осылай-ды:

«Сонан соң олар [Сихемнен] жолға шықты. Құдай төңіректегі қалаларға үрей төндіргендіктен Жақыптың ұлдарының артынан ешкім қуғындаған жоқ» (Жаратылыс 35:5).

Құдайды қастерлейтіндер үшін көптеген нәрсе уәде етілген. Мына сөздерге қараңыз:

«Күнәкарларды ешқашан күндеме,
Тәңір Иені әр күні шын қастерле!
Сонда болар жарқын *келешегің*,
Әрі *үзілмес* сенің *күдерің*» (Нақыл сөздер 23:17, 18).

Курсивпен жазылған сөздерге назар аударыңыз. Біріншіден, қазір *үміт* аз уақытта, көптеген уағыздарда Құдайдың Сөзі емес, шабыт беретін әңгімелер көбірек айтылатын сияқты. Байыпты тыңдаушылар үшін Киелі Жазбадан бірнеше үзінді келтіріледі, бірақ басты назар шабыттандыратын оқиғаларда. Бұл әңгімелер голливуд фильмі сияқты тыңдаушыға қысқа мерзімді бір пайда әкелсе де, Құдайды қастерлеуден келетін ұзақ мерзімді болашақты қамтамасыз ете алмайды.

Құдайды қастерлеу бізді көптеген жолдармен марапаттайды: тілектеріміздің орындалуы (Забур 143:19-ды қараңыз), жақын жолдастық (Забур 118:63, 74, 79-ды қараңыз), денсаулық (Нақыл сөздер 3:7, 8), кім екенімізді жақсы білу (Забур жыры 60:4) және көптеген адамдар аңсайтын өмірлік бағытымыздың анықтығы.

«Кім Жаратқан Иені терең қастерлейді?
Таңдайтын жолын Ол соған көрсетеді.
Сондай адам игілікке кенеледі,
Үрім-бұтағы жерін мұра етеді» (Забур 24:12, 13).

Кейбір адамдардың қасиетті қорқынышты жете бағаламайтындары ақылға сыймайды! Бұл сезімнің қадірін түсініп, оны іште ғана сақтамауыңызды, өз ықпалындағы барша халыққа Құдайды қастерлеуді үйреткен Жосафат патшадай болуыңызды шын жүректен тілеймін.

Кешкі бөлік. Құдайды қастерлеу сезіміне ие болу.

Отыз жылдан астам уақыт бұрын Жаратқан Ие маған осы дәуірдегі Иеміздің соңғы әрекеті — адамзаттың Құдайды қастерлеуіне баса назар аударуы болатынын айтты. Бұның арқасында Киелі Кітапта Исаның қалыңдығы туралы жазылған сөз жүзеге асады. Исаның қалыңдығы — «ықпал» қауымы емес. Әрине, қауымның әлеуметтегі ықпалы жоғалған жандарды Исаға қарату үшін маңызды, бірақ ол қауымның басты сипаты емес. Исаның қалыңдығы — «көшбасшылық» қауымы емес. Иә, дұрыс жетекшілік мықты қауым құру үшін маңызды, бірақ ол негізгі нәрсе емес. Исаның қалыңдығы — «жамағат» қауымы емес. Қауымда бірлік, қауымдастық сезімі болмаса, жарамас, өйткені адам жалғыз қалмауы керек. Дегенмен, ол да ең маңыздысы емес. Иеміздің қалыңдығы қандай?

«Сонымен қауым күйеуіне апарылған қалыңдықтай салтанатты да сұлу, ешбір дақсыз, ақаусыз, басқа да кемшіліксіз, *қасиетті* де пәк таза болсын» (Ефестіктерге 5:27).

Исаның қалыңдығы — қасиетті қауым! Құрметті оқырман, қасиеттілік Құдайды қастерлеу арқылы кемелденеді, сондықтан да сіздің осы ұлы ояныштың бір бөлігі болуларыңыз Иеміздің шын ниеті. Ендеше, әңгімемізді қасиетті қорқынышымызды қалай арттыруға болады деген сұрақпен аяқтағанымыз абзал.

Малайзиядағы таңғажайып және қызықты бір қызмет жайында айтуыма рұқсат етіңіз. Жиналыста Құдайдың салтанатты да құдіретті құзыры өте айқын сезілді. Сонда ішімнен: «Джон Бивер, бір де бір қате сөз айтпа да, бір де бір қате қадам жасама» деп ойладым.

Осыны ойлап сахнада алға-артқа адымдап жүргенімде аузымнан бұрын соңды естимеген бір сөз шыға гелді. Мен батылдықпен: «Бұл — Жаратқан Иені қастерлеу Рухы!» — дедім.

Шаттанып: «Міне, бұл да Киелі Рухтың бір көрінісі!» дедім ішімнен.

Мен бұл жерде ешқашан тікелей байланысты көрмедім, бірақ Киелі Жазбада Иса туралы былай делінген:

«Осы патшаға Жаратқан Иенің Рухы қонып, оған даналық пен парасат [Рухы], ақыл-кеңес пен құдіретт [Рухы], білімділік және Жаратқан Иені терең қастерлеу [Рухын] дарытады. Өзі Жаратқан Иеге мойынсұнып, Оны терең қастерлеуден қуаныш табады» (Ишая 11:2, 3).

Киелі Рухтың жеті көрінісі бар және барлығына Иса ие болды. Бірақ,

ең үлкен қуанышты Иса Жаратқан Иені терең қастерлеуден табатын. Сонымен мұндай сұрақ туындайды: біз Жаратқан Иені Терең Қастерлеу Рухына қалай кенелеміз? Иса бізге осылай жауап береді:

«Сонымен, өздерің күнәкар бола тұра балаларыңа жақсылық жасауды білсеңдер, көктегі Әкенің Өзінен сұрағандарға Киелі Рухын сыйлайтыны ешбір шүбәсіз!» (Лұқа 11:13).

Көктегі Әкемізден сұрауымыз керек. Алайда, бұл қарапайым бір өтініш емес, жанның зары. Осы сөздің алдында Иеміз бізге былай дейді:

«Құдайдан сұраңдар, сонда Ол сендерге (мұқтаждарыңды) береді; іздеңдер, сонда табасыңдар» (Лұқа 11:9).

Мұнда табандылыққа баса назар аударылады.

1994 жылға оралайық, ол кезде Құдайды қастерлеу туралы айтқанымда бір бағушы сөзімді түзеткен еді. Келесі күні таңертең құрылыс алаңында мен: «Мен не істедім?» деп дұға ете бастадым, бірақ соңында бар құлшынысыммен Құдайды қастерлеуге үндедім. Бұл жедел де нақты бір өтініш болды. Ол кезде бұл сәттің мәнін толықтай түсінбеген едім, алайда қазір оны өмірімдегі ең маңызды оқиғалардың бірі деп санаймын. Қазірдің өзінде күн сайын дерлік Көктегі Әкемнен мені Құдайды қастерлеуге жаңадан толтыруын сұраймын. Жазбаның тақырыбымызға өте маңызды болатын тағы бір үзіндісін қарастырайық.

«Балам, егер сөздерімді қабылдасаң,
 һәм жадыңда өсиеттерімді сақтасаң,
 Құлағың даналыққа ұдайы түрік болса,
 Әрі жан дүниең парасатқа дайын тұрса,
 Егер де білім мен парасатты шақырсаң,
 Көмілген күміс пен қазынадай іздесең,
 Сонда Жаратқан Иені қастерлеуді ұғарсың,
 Құдай жайлы білімді иемденіп аларсың» (Нақыл сөздер 2:1-5).

Бұл тілек емес. Жоғалған гауһар сақинаны немесе алтын әшекейді іздегендей, Құдайды қастерлеуді бар күшін сала іздеумен біріктірілген жан зары. Сіз қазына іздеушілер филімдерін көрген боларсыз; онда әрқашан іздеушінің мызғымас табандылығын көреміз. Солардың ішінде 2004 жылы түсірілген «National Treasure»¹ көркем филімі ерекше көзге түседі. Ол 1700 жылдары жасырылған

қазынаны табуға бүкіл өмірін арнаған Бенджамин Гейтс есімді адам туралы баяндайды. Сол қазынаны табуға бас кейіпкеріміз бар уақытын және күш-жігерін арнады, әңгіме барысында тіпті беделі мен бостандығына қауіп төнеді. Іздеген қазынасы мәңгілік тұрғысынан мардымсыз ғана болса да, осы кейіпкердің қайтпас табандылығы біз үшін де зор шабыт көзі бола алады.

Егер біз Құдайдың Сөзіне, Құдайдың даналығына, Құдайдың кеңесіне және Құдайды қастерлеуге дәл осындай табандылықпен жақындасақ, біз барынша бақытты болар едік. Құдай берер осы бір мәңгі қазынаға қол жеткізу үшін күшімізді аямайық. Құдай оны *бізден емес, біз үшін* жасырды. Ол бізді қазынаны табуға итермелейді де тапқан кезімізде бізбен бірге қуанады. Игіліктерін алған сәтімізде Құдайымыз да қуанады.

Сол күні таңертең құрылыс алаңында жүрегімде туған нәрсе — Құдайды қастерлеуге деген қанбайтын бір шөл — Киелі Рухтың көмегімен сіздің бойыңыздан да орын алады деп шын жүректен үміттенемін. Бұл сезімді сақ тұтыңыз. Осылайша Құдайдың сүйгенін сіз де сүйесіз, жек көретінін сіз де жек көресіз; Ол үшін не маңызды болса, сіз үшін де сол маңызды болады. Айналаңыздағыларға деген сүйіспеншілігіңіз нәм оларды жойып жіберетін күнәға деген өшпенділігіңіз терең болады. Өзіңіздің ықпалыңыздағы әлемді өзгертесіз және одан мәңгілік қуанатын болатсыз.

Есіңізде болсын, жарысты қалай бастағанымыз емес, оны қалай аяқтағанымыз маңызды. Бұл сөздерді растау үшін үлкен үміт тудыратын екі үзінді келтіруге болады:

«Сендерді адасып кетуден сақтап, Өзінің нұрлы салтанаты көрінген күні қуанышпен, мүлтіксіз таза күйлеріңде өз алдына тұрғызуға» (Яһуда 24).

«Иеміздің қайта оралатын сол күні еш айыпталмауларың үшін Тәңір Ие сендерді өмірлеріңнің аяғына дейін табанды етпек» (Қорынттықтарға 1-хат 1:8).

Жақсы аяқтау — жақсы өмірдің ең маңызды бөлігі. Оған жету үшін Құдай бізге Өзін қастерлеу қабілетін берді. Сізді осы қазынамен таныстыру мен үшін мәртебе. Бұл хабарды ішіңізде сақтап қана қоймай, айналаңыздағылармен бөлісіңіз. Осылайша қауымымызды сауықтыруға үлес қосасыз.

Қалыңдықты Күйеу Жігіттің қайтып келуіне дайындайтын қозғалыстың бір бөлігі болу үшін шешім қабылдаңыз. Бақылаушы

болып қана қалмаңыз. Құдайды қастерлеу арқылы сіз Күйеу Жігітпен терең жақындық табасыз, құтқарылуыңыз жетіледі, өзіңіз өте жемісті боласыз және мәңгілік мұра қалдырасыз.

===== Санаңызға сіңіріңіз =====

Киелі Кітап аяты. «Сендерді адасып кетуден сақтап, Өзінің нұрлы салтанаты көрінген күні қуанышпен, мүлтіксіз таза күйлеріңде өз алдына тұрғызуға бірден-бір Құдайымыздың құдіреті жетеді. Ол бізді Иеміз Иса Мәсіх арқылы құтқарған еді ғой. Даңқ пен ұлылық, құдірет пен билік күллі өткен дәуірлерде болғандай, қазір де, мәңгілік те Онiкi! Аумин» (Яһуда 24, 25).

Мағынасы. Жақсы аяқтау — жақсы өмірдің ең маңызды бөлігі. Иеміз сізді Құдайды қастерлеу сыйы арқылы соңына дейін күшті және мінсіз күйіңізде сақтайды.

Ой толғау. Өз өмірімде Құдайды қастерлеуімді арттыру үшін не істей аламын? Шөлдегенімнен, Құдайды қастерлеуді асыл қазына ретінде іздеймін бе? Мен оны ең құнды қасиеттердің бірі деп санаймын ба? Оны сақтау үшін үнемі не істеуім керек?

Мінәжат. Қымбатты Әке, мені Жаратқан Иенің Рухымен, даналық пен парасат Рухымен, ақыл-кеңес пен құдірет Рухымен, білімділік Рухымен және Құдайды қастерлеу Рухымен толтыра гөр. Мәсіх қайта оралар күні мінсіз пәк болуым үшін мені соңына дейін берік сақтай гөр. Исаның атымен дұға етемін. Аумин.

Мойындау. Жаратқан Иені қастерлеу – менің қазынам.

ҚҰДАЙ ҰЛЫЛЫҒЫНА КӨЗ ТАСТАУ

Исраил тарихының бір кезеңінде Құдай өз халқының Жаратқанды қастерлеуін келесі сұрақ арқылы нығайтуға тырысты:

«Сендер Мені кімге ұқсатасыңдар,
Кіммен Мені салыстырасыңдар?» (Ишая 40:25).

Тарихтан бұл мәселеге жан-жақты ғана тоқталмай, тереңінен ойлануға тура келетін кезеңді іздесек, бұл бүгінгі заман. Осы күн мен сағатта адамзаттың «ұлылығы» әлеуметтік желілерде, бұқаралық ақпарат құралдарында, теледидарда және басқа да арналарда үздіксіз көрсетілуде. Дарынды спортшылар, Холливудтың жұлдыздары, дарынды жыршылар, бизнес гурулары, мәртебелі көшбасшылар және басқа да маңызды тұлғалар шектен тыс мадақталуда. Адам баласын осылайша дәріптеу зиянсыз болып көрінсе де, ол бізді Құдайдың ұлылығының шындығы туралы ойлаудан алшақтатады.¹

Лиза екеуміз осыдан жиырма бес жыл бұрын төрт ұлымызды тәрбиелеп отырғанда тура осы мәселеге тап болдық. Ол кезде бізде әлеуметтік желілер болмағандықтан мұндай ақпарат ағыны да жоқты. Бірақ сол кезде де ұлдарымыздың бір кәсіпқой баскетболшыға тым қызығатынын байқадық. Сол кезде ол Америкадағы ең танымал спортшы болды. Көптеген адамдар оны пұтқа айналдырды, тіпті ондаған жылдар өтсе де оның даңқы өшпеді.

Біздің отбасымыз Шығыс жағалауда қызмет атқарған. Біз мұхит жағасындағы қонақүйге орналастық. Жағажайда бірнеше сағат өткізіп, өз бөлmemізге оралдық. Балалар Атлант мұхитының толқындарында сүңгіп, жүзіп жүрді. Жүздерінен балаша шаттық та, мұхиттың қуатына деген тамсану да көрінеді.

Үш үлкен ұлымызбен сөйлесуге отырдым. Ашық әйнек есікті нұсқап: «Балалар, мұхит өте үлкен, солай емес пе?» – деп сұрадым.

Олар бір ауыздан: «Иә, әке» деп жауап берді.

Мен сөзімді жалғастырып былай дедім: «Сендер бір-екі шақырымын ғана көресіңдер, бірақ шын мәнінде мұхит мыңдаған сақырымға созылады».

Жылы сүлгіге оранып алған ұлдарымыз: «Паһ, шіркін!» деп жауап берді.

«Алайда бұл мұхит ең үлкені емес; бұдан зор Тынық мұхит деп аталатын тағы біреуі бар. Бұл екеуінен де басқа тағы екеуі бар».

Ұлдарымыз таңдана үнсіз бас изеді де бәріміз ашық есіктің сыртындағы толқын дыбысын тыңдап отыра бердік.

Сапарымыздың барысында NBA плей-офф ойындары қызу жүріп жатты. Баспасөз, теледидар, біздің ұлдарымыз және олардың достары үнемі баскетбол жұлдызымыздың жетістіктерін талқылаумен болды. Ұлдарым оның баскетбол добын бір қолымен оңай ұстайтынына таң қалатын. Ұлдарым мен сипаттаған су массасының қаншалықты үлкен екенін түсінгенін біле тұра, мен: «Балалар, Құдай сендер көрген бар суды да мен сипаттаған барлық басқа нәрсені де алақанымен сарқып өлшеген, соны білесіңдер ме?» – деп сұрадым. (Ишая 40:12 қараңыз). Олардың жүздерінде шынайы қайран байқалды.

Сонда мен мұхиттың көлемін ғана емес, оның күшін де қарапайым тілмен айттым. Мен ұлдарымызға егер Нью-Йорк жағалауынан бірнеше жүз шақырым қашықтықта Атлант мұхитына ені бір шақырымдық метеорит түссе, оның күші АҚШ, Кариб теңізі және Оңтүстік Американың Атлант мұхиты жағалауындағы қалаларының басым бөлігін жоюға жеткілікті үлкен бір толқын тудыратынын айттым.² Бұнымен де бітпес еді! Бұл толқын мұхитты кесіп өтіп, Еуропа мен Африканың жағалаудағы бірнеше қалаларды қирататын еді. Алайда Атлант мұхитының үлкен тереңдігіне байланысты ол соншалықты биік болмас еді. Содан кейін мен: «Адамзатқа мұхит суларының бүкіл массасы түссе не болар еді? Мұхиттарда орасан зор күш бар, алайда Құдай бұл судың әрбір тамшысын алақанымен сарқып өлшеген!» дедім.

Содан кейін түнгі аспанды сипаттауға көштім. Көздерін алмастан мені ұйып тыңдап отырған балаларымнан: «Киелі Кітапта Құдайдың қаншалықты ұлы екендігі туралы тағы не айтылғанын білесіңдер ме?» — деп сұрадым.

«Аспанды қарысымен қамтып белгілеген» (Ишая 40:12). Қолымды созып, қарыстың бас бармақтың ұшынан шынашақтың ұшына дейінгі қашықтық екенін көрсеттім.

Сол күні ұлдарымыздан сізден қазір сұрайтынымды сұрадым:

«Ғаламның көлемі туралы ойлап па едіңіз?». Бұл сауал адами сана сиымдылығынан тыс. Алайда, бір сәт қана ғаламның кеңдігін сезінуге тырыссақ, бәлкім, Құдайымыздың ұлылығын түсінуге жақындай түсерміз.

Жазғалы отырған сипаттамам біршама техникалық бола көрінер, бірақ оқуды жалғастыра беріңіз. Ал мен, техникалық деректерді сіз үшін, ұлдарымызға түсіндіргенімдей, қарапайым түрде сипаттауға күш саламын. Осы фактілер туралы ой жүгірткенімізде, Оның ұлылығы бізді біраз абдыратып қалдырады; Киелі Жазба былай дейді: «Құдайдың салтанатты ұлылығын аспан әлемі ашық паш етеді» (Забур 19:2).

Ғалымдар Әлемде миллиардтаған галактика бар деп есептейді, олардың әрқайсысында шамамен 100 миллион жұлдыз бар. Бұл галактикалардың өлшемдері олардың арасындағы кеңістікпен салыстырғанда өте кіші.

Күніміз осы галактикалардың бірінде орналасқан. Галактикамыздың үлкендігі сонша, түнгі аспанға қараған кезде бүкіл Әлемді емес, тек өзіміз өмір сүріп жатқан шағын галактиканы ғана көреміз. Ол Құс Жолы деп аталады. Оның өзінде бүкіл Құс Жолын емес, оның бір бөлігін ғана көреміз. Галактикамыздағы жұлдыздардың көпшілігінің бізден алыстығы сонша, олар жай көзге көрінбес.

Сондықтан, түнде көзбен көретін жұлдыздар туралы ғана сөйлесейік. Күнді есептемегенде, ғаламшарымызға ең жақын жұлдыз бізден бар болғаны 4,3 жарық жылы қашықтықта орналасқан. Бұл көптеген адамдар үшін іс жүзінде ештеңені білдірмейді, сондықтан түсіндіре кетейін. Жарық секунд-дына 300 000 шақырым жүріп өтеді – сағатына емес, секунд-дына. Бұл сағатына шамамен бір миллиард шақырым. Ұшақтарымыз сағатына 800 кило-метр ұшып өтеді. Көріп отырғаныңыздай, бұл керемет бір жылдамдық!

Мұның қаншалықты жылдам екендігі туралы түсінік алу үшін Күнге реактивті ұшақпен ұша аламыз деп елестетейік. Өзім үйімнен жер шарының қарама-қарсы жағында орналасқан Азияға ұшқанда, шамамен жиырма үш сағат уақыт кетіремін. Егер сол ұшақпен Күнге тоқтаусыз ұшатын болсам, оған жиырма бір жылдай уақыт керек болар еді! Жиырма бір жыл бұрын қайда болғаныңызды елестетіп көріңіз. Енді көз алдыңызға сол кезден бері өткен уақытты ұшақта өткізгеніңізді келтіріңіз. Автокөлікті ұнататындар үшін мұндай саяхат тіпті мүмкін емес, өйткені жанармай мен демалыс аялдамаларын есептемегенде бұндай жолға шамамен екі жүз жыл қажет болар еді! Жарық болса Жерге қанша уақытта жетеді? Бар болғаны 8 минут 20 секунд ішінде!

Күнді қоя тұрып, екінші ең жақын жұлдызымызға көшейік. Біз оның Жерден 4,3 жарық жылы қашықтықта орналасқанын білеміз. Егер біз Жердің, Күннің және сол жұлдыздың масштабты кескінін

құрастыратын болсақ, ол келесідей болады. Пропорцияда Жер бұрыш түйірінің өлшеміне дейін кішірейеді, ал Күн диаметрі 20 см-ден сәл асатын шардың өлшеміне айналады. Бұл өлшемдерде Жерден Күнге дейінгі қашықтық шамамен жиырма төрт метрге жуық болып футбол алаңының ұзындығының төрттен бірімен пара-пар келеді. Дегенмен, кішірейтілген ұшақтың жиырма төрт метрлік қашықтықты өтуі үшін 21 жылдан астам уақыттың қажет болатынын есте сақтаңыз.

Сонымен, егер бұл Жер мен Күннің үлгілері болса, ең жақын жұлдыз бұрыш түйірімізден қандай қашықтықта болатынын болжай аласыз ба? Бәлкім осы қашықтықты бір-екі шақырым деп шамаларсыз. Қалай болса да, екінші жақын жұлдызымыз бұрыш дәнінен алты мың шақырым қашықтығында болар еді! Бұл дегеніміз, егер біз бұрыш дәнін Нью-Йорк қаласының ортасына қойсақ, онда жиырма бір жылда ұшып жетер Күн тура сол Нью-Йорк шаһарында, одан небәрі жиырма төрт метір қашықтықта болады. Екінші жақын жұлдыз болса, Лос-Анджелес қаласының аржағында, Тынық мұхитының жағалауынан 1500 шақырым жерде. Осы ең жақын жұлдызға тікелей де аялдаусыз ұшақ саяхаты шамамен 51 миллиард жыл уақыт алады! Бұл деген 51 000 000 000 жыл! Бұл жұлдыздың жарығы болса Жерге небәрі 4,3 жылда жетеді!

Ойымызды дамыта түсейік. Түнде қарапайым көзбен көретін жұлдыздардың көпшілігі бір жүзден бір мың жарық жылына дейінгі қашықтықта орналасқан. Дегенмен, төрт мың жарық жылына дейінгі қашықтықта қарапайым көзбен көруге болатын бірнеше жұлдыз да бар (есіңізде болсын, бұл кішкентай галактикамыздағы ең алыс жұлдыздар емес). Осы жұлдыздардың біріне ұшақпен ұшып баруға қажет уақытты есептемей-ақ қояйық. Алайда мынаны ойлап көріңіз: түнде далаға шығып, 4000 жарық жылы қашықтықта орналасқан осы жұлдыздардың біріне қарасаңыз, шынымен көретініңіз — сол жұлдыздың Ыбырайым мен Сараның үйленген кезінде шығарған жарығы. Содан бері сол жарық жылдамдығын төмендетпестен сағатына бір миллиард шақырым жылдамдықпен қозғалып қазір Жерге жетіп жатыр!

Есіңізде болсын, бұл Құс Жолы деп аталатын кішкентай галактикамыздағы жұлдыздар ғана. Біз басқа миллиардтаған галактикаларды да қарастырған жоқпыз! Галактикалар арасындағы кеңістіктің үлкендігін ұмытпаңыз! Мысалы, біздің Андромеда деп аталатын өте жақын бір көрші галактикамыз бар. Бізден оған дейінгі қашықтық шамамен 2,3 миллион жарық жылы! Ойлап көріңізші: сағатына бір миллиард шақырым жылдамдықпен қозғалатын жарық осы галактикадан Жерімізге жету үшін екі миллион жылдан астам уақытты алады! Бұл біздің ең жақын көршіміз. Бірақ әлі де миллиардтаған басқа галактикалар бар! Адами қабылдау қабілетінен асып кетуге өте жақын таяп қалдық.

Тағы да еске сала кетейін: Ишая пайғамбар Құдайдың бұл орасан ғаламды бір қарысымен өлшегенін айтады! Оның үстіне Сүлеймен патша Құдайдың Рухы арқылы былай дейді: «Алайда Құдай шынымен-ақ жер бетінде тұратын бола ма?! Тіпті ұлан-ғайыр көктің өзі Сені сыйғыза алмағанда, мен салған мына үй қайдан сыйғызсын?» (Патшалықтар 3-жазба 8:27). Не деген ұлы тұлға жайлы сөйлесіп жатқанымыздан аздап болса да хабардарсыз ба?

Біз ұлдарымызға мұның бәрін айтқаннан кейін, олар NBA супержұлдызының мәртебесі туралы шынайы көзқарастарын қалпына келтірді. Жаратушымыздың ұлылығына ой жүгірткеннен кейін олар спортшының қабілетіне шектен тыс таң қалуды қойды.

Алайда сіз үшін, құрметті оқырманым, сәл тереңірек барғым келеді. Біздің Көктегі Әкеміз керемет масштаб пен пропорциядағы таңғажайып нәрселерді жаратып қана қойған жоқ. Бұл жаратылыстың ең ұсақ нәрселері де Оның ұлылығын жариялайды. Ғылым осы табиғи дүниенің жұмысын зерттеуге жылдар мен орасан зор ақша жұмсайды. Бірақ әзірге ол Иеміздің жаратқан дүниеге сіңген даналығының аз бөлігін ғана ашты. Әлі де жауапсыз қалған сұрақтар көп. Құдайымыздың жобалары мен құрылым элементтері таң қалдыруда.

Жасушалар барлық тіршілік формаларының негізі де ағзаның құрылыс материалы болып табылады. Өз алдына инженерлік ғажайып болған адам ағзасында 100 000 000 000 000 000-ға жуық жасуша бар (осы санның өзін ұғына бастай аламыз ба?!), бұл жасушалар өте түрлі де. Құдай Өз даналығы бойынша бұл жасушаларды белгілі тапсырмаларды орындау үшін жаратқан. Олар Құдай жоспары бойынша дамиды, көбейеді және ақырында өледі.

Жасушалар жай көзге көрінбейтін болса да, олар адамға белгілі ең кішкентай бөлшектер емес. Жасушалар молекулалар деп аталатын көптеген ұсақ құрылымдардан тұрады, ал молекулалар элементтер деп аталатын одан да кішкентай бөлшектерден тұрады. Ал элементтердің ішінде атомдар деп аталатын одан да кіші құрамдас бөліктер бар.

Атомдардың кішкентай болғаны соншалық, бұл сөйлемнің соңындағы нүктеде олардың миллиардтан астамы бар. Атом қаншалықты кішкентай болса да, ол толығымен дерлік бос кеңістіктен тұрады. Атомның қалған бөлігі протондардан, нейтрондардан және электрондардан тұрады. Протондар мен нейтрондар атомның дәл ортасында орналасқан шағын және өте тығыз ядрода топтастырылған. Электрондар деп аталатын шағын энергия шоқтары осы ядроның айналасында жарық жылдамдығымен айналады. Бұл бәрін біріктіретін негізгі құрылыс блоктары.

Сонымен атом энергияны қайдан алады? Ал оның энергетикалық

бөлшектерін қандай күш біріктіреді? Ғалымдар бұларды *электромагниттік және ядролық күштер* деп атайды. Бұл әлі де толық түсіндірілмейтін нәрсені сипаттайтын сәнді ғылыми терминдер. Өйткені, Құдай «бүкіл әлемді құдіретті сөзімен қолдап ұстап тұр» (Еврейлерге 1:3). Оған қоса «бәрін аман сақтайтын да — Сол» (Қолостықтарға 1:17).

Тоқтап, бұл туралы ойланыңыз. Міне, біз Әке деп атайтын, Әлемнің өзі сыйғыза алмайтын даңқты Жаратушы. Ол ғаламды бір қарысымен өлшей алады, бірақ сонымен бірге Ол біздің кішкентай планетамыз бен ондағы тіршілік иелерінің жобаларын ең ұсақ бөлшектеріне дейін ойластырды. Забур жыршысының былай деп айтқаны таңқаларлық емес:

«Сенің қолыңнан шыққан аспаныңа,
Өзің орнатқан ай мен жұлдыздарға
Назар аударған әрбір уақытымда
Мынадай сұрақтар туады ойымда:
Өзің ескеретіндей адам сонша кім,
Сен қамқорлайтындай адам баласы кім?» (Забур 8:4, 5).

Менің ойымша, осы жерде аяқтай аламыз. Забур жыршысы бұл жерде, бәлкім, Құдай тағын қоршап тұрған ұлы періштелердің бірінің ойын білдіретін шығар деп айтар едім. Олар Құдайымыздың ұлылығы қандай шексіз екенін көріп, күні-түні «Қиелі, қасиетті қастерлі!» деп табынуды жалғастыруда. Дәл осы жаратылыстар Оның барлық күрделілігімен орасан зор ғаламды жаратқанын көрді, содан кейін адамдардың жаратылуын бақылап: «Бұл не? Неліктен Құдай осы кішкентай планетадағы осы кішкентай адамдарға соншалықты назар аударады?» деп таңырқаған шығар.

Әлгі әңгімемізден кейін ұлдарымыз біздің заманымыздың танымал жұлдыздарының атақ-даңқына құмарлануды қойды. Түсінгендері — ғаламшарымыздағы барлық ұлы нәрселер Құдайымыздың ұлылығымен салыстырғанда түкке де тұрмайды.

Бұл қосымша сізге де тура сондай әсер етеді деп үміттенемін. Құдай өз халқына Ишая пайғамбар арқылы: «Сендер Мені кімге ұқсатасыңдар, Кіммен Мені салыстырасыңдар?» — деген сұрақ қойғаны есіңізде болар. Оқып шыққаныңыз туралы осы сұрақ тұрғысынан ойланып көріңізші (Ишая 40:25).

Әрине, жаратылыс кереметтері туралы көптеген кітап жазуға болады. Бірақ бұл жерде мен өзіме ондай мақсат қойған жоқпын. Құдайымыздың істеріне таңданыс оятқым келді, өйткені олар Оның ұлы даңқын жариялайды!

СІЛТЕМЕЛЕР

Кіріспе

1. Сперджен, Чарльз. «Charles H. Spurgeon Quote». Quotefancy сайты, 15-ші қараша, 2022 жылы алынды.
<https://quotefancy.com/quote/786372/Charles-H-Spurgeon-The-fear-of-God-is-the-death-of-every-other-fear-like-a-mighty-lion-it>.

1-ші тарау

1. Уағыздаушы 1:8
2. Уағыздаушы 1:9
3. Уағыздаушы 7:1
4. Уағыздаушы 1:15
5. Уағыздаушы 12:2-6

3-ші тарау

1. The Complete Word Study Dictionary
2. Вебстер, Ноа. «Awe». «Webster's 1828 American Dictionary of the English Language». Editorium баспасы, 2010.

5-ші тарау

1. Еврейлерге 12:29-да Құдай «жалмап қоятын от іспетті» делінген, ал Римдіктерге 8:15-те Ол «Әке».

6-шы тарау

1. «Butler's Lives of the Saints: Concise Edition Revised & Updated», Майкл Уолш. (Нью-Йорк: ХарперСанФранциско баспасы, 1991), 29–30.

8-ші тарау

1. «How Many Grains of Sand Are in One Square Inch?» WikiAnswers, 10-шы қыркүйек, 2022 жылы алынды, https://math.answers.com/other-math/How_many_grains_of_sand_are_in_one_square_inch.

11-ші тарау

1. Йоханнес П. Лау және Юджин Альтерт Нида, «Greek-English Lexicon of the New Testament: Based on Semantic Domains» (Нью-Йорк: United Bible Societies баспасы, 1996), 684.
2. Лау және Нида, «Greek-English Lexicon of the New Testament: Based on Semantic Domains», 540.
3. «Signs of Decline & Hope among Key Metrics of Faith: Barna Access». barna.gloo.us, 2021. <https://barna.gloo.us/articles/signs-of-decline-and-hope>.

12-ші тарау

1. Лау және Нида, 765

13-ші тарау

1. Луқа 5:14, Жохан 6:15, Філіпіліктерге 2:7, Еврейлерге 5:4 және Ишая 42:2

15-ші тарау

1. Спирос Зодиатес, «The Complete Word Study Dictionary: New Testament» (Чаттануга, Теннесси: AMG Publishers баспасы, 2000).
2. Лау және Нида, 433

16-шы тарау

1. Лау және Нида, 429
2. Леон Моррис, The Gospel according to Matthew, The Pillar New Testament Commentary (Гранд Рапидс, Мичиган; Лейсестер, Англия: W.B. Eerdmans баспасы; Inter-Varsity Press, 1992), 175.

19-шы тарау

1. К. С. Льюис және Клайд С. Килби, «C.S. Lewis: Letters to an American Lady» (Гранд Рапидс, Мичиган: Eerdmans, 1997).

20-шы тарау

1. Лау және Нида, 662

29-шы тарау

1. «Intimate Definition and Meaning: Collins English Dictionary», Коллинз ағылшынша сөздігі (HarperCollins Publishers Ltd), 15-ші қараша 2022 жылы алынды, <https://www.collinsdictionary.com/us/dictionary/english/intimate>; «intimus» – WordSense онлайн сөздігі (15-ші қараша 2022) URL: <https://www.wordsense.eu/intimus/>

35-ші тарау

1. Лау және Нида, 375
2. Жохан 3:1-2; 6:26, 66; 12:42; 19:38; Матай 26:14–16.

38-ші тарау

1. Merriam-Webster.com сөздігі, «legacy», 1-қараша 2022 жылы алынды, <https://www.merriam-webster.com/dictionary/legacy>.
2. Людвиг Колер және басқалары, «The Hebrew and Aramaic Lexicon of the Old Testament» (Лейден: E. J. Brill, 1994–2000), 217.
3. Уоррен Бейкер және Юджин Карпентер, «The Complete Word Study Dictionary: Old Testament» (Чаттануга, Теннесси: AMG Publishers, 2003), 231.
4. Ричард Луис Дардейл, «The Jukes: A Study of Crime, Pauperism, Disease and Heredity», Georgia State University College of Law Reading Room, 1-қаңтар, 1969, <https://readingroom.law.gsu.edu/cgi/viewcontent.cgi?article=1000&context=buckvbell>.
5. Роберт Алан Уорд, «The Descendants of Jonathan Edwards», White Mountain Independent, 27-қыркүйек, 2019, https://www.wmicentral.com/community_beat/religion/the-descendants-of-jonathan-edwards/article_9e54e16d-59c5-5cf2-a99f-dea187da978a.html.

39-ші тарау

1. Бұл сөздің дұрыс анықтамасы – аңшының қақпанына қойылатын жем. Уоррен Бейкер және Юджин Карпентер, «The Complete Word Study Dictionary: Old Testament» (Чаттануга, Теннесси: AMG Publishers, 2003), 585.
2. Бейкер және Карпентер, «The Complete Word Study Dictionary: Old Testament», 18.

42-ші тарау

1. Джон Тюртлтоб, «National Treasure», (2005; Бюрбэнк, Калифорния: Walt Disney Entertainment), 2005, DVD.

Қосымша

1. Фактілер мен сандарды бірнеше жыл бұрын жазған «A Heart Ablaze» атты кітабымнан алдым. 4-тарау «The Glory of the Lord» (Нэшвилл, Теннесси: Thomas Nelson, 1999), 31–44.
2. Осыны жазғанымнан бері жақсырақ ғылыми модельдер ойлап шығарылды. Зерттеуге сәйкес, метеорит мұхиттың ортасына түссе, жағажайдағы қалалар аман қалуы мүмкін. Басқа қызықты болжамдарды осы жерден оқи аласыз: <https://www.nytimes.com/1998/01/08/us/what-ifhuge-asteroid-hits-atlantic-you-don-t-want-to-know.html> және <https://www.space.com/35081-asteroid-impact-ocean-computer-simulations-solar-system.html>.

ІЗЕТТІ БОЛУДЫҢ САУАБЫ



Бірде-бір мәсіхші Құдайды шектеуді қаламайды. Дегенмен, көбіміз өте маңызды рухани қағиданы – құрмет қағидасын елемеу арқылы өміріміздегі Құдайдың жарылқауын шектеп жүрміз.

Ізет – мәдениетімізден мүлде жоғалуға жақын қалған ұғым; алайда, ізеттілік өміріміздің әрбір саласында Құдай Патшалығының салтанат құруына негіз бола алады, кітапты оқи отырып, осыған көзіңіз жетеді.

«Ізетті болудың сауабы» кітабында бірнеше бестселлердің авторы Джон Бивер ізетті болуды үйренсеңіз, Құдай Патшалығындағы құндылықтар жүйесін қабылдап, Жаратқан Иенің өзіңізге арнаған игіліктеріне қол жеткізетінізді айтады.

Киелі Кітаптағы терең рухани ақиқаттарды өмірден алынған әсерлі мысалдармен көркемдей отырып, бұл кітап, ізет атты ұмыт болған қасиетке деген жаңа көзқарас қалыптастырады әрі, ең маңыздысы, оны өміріңіздің әр саласында қолдануға құлшыныс тудырады.


MessengerX.com



сайтында қолжетімді

X MessengerX

Кез келген жерде, кез келген адам Исаның шәкірті бола алады



- **125-дан астам тілдегі тегін материалдар**
- Қосымша түрінде және онлайн қолжетімді
- Сіздің рухани өсуіңізге септігін тигізетін материалдар
- Шәкіртшілік жолындағы қадамдарыңызды көре аласыз



Шәкіртшілікке арналған ресурстардың толық жинағын алыңыз. Messenger кітапханасы – электронды кітаптар, бейнежазбалар, аудио-тәлім, аудиокітаптар, Киелі Кітаптар...

Барлық құрылғыңыздан көріңіз, оқыңыз, тыңдаңыз.


MessengerX.com



жүктеу
App Store

алу
Google Play

App Store немесе Google Play-ден жүктеп алуыңызға болады.



Құдайды қастерлеу дегеніміз не?

Жаратушыңызбен жақынырақ қарым-қатынас болғанын аңсайсыз ба? Ол сізге өте алыс көрінеді ме? Джон Бивер Құдайдың өте жақын екеніне көзімізді жеткізеді. Оны сезбесеңіз, бәлкім, сенім жолыңызда аса маңызды қасиетті қорқыныш жетпей жүрген шығар.


«Құдайды қастерлеу» кітабында Джон Бивер құтқарылуды жүзеге асыруға, әрі Құдайды терең қастерлеуге жаңаша көзқарас ұсынады. Бұл берекелі де бақытты өмірге апарар игілік. Қасиетті қорқыныш:

- Құдаймен жақын қарым-қатынастың кілті екенін
- Барлық басқа қорқыныштар мен үрейлерді жоятынын
- Ішкі ой-ниеттерімізді тазартатынын
- Шынайы даналыққа апаратынын білетін боласыз

Қасиетті қорқыныштың арқасында Құдайдың бізге арнаған өміріне қол жеткізе аламыз. Қасиетті қорқынышты жетілдіре отырып, көптеген адамдардың жете алмай жүргені — тыныштық, ырыс, қуаныш табамыз. Жаратқан Иеміздің алдында дірілдеп үрейленудің орнына, сізді жаңа деңгейге шығаратын, өміріңізді біржола өзгертетін қасиетті қорқынышты қабыл алыңыз.



ДЖОН БИВЕР — халықаралық спикер және Құдай Сөзіне деген батыл және ымырасыз көзқарасымен танымал автор. Ол бірнеше бестселлер кітап жазды. Оның кітаптары 125 тілге аударылып, миллиондаған тиражбен таратылды. Джон және әйелі Лиза «Messenger International» қызметінің іргесін қалады. «Messenger International» қызметі Мәсіхтің әлемді өзгерте алатын батыл шәкірттерін дайындайды.



Тегін ресурстарды жүктеп алу үшін және бейне сабақтарды көру үшін **MessengerX.com** сайтына кіріңіз



Бұл кітап — автордың сыйлығы. Сатуға арналмаған.

Көбірек білгіңіз келсе, кодты сканерлеңіз

